



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Әкімова Т.,
Қасқабасов С., Нарымбетов Ә.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Әкімова Т., Жұмәділова М., филология ғылымдарының кандидаты

Жауапты шығарушы: Әуесбаева П., филология ғылымдарының
кандидаты

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 12: Діни дастандар. — 2005. — 328 бет, суретті.

ISBN 9965-619-17-4

«Бабалар сөзі» сериясының он екінші томына «Қисса Зарқұм»,
«Зарқұм» атты діни дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) — 04}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-619-17-4 (т. 12)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2005
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мол мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару, сол арқылы ұлттық мәдениетіміздің байлығын көрсету, әрі қазіргі көркем әдебиет пен өнердің дамуына соны серпіліс беру. Сонымен бірге бұл басылым бүгінгі оқырман мен ғылымға ғана емес, келешек ұрпақтың ежелгі мәдениетімізді білуіне, үйренуіне, игеруіне және зерттеуіне негіз болуды көздейді.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отыр. Қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған ғылыми түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған резюме кіреді.

«Бабалар сөзі» атты серияның он екінші томы алдындағы он бірінші том сияқты діни дастандарды қамтиды, олар: «Қисса Зарқұм», «Зарқұм». Мұнда «Зарқұм» дастанының екі нұсқасы

жарияланып отырған себебі, олардың сюжеті бір болғанымен, бұлардың әрбіреуі де өз алдына дербес, мүлде оқшау стиль мен дәстүр аясында туған шығарма; әр нұсқаның жырлау үлгісі мен тілдік жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар.

«Қисса Зарқұм» алғаш рет 1877 жылы Қазан қаласында жеке кітап болып жарияланған. Содан соң 1916 жылға дейін он төрт рет мыңдаған данамен қайта басылды. Ал Майлықожа жырлаған нұсқа ел арасында кеңінен тарап, бізге бірнеше қолжазба арқылы жетіп отыр.


Дастанның өлең және жыр үлгісінде айтылған, халыққа таңымал екі көлемді нұсқасының болуы осындай шығармаларға үлкен сұраныс болғанының айғағы.

Кеңестік дәуірге дейін қазақ фольклорының мәтіндері, негізінен, араб әрпінде басылғаны белгілі. Ал араб жазуында дауысты дыбыстардың жасырын тұрғаны, бас әріптің болмайтындығы, тыныс белгілерінің қойылмайтындығы мәтіндерді дұрыс оқуға едәуір қолбайлау болды. Қазақ және араб тілдері әр түрлі тілдік жүйеге жататындықтан, араб әліпбиі тіліміздегі төл дыбыстарды таңбалауға да, оның өзіндік ерекшеліктерін байқатуға да дәрменсіз. Сондай-ақ ХІХ ғасырда араб жазуын пайдаланудың жалпыға ортақ ережелерінің болмауы да өз әсерін тигізбей қалмады.


Сондықтан томды дайындау барысында ХІХ ғасырда араб әрпінде жазылған қолжазба мен Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан дүниелерді дұрыс оқу үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес түзетіліп жазылды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.

1877-1916 жылдар аралығында Қазанда бірнеше рет кітап болып шыққан «Қисса Зарқұм» мен ХІХ ғасырда Майлықожа жырлаған «Зарқұм» дастаны түпнұсқаларынан еш түзетусіз дайындалып, кирилл әрпінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 20,5 б.т.



MATHΔEP



قصه زار قوم

Қисса Зарқұм

Табылар сөйлесе сөз жоқтан ғайып,
Сөзде қате көрінсе қылма айып.
Кешегі хазірет Расулдың заманында
Бір үлкен соғыс болды таңғажайып.

Аяман «ал» дегенде тіл мен жақты,
Ұқсаған тыңлағанға ынтымақты.
Сөйлейін Пайғамбардан бір хикаят,
Отырған көп жамағат, сал құлақты.

Анық бір күн табармыз о дүнианы,
10 Өлсек қайтып көрмейміз бұ дүнианы.
Отыз үш мың сахаба, төрт шаһариар
Біраз күн мекен қылды Мәдинені.

Олар һәм өтіп кетті сабаздарың,
Кетіп кейін тастады қағаздарын.
Хақ Пайғамбар бас болып баршасына,
Оқып тұрған бамдаттың намаздарын.

Ішіне бір мешіттің енді сонда,
Пайғамбарды имам қылып тұрды сонда.
Хазірет Жәбірейіл Хақтан келіп,
20 Хабибіне хабарды берді сонда.

Достына бұ хабар берді сонда,
Құдадан сәлем айтып тұрды сонда.
— Ирақ деген арабтың падишасы
Сіздің үшін жұртын жиды сонда.

Есітіп шаһ Зарқұм ашуланды,
Ашуланып ләшкерін жиып алды.
Қисапсыз көп ләшкермен келмек болды,
Бұ жақтан қырмақ болды тамам жанды.

- Пайғамбар, алды-артыңды жиың, — деді,
30 Өзі жалғыз Тәңіріңе сиын, — деді.
Онан бұрын әскерің жиып алып,
Болады бармасаң қиын, — деді.

Үш айлық Ирақ мұннан жол, — деп айтты,
Оған ерген халайық мол, — деп айтты.
Олардай бұ дүнияда күшті жан жоқ,
Қауіпті бір дұшпан сол, — деп айтты.

- Бұ сөзді күтіп, тақсыр, ал, — деп айтты,
Алып іздеп алдынан бар, — деп айтты.
Ирақта көпірлердің көбі, — деді,
40 Бұрын бармай, келмейді ебі, — деді.
Бұ Зарқұм сақыпқыран балалары
Қаһарман, Қатыранның теңі, — деді.

Зарқұм сынды-ай падиша жоқ өзге, — деді,
Әскері жұп, қадірлі көрінер көзге, — деді.
Жаман қатты, машақат қайғы беріп,
Ақыры қайыр болар сізге, — деді.

- Сарқырар, судай ағар қызыл қандар,
Не сынды қаза табар серке сандар.
Бұ жақтан бізге келген бір қаза деп,
50 Өлеміз деп жөнелсін барған жандар.

Біліп тұрды келгенін сахабалар,
Өлімнен қорықпайтұғын бәрі де олар.
Намазын оқып болған соң хақ Пайғамбар,
— Не, тақсыр, баян қыл? — деп сұрды хабар.

Жасауратты хақ Пайғамбар екі көзін,
Қызартты қайғыменен нұрлы жүзін.

— Қиындық есіттім, — деп, — бүгін өзім,
Айтады Жәбірейілдің айтқан сөзін.

- Уақыт жоқ мұнан қашар, қиын сын, — деп,
60 Құдаға боларсың өлсең шаһидсың, — деп.
Жар салдырды Мәдиненің шаһарына,
«Батырлар Үхүд тауына жиылсын» деп.

Жар салдырды Мәдиненің елдеріне,
Шаһардың бөлек асқар белдеріне.
«Үхүд тауының етегіне жиылың, — деп,
Хамзенің шаһид болған жерлеріне».

- Біләлға жар шақыртты айқай салып,
«Бұ жаннан қалмаңыз, — деп, — жаныңды алып».
Отыз үш мың сахаба, төрт шаһариар
70 Аттанып Мәдинеден тұрды барып.

Мәдинеге тастатты кәрі-жасты,
Ішіндегі бөрінің қайраты асты.
Халайық бір-біріне бақұлдасып,
Мүбәрак хақ Пайғамбар хабар шашты.

Сонда хазірет Пайғамбар сөз сөйлейді,
Шариғат қамын айтып, жөн сөйлейді.
«Бұ жолдан екіталай қайтуымыз» [деп],
Амандасып жылады жас пен кәрі.

- Халайық сонда бөрі көп жылады,
80 Бұ дүнианың қайғысын жеп жылады.
«Қиямет күндерінде жолығайық,
Аман бол қалғандарың» деп жылады.

Садақа бас-басына бермек болды,
Құданың не салғанын көрмек болды.
Екі қос ер басына аттан алып,
«Құдаға тәуекел» деп жүрмек болды.

Әбубәкір, Омар, Осман, Әли де бар,
Сүйікті, жақын палуан бәрі де бар.
Бір Әлидің он сегіз баласы бар,
90 Баһадүр палуандардың бәрі де бар.

Әбілмәжін, Мәлікаждар, Садуақас,
Омар Мәди Кәраппен болды жолдас.
Пайғамбардың туын алған Акаша ер,
Сахаба бәрі палуан, құрбы-құрдас.

Бас болған баршасына ақ Пайғамбар,
Қасына өңкей ерген палуан бар.
Отыз үш мың сахаба, төрт шаһариар
«Тәуекел» деп жөнелді мұнша жандар.

Бұлардың қорықпайтұғын бәрі батыр,
100 Һәр сөзі мың ділдәлық, балдай татыр.
Тәуекел Аққа қойып тақсыр ерлер,
Бет алып Ирақ жұртын келе жатыр.

Олардың кім таңданбас данасына,
Түспеген көпірлердің табасына.
Жол жүріп үш-төрт айлар арасына,
Келді көз жетпейтін дария жағасына.

Тілейді қор қылма деп бір Құдайдан,
Келеді демін алмай үш-төрт айдан.
Мұхиттың аяғы жоқ, басы жоқ дария екен,
110 «Қалайша өтеміз?!» деп қалды қайран.

Ұйықтап жатар болды күн батқан соң,
Оқып намаз, азықтан дәм татқан соң.
Хазірет Пайғамбар берді жауап:
«Өтерміз, иншалла, таң атқан соң».

Өте алмай таң атқан соң тұрды ләшкер,
Тәуекелді Құдаға берді ләшкер.
Пайғамбар имам болып баршасына,
Намаз бамдат далада қылды ләшкер.

Оқып намаз, ол тұрды дәрет алып,
120 Дарияның зорлығына таңға қалып.
Арғы жақтан көпірдің адамдары
Қарады-ай бергі жаққа дүрбі салып.

Бұрыннан қауіпті екен көпір олар,
— Келер, — деп, — Пайғамбардан сахабалар.
Арғы жақта бірталай ләшкер бар, — деп,
Барып Зарқұм шаһиге берді хабар.

— Япырым-ай, нағып келген ер, — деп айтты,
Келсе де орны болар жер, — деп айтты.
Ажалы қуып келтірген ғаріптерге,
130 Апарып төрт жүз кеме бер, — деп айтты.

Оларға бермей кеме болмас, — деді,
«Өлерсің, қайт» дегенге қанбас, — деді.
Бұ дүнияның әскерін жиып алып келсе-дағы,
«Һәй» деген сөзімізден қалмас, — деді.

Барған кісі оларға айтсын, — деді,
Аз болса, олжа қылып өздерін байытсын, — деді.
Жүз мың ұрысатұғын теңім емес,
Екі, үш миллион болмаса қайтсын, — деді.

Жөнелді сексен ерлер кемені алып,
140 Оларға бармақ болды хабар салып.
Азсынып Пайғамбардың әскерлерін,
Сөздерін Зарқұм шаһтың айтты барып.

Көпірлер сөз сөйлейді келгеннен соң,
Үркердей боп сахабалар тұрғаннан соң.
— Бұ аз кісің бірлән қолыңнан не келеді?!
Қырылмай қайт, байғұстар, — деп айтады.

— Біз сізді ойға алсақ көп келеміз,
Қамын дін мұсылманның жеп келеміз.
Сендердей көп ләшкерге исенбейміз,
150 Жалғыздың жары — Құдай, — деп келеміз.

—Жарайды, жақсы екен мына сөзің,
Баян қыл, кім боласың сенің өзің?
Өлесің соғыспастан қорыққаныңнан,
Біздердің ләшкерімізді көрсе көзің.

— Исенбе көптігіңе сіз, — деп айтты,
Бір дұшпан болды саған кез, — деп айтты.
Құда досты — Мұхаммед хақ Пайғамбар,
Оның ләшкерлеріміз біз, — деп айтты.

Оларға осылай сөз айтып салды,
160 Пайғамбар мұны есіткеш қайран қалды.
Жазудан ғайри нәрсе һеш болмас деп,
Кемесіне көпірдің мініп алды.

Жөнелді кемесіне мініп алып,
Жаратқан бір Құданы еске салып.
Шығып дария жүзінен сау-саламат,
Ақ Пайғамбар бір жерге түсті барып.

Ләшкерді хақ Пайғамбар: — Жи, — деп айтты,
Құдай үшін жаныңды қи, — деп айтты.
Бір жерді ұрысуға лайықтап,
170 Қаруын хақ Пайғамбар ки, — деп айтты.

Қаруын киді тамам сахабалар,
Тәуекел Құдаға қылды-ау олар.
Иә, Салман, қайда менім сандығым? — деп,
Бұйырды Тәңірі досты — хақ Пайғамбар.

Даяр болды бұ сөзді есіткен жан,
«Көпірден ағызармыз, — деп, — қып-қызыл қан».
Бар екен келген қылыш бір Құдайдан,
Хазірет Пайғамбарға берді Салман.

Бү төртінің зұлпықар асыл заты,
180 Оның жаудан шыққан жоқ жаман аты.
Қылышының бірі — қамқам, бірі — самсам,
Мына зұлхажә еді бірінің аты.

Қамқамды [және] ақ Пайғамбар өзіне алды,
Расулға сахабалар таңға қалды.
«Зұлхаж, самсам менен бұ екісін
Алсын» деп ер Әлиге хабар салды.

Әлидің үш қылыш бар бір басында,
Оның күйі түседі жау қасына.
Әскерлерін төрт бөліп төрт жағына,
190 Бөрінің өзі тұрды ортасына.

«Әскердің оңында — Әбубәкір, солында — Омар,
Артында — молда Осман, алдында — Әли Хайдар.
Осындай салтанатпен тұрың» деп,
Бұйырды Тәңірі досты — хақ Пайғамбар.

Киіндірді бұл елден тамам жанды,
«Ағыз, — деп, — шықса көпір қызыл қанды».
«Бұ келген Пайғамбардың ләшкері» деп,
Барып Зарқұм шаһқа хабар салды.

Бұ Зарқұм сақыпқыран батыр екен,
200 Діні жаман, пұт параст көпір екен.
Мәдинеге ләшкерді жөнелтуге
Тап сол күнде даярланып жатыр екен.

Есітіп шаһ Зарқұм бек қуанды,
Жаман қатты шаттанып, көп қуанды.
«Мехнат тартып іздейтін дұшпандар
Аяғынан келді ғой» деп қуанды.

Қуанып түрлі-түрлі ойлайды ойды,
Бұған ұрыс қылмағы — жиын, той-ды.
Бар екен бұ Ирақта төрт жүз қақпа,
210 Бөрін Зарқұм бұйрығымен ашып қойды.

Қуанып шаһи Зарқұм айқай салды.
Мұны естігеш батыр Кәлар жетіп барды.
«Бес-алты ауыз насихат айтайын» деп,
Шақырып балаларын жиып алды.

— Қызық іс бүгін маған болды, — деді,
Көңілім тасып, дәулетім толды, — деді.
Мехнат тартып іздейтін дұшпандарым,
Ажал айдап өздері келді, — деді.

220 Барыңдар айбаттанып қастарына,
Ажал себеп болыңдар бастарына.
Іздеп келген кедейдің ләшкеріне,
Қара күндер салыңдар бастарына.

Бірің мыңын барыңдар алғандай қып,
Жарық дүния қараңғы салғандай қып.
Қатты ұрыс жұрт көрмеген көрсетіндер,
Қиямет қайымға ше қалғандай қып.

Барар ең биік өрлеп келмегендей,
Алур ең жүрсең тартып бермегендей.
Қаһарман, Рүстем Дастан соңғылардан,
230 Қылыңдар, асла, һеш қылмағандай.

Қызыл қанға бояңдар араларын,
Екеу түгіл, қырыңдар дараларын.
Осындай насихатын айтып-айтып,
Шығарды ол өзге балаларын.

Ұғылы шаһи Зарқұмның — ер Жанәбіл,
Оған адам пар келмес дер Жанәбіл.
Жиырма жеті лек ләшкерімен
Шығып тұрды майданға сол Жанәбіл.

Махәбіл деген ұғылы шықты он алты лек
ләшкер алып,
240 Асхабтарға кетерге қырғын салып.
Қарулары көкпеңбек темір болып,
Жанәбілдің жанында тұрды барып.

Және Зарқұм баласы Қыртас атты
Он екі лек ләшкермен келе жатты.

Махәбілдің жанында қатар тұрып,
Көрсетіп асхабтарға көп айбатты.

Және Зарқұм баласы Қыртас батыр,
О да он екі лек ләшкермен келе жатыр.
Келіп, үш ағасымен қатар тұрды,
250 Дұшпанға саламыз деп заманақыр.

Хаман деген бар екен немересі,
Оны да артық палуан дейді-ау расы.
Бұ дағы он екі лек ләшкерменен,
Айбаттанып келе қалды сол немесі.

Тағы сұлтан шықты он екі лек ләшкер алып,
Ағасының жанында тұрды барып.
Есеп жетпей бұларға көзін салып,
Асхабтар қарап тұрды таңға қалып.

Көрінбей кетті шаңнан аспан-жерлер,
260 Шыққан соң бөрі де артық палуан ерлер.
Жүз он батыр оларға басшы болып,
Жүз он лек және шықты найзагерлер.

Нағылып жан болады бұларға тең,
Бөрі палуан соғыста қайраты кең.
О да Зарқұм шаһтың бұйрығымен,
Тағы да зәңгі шықты екі жүз мың.

Зарқұмның қырық бес палуан жолдасы еді,
Онсыз оның көңілі тынбас еді.
Бастығы һөммасының Хақан еді,
270 Падиша менен барабар сырлас еді.

Бұ Хақан қамал бұзған батыр еді,
Қосылған падишамен ақылы еді.
Немере — Зарқұмменен бір туысқан,
Ағайын өзгесінен жақын еді.

Осындай палуаннан естіңіз сөз,
Бәрі мықты, ұрыста қайраты тез.
Кейі жүзге, жетпіске, жүз он,
Бойлары кейбірінің екі жүз кез.

Жүреді темір киіп бауын шешпей,
280 Нағып тұрған елінің қамын жеспей.
Қолдары бір шынардың ағашындай,
Бойы таудай, кәпірдің аузы үңгірдей,
мойны шидей.

— Болар ма, — деді, — көрген бұрынғы жай,
Өзің медет бермесең, патша Құдай.
Ана шыққан екі жүз мың зәңгілердің
Бойлары һәрбірінің мұнарадай.

Таусылмас сөйлегенмен оның сөзі,
Аждаһадай айбатты көрсең жүзі.
Үш жүздік өз алдына ләшкерменен,
290 Шаһи Зарқұм патшаның келді-ау өзі.

Осынша ләшкерлермен келіп тұрды,
Асхабқа айбат көрсетіп қатты жүрді.
Биік жерге көтеріп мұнара ғып,
Алтын саты жалаумен тақыт құрды.

Хақан, Зарқұм тақытқа мінді барып,
Һәр түрлік салтанатпен айқай салып.
Және қырық мың көманд атушыны
Қойды қатар, жанына шақырып алып.

Бұ әлемге кәпірден ләшкер толды,
300 Зарқұм жиып, күтініп мұнша қолды.
Алдына мұнтасы хайла бірлөн
Он екі мың пілдерді алып келді.

Бәрінің темір қалқан бастарында,
Түзілген тас пен шойын жастарында.

Кіші ұғылы Зарқұмның тұрды Қайсар,
Отыз лек садақшымен қастарында.

Таусылмас сілегенмен көпір тегі,
Түбінде мәлім болұр, тыңла мұны.
Сонан байқап біле гөр қисап қылып,
310 Он екі мың болады һәрбір легі.

Қараңғы болды шаңнан жер менен көк,
Бірін-бірі көре алмай жылады тек.
Тұтылды күннің көзі қап-қара боп,
Тұрғасын жер жүзі көкпеңбек боп.

Ақылы көрген жанның ауды сонда,
Көрген соң көпірлерді қуды сонда.
Құданың құдіретімен шаңды алуға
Аспаннан қара жаңбыр жауды сонда.

Жиылып тұрды көпір бәрі де олар,
320 Бұларға неткен адам соғыс салар.
Қарады көзін салып алды-артына,
Шығып бір тау басына сахабалар.

Ай асты әскер екен күннің көзі,
Адам көзі жетпестей мұның өзі.
Бұ дүнианың баршасын әскер алып,
Көкпеңбек боп кетіпті жердің жүзі.

Тауға шығып қарады көздеріне дүрбі салып,
Тұрады көрген сайын қайран қалып.
Алды-артына ләшкерлердің көз жетпейді,
330 Қарағандар ақылдан кетті талып.

«Қырар, — деп қорықты, — біздің халқымызды,
Біреу түгіл, өлтірер жалпымызды.
Көз жетпей әскер алды бетімізді,
Жібермей дария таяп тұр артымызды».

Мұны көрген адамдар жылады зар,
Бүгінгі күн кең дүния көрінді тар.
Бұ дүния үштен бір ләшкер екен,
«Құдаға жыла» деді сахабалар.

Есіткеш зар жылады айқай салып,
340 Әскердің көптігіне қайран қалып.
«Қашарға алды-артымыз бірдей қамау,
Сақтаймыз жанымызды қайда барып».

Халайық сонда бәрі көп жыласты,
Қамын өз басының жеп жыласты.
Құшақтасып бір-бірі бақылдасып,
«Аман бол, қалғандарың» деп жыласты.

Осындай қайғы толды асхабтарға,
Бет алып ұрыспастан ал кетті көпірлерге.
«Қорықпасын деп айтсын» деп асхабтарға,
350 Бір Алла бұйрық қылды Жәбірейілге.

Жетіп келді Жәбірейіл Пайғамбарға,
— Бұ жылаған қайрат бер, — деп, — асхабтарға.
Тұрса да олар ажалды, жатса да өлер,
Келсе қаза Құдайдан шара бар ма?

Қорықпасын, жыламасын, тұрсын жайға,
Енді не жылағанмен табар пайда.
Сонсоң көңілінен қорқу кетер,
Әуелі зікір айтсын бір Құдайға.

Бұлайша хабар берді Пайғамбарға:
360 — Сізден баян болсын, — деп, — асхабтарға.
— Зікір таһлил Құдаға айтыңыз, — деп,
Жүріп айтты жылап тұрғандарға.

— Қорықпаңыз, тұрысатын жеріне тұрысыңыз,
Қарсыласып көпірмен жүрісіңіз.
Жалғыз діннің жары Құда деген қайда,
Құдаға тәуекел деп ұрысыңыз.

Олар өлсе, кетеді жаһаннамға,
Сіздер шаһид боласыз барсаң онда.
— Тәуекел Аққа қойып ұрысыңыз, — деп,
370 Пайғамбар айтты жылап тұрғандарға.

Бұ сөзді ұғып алды сахабалар,
Құдаға зікір айтып бәрі де олар.
«Иә, Тәңірі, көпірлерге қор қылма» деп,
Дұғаға қол көтерді хақ Пайғамбар.

Қорықпай қарап тұрды жау бетіне,
Қаһар түсті асхабтың келбетіне.
Баршасы мұсылманның ер боп кетті,
Дұғасы Пайғамбардың құрметіне.

«Бір дұшпан саған, көпір, келді ғой кез,
380 Бізге кір, өз дініңнен үмітіңді үз».
Мұсылман қуаттанып алды бәрі,
Енді Зарқұм шаһидан айтсақ сөз.

Мұнараның басында тұрды Зарқұм,
Хақанмен қол ұстасып жүрді Зарқұм.
«Қараңыздар қарақшы кедейге» деп,
Қорсынып Пайғамбарды күлді Зарқұм.

— Мен қайранмын, — деді, — мұның келгеніне,
Үш-төрт ай жол арада жүргеніне.
Жетім қалған бас қылып бір кедейді,
390 Қырылмай айбатымнан тұрғанына.

Ғаламның ұрысайын түзігі үшін,
Олардың келбеттері бұзық үшін.
Ақырып ашулансам қиратармын,
Шығарамын тамашаға қызық үшін.

Біреуі жекпе-жекке барсын, — деді,
Кедеймен соғысты салсын, — деді.
Кешікпей барған жерден ғаріптердің,
Басын кесіп кедейдің алсын, — деді.

- 400 Бұлайша бұйрық қылды тақытта жатып,
Ашуланып аларша шапшаңдатып.
Ер ойын ойнады осы кәпір,
Қылышын әрлі-берлі жарқылдатып.
- Қамшылап ойын ойнап жүрді қатты,
Қылышын әрлі-берлі жарқылдатты.
Бұ палуан түрлі өнер шығарғанға,
Кәпірлер һәм баршасы сырнайлатты.
— Өзім палуан, баһадүр, ер, — деп айтты,
Орын болар келгенге жер, — деп айтты.
- 410 Омар Мәди Кәрап деген сахаба түсе қалды,
Жаяулап Пайғамбарға жетіп барды.
Ішінде асхабтардың белгілі еді,
Келіп хазірет Расулдан рұқсат алды.
- Рұқсат алды хазірет Пайғамбардан,
— Бүгін өш алайын, — деп, — кәпір қардан.
Келіп ат үстінде қылышпен Омар мардан
Артық өнер көрсетті алуан-алуан.
- Ойнай-ойнай қасына жетіп барды,
— Иә, кәпір, кел бері! — деп айқай салды.
Екісі қарсыласып келісіменен,
420 Кәпірді қылышымен салып қалды.
- Қалады сонда кәпір жерге барып,
Омар тақсыр ұрған соң қаһарланып.
Онан кейін жақындап, «кел бері» деп,
Зарқұмға қарап тұрды көзін салып.
- Сонда жұрт қайран болды Омар ерге,
Бата алған Пайғамбардан абзал шерге.
Бір кәпір келе жатыр піл үстінде,
Сүйретіп екі аяғын қара жерге.
- 430 Піліне бұрын кәпір қамшы басты,
Қайраттанып сыртына қаһар шашты.

Көтеріп қылыштарын қолына алып,
Жүгіртіп екі палуан қарсыласты.

Омардың кім ермеген өз қасына,
Күнінде патша болған жолдасына.
Жүгіртіп салды семсер қақ басына,
Айырылып түсті көпір жамбасына.

Тамаша қылды көрген Омар ерді,
Пайғамбардан бата алған батыр шерді.
Ұрыс майдан жерінде дал-дал қылды,
440 Көпірлерден мен-мен деп келгендерді.

Мұнарадан Омарға бақты Зарқұм,
Арыстандай жігітті тапты Зарқұм.
Бек жаман қаһарланып, есі кетіп,
Ұрыстың барабанын қақты Зарқұм.

— Мынау ер жекпе-жекке келді шетке,
Келісімен күйені жақты бетке.
Енді майдан жеріне қан тимей,
Біреуің атып жібер Мұхаммедке.

Осындай бір іс қылмай болмас, — деді,
450 Лақтырмай бұ кедей талмас, — деді.
Жүрегіне бір тисе әуел бастан,
Екінші ер батып оған келмес, — деді.

Барабар ер шықсын оған дайын,
Мұның біліп едім осындайын.
Лақтырып жіберсе Мұхаммедке,
Насихат қылар, — деді, — оның жайын.

Осындай үкім қылды Зарқұм батыр,
Кедейлерге саларға заманақыр.
Бір жігіт керкүдөнін мініп алып,
460 Жүгіртіп ер Омарға келе жатыр.

Әр не батыр, батыр десең сондай еркін,
Көрген кісі білгендей оның түрін.
Сегіз жүз батпан күрзі қолында бар
Тамаша тақсыр Омар көрді көркін.

— Иә, палуан, бөлек бізден ретің, — деді,
Қолыңда бар ма, палуан, хатың? — деді.
Сияқты патша болған жан екенсің,
Жан, құл*, кім болады-ау атың? — деді.

— Атым — Омар Кәрап, Барбарда тұрдым, — деді,
470 Әскер жиып, патша болып жүрдім, — деді.
Тастап тәж-тақтымды талақ қылып,
Қызметкер Пайғамбарға болдым, — деді.

— Ендеше, келің бері тысқа, — деді,
Бір күнде қолың жеткен екен құсқа, — деді.
Пайғамбарға қызметкер болған болсаң,
Мықты боп қалқаныңды ұста, — деді.

Былайша жетіп келді қаһарланып,
Түкіріп екі қолға күшін жанып.
Ендеше, кезек бердім, ұрыңыз, — деп,
480 Көтеріп тұрды қалқан басына алып.

Ұрғанда қалқаннан от аспанға ұшты,
Күші басым болар ма мұндай күшті.
Осы ұрған күрзінің зардабынан,
Атының белі үзіліп жерге түсті.

Ұрып жерге түсірді Омар ерді,
Пайғамбардан бата алған батыр шерді.
Атының белі үзіліп, өзі аман,
Аяғымен жер тірей түрегелді.

Омар есен екенін көрді асхаб,
490 Әуелі болжай алмай тұрды асхаб.

* Құл [а] — айт, жөніңді баянда.

— Мұны мініп көпірмен ұрысыңыз, — деп,
Және бір арғымақ берді асхаб.

Ұруы Жанәбілдің тым-ақ қатты,
Ұрған сайын Омарға қатты батты.
Осылайша ретімен ұрыс қылып,
Тақсыр ер-ді өлтірді сегіз атты.

Тағы бір арғымақты берді келіп,
— Ұрыс, — деп, — Жанәбілдің соңына еріп.
Бек жаман есі кетіп қайраттанып,
500 Үстіне арғымақтың алды мініп.

Баяғыдай ер келді тағы,
Әлі де артық боп тұр оның жағы.
Қайта айналып Жанәбіл ұрғанында,
Белі үзіліп, жығылды арғымағы.

Қалып тұр ақыр көпір тобасынан,
Асып тұр мұсылманның бағасынан.
Жанәбіл жетіп келіп ат үстінен,
Ұстады ер Омардың жағасынан.

— Жолама, мұндай кісі, жанымнан кет,
510 Маған келген өлмейді шет.
Көтеріп ер Омарды аспанға атты,
— Мінеки, палуаның, — деп, — иә, Мұхаммед!

Құстай боп тақсыр Омар аспанға ұшты,
«Күші басым болар ма бұлай!» десті.
Жіберген бір садақтың оғындай боп,
Жанына асхабтардың барып түсті.

Құлады тақсыр Омар ұшып келіп,
Әлсіздер қалар еді әлфун өліп.
Саламат, тұла бойы аман болып,
520 Пайғамбардың қасына келді жүгіріп.

— Дұға алып, тақсыр, сізден бардым, — деді,
Жанәбілмен соғысты салдым, — деді.
Оның тек ерді һәр кез көргенім жоқ,
Дұғаңызбен саламат қалдым, — деді.

Қолын бұлғап Жанәбіл бақырады,
Асхабқа қаһар төгіп ақырады.
— Жібер, — деп, — мұсылманнан бір баһадүр,
Ат ойнатып, жүгіртіп шақырады.

530 —Қырармын, — деп сөйлейді, — тамам жанды,
Ағызам, — деп, — көл-дария қызыл қанды.
Біріңді енді қоспай бір-біріңе,
Алармын, — деп, — құл қылып палуанды.

Мынау сөз қатты тиді Пайғамбарға,
— Біз нағып кез келдік, — деп, — пейілі тарға.
Біріңіз барыңыз, — деп, — Жанәбілге,
Бетін бұрып қарады асхабтарға.

Қарады бетін бұрып хақ Пайғамбар,
Ол айтса бармай қалмас есіткен жар.
Келіп хазірет Расулдан рұқсат алып,
540 Жетіп барды майданға Мәлікаждар.

Мәлік батыр күрзісін қолына алды,
Қаһарланып күшінің молын алды.
«Иә, кәпір, кел бері» деп, айқай салды,
Келетін Жанәбілдің жолын алды.

Көріп сонда Жанәбіл шықты шауып,
Бір ерді ұрмақ болып қайраты ауып.
«Әуелі жол кәпір[ге]» деп, кезек беріп,
Басына тұрды тақсыр қалқан жауып.

Көтеріп күрзісімен ұрды сонда,
550 Мәлікті шығаруға осы жолға.
Қалқаны дал-дал болып басындағы,
Күрзісінің зардабы тиді қолға.

Күрзісінің зардабы тиді қатты,
Екі қолға зардабы жаман батты.
Мәліктің денесінен қуат кетіп,
Сонан соң көпірлерге байлап атты.

Олардай, сірә, палуан жұртқа жақпас,
Мұнан басқа қылып іс пайда таппас.
Көпірдің мұнысына шыдай алмай,
560 Расулдан рұқсат алды Садуақас.

Рұқсат алып майданға келді жетіп,
Атына қамшы басты екпіндетіп.
Қолындағы күрзісін оңтайланып,
Жанәбілге жүгіртті қаһар етіп.

Барған таң көреді оның нұрын,
Құдайым кез келтірді мұндай ерін.
Оны көріп ер Сағид қалқан жапты,
Жанәбіл салды күрзі мұнан бұрын.

Осындай салды күрзі қатты айқайлап,
570 Құтырған арыстандай көзі жайнап.
Қалқаны сынып, қолы ауып, қуат кетіп,
Сағидті көпірлерге атты байлап.

Мұны көріп шыдамай Әбілмәжін батыр,
«Замана ақыр салды мына көпір».
Хазірет Пайғамбардан рұқсат алып,
Жүгіріп Жанәбілге келе жатыр.

Ашуланып шыдамай Мәжін барды,
Келетін Жанәбілдің жолын алды.
Қолын көтергенше аял бермей,
580 Оны һәм күрзі бірлөн салып қалды.

Салып тура зар-қайғы бастарына,
Жібермей тұр келгенін қастарына.
Мұның да қалқаны сынып, қолы арып,
Қуат кетіп, оны һәм байлап берді әскеріне.

Жанәбіл тұр барғанды билеп алып,
Мұсылман тұр оларға қайғыланып.
«Қор-жапа қылайын, Мұхаммед» деп,
Жаман-жаман сөйлейді айқай салып.

590 Сөйлейді ер Жанәбіл жаман-жаман,
— Бар болса, келсін маған палуан адам.
Қуатым бұрынғыдан басым болды,
Салайын, — деп, — кедейге ақырзаман.

Кім барсын Жанәбілдің бұ шағына,
Бәрекелді көпірдің аруағына.
Бұ сөзді есіткен соң хақ Пайғамбар,
Мойнын бұрып қарайды жан-жағына.

Қамалды өтіп желмей жұрттың бәрі,
Қасында қайғыланды асхабтары.
Баратұғын еш адам болмаған соң,
600 Түсе қалды Дүлдүлден хазірет Әли.

Келіп: — Тақсыр, хазірет бабам, — деді,
Заман қалай болып кетті жаман, — деді.
Бұ көпірдің жауабын біз берейік,
Қыла көр бір фатиха маған, — деді.

Әлиге рұқсат берді хақ Пайғамбар,
«Құдаға тапсырдым» деп палуанды жар.
Секіртіп Дүлдүлімен айбаттанып,
Жөнелді Жанәбілге Әли Хайдар.

610 Секіртіп Дүлдүлімен жетіп келді,
Келісіменен таң көрді Әли ерді.
Айбатынан жер мен көк тітіреген,
Тамаша тақсыр ерге қылып тұрды.

Кигені жібек киім, қызыл бетті,
Өзі шалқақ, тақсырың кең көкіректі.
Сұлулығы бойының тоты құстай,
Әлидің сипатына есі кетті.

Кісі екен өзі жуан Әли Хайдар,
Көзі оттай жайнаған палуан жар.
Басында сегіз қабат болат қалқан,
620 Қолында екі жүзді қылышы бар.

Және шалқақ сұңқардай жемге тойған,
Ұзыны, көлденеңі бірдей бойдан.
Сапары* екі мұртының екі жақта,
Тамаша құлағынан орап қойған.

Бұ аттан және бөлек мінген аты,
Сегіз жүз батпан күрзісі қолда қатты.
Ғаламның жігіттерін жисаң-дағы,
Бұған пар болмастай көрінді салтанаты.

Таныды: — Бәрекелді, ерсіз сіз, — деді,
630 Жұрттан асқан бір айбатты шерсіз, — деді.
Мен сізді көрісімен қайран қалдым,
Атыңды әуел баян қыл сіз, — деді.

— Ата-жұртым — Мәдине шаһары, — деді,
Дұғағөйім — Пайғамбар кәри, — деді.
Он сегіз мың ғаламның бәрін кезген,
Менім есімім сұрасаң — Әли, — деді.

Ол тұрды біраз есі кетіп,
Қаһарланып, шыққанға ашу етіп.
— Әли батыр сен болсаң, берік бол, — деп,
640 Көтеріп күрзісін ала келді жетіп.

Ер Әли қалқан ұстап алды сонда,
Жанәбіл күрзіменен салды сонда.
Дүлдүлі бөксесінен кірді жерге,
Қалқаны пара-пара болды сонда.

Жанәбіл артық палуан, қуаты көп,
Әлиді қатты ұрды күрзімен дөп.

* Бұл жерде ұшы деген мағынада қолданылған.

Жерлері бұ майданның жарқ-жұрқ етіп,
Қызарып кетті дүния жап-жасыл боп.

650 Қызарып кетті дүния жанған шоқтай,
Жанәбілден басқада қайрат жоқтай.
Қалқанның сынған тастары аспанға ұшты,
Садағынан шығарған атқан оқтай.

Әлидің кете жазды ақылы ауып,
Жата жазды көпірден қаза тауып.
Басын Дүлдүлінің бұрып алып,
Хазірет Әли Пайғамбарға келді шауып.

— Жанәбіл мықты екен жан, — деп айтты,
Жас ақты екі көзден қан, — деп айтты.
Бұ дүнияның тау-тасынан қатер жетіп,
660 Иә, баба, кете жазды хал, — деп айтты.

Маған кетті тау менен тас тигендей болып,
Көңілім кетті бек жұмсап игендей болып.
Жанәбіл мені ұрғанда қол көтеріп,
Қызарып кетті дүния күйгендей болып.

Бұ жолдан, тақсыр, менім кетті күшім,
Күйіп-жанып барады ішім-тысым.
Бір сапар қыла жаздым бұ дүниядан,
Дұға қыл, иә, Пайғамбар, менім үшін.

Мінәжат Хаққа қылды Нұр Мұхаммед,
670 — Бізден себеп тілер жамиғ үмбет.
Құдай-а, хукіміңді пәрмен қылып,
Қиындық-мүшкіліңді енді асан ет.

Өзіңнің хас Шерің-дүр Әли Арыслан,
Арыслан деп атадың әуел бастан.
Рахима, Рахман атты падишаһым,
Қор қылма ер Әлиді осы тұстан.

Жанәбіл келді майдан көпірден қар,
Кең дүния халайыққа көрінді тар.
Өзіңнің сақтауыңмен сақта, Құдай,
680 Ерікті не қылсаң да құдіретің бар.

Есітіп алды тақсыр қуат мініп,
Жанәбіл тұр майданда һәм мақтанып.
Көңілін енді Арыслан бекітіп алды,
Қайта жауар бұлттай айбаттанып.

— Жанәбіл, келдім қайтып, батыр, саған,
Сабырсыз көргенім жоқ сендей адам.
Бар еді кезек деген уағдамыз,
Ұратын бұ нәубет келді маған.

Бұлай деп келді Әли қастарына,
690 Өлім себеп болам деп бастарына.
— Олай болса мені сіз ұрыңыз, — деп,
Көтеріп тұрды қалқан бастарына.

Арыслан салды күрзі Жанәбілге,
Әлемде кім шыдаған ондай ерге.
Ошал ұрған күрзіден есен қалып,
Керігі бөксесінен кірді жерге.

Әлидің бөрекелді аруағына,
Ұрғанда кім шыдаған сол шағына.
Қалқаннан тыпыраған тас аспанға ұшып,
700 Қызарып шоқ боп түсті жан-жағына.

Жанәбіл түрегелді бойын безеп,
«Барабар жан екен» деп көңілін тежеп.
Екісі бұ майданда тас-талқан қып,
Ұрады бірін-бірі кезек-кезек.

Қалмады сонда дағы біреуі өліп,
Ұрады бірін-бірі кезек беріп.
Болат қалқан болады пара-пара,
Темір қалқан береді алып келіп.

710 Күрзісін тастап, қолға алды найза,
Шанышқанда шар мағми жанды найза.
Күрзілерін қолына тұтып алып,
Жүгіртіп бір-біріне салды найза.

Ауырлық үш жүз батпан қолын басты,
Бұларды көрген халық жаман састы.
Жүгіртіп, ақырып бір-біріне,
Ошал майдан жерінде найзаласты.

Екі ердің топырақ ұшты жүрген жерден,
Қаһарланса кім қалар Өли ерден.
Екі-үш жүз батпан найзалары
720 Сынды екеуі де орта белден.

Мұндай жан жаратар ма Құдай Тағала,
Көз көрген қайран болды төре-қара.
Ақырып бір-біріне тағы ұмтылды,
Қынабынан қылышын суырып ала.

Жүгіртіп бір-біріне қарсыласты,
Бұларды көрген халық жаман састы.
Қылыштарын көтеріп қолына алып,
Екі арыстан бір-біріне шапқыласты.

Өзір аулақ бір-бірі табасынан,
730 Ұрыстың көрсетіп жүр ағасынан.
Қылышын қынабына салды-дағы,
Ұстасты бір-бірінің жағасынан.

Ұстады бір-бірін қатты қысып,
Екпіні екісінің желдей есіп.
Бірінің табанына табан қойып,
Тартысты ат үстінде шіренісіп.

Бұлардың тартулары болды қатты,
Құдай мұндай қылар ма адамзатты.
Екі ердің жағаласқан зардабынан,
740 Тізеден Дүлдүл, керік жерге батты.

Ұмтылды бірін-бірі алайық деп,
Біріміз дүния салып қалайық деп.
Жанәбіл айтты сонда ер Әлиге:
— Екеуіміз енді күрес салайық, — деп.

Мұны естіп ер Әли түсе қалды,
Оны көріп Жанәбіл жетіп барды.
Екісі екі жақтан рұқсат алып,
Ошал майдан жеріне күрес салды.

750 Ұстасып бірін-бірі көп салысты,
Көшіріп жер дүнияны қатты алысты.
Екі жақтан қарады екі ләшкер,
Бұлардың күресіне таң қалысты.

Бірін-бірі жеңісіп алмайды һеш,
Олардай болсаң палуан, майданға түс.
Арасын жер менен көктің шаңдақ алды,
Намаз ақшам уақыты болды, күн кешікті.

760 Кетпейді көбісі бір-бір ынтымақтан,
Кәпірлер, мықты болсаң енді сақтан.
Екі ләшкер қарауыл қатты қойып,
Шам жағып қарап тұрды екі жақтан.

Мұсылмандар тұрған жерге қарап,
Тұрысты екі алысқан ерге қарап.
Осы күн ұйықтамастан шықты ләшкер,
Әли бірлән Жанәбіл ерге қарап.

Әли сынды кез келді бір Арыслан,
Кәпірге деп жаралған әуел бастан.
Күресіп шықты екеуі дамыл таппай,
Күні-түні екеуі шаршамастан.

770 Тапсырған бір Құдайға Әли өзін,
Зікір таһлил Құдайға айтқан сөзін.
Таң атып, күн шыққан соң екі ләшкер,
Халайық тамаша етіп салды көзін.

Анлардың жұрты Ирақ еді, байлар
Ашуланса ұрысқа бәрін айдар.
Қараса көзін салып екі ләшкер,
Жанәбіл шаршамайды бірлө Хайдар.

Бұлардың күндегісі күнде алуан,
Дамыл-тыныштық көрмеді бір шыбын жан.
Күші басым көрініп күннен-күнге,
780 Түрлі өнер көрсетті екі палуан.

Қазылып қалды ор боп жүрген жерлер,
Тамаша ғып көреді көрген ерлер.
Бірін-бірі үйіріп, бірі сілтеп,
Ғажап іс көрсетті екі шерлер.

Екі жұрт қарап тұрды таңға қатып,
Болар деп әлдеқандай көзін сатып.
Бірін-бірі ақырып сілтегенде,
Бөксесінен кетеді жерге батып.

Ғеш қуат көрінбейді аз секілді,
790 Сөзі жоқ айтатұғын наз секілді.
Қара тас дал-дал болып, сулар шығып,
Семіз қой майдан кетті таз секілді.

Екі жұрт қайран қалды осы бастан,
«Әлемде жан болмас, — деп, — мұнан асқан».
Әли бірлөн Жанәбіл — екі арыстан,
Төрт күн ұдай күресті шаршамастан.

— Әли, сөз айтамын ерсең, — деді,
Әгар менім сөзіме көнсең, — деді.
Тамақтанып келемін бүгін барып,
800 Рұқсат, батыр, маған берсең, — деді.

— Жанәбіл, мықты екенсің, — деп айтты,
Сен екенсің баһадүр, шер, — деп айтты.
Тез барып бек тезінен енді өзің,
Әгар сен жігіт болсаң кел, — деп айтты.

Барып сонда Жанәбіл бұйрық қылды:
— Бірден қырық бес қой сойғыл, — деді.
Осы қой етіменен жүз қара нан,
Бөрің батыр Жанәбіл жалғыз жеді.

810 Бола алман жегендерінің бөрің айтып,
Тамақтанып нәпсіңі алды байытып.
Мұқым бір жарты көлдің суын ішіп,
Қасына Арысланның келді қайтып.

Жанәбіл келіп тақсыр ерді көрді,
Құдай абзал жаратқан Шерді көрді.
Бір тасқа көтін қойып қалып еді,
Әуелгі тұрып қалған жерде көрді.

— Мен келдім нан-етімді жеп, — деді,
Кесеменен суларды ішіп, — деді.
Жә, батыр, қосыңызға бармадыңыз ба,
820 Тағам жемей тұрасыз нешік? — деді.

— Белгілі менім ұйықтап жатпағаным,
Қуаныш ойлап, нәпсіге батпағаным.
Дінімнің асылдығын байқа сонан,
Тағамнан татқанмен бірдей тағам татпағаным.

Қаруда толып жатыр найза, мылтық, оқ,
Атып жұрт тұрған жоқ жаннан қорқып.
— Иә, Әли батыр, енді келіңіз, — деп,
Екеуі қайта ұстасты қолма-қолтық.

830 Әуелгідей екісі күрес салды,
Бұларды көрген халық қайран қалды.
Ұғылы ер Мұхаммед-Ханафия,
Қасына Арысланның жетіп барды.

Қасына атасының жетіп келді,
Келіп тақсыр Әлиге хабар берді:
— Қартаятын емес ең осы күнде,
Не болды жыға алмадың, — дейді, — енді?.

От шықты сонда Әли көздерінен,
Ұғылының ашуланып сөздерінен.
Киімінен түгі тұтам тесіп өтті,
840 Сақал-мұрты тікірейді жүздерінен.

Және үш жүз алпыс алты тамырынан,
Көтерген қырық бес сүйек бір денеден.
Қуатын екі қолға келтіріп ап,
Деп айтты: « Иә, Ханнан, уа иә, Маннан».

Мықтап ұстап белінен алды қатты,
Жанәбіл салмағымен жерге батты.
— Иә, батыр, көріп кел, — деп, — енді көкті,
Көтеріп тақсыр Әли аспанға атты.

Аспанға атып жіберді қолын жайып,
850 «Мұны алсам кетемін, — деп, — жолдан тайып».
Үстінде бес мың батпан сайманымен
Көрінбей көк жүзінде болды ғайып.

Жанәбіл кетті палуан көк айналып,
Қылыш, мылтық, садағын һәм байланып.
Болғанда сүт пісірім, Пәруардигар,
Келеді бозторғайдай қайта айналып.

Налаш қылып қауымы, Зарқұм жылап тұрды,
Әли ер аспанға атты мұндай ерді.
«Иә, Әли, түсірме, — деп, — Жанәбілді,»
860 Хазірет хақ Пайғамбар бұйрық қылды.

Арыслан сонда көкке көзін салды,
Жанәбілді көтеріп қағып алды.
Екі жүз сахабалар байлап алып,
Алдына Пайғамбардың алып барды.

Қуанды мұны көріп тамам жандар,
Оларға қажет емес дүние-малдар.
Ақырет қамын айтып Жанәбілге,
Сөйлейді «дінге кір» деп хақ Пайғамбар.

Жанәбіл сонда дінге кіріп қалды,
870 Ислам діні ақтығын біліп қалды.
Мүбәрак Пайғамбардың сөзіменен
Иман орнап кеудеге толып қалды.

Талай ер жығылғанда барған екен,
Қаруына көздерін салған екен.
Қолына алып келіп, қайтып берді,
Әуелде олжа қылып алған екен.

Қуанды дін-мұсылман «иә, Құдайлап»,
Жанәбіл палуанға тамаша-айлап.
Алып келіп батырға бергеннен соң,
880 Әуелгідей қаруын алды байлап.

Қосылғаш дос боп кетті асхабтарға,
Және жақын көрінді шаһариарға.
— Кәпірмен рұқсат бер, — деп, — соғысарға,
Әдеппен сөз сөйлейді Пайғамбарға.

Сонда Расул: — Шыдамсыз болма, — деді,
Бұрынғыдай қайратпен тұрма, — деді.
Ол сенің ата-жұртың, иә, шырағым,
Бұ жерде сабырсыздық қылма, — деді.

Болады қазір рұқсат Пайғамбардан,
890 Жанәбіл есі кетіп болды қайран.
— Рұқсат әперіңіз бүгін маған, — [деп],
Сұрады қайта-қайта асхабтардан.

Осылайша Жанәбіл жалынды көп,
Бөрісі тұрды оның қайғысын жеп.
Бөрісі Пайғамбарды тағзым қылысты,
«Рұқсат енді, тақсыр, беріңіз» деп.

— Бұрынғы таста қайрат, жеңілдікті,
Көрсетпе енді бізге о күніңді,
Тәкаппар, астамшылық, ақыл алмай,
900 Пақырлықпен жүр, — деді, — көңіліңді.

Жөнелді Пайғамбардан рұқсат алып,
Көтеріп күрзілерін белге салып.
Ақырып көпірлерге, айбаттанып,
Баяғы майданға тұрды барып.

Барып майдан жеріне тұрды сонда,
Қаһарланып ақырып жүрді сонда.
Мұнараның басынан шаһ Зарқұм
Баласының келгенін көрді сонда.

Дейді: — Балам, шырағым, азғаның ба?
910 Бүтін жолдан бір жонды қазғаның ба?
Бұрынғы жөніңменен өлсең еді,
Дініңді жаннан қорқып бұзғаның ба?

Жылап Зарқұм бұлайша тұрды айтып:
— Иә, балам, келдің, — деп, — елге қайтіп.
Сенің мен шын сүйікті атаң емес пе едім?
Қалайша тұрсың маған қылыш тартып?

— Атам, сенің белгілі көпірлігің,
Көпірлерге түседі батырлығым.
Өгар де иман айтып, дін таппасаң,
920 Бола алмас енді менім жақындығым.

Жанәбіл — атым менім, адам жеңбес,
Нағылған жан келеді маған теңдес.
Жаратқан бір Құданы жаңа таптым,
Сіздердің бас қойғаның Құдай емес.

Жаманды неге жақсы қаратамыз?
Өтірік жеңілмеске таратамыз.
Өгар ол бізді қылған Құдай болса,
Оны біз нешік қолмен жаратамыз?

Өтірік, — деді, — көпір, сенің дінің,
930 Көзім жетіп өлтіруге келді жыным.
Пайғамбардан Құранды естіп білдім,
Айланып көңілім қатты кетті менім.

Көрерсің көрмегенді көп, жамағат,
Қаласың дінге енсең сау-саламат.
Үйрендім Пайғамбардан бір мың аят,
Кәпірден болса палуан, маған қарат.

Осылайша сөйледі айқай салып,
Тамам барша қуатын жиып алып.
Зарқұмның бұ бір палуан баласы еді,
940 Махәбіл шықты бұған ашуланып.

Махәбіл келді бұған жаудай болып,
Төгілген қара суға аудай болып.
Үстіне жеті мың батпан сауыт киіп,
Келді бір кішірек таудай болып.

— Жанәбіл, танимысың, — деді, — қорғаныңды,
Жаңа білдім жат бауыр болғаныңды.
Кез келдің ажалыңа өзің, — деді,
Қоям ба мың жаныңнан бір жаныңды.

Махәбіл осылайша келіп қалды,
950 Қап-қара қайратынан болып қалды.
«Иә, Алла, иә, Мұхаммед Мұстафа» деп,
Көтеріп күрзіменен салып қалды.

Күрзісі Жанәбілдің тиді қатты,
Махәбіл қаттылықтың дәмін татты.
Ошал ұрған күрзіден дүния салды,
Жаны орын жаһаннамнан алып жатты.

Өлтіріп Махәбілді тұрды сонда,
— Күшімді көрсеттім, — деп, — шыққан жолда.
Дініңнің бөрекелді қуатына,
960 Салауат, иә, Мұхаммед — расул Алла.

Жанәбіл — өзі палуан, жиһани сал,
Оларға керек емес дүниядан мал.
Бір ұғылы бір ұғылын өлтірген соң,
Жылап Зарқұм жағасын қылды дал-дал.

— Жылама, менім жұртым, ерсің, — деді,
Қадірімді халайық білсін, — деді.
Жанәбіл ашуланып тағы да айтты:
— Ирақтың палуандары келсін, — деді.

970 Және Зарқұм баласы — Қыртас батыр,
Асхабқа салмақ еді заманақыр.
Қолына жүз жетпіс кез алмас алып,
Жүгіртіп Жанәбілге келе жатыр.

Жеті мың киген сауыт, болат қалқан,
Бауы бар — өңкей темір, шынжыр арқан.
— Мені ойламай бұ істі қылдың ғапыл,
Болғаның және Жанәбіл, — деді, — талқан.

Сахармен келдің ұрыс салып,
Үлкен күрзі ажуні қолына алып.
Бар болса бұ дүнияңда жеті мың жан,
980 Құтылар бәрі менен қайда барып?

Бұрын Қыртас семсерін алды сонда,
Жаман қатты қаһарға қалды сонда.
Ұмтылып інісіне батыр палуан,
Ақырып күрзісімен салды сонда.

Күрзісі Жанәбілдің тиді мықты,
Қалқан қабат Қыртастан жалын шықты.
Аты менен екісін күлдей жаншып,
Және көпір шіркінді жерге тықты.

990 Шүкір қылды Жанәбіл бір Құдайға,
Екі інісін өлтіріп тұрды жайға.
Салауат Нұр Мұхаммед Мұстафаға,
Дінінің ақтығынан көрді пайда.

— Ажалынан қалады бағынған жан,
Онан басқа қалады не қылған жан.
Осы майдан ішінде қан бояйын,
Келсін маған өлімін сағынған жан.

Мұны көріп жылады Зарқұм тұрып,
Екі ұғылы өліп қалды ұрыс қылып.
Көзінен жас ағып, қолын тістеп,
1000 Жылады өзінің жағын өзі ұрып.

— Не етейін, не қылайын, Хашам балам?!
Екі ағаң өліп бүгін болды жаман.
Олардай сен өзінді ғапыл қылмай,
Жанәбілге барғыл, — деп бұйырды оған.

Киген сауыты жеті мың батпан еді,
Ұрыста жауды қырып олжаға батқан еді.
Адамның ішкі сырын оймен білген,
Данышпан боп халқына жаққан еді.

Өзгеден артық еді Хашам басы,
1010 Күнде жиын-той еді оның қасы.
Белінде алтын кемер, асыл белбеу,
Гауһар тас жарқырайды дулығасы.

Осындай кім таң қалмас палуан ерге,
Қамал бұзған баһадүр кемеңгерге.
Ашуланып бек жаман қайраттанып,
Жүгіртіп жетіп келді Жанәбілге.

— Мен келдім, бұ дүниядан кеттің, — деді,
Басына туған айыңның жеттің, — деді.
Хашам тірі дегенде, иә, Жанәбіл,
1020 Махәбіл мен Қыртасты неттің? — деді.

Бұлайша айтып күрзімен салды тежеп,
Жанәбіл шыдап тұрды бойын безеп.
Ошал ұрған күрзіден есен қалып,
Хашамды енді ұратұғын келді кезек.

Жанәбіл өзі басым, қолы күшті,
Кәпірлер мұны көріп қайғы жесті.
Осы ұрған батырдың күрзісімен
Хашамның басы құстай ұшып түсті.

Көріп Зарқұм адасты ақылынан,
1030 Жанәбіл қайғы тапты батырынан.
Адасып жерге Зарқұм талып түсті,
Осындай іс көрген соң жақынынан.

Тағы Зарқұм бұйырды палуанға,
— Мынау бөле болды, — деп, — барған жанға.
Хаман деген бар еді немересі,
Майданға бар, жаным, — деп айтты сонда.

Жетіп келді: — Жанәбіл, қашпа, — деді,
Не өнерің бар болса баста, — деді.
Қылышын батыр Хаман суырып алып,
1040 — Қолымнан мықты болып ұста, — деді.

Осылайша ақырып қаһар айтты,
Ұруға тақсыр ерге айла етті.
Көтеріп күрзісін ер Жанәбіл,
Басына інісінің салып кетті.

Құлады жаны шығып жерге барып,
Бұған да кетті Зарқұм қайғыланып.
Сұлтан деген інісі келіп жетті,
Отына жатты жаһаннамнан орын алып.

Бек үлкен қуаныш болды асхабтарға,
1050 Қайғы күнін көрсетті діні тарға.
Еш адам келмеген соң ұрысарға,
Жанәбіл қайтып келді Пайғамбарға.

Келген соң құрметтеді жұрттың бөрі,
Мұхаммед Мұстафаның асхабтары.
Оны қатты көтеріп шаһариары,
Өз қасына шақырды Пайғамбары.

— Жанәбіл, есенбісің, жаным бала,
Сені артық жаратты Құдай Тағала.
Жаратқан бір Құдайға жалбарынып,
1060 Тағы майдан жеріне барып қара.

— Кәпірлер, қайта келдім саған, — деді,
Келетінін білдің бе шамам, — деді.
Кімде-кім өз жанымен дұшпан болса,
Тез келсін жекпе-жекке маған, — деді.

Құдай мұндай жаратты Жанәбілді,
Өзі абзал баһадүр, кемеңгерді.
Ұрыс-майдан жерінде дал-дал қылды,
Талай-талай мен-мен деп келгендерді.

Жанәбілдің келгенін көрді Зарқұм,
1070 Мұндай палуан таныды ерді Зарқұм.
Бұрынғы өлген ерлерге қайғыланып,
Жаман қатты күйініш қылды Зарқұм.

Таңданды Жанәбілдей жұрт еріне,
Қарасып жылай тұрды бір-біріне.
«Қане, Қыртас, Хашам менен Махәбіл» деп,
Бетін бұрып қарады әскеріне.

— Хаман менен Сұһраб қайда? — деді,
Олар-дағы алмайды пайда, — деді.
Шыдатпас жекпе-жекке барғанменен,
1080 Бөрің бір жабылуға ойла, — деді.

Осылай бұйрық қылды саптарына,
Есендігін бөрі батыр заттарына.
Қылышын суырып алып үш мың кісі,
Ұмтылды, қамшы басты аттарына.

Бойында Жанәбілдің таудай талап,
Бір өзін ұрысады мыңға балап.
Қылыш, күрзі, найзасын оңтайлап ап,
Баршасы жалғыз ерді алды қамап.

Бұлайша бұйрық қылды үш мың ерге:
1090 — Шамаң келсе, жанышта, — деп, — қара жерге.
Бірі оңнан, бірі арттан, бірі солдан,
Бөрісі салды күрзі Жанәбілге.

Бұл ұрыс жұртқа қызық жарысқандай,
Нағып көпір пар болсын данышпандай.
Бұ үш мың баһадүрлер қой секілді,
Қырып жүрер бір Жанөбіл арыстандай.

Қырған жан мұнан артық қайтушы еді,
Ақырып атының басын тартушы еді.
Қылыш шауып, найзаменен шанышқан шақта
1100 Салауат Пайғамбарға айтушы еді.

Керігі Жанөбілдің сондай жүйрік,
Кейін шауып кетеді, кейін үйіріп.
— Сіздер де көпірлерге қаптаңыз, — деп,
Жүз ерге хақ Пайғамбар қылды бұйрық.

Бұлайша бұйрық қылды хақ Пайғамбар,
Жүз кісі шапты батыр сахабалар.
Мұны көріп көпірден он мың кісі,
Қылышын суырып ала келді-ау олар.

Бұ он мың қайтіп келді көпір надан,
1110 «Салармыз оларға ақырзаман».
Тағы да Пайғамбардың бұйрығымен
Мың кісі және ұмтылды сахабадан.

Бола алман енді айтып бөрін мақтап,
Шығарған ажалсызды Құдай сақтап.
Шаһ Зарқұм падишаның бұйрығымен
Көпірден жүз мың ләшкер кетті қаптап.

Асхабқа «қапта» деді хақ Пайғамбар,
Жөнелді қарсы алдында Әли Хайдар.
Бөрісі «иә, Аллалап» жар шақырып,
1120 Ұмтылды бірі қалмай асхабтар.

Далада енді соғыс болды қатты,
Көп адам барысымен өліп жатты.
Шаһ Зарқұм падишаның бұйрығымен
Екі жүз мың көпірлер қойды атты.

Жанында Пайғамбардың Әбубәкір,
Акаша ту ұстайды, қолда шатыр.
Дүния жүзі күңіреніп, тамам болып,
Тамам дария жайқалып бара жатыр.

1130 Асхабқа Пайғамбар бар көңілге тоқ,
Бөрі медеу қылды, қайғысы жоқ.
Ат қойған екі әскердің дүбірінен,
Шағылғандай боп кетті жер менен көк.

Ұрыс боп, жер мен көкті шаңдақ басты,
Періште көк жүзінен жаман састы.
«Япырым-ай, не болды, — деп, — жер жүзіне!
Періште көк жүзінен жаман састы.

Шаң басып, жұрт айырылды жақынынан,
Ирақтың жері қозғалды көпірінен.
«Иә, Алла, жер жүзіне не болды!» деп,
1140 Періштелер адасты ақылынан.

Қараңғы күндізгі күн түндей болды,
Тас-топырақ аспанға ұшып, жүндей болды.
Тұтылып күннің көзі топырақтан,
Бірін-бірі көрместей күндер болды.

Қараңғы, шаң мен тұман дүния жүзі,
Көрінбей кетті тітіреп күннің көзі.
Айырылып асхабтан хақ Пайғамбар,
Қалыпты ортасында жалғыз өзі.

Әли жалғыз бір жақта ұрыс салды,
1150 Асхабтан айырылып жалғыз қалды.
Хазірет Нұр Мұхаммед бабасынан,
Тамам балаларын ойына алды.

Әли тақсыр баласын ойына алды,
Хасен менен Хұсайынға қайғыланды.
«Әбубәкір, Омар мен Осман, олар нешік
Болды екен?» — деп айтып салды.

- Осындай үміт үзді ер ерінен,
Кәпірлер қаптаған һәр жерінен.
Хасен менен Хұсайын, Жағыпар таяр,
1160 Олар да кетті адасып бір-бірінен.
- Әскерді бет алып бір шетінен,
Кәпірлер зар иледі келбетінен.
Мұхаммед-Ханафия, Омар мен Әли, Аббас
Адасып кеттілер бет-бетінен.
- Бір ұрыс болды душар өздеріне,
Бәрінің қаһар толды жүздеріне.
Һәрқайсысы он мыңмен ұрыс салды,
Көрінбей бір мың кісі көздеріне.
- Бір мыңды ойға алмады сахабалар,
1170 Аянбай болды көңіл ұрыс салар.
Ақырып, айбаттанып, қаһарланып,
Бірі он мыңмен ұрысты сахабалар.
- Көрсеттім біраз долбар мұнша жардан,
Олардың паруай қылған жоқ дүния малдан.
Осындай қаптап кетті екі әскер,
Қылайын, тыңла, кеңес Пайғамбардан.
- Қамқамды кәпірлерге салушы еді,
Қан болып майдан іші қалушы еді.
Қырылып кеткен шөптей көп кәпірлер,
1180 Бұларды көрген халық талушы еді.
- Бұ қамқам кетуші еді тыраңдатып,
Өлімге қалушы еді кәпір батып.
Екі қолға екі жақта ләңгар алып,
Жіберіп кетуші еді аспанға атып.
- Бұ дақатта ұрысты Әбубәкір,
Бір онымен соғысты он мың кәпір.
Жүрген жағын кәпірдің дал-дал қылып,
Салып жүр қатты қырғын, заманақыр.

Ұрысы жалғыз Омар таң қалғандай,
1190 Қырып жүр көпірлерді дамыл алмай.
Өліктер қисабы жоқ, толып жатыр,
Мысалы жанған өртке шөп салғандай.

Біреуі шаһариардың — молда Осман,
Онымен талай көпір қарсыласқан.
Мың қойға жалғыз тиген қасқырдай боп,
Әскерлерді тітіретті бұ бір тұстан.

Мұхаммед-Ханафия кірді бір шетінен,
Шошиды көрген кісі айбатынан.
Қылыш, күрзі, найзаны бірдей салды,
1200 Көрген соң талып жығылды келбетінен.

Осындай болды майдан бір жарысқан,
Ұрыста бір-бірі [мен] көп танысқан.
Қырғынын Мұхаммедтің көзі көрген
«Мынау екен, — деп айтты, — аш арыстан.

Көпір әзір көрген жоқ мұнан пайда,
Ұрысқаны қылған жоқ әзір айла.
Аямай жалғыз жанын салды ұрыс,
Өзін-өзі тапсырып бір Құдайға.

Әуелі жаман ұрысып жүрді қатты,
1210 Кейін шауып, кейбірін аспанға атты.
Талай-талай батырлар құлап жатты,
Үкімі сол* батты.

Хасен менен Хұсайын — екі батыр,
Өлім күнін көрсетті заманақыр.
Бұлардың жүрген жағы зар еңіреп,
Өзегі күйген күдедей бара жатыр.

Жағышар, Мұса фазыл мен екі палуан,
Ағызып майданнан қып-қызыл қан.

* Екі сөздің мағынасы ашылмады.

- 1220 Әбубәкір, Омар менен Әлидің балалары,
Олар һәм салды қырғын алуан-алуан.
- Әли ұғылы бәрі он сегіз, өңкей мықты,
Кәпірді қырып-жойып жерге тықты.
Оның жүрген жағынан ойбай шықты,
Кәпірді қырып-жойып жерге тықты.
Арыслан ұғылы екенін сонан білші,
Оның жүрген жағынан ойбай шықты.
- 1230 Айта алман көп асхабтың бәрін мақтап,
Құмдай басып, топырақтай жүрді таптап.
Тағы Зарқұм шаһтың бұйрығымен
Кәпір жүз мың ләшкер келді қаптап.
- Бәрі он мың асхабтар ұрыс салды,
Кәпірден шөптей шауып палуанды.
Япырым-ай, сонда-дағы таусылмайды,
Ағызды сахаралардан қызыл қанды.
- Осындай болды қырғын дүния боқ,
Асхабқа Пайғамбар бар көңілі тоқ.
Әуелі хазірет Адам атадан бері қарай,
Мұндай, асла, қырғын болғаны жоқ.
- 1240 Екі әскер қырғын салды дүния толып,
Ешбірі ұрысқан жоқ мұндай болып.
Олардың әрбіреуі он мың ердей,
Талай-талай кәпірлер қалды-ау өліп.
- Бұ ұрыста [Рүстем] Дастан болса еді,
Қаһарман, Фағпұр, Жәмшид тұрса еді.
Қабадара, Қасар менен Шаһрабаздар,
Бұлардың соғыстарын көрсе еді.
- Сандимен, Қайсарлар насар еді,
Жүніс сахар тамаша етер еді.
«Япырым-ай, бұ не ұрыс, немеңе» деп,
1250 Ақылы бастарынан кетер еді.

Олар һәм ұрысып еді жұртты жайлап,
Алыпты дұшпанын тірі байлап.
«Нағылған дүния толған ләшкер-ау» деп,
Солардай тұрар еді тамаша айлап.

«Кезектеніп жаңа келдің осы бастан,
Әлемде қай баһадүр менен асқан?!»
Қолда күрзі, қолында найза, қылыш,
Ұрысты ортасында Әли Арыслан.

Жүз отыз мың палуан темір киген,
1260 Тағы тоқсан екі мың пілді мінген.
Және жетпіс екі мың көпір зәңгі,
Бұларға тақсыр Әли жалғыз тиген.

Әлиге Тәңірі берген таудай талап,
Бү өзі ұрысады мыңға балап.
Тағы да мұнан басқа он екі мың
Піл қаптап, айналасын алды қамап.

Ұрысуға жүреді Әли, япырым-ай,
Көпірдің көптігінен еш жапырмай.
Жүгіртіп бір-біріне ұмтылғанда,
1270 Кетеді жер тітіреп көк көрінбей.

Ат аяқ өлген жаннан баса алмады-ау,
Бірінен-бірі ілгері аса алмады-ау.
Қырады демалмастан хазірет Әли,
Көпірлер табандағы қаша алмады-ау.

Ағады көпір қаны дариядай боп,
Мың сан аяқ қалмады жығылған боп.
Қызыл қанға Дүлдүлі жүріп жүзді,
Қырылған көпірлердің қисабы жоқ.

Әли — тақсыр да, мәлік, қырған да өзі,
1280 Сонда зікір Құдайға айтқан сөзі.
Тағы да жүз мың көпір келді қаптап,
Қараңғы болды шаңынан дүния жүзі.

Кәпірдің ашуланып жолына алды,
Қайраттанып қаһардың молына алды.
Чоқтары дүния толған немене деп,
Суырып зұлпықарын қолына алды.

Суырды зұлпықарын айбаттанып,
Кетерге бұ майданға ойран салып.
Арыслан жаман қатты нағыра тартты,
1290 Қаһарларын түсіріп қайраттанып.

Ақырды айбаттанып Әли Хайдар,
Кең дүния халайыққа көрінді тар.
Бұ дүния қалт-қалт етіп, қақ айрылып,
Бұлардың жүрген жері болды дал-дал.

Есіткен бұ нағырадан қалды талып,
Мұсылмандар қуанды айқай салып.
Қара жер қақ айырылып бұ дауыспен,
Алды-ау зұлпықарын жанып-жанып.

Есіткен өз жанынан үміт үзді,
1300 Көрген соң тақсыр ерден нағыра сөзді.
Әлидің сибағында зұлпықары
Кеседі кәпірлерден екі жүзді.

Бойламдап өлтірді көрі-жасты,
Кейінің иіпті, кейінің кесті басын.
Осындай қатты қырып жүріседі,
Қамап алған бір ләшкер айналасын.

Ағызды майдан жерден қызыл қанды,
Кәпірден жерге басып палуанды.
Жүгіртіп шатырлатып қаранады,
1310 Көрмеді асхабтардан жалғыз жанды.

Қырады, күзеді хазірет Әли,
Есіне түсіп кетті Пайғамбары.
Бұ нешік хал болды соғысынан,
Көзіне түспеген соң жолдастары.

— Қанеки, Нұр Мұхаммед бабам, — деді,
Әбубәкір, Омар, Осман ағам, — деді.
Хасен менен Хұсайын екі нұрым,
Қарағым, не болды екен балам? — деді.

1320 Қанеки, ол Мұхаммед арғымағым,
Жағышпар, Фазыл, Абзалдай шам-шырағым.
Ақыреттік он сегіз шырақтарым,
Қарағым, қай жақта екен? — деп жеді уайым.

Сонда жоқтап жылады балаларын,
Өзінің бір Құдаға айтты зарын.
«Қиын-қыстау бір заман болды-ау» [деді]
Көре алмай Расулдың асхабтарын.

«Иләһым, патшамсың, Төңірі Тағалам,
Сиынады патшам деп пендең саған.
Сахаба отыз үш мың аттанып ек,
1330 Арадан қалар ма екен жалғыз адам?»

Сонда тақсыр Арыслан көп ойлады,
Қамын жолдастардың жеп ойлады.
«Жүдә болып жолдастарымнан жалғыз қалып,
Көрем бе Мәдинені, — деп ойлады.

Қиын іс бүгін маған болды, — деді,
Қызыл қан сахараға толды, — деді.
Осы екен Жәбірейілдің айтқан сөзі,
Һәр қаза басымызға келді», — деді.

Мұны ойлап қайраттанды хазірет Әли,
1340 Қолында екі жүзді зұлпықары.
Сыпырған тас төбеден шаш-жалды,
Ләшкердің дал-дал болды аралары.

Бұлайша қырғын салды жүз мың ерге,
Талай ерлер құлады қара жерге.
Дем алмастан зұлпықар сипағанда,
Қосады көпірлердің мыңын бірге.

Кәпірлердің қосып жүз мыңын бірге,
Құлады талай батыр қара жерге.
Бұларды көргеннен соң патша Зарқұм,
1350 Тағы «бар» деп бұйырды жүз мың ерге.

Атына жүз мың ерлер қамшы басты,
Төгіп көздерінен қанды жасты.
Қаһарланып баршасы айқай салып,
Ләшкерлерге жәрдем беріп араласты.

Ұрып жүрді зұлпықарын жаман қатты,
Кейін шауып, кейбірін аспанға атты.
Тартқан пішеншінің жолындай боп,
Кәпірлер төбе-төбе болып жатты.

Жоғары шаһ Зарқұм тұрды, — дейді,
1360 Әли ердің ұрысын көрді, — дейді.
Хақанменен екісі қол ұстасып,
Тамаша тақсыр ерді қылды, — дейді.

— Иә, Хақан, мынау не қылған жан?!
Бұлардың палуан екен баршасынан.
Әр ұрғанда өлтіріп екі жүзді,
Қылып жүрер майдан ішін қып-қызыл қан.

Тамаша қылды Зарқұм Әли ерді,
Қамал бұзған баһадүр, батыр Шерді.
— Досың да, дұшпаның да ер болсын деген заман,
1370 Ғажайып ер екенсің, — деді-ау, — бәрекелді.

— Иә, Хақан, байқаймысың ерді, — деді,
Қызыл қанға бояды жерді, — деді.
Не болды мына біздің ләшкерлерге?!
Балқыған қорғасындай болды, — деді.

Қылады-ау, — деді, — дария қызыл қанды,
Еш қоймас бүйте берсе жалғыз жанды.
Әгар де ол біздің елде болса,
Жаһанға қайтер ек, — деп қайғыланды.

- Аһ, дүния, Мұхаммедтің жары болды,
1380 Қызыл қандар арыққа судай толды.
«Мұны, — айтты, — не айламен ұстармыз?» деп,
Хақанмен кеңесіп ақыл қылды.

— Екі әскер соғысып, араласып,
Біздерді кетеді енді қайғы басып.
Кәманд атып Әлиді байлап алсақ,
Барады өзгелері қайда қашып.

- Бұ сөзбен жиырма мың палуанға
«бар» деп айтты,
— Барып байлап, шабысып ал, — деп айтты.
Жібермей осы ерді жан-жағына,
1390 Темір шынжыр бұғалық сал, — деп айтты.

Осындай бұйрық қылды Зарқұм батыр,
«Әлиге салыңыз, — деп, — заманақыр».
Жиырма мың баһадүр, палуандар,
Көтеріп шынжырларын келе жатыр.

Бояп жүр бұ майданды қызыл қанға,
Әлиді көрген кісі қалар таңға.
Кәпірді ат үстінен қыра берді,
Бұ келген көзін салмай палуанға.

- Кәпірлер ұрыс қылды дүния толып,
1400 Кетті жер күңіреніп, тұман болып.
Әлиге жетпіс жерден кәманд атты,
Байқатпай арттарынан салды келіп.

Жетпіс жерден түсірді Әли Хайдар,
Өзі Арыслан баһадүр, Құдайы жар.
Ысқырып зұлпықары сипағанда
Кәманд шынжыр арқан болды дал-дал.

Сонда Зарқұм көзінен төкті қанды,
— Мынау қалай қылды, — деп, — барған жанды.

Жуытатын болмады Әли бізді,
1410 Амал нешік, әйлай, — деп қайғыланды.

Жылап, қойды бетін жерге Зарқұм,
Қырылған қайғыланды ерге Зарқұм.
«Әлиді тарпып-таптап кетіңіз» деп,
Жиырма мың бұйырды пілге Зарқұм.

Тілі аз кәпірлердің айтар сөзден,
«Әли жан қоймас, — деп, — бүгін бізден».
Пілдердің тұмсығында әрбірінің,
Темір шойын шоқпар бар отыз кезден.

Пілдердің мұнтасы жүрсе бастар,
1420 Піл үйренген кісі еді кәрі-жастар.
Темірсіз тұмсығымен ұрған шақта,
Дал-дал боп кетуші еді кәрі-жастар.

Піл қаптап он екі мың келе жатыр,
Салмақ боп Әлиге заманақыр.
Мұны көріп Дүлдүлден түсе қалып,
Етегін түріп тұрды Әли батыр.

Қырыменен тұрды тақсыр есі кетіп,
Кәпірге жүзін тұтып айбат етіп.
Он екі мың пілдердің қарсы алдында,
1430 Мұхым деген біреуі келді жетіп.

Бәрісі қайраттанған келе жатып,
Жолында халайықты таңырқатып.
«Иә, Ханнан, — деп, — иә, Маннан» ұстай алып,
Жіберді осы пілді аспанға атып.

Мына піл бара жатып жылады көп:
— Қор болдым, келемін деп арманда боп.
Сендердің баршаңыз қуатың жалғыз мендей еді,
Жылады: — Өзгелерің қашыңыз, — деп.

- Есітіп сонда піл[дер] састы жаман,
1440 «Біз енді кетелік, — деп, — есен-аман».
Көзінен жас ағызып, зар-зар жылап,
Жөнелді қашып бөрі тауға таман.

Жөнелді өзге пілдер тауға қашып,
Ер Әли қаһарланды қайрат ашып.
Сол барған жолменен жұртты басып,
Барады көпірлерді басып-жаншып.

- Ақылы баршасының кетті ауып,
Құлады талай ерлер жерді қауып.
Қызыл қан сахаралардан судай ағып,
1450 Екі жұрт қан ішінде жүрді шауып.

Ұрысып жүр екі жұрт соғыс қылып,
Қызыл қан майдан іші қалды толып.
«Тағы майдан жеріне қаптаңыз» деп,
Жіберді жүз мың ерге бұйрық беріп.

Бұған да тақсыр Әли салды ойран,
Жылаулы көпірлердің көңілі гөриан.
Мұнараның басынан Зарқұм, Хақан
Әлидің қылғанына қалды қайран.

- Қисабы көпірлердің шеттен асты,
1460 «Қырар, — деп, — көп болса да» Зарқұм састы.
Көтеріп қылыштарын жүз мың көпір,
Әлиді ортаға ала қамшы басты.

Қараңғы жарық дүния болды ұрыс,
Ешбірінде болмады дамыл-тыныш.
Бөрісі айбаттанып ақырысып,
Әлиге жан-жағынан салды қылыш.

- Ақырып айбаттанды хазірет Әли,
Көпірдің қаптаған соң ләшкерлері.
Кеседі сипағанда көпірлерден
1470 Екі жүзді тақсырдың зұлпықары.

Қырып жүрер тақсыр Әли шапшаңдатып,
Өлімге байып көпір қалды батып.
Ұрған сайын кескен соң екі жүзді,
Талайлары қалды сонда жерде жатып.

Қисапсыз қатты қырды хазірет Әли,
Көпірдің дал-дал болды аралары.
Ошал ұрыс ішінде жүргенінде
Қарады жан-жағына Пайғамбары.

Олардың рахмат жауған аруағына,
1480 Көпірден кім бітеді сол жағына.
Намаздігер уақыты екен со мезгілде,
Қарайды мойын бұрып жан-жағына.

Қараса, ағып жатыр қызыл қандар,
Басылып топыраққа өлген адам.
Бойын созып жоғары салды көзін,
Сонда да көрінбеді сахабалар.

Сонда тақсыр жан-жағына көзін салды,
Көрмегеш жолдастарын қайғыланды.
«Отыз үш мың сахаба, төрт жарымнан
1490 Айырылып қалам ба» деп ойына алды.

Хақ Пайғамбар қайғырды тамам жанға,
Құданың хикметіне қалды таңға.
Тақсырдың астындағы мінген аты
Енді жүрер болмады қызыл қанға.

Біле алмай қан төгілді бекер тегін,
Дінді қабыл көре алмай дүниядағын.
Әгар да бұ соғыстан аман қалса,
Бір тау бар табысуға белгілеген.

Пайғамбар салды қырғын көпір жауға,
1500 Мұнан қалған қылғандай жанын сауға.
«Сахаба, жаның барың, келіңіз,» — деп,
Дауыстап азан айтып шықты тауға.

Әуелі шықты бәрі жақсы жайда,
Баяғы жыртылмаған киім қайда.
Ұрысқан ләшкерге көзін салып,
Сиынып тұрды тақсыр бір Құдайға.

Онан соң шықты аман Әбубәкір,
Кәпірге күнін салып заманақыр.
«Иә, тақсыр, аман ба ең,» — деп зар-зар жылап,
1510 Жүгіріп Пайғамбарға келе жатыр.

Қуанғаннан көзінен төкті жасты,
Жасын төгіп бір-бірі [мен] амандасты-ай.
«Көретін асхабтарды болар ма» деп,
Хазірет Пайғамбарға құшақтасты-ай.

Онан соң келді Омар, молла Осман,
Кәпірді жүндей түтіп қарсыласқан.
Зар жылап олар дағы көрген жерден
Хазірет Пайғамбарға амандасқан.

Нұры күндей балқыды Пайғамбары,
1520 Қасында есен келгенге шаһариары.
Ағызып өне бойынан қызыл қанды,
Аман-есен қосылды хазірет Әли.

Әуелі шықты бұлар мұнша жардан,
Бәрісі кейін қалмады Пайғамбардан.
Денесінде он жеті жарасы бар,
Жаяу келіп көрісті Шаһимардан.

Хасен менен Хұсайын есен-аман,
Кәпірге күнін салып ақырзаман.
Ирақтың көп ләшкерлерін дал-дал қылды,
1530 Оларға жар болмайды жалғыз адам.

Бір-бірлеп, бөлек-бөлек болды нәубет,
Кәпір әзір қылған жоқ оған құрмет.
Қисапсыз кәпірлерді дал-дал етіп,
Саламат келді тақсыр ер Мұхаммед.

Бір-бірлеп келіп жатыр өлмеген палуан,
Кәпірге қырғын салып өңкей палуан.
Он сегіз Әли ұғылы бәрі де аман,
Ағызып келді тамам қып-қызыл қан.

Олардың кезек-кезек келді бәрі,
1540 Сүйікті Пайғамбардың жолдастары.
Жыласып, қойдай шулап баршалары,
Қосылды есен-аман қалған асхабтары.

Екі әскер соғысты ғой дүния толып,
Қалады талай ерлер жаны солып.
Қызыл қан тұла бойы дал-дал болып,
Расулға амандасты бәрі келіп.

Зарқұм ұғылы Жанәбіл о да аман келді,
Салып келді кәпірге ақырзаман.
Мәлікаждар, Садуақас, Әбілмәжін жетіп,
1550 Ағызып бойларынан қып-қызыл қан.

Олардың халі-жайын көп сұрады,
Қамын үшбу батырдың жеп сұрады.
Бұ бөледен нешік халас болдыңыздар,
Саламат-есенбісің? — деп сұрады.

Бұлайша сөз сұрады Пайғамбары,
Қасында қайран болып асхабтары.
— Қолында кәпірлердің жатқан шақта,
Бір қатты дауыс салды хазірет Әли.

Әли тақсыр дауыстай айбаттанып,
1560 Кәпірден кетуіне қайрат салып.
Ақырған сол тақсырдың дауысымен
Темірді дал-дал қылдық қайраттанып.

Кейінің кеткен қайраты асып,
Кейінің қалған екен көңілі жасып.
Ұрыстан есен шыққан сахабалар,
Пайғамбармен көрісті амандасып.

Хақ Пайғамбар Османға «кел» деп айтты,
—Қалам менен дәуітіңді ал, — деп айтты.
Тірілерді қисапқа сал, — деп айтты,
1570 Өлгендердің қисабын бер, — деп айтты.

Қалам бірлө дәуітін алды Осман,
Алып бір-бір қисапқа салды Осман.
«Он екі мың сахаба өліпті» деп,
Пайғамбарға хабарын берді Осман.

Он екі мың кісі өліп қайғы басты,
Мына өлім аз кісіден мұндай асты.
Естіп осы сөзді тұрған жандар
Баршалары «бауырым» деп зар жыласты.

Бұ дүнияға болғандай баға Зарқұм,
1580 Мұсылманды қылған жоқ тоба Зарқұм.
Аққан қан шалқар көлдей, есі кетіп,
Жөнелді барабанын қаға Зарқұм.

Тап сол күнде жан шыдамастай қаһарына,
Өлімнің қайғыланды заһарына.
Көтінен қалған жұртын бастап алып,
Ирақтың барып кірді шаһарына.

— Кең дүния бүгін, халқым, болды тарлық,
Бұ кедей келіп қатты қылды қарлық.
Неше кісі өліпті санаңыз? — деп,
1590 Санарға шаһ Зарқұм қылды жарлық.

Есі кетіп қайғыланды қастарынан,
Ирақтың дария толды жастарынан.
Бұрынғы қисапқа алып саптарынан,
Санады мың-мың ердің бастарынан.

Былайша жүріп санау қылды кәпір,
Кейбір жерде уағдаласып тұрды кәпір.
«Үш жүз мыңдай және жүз кісі өліпті» деп,
Хабарын осылайша берді кәпір.

- 1600 Бұрын көрді көрмеген кепті Зарқұм,
Дін таппасаң өзіңе епті Зарқұм.
Ас ішпей, ұйқы көрмей қайғыланып,
Жылаумен осы түннен шықты Зарқұм.

Бұ түгіл, он екі мың кісі өлді асхабтардан,
Аз кісі қырғын тапты мұншалардан.
«Жер кеппей, атымыз жүре алмас, — деп,
— қызыл қаннан»,
Тоғыз күн Зарқұм аял сұратты Пайғамбардан.

- Тоғыз күн тынықтырды көліктерін,
Және мықтап бекітіп белдіктерін.
Халайық уағдаласып бір-біріне,
1610 Екі жұрт жиып алды өліктерін.

Тоғыз күн жатты халық дамыл алып,
«Заман қандай болар» деп қайғыланып.
Намаз бамдат оқысып сахабалар,
«Уағдамыз болды» деп тұрды барып.

Мұқым жиып күтінген елді көпір,
Көптігінен күңіrentіп жерді көпір.
Сырнай, керней, барабан, әнін салып,
Ұрыс қыла жеріне келді көпір.

- Мұхаммед — Тәңірі досты, Пайғамбары,
1620 Дұғада болып тұрды асхабтары.
Қолында күрзісі мен зұлпықары,
Барады майдан жеріне хазірет Әли.

Ақырып айбаттанып жетіп барды,
Қаһарын бойларына жиып барды.
Өзінің қатты дауыс үніменен
Ақырып, көпірлерге нағыра салды.

Бұ дүния шақұр-шұқыр даң боп кетті,
Бұларды көрген халық таң боп кетті.

Қара жер қалт-қалт қақ айырылып,
1630 Арасы жер менен көктің шаң боп кетті.

Жануар жапандағы қашып шықты,
Жүректері айырылып сасып шықты.
Тамам дария шайқалып, жер қозғалып,
Суындай бұлақтардың тасып шықты.

Күн көзі жер сілкініп көрінбеді,
Арыслан ақырудан ерінбеді.
Әуелеп талай қорған жерге түсті,
Тау мен тас тоқтамастан дірілдеді.

Бұ дүния жер сілкініп, таңға толды,
1640 Кәпірдің есі кетіп, көңілі солды.
Дария толқығаннан тоқтай алмай,
Суда жүрген кемелер дал-дал болды.

Арыслан нағыра тартты тағы қатты,
Қырық мың кәпірлер өліп жатты.
Бұ даусы үш мың шақырым жерге жетіп,
Бұлақтан сулар шапшып аспанға атты.

Сол жерде барша халық жылады зар,
Мына еркін, кең дүния көрінді тар.
«Біреуің, жеке кел бері,» — деп,
1650 Шақырды палуанды Әли Хайдар.

Шақырды палуанды жалғыз тұрып,
«Келгенді өлтірем, — деп, — жерге ұрып».
Піл мініп, тау секілді болып біреу
Аяғы шықты жерге сүйретіліп.

Бойы жүз жетпіс кез кәпірдің бар,
Кең дүния, мұны көрсе, көрінетін тар.
Басында тоғыз қабат болат қалқан,
Қолында мың бір батпан күрзісі бар.

Қолында найза көпірдің, белде — қылыш,
1660 Әлиге барғаннан-ақ қылды күрес.
Амандық, «атың кім» деп сөзге келмей,
Жүгіртіп тақсыр ермен салды ұрыс.

Қолына батырлар алды найза,
Төгер деп тақсыр ерден қанды найза.
Екісі ақырысып бір-біріне,
Жүгіртіп ұмтылып салды найза.

Бірі шаншып, бірі қағып қарсыласты,
Ұрысқанның қисабы хадден асты.
Салар мен Әли Арыслан екі палуан,
1670 Жүгіртіп тоқтамастан найзаласты.

Бір батыр келді көпір мынау елден,
Екі ердің топырақ ұшты жүрген жерден.
Осы Салар батырды шаншуменен
Әлидің найзасы сынды орта белден.

Салар да мықты-ақ екен жүзіқара,
Дінсізден көзді қылды Хақ Тағала.
Әлиге бұрынғыдан артық найза,
Сахаба алып келді көре сала.

Саларды қайта шанышты хазірет Әли,
1680 Тамаша қылып тұрды жұрттың бәрі.
Ұстаған темір қалқан дал-дал болып,
Екі ердің жыртылыпты қарулары.

Жүрген жоқ найза тастап қылышпенен,
Алған жоқ бірін-бірі бұл іспенен.
Осы күні екеуі қайтып кетті,
Кеш болып дамыл алмай ұрыспенен.

Қайтып өз еліне барды солар,
Зарқұмдай патшасы қуанышта олар.
Меніменен соғысқан кім еді? — деп,
1690 Барып Зарқұм шаһтан сұрады хабар.

— Ондай жан болмас, — деді, — дүнияды жоқ,
Бір асқан батыр екен қуаты көп.
Бұ жаһанда қисапсыз палуан екен,
Мен ондай мықтыны һәр кез көргенім жоқ.

Онан менім таусылды айлам, — деді,
Қара тас болды топырақ қайран, — деді.
Қаптың тауын найзаммен шанышқан болсам,
Оны [да] бұзар еді найзам, — деді.

Тақсыр жоқ, патша Зарқұм, сен секілді,
1700 Келген екен бұ дұшпан тең секілді.
Не қылсам да бұ найзам бір батпады,
Әлемде жан жоқ деуші едім мен секілді.

Дию, пері тұрғаннан жоқ ондай болып,
Бәрі де кетіп еді жүндей болып.
Оған тиген бұ найзам көкке тисе,
Уатылып қалар еді күлдей болып.

— Саларым, шын айтасың, пәлі, — деді,
Оның есімін білмесең — Әли, — деді.
Бұ ғаламның қор қылған бәрін, — деді,
1710 Ана жатқан кедейдің жары, — деді.

Қойып кәпір қарауыл жатты сонда,
Өз-өзінің тағамын татты сонда.
Мұсылманның баршасы ерте тұрып,
Азанды тақсыр Біләл айтты сонда.

Намазды сахабалар оқып алды,
Пайғамбар «бұрын бар» деп, Әлиге хабар салды.
Мініп Дүлдүл, Арыслан айбаттанып,
Ошал майдан жеріне жетіп барды.

Халқы қарап тұрған жоқ ой-ойлатып,
1720 Қаһарланса шыққандай айқайлатып.
Кәпірлердің жағынан батыр Салар,
Жүгіртіп шыға келді ат ойнатып.

— Мен келдім, ағар, — деді, — қып-қызыл қан,
Қуатым саған, батыр, келді жаман.
Бірі аман қалар ма, Өли палуан,
Бар болса бұ дүнияңда жеті мың жан.

Бұлай айтып Әлиге жетіп барды,
Ашуланып, ұмтылып найза салды.
— Иә, Салар, жетті қаза, өлерсің, — деп,
1730 Суырды тақсыр Хайдар зұлпықарды.

Көтеріп тұрды тақсыр зұлпықарды,
«Бұ Салар дін табар» деп ойына алды.
Әдеп сақтап Арыслан тұрғанында,
Кәпір бұрын қылышпен салып қалды.

Арыслан қаһарланды соныменен,
Бұрын қылыш сілтеген жөніменен.
Өкіртіп ат үстінен айналдырып,
Саларды ұрды жерге қолыменен.

Тамаша қылды мұны көрген ерлер,
1740 Бәрі жұрттан асқан кемеңгерлер.
Салардың ұшып түскен салмағымен,
Дірілдеп тұрды біраз әуе-жерлер.

Ұрғаны Арысланның болды қатты,
Жақындап жан шығарға, талып жатты.
Түсіп, басын кәпірдің кесіп алып,
«Мінеки, басы Салар, ал», — деп атты.

Жылады көп кәпірлер күйгенінен,
Барады дүния жұмсап игенімен.
Жығылды кәпірлерден жеті кәпір,
1750 Басы жалғыз Салардың тигенімен.

Сахаба ду көтеріп аттанысты,
«Өлеміз» деп кәпірлер сақтанысты.
Салар сынды батырдың өлгеніне,
Құдаға шүкірлік қып мақтанысты.

Құрымайды сонда дағы уайым тынысы,
Кәпірліктің құрымай тұр жынысы.
Оның атын деп еді Мәлікте хан,
Бар еді бұ Салардың бір інісі.

1760 Бұған Зарқұм: — Ұрысқа бар, — деп айтты,
Барып соғыс Әлимен сал, — деп айтты.
Нағылып жаның шыдап қарап тұрсың,
Ағаңның барып қанын ал, — деп айтты.

Олардың елі — Ирақ, түбі — араб,
Ұрысқа бәрін Құдай қойды қалап.
Жаман қылды Мәлікте қаһарланып,
Киініп алды көпір қару-жарақ.

— Иә, Әли, бұ дүниядан кеттің, — деді,
Өлетұғын сапарға жеттің, — деді.
Менім атым, білмесең — Мәлікте хан,
1770 Мені ойламай ағамды неттің, — деді.

Салардың ұшырдың ба жанын, — деді,
Елімнің кетірдің бе сәнін, — деді.
Бұ дүниеда болса да жеті мың жан[ың],
Ағамның алашақпын қанын, — деді.

Бұлайша Мәлікте хан айғай салды,
Ақырып тақсыр ерге жетіп барды.
Ашуланып бұ сөзге хазірет Әли,
Көтеріп бір қолымен жұлып алды.

1780 Нағылып жан шыдасын Әли ерге,
Өзі Арыслан, баһадүр, абзал Шерге.
Бір қолымен әрлі-берлі айналдырып,
Көтеріп Мәліктені ұрды жерге.

Жерге ұрып, аяқ-қолын байлап берді,
Мәліктедей баһадүр, сабаз ерді.
Алпыс кісі сахаба жетіп келіп,
Алдына Пайғамбардың алып келді.

Апарып бір шұқырға салды тежеп,
Қуанды көп сахаба бойды безеп.
Ағасы Мәліктенің — батыр Хақан,
1790 Шығатұғын майданға келді кезек.

Мынау қиын көрінді тамам жанға,
Екі ләшкер бәрісі қалды таңға.
«Әкел, — деп, — қаруымды» айғай салды,
Інісін шыдай алмай байлағанға.

«Салармын бүгін қайғы бастарына,
Мына араб кедейдің ләшкеріне».
Тамам жұрт таң-тамаша қылды мұны,
Хақанның келді Зарқұм қастарына.

Тамаша батыр Хақан жұртын жиды,
1800 Қасына сәркарданнан алды биді.
Атына сегіз қабат қалқан алып,
Үстіне жеті мың батпан сауыт киді.

Тегмә сауыт һәммасы жарқылдаған,
Жаудан қорқып көңілі тартылмаған.
Шашағы дулығаның жасыл жауһар,
Тамам сауыт-саймандары алтындаған.

Хақаннан таңғажайып естіңіз сөз,
Ұрыстан қайтар емес қайраты тез.
Басы күмбез ақ үйдей көрінеді,
1810 Қолында найзасы бар екі жүз кез.

Мың батпан қолындағы күрзі таяқ,
Бір керік тау секілді мінді саяқ.
Екі иінінің арасы елу кезден,
Пішіні сол заманда тажалдай-ақ.

Жиырма бірін қылыштың байлап алды,
Хақанды көрген кісі таңға қалды.
Жетпіс батпан киімді ерге салды,
Қасына Арысланның жетіп барды.

Таудай болып майданға келді бастап,
1820 «Әлиді өлтірем, — деп, — жерге шаншып».
«Иә, Тәңірі, Әлиге қуат бер» деп,
Көрген соң зар жылады тұрған асхаб.

— Сенбісің, — деп сөйледі, — Әли батыр? —
Мені ойламай талайды қылдың ғапыл.
Менім атым, біліп ал, Хақан палуан,
Иә, батыр, өлер шағың келе жатыр.

Көптен бері майданда жүрдің, — деді,
Қисапсыз ләшкерімді қырдың, — деді.
Мұнараның басынан тамаша айлап,
1830 Әуелде көзім салмай тұрдым, — деді.

Сен өлтірдің ағамның басын кесіп,
Інімді Мәліктедей қылдың нешік?!
Қылған ісің ғаламнан асып кетті,
Бүгін мен шықтым саған жыным түсіп.

Көрсеттің қамал бұзған шерлігіңді,
Бұзбадың еліңменен бірлігіңді.
Есіме алмай сені тұрамын деп,
Бүгін мен көріп қалдым ерлігіңді.

Қызыл қан енді болар қасың, — деді,
1840 Қоятын кезек келді жасың, — деді.
Ақымақ, аға-інімді не айладың сен,
Ұшар сенің, мен келдім, басың, — деді.

— Сен, Хақан, ойласаңшы сақтануды,
Ініңнің артын ойлап сақтануды.
Көрсетіп бұрын батыр өнеріңді,
Сонан соң айтшы маған мақтануды.

— Иә, Әли, саламын көз саған, — деді,
Мені сен ойладың ба, надан, — деді.
Не сынды ерлік қылдың өзің, — деді,
1850 Баян қыл, хал-жайыңды маған, — деді.

— Менім өзім — құрайыш, нәсілім — араб,
Талай майдан шығамын қуат байлап.
Хишам боп көпірлерге салдым һәлак,
Арыслан деп ат қойды Құдай қалап.

Жіберді осы сөзге Әли ерді,
Құдайдың Арысланы кемеңгерді.
Кәманд шынжыр құрды білдірместен,
Үстіне тақсыр ердің тастай берді.

1860 Хақанның тастағанын көрді бәрі,
Екі әскер екі жақта баршалары.
Жетпіс батпан кәманд шынжыр тордың
Оралып ортасында қалды Әли.

Әлидің қарап тұрды көзі жайнап,
Хақан да айбаттанды қатты айғайлап.
Тағы да жеті жібек арқан тастап,
Орап-орап сыртынан алды байлап.

1870 Тірі жан бүйткен жоқ сол күнінде,
Ұрыс қып жауды қырып жүргенінде.
Аяқ-қол қимылдауға шама жоқ боп,
Жаранып тұрды қарап Дүлдүлінде.

Күшейді елі көпір мына жақтан,
Мұсылмандар, Әлисіз боп енді сақтан.
Шынжыр тор, темір арқан жарымынан,
Әлиді орап ала тартты Хақан.

Осындай қылды айла тақсыр ерге,
Қамал бұзған баһадүр кемеңгерге.
Салмағын ашуланып салып еді,
Дүлдүлі бөксесінен кірді жерге.
Һеш адам жандарына бара алмады,
1880 Бір көрген қайтып көзін сала алмады.

Мұхаммед — Тәңір досы, хақ Пайғамбар,
Оларға һәм кең дүния көрінді тар.

Бұларды көріп барша сахабалар
Деп айтты: «ойбай, Хайдар, ойбай, Хайдар».

Адасып кетті ақыл өздерінен,
Қуат кетті айтарлық сөздерінен.
Әбубәкір, Омар мен молда Осман
Қызыл қан жас ағызды көздерінен.

1890 Сөйтіп жылап тұрды бір Құдайға,
«Әлиге бере көр, — деп, — өзің айла».
Баруға рұқсат жоқ боп Пайғамбардан,
Жылаумен тұрысты көріп жанға.

Зар жылап баршалары тұрды қатты,
Мынау іс асхабтарға жаман батты.
Қылышын қынабынан суырып ала,
Мұхаммед-Ханафия қойды атты.

1900 Мұхаммедтің келгенін көрді Қайсар,
Әкесіне келгенін білді Қайсар.
«Батыр, сені оларға жібермеймін!» деп,
Ақырып айбаттанып тұрды Қайсар.

Хақандай мықты сабаз дүнианы алған,
Талай жүрген жеріне қырғын салған.
Ат үстінде табандап шіренісіп,
Шыққан жоқ әлі тордан Шаһимардан.

Кәпірлер тұр мақтанып көңілі тасып,
Асхабтар тұр зар жылап қайғы басып.
Ішінде бұ шынжырдың тақсыр Әли,
Тулады бір уақытта қайраты асып.

1910 Ашуланып тулады Әли Хайдар,
Құдадан жәрдем естіп палуан жар.
Құданың рақымымен сол уақытта
Оралған шынжыр торлар болды дал-дал.

Ғажайып жұрт айтатын сөздей болды,
Кең дүния жұрт қысылып көрдей болды.
Шынжыр тор, темір арқан тақсыр ерге
Шіріген, жерде жатқан бөздей болды.

Қуанып қайсар ердің көңілі тасты,
Кәпірлер мұны көрген қайғы басты.
«Мұнан басқа қыларың қалды ма» деп,
1920 Хақанға айбаттанып қарсыласты.

Тамаша қылды көрген Әли ерді,
Қамал бұзған, жұрттан асқан кемеңгерді.
Ақырып айбаттанып тұрғанында
Жолдасы Сәдуақас жетіп келді.

— Аман-есен шықтың ба, Әли? — деді,
Қалай болды кәпірдің зары, — деді.
Оралып сен шынжырда қалғаныңда,
Қысылды асхабтардың бәрі, — деді.

Зар жылап, көрген халық жаман састы,
1930 Ағызып көздерінен қанды жасты.
Жәрдем бере ер Мұхаммед ұмтылғанда,
Кәпірден Қайсар шығып қарсыласты.

Бұ сөзбен атын Әли бұрып алды,
Мұхаммед пен Қайсарға көзін салды.
— Иә, балам, ләшкерлерге барыңыз, — деп,
Қасына баласының жетіп барды.

— Балам, бұ жолда бұрын жүргенің жоқ,
Мұндай үлкен соғысты көргенің жоқ.
Сабырсыздық қыласың, иә, шырағым,
1940 Бабаңның хал-жайын білгенің жоқ.

Күнбатыс, күншығысқа барған бабаң,
Шаһар бұзып, ойранды салған бабаң.
Неше Хақан, Қайсардай палуанды
Жүріп жалғыз жолдассыз алған бабаң.

Талай мұндай шынжырды үзген бабаң,
Бұ ғаламды жолдассыз кезген бабаң.
Балам, мұнан қиынды көргенің жоқ,
Адам бұзбас дегенді бұзған бабаң.

1950 Хақандай жау батырлар келді талай,
Олар да айла қылған олай-бұлай.
Сабырлықпен ақырын күткенімді,
Миясар жары қылған Жаппар Құдай.

Мұны естіп Мұхаммед қайтып кетті,
Көзіне атасының қуаныш етті.
— Аяма, көрсетші, — деп, — өнеріңді
Қасына ер Хақанның келіп жетті.

— Хақан, сен көрдің бе ер мен секілді?
Сені деймін тажалмен тең секілді.
Мен қарап келбетіңе болдым қайран,
1960 Ғаламда болар ма жан сен секілді.

— Рас, Әли, екенсің ер, — деп айтты,
Адамзаттан болғансыз ер, — деп айтты.
Тамаша етсең Зарқұмды көр кел-дағы,
Сонан соң қайтып маған кел, — деп айтты.

Ағам Зарқұм болғанда, Хақан ермін,
Ұрыста өз халқыма жаққан ермін.
Арасын жер мен көктің дал-дал етіп,
Ғаламда жан шыдатпай жыққан ермін.

1970 Мен сөйлесем өлерсің бекер қатып,
Қаларсың қара жерге қазір батып.
Неше расиа малайды аспанға атып,
Жібердім жер мен көкті жарқыратып.

Сені айдап маған ажал келді созып,
Ашулансам кетеді күшім қозып.
Неше-неше патшаның шаһарын бұзып,
Алмадай ғып алғанмын басын үзіп.

- Бәрін айтсам, жанымда тұра алмассың,
Қаһарлансам бетімді көре алмассың.
Әгарда ерлігімді баян қылсам,
1980 Үстінде бұ атыңның жүре алмассың.
- Қыласың мақтаншылық, надан Хақан,
Күн ілгері көп сөйлеме, жаман Хақан.
Рас сен осыларды қылған болсаң,
Аяма, көрсете көр маған, Хақан.
- Осы сөзге ер Хақан ашу қылды,
Тосуға сөз таба алмай Әли ерді.
Керігіне қамшы басып, қаһарланып,
Екі жүз кез найзаны сала берді.
- Осындай болды душар ер кісімен,
1990 Адамзаттан болған Шер кісімен.
Бұ Хақанның найзасын хазірет Әли
Шаныштырмай, қағып қалды күрзісімен.
- Күрзісі тақсыр ердің тиді күшті,
Күрзі тиген бұ найза аспанға ұшты.
Жүгіртіп Әли Арыслан салды найза,
Хақанның ұруымен сынып түсті.
- Қараңыз таң-тамаша ұрыстарын,
Кез болған бір-біріне тұрыстарын.
Екі найза екеуі сындырған соң,
2000 Суырып қолына алды қылыштарын.
- Бірі олай, бірі былай қағысты енді,
Ұруға айла қылып бағысты енді.
Көтерген қолдарында қылыштарын
Ақырып бір-бірін шабысты енді.
- Әли ұрғаш, батыр Хақан тітіреп кетті,
Қалқаны жарылуға жақын жетті.
Астындағы керігінің белі үзіліп,
Қылышының салмағымен өліп кетті.

Аты өліп, батыр Хақан өлмей шықты,
2010 Арыслан бір ұрғанда жерге тықты.
«Мұны мініп, иә, батыр, ұрысыңыз» деп,
Және бір керік келтірді онан мықты.

Бір керік мінді үлкен онан гөрі,
Дал болды екеуінің жүрген жері.
Екісі қылыштарын көтеріп алып,
Ұмтылды шаппақ болып бірін-бірі.

Көтеріп келді семсер Хақан бастап,
«Өлиді өлтірем, — деп, — жерге жаныштап».
Шабайын деп ұмтылып келгенінде
2020 Жалаңаш қолымен алды ұстап.

Жүзі Әли қолында, сабы Хақанда,
Көріп ақыл қалмады тұрған жанда.
Екісі бір қылышқа тартысқанда,
Үзіліп ортасынан кетті сонда.

Қуаты тақсыр ердің палуандай еркін,
«Сонда да жеңем», — деді көпір шіркін.
Үзіп алған алмасты ләшкерге атып,
Хақанның зұлпықармен шапты керігін.

Аты өліп, өзі жаяу болды Хақан,
2030 Көрініп Қап тауындай тұрды Хақан.
Бұрынғы керігінен ұлығырақ
Және бір керікті берген мінді Хақан.

Хақан кетті қара боп қайраттанып,
Ұрыспай жан тұрған жоқ жайға аттанып.
Қолына жүз жетпіс кез алмас алып,
Көтеріп келді әлгі айбаттанып.

Барабар Әли түгі қара тасқа,
Жүріп түсірген жоқ осы жаста.
Жібі жанған оттың лебіндей боп,
2040 Тақсырды батыр Хақан салды басқа.

Бұлардың қосылған жоқ ынтымағы,
Өзір бірдей шығып тұр аруағы.
Құдайым бұ алмастан сақтаған соң,
Хақанды зұлпықармен шапты тағы.

Осындай шапты тақсыр қаһарланып,
Ішіне қайрат толып оттай жанып.
Темір болат қалқанды Әли шапқан,
Зардабынан жығылды жерге барып.

Япырым-ай, бұ не деген адамзат,
2050 Һәр түрлі қырық жазылды хат.
Сонда да батыр Хақан өлмей қалды,
Отыз піл, он керік, осы күн өлді жүз ат.

Хақанға келді жаман қайрат толып,
Аты өлгенге барады көңілі солып.
Және бір керікке мініп, ер Әлиге
Келді, көзі керігінің күндей болып.

Хақанға қарсы Әли жетіп барды,
Шабайын деп алмаспен ашуланды.
Шаптырмай бұ алмасты хазірет Әли,
2060 Қолынан бұ көпірдің тартып алды.

Әли де ашуланды жаман қатты,
Тартып алған алмасын ләшкерге атты.
Жіберген бұ алмастың тиюіменен
Көпірден жетпіс кісі өліп жатты.

Екеуі бір-біріне қаһарланған,
Бұларды көрген халық есінен танған.
Кеш болып күн батқан соң, қайтып келді
Қасына Пайғамбардың Шәһимардан.

Мұхаммед — Алла досты, Пайғамбары,
2070 Дұғада болып тұрды асхаблары.
Таң атқаш Құдаға зар жылады,
«Хақанды жеңбейім» деп хазірет Әли.

Таң атқаш, фатиха алды Пайғамбардан,
Қол жайып және дұға алды асхабтардан.
Келіп майдан жеріне Дүлдүлімен,
«Хақан» деп айғай салды Шаһимардан.

Оянып ұйқысынан тұрды Хақан,
Ер Әлидің даусын білді Хақан.
Көрініп Қап тауындай айбатпенен,
2080 Шығып көпір елінен келді Хақан.

Бұлттай болды жауар Хақан палуан,
Һәр түрлі айбаттанды алуан-алуан.
—Бірі аман қалар ма бүгін менен,
Бар болса бір дүнияңда жеті мың жан.

—Мақтанба әзір, Хақан, соңға қара,
Қылармын, иншалла, пара-пара.
Осы сөзің өзіңе тұсау болар,
Ғинаят ойласа, әгар, Хақ Тағала.

Мұны айтқаш Хақан батыр ашуланды,
2090 Жүрегі оттай жанып күйіп-жанды.
Салмағы күрзісінің мың батпанды,
Көтеріп ерінен қолына алды.

Арыслан қалқан ұстап тұрды жайға,
Сиынып өзі жалғыз бір Құдайға.
«Өзің жәрдем бермесең, падишаһым,
Хақанға қыламын, — деп, — нешік айла».

Ұруға келді Хақан қаһарланып,
Түкіріп екі қолға күшін жанып.
Ұрдырмай бұ күрзіні хазірет Әли,
2100 Көпірден лақтырды тартып алып.

Бұған да болды қайран жұрттың бөрі,
Бір мұсылман, бір көпір әскерлері.
Қылышын самсам деген суырып алды,
Хақанды шабайын деп хазірет Әли.

Бұлар жүр дамыл алмай ұрыспенен,
Не болар бекер қарап тұрыспенен.
Басына ер Хақанның хазірет Әли
Ақырып шапты сонда қылышпенен.

2110 Шаң болды екі ердің жүрген жері,
Құданың Әли Арыслан сүйген ері.
Болмады сонда дағы ешбір қатер,
Қылышпенен шабысты бірін-бірі.

Ұрысып кетті екеуі қарсыласып,
Ұмтылып бір-біріне қайраты асып.
Ұрысқан екі ердің зардабынан,
Қараңғы болды дүния шаңдақ басып.

Хақанмен салды ұрыс Әли Хайдар,
Кең дүния шаңдақ басып, көрінді тар.
Қалып шаң ортасында екі әскер,
2120 Білмеді не қыларын тұрған жандар.

Шаңнан қараңғы болды, күн — кеш,
Олардай болсаң, палуан, майданға түс.
Жарық дүния қараңғы тұман болды,
Екі ердің не болғанын білмеді уа неш.

Қараңғы шаң мен тұман күн шағында,
Мұсылман жан қияды дін жағында.
Екі ерден құп етіп екі ләшкер,
Шам жағып қарап тұрды түн шағында.

Ақырады анда-санда Әли батыр,
2130 — Иә, Хақан, мықты бол, — деп, — болма ғапыл.
О дағы күркіреді күн секілді,
Естіген есі кетіп бара жатыр.

Екеуі салды ұрыс алуан-алуан,
Кез болды екі топтан екі палуан.
Шаңыменен тұман болып жердің жүзі,
Екі әскер екі жақта болды қайран.

- Екі ердің ұрыс болды жиын-тойы,
Жеңген жоқ, бірін-бірі жеңуге ойы.
Осы күн кеш болып, ақшам болып,
2140 Ұрысып шықты екеуі түні бойы.
- Ұрысып мықты екеуі әлі тынбай,
Өзер жүр бір-бірінің белі сынбай.
Екісі минут тыныштық дамыл алмай,
Соғысты әл үстінде жеті күндей.
- Ұрыстың көрсетіп жүр ағасынан,
Құтылып бір-бірінің табасынан.
Қарулардан неш айла болмаған соң,
Ұстасты екі батыр жағасынан.
- Ұстасып бірін-бірі тұрды қатты,
2150 Құдай күшті қылды осындай адамзатты.
Екі ердің жағаласқан зардабынан,
Тізеден керік, Дүлдүл жерге батты.
- Екеуі жағаласып ұрыс қылды,
Бек жаман бір-біріне қаһарланды.
Астындағы аттары қандар сиіп,
Бауырлап қара жерді жата қалды.
- Дірілдеп тұрды аттар жата қала,
Адамды күшті қылды Хақ Тағала.
«Ал, енді күрестік» деп екі батыр,
2160 Ұстаса тұра келді айқай сала.
- Бұ дүния тағы жаман шаңға толды,
Оны естіген, көрген көңілі солды.
Арасын жер мен көктің шаңдақ қылды,
Ой жерлер қыр, қырлар ойлар болды.
- Ұласты күреспенен күні-күнге,
Тау мен тастар сипаты болды шөңке.
Қараңғы шаң мен тұман күн көрінбей,
Мына күн айналады келер түнге.

- Иә, Әли, сөз айтамын сізге, — деді,
2170 Ұрыстан түк болмады бізге, — деді.
Арасы жер мен көктің шаңдақ болып,
Топырақ кіріп барды көзге, — деді.

Жеті күн жүрдік атта ұрыс салып,
Екі күн һәм күрестік қаһарланып.
Әгар болса рұқсат, тақсыр, сізден,
Тамақтанып келейін бүгін барып.

- Жалынып сөз сөйлейді Хақан батыр,
«Екеуіміз біраз қарап тұралық тек».
Ішінен хазірет Әли қайғыланып,
2180 Барады құрт аурудан меңдеген адамдай боп.

— Иә, Хақан, рұқсат жоқ саған, — деді,
Әлі ұрыс біткен жоқ тамам, — деді.
Екеуіміз осы халден айырылмайық,
Есіттірме бөтен сөзді маған, — деді.

Маған ешкім бұлайша айтқан емес,
Қамын ойлап үйіне қайтқан емес.
Бұрынғы сақыпқыран осындайда,
Олар, сірә, іс бітпей бүйткен емес.

- Кеткен жоқ оның дұшпан қолдарынан,
2190 Күшінің сасқан емес молдарынан.
Сұрама ижазатты, батыр Хақан,
Бабамның айырылмаймын жолдарынан.

Хақанды жібермеді хазірет Әли,
Жамиғ жер толыпты қарулары.
Аспаннан қатты жаңбыр жауып сонда,
Екі ерді көрді халық, жұрттың бөрі.

- Екі әскер қимылдап тұр дүния толып,
Кеткен жоқ екі жақтың көңілі ауып.
Ой жерлер қыр, қыр жерлер ойлар болып,
2200 Қалыпты жердің жүзі дал-дал болып.

Биік жер болған екен қара жолдай,
Бұ дүния дал болды оң мен солдай.
Екі ердің күресімен жүрген жағы,
Болып қалған секілді қазған ордай.

Барады дамыл көрмей бір шыбын жан,
Ағызып ашумен көзінен қан.
Бірін-бірі үйіріп алуан-алуан,
Бұларды көрген халық болды қайран.

2210 Ағады ашуланса қанды жастар,
Өлі жоқ онда тыныштық, жеген астар.
Кез болып сілтегенге тиіп кетсе,
Құмдай болып кетеді қара тастар.

Бірін-бірі ақырып сілтегенде,
Қарайды кейбіреуі көзін салып.
Тұрады мұны көрген таңдар қатып,
Кетеді бөксесінен жерге батып.

2220 Бұларға көрген халық қайран қалды,
Екі әскер тамаша ғып көзін салды.
Ұғылы ер Мұхаммед-Ханафия,
Қасына тақсыр ердің жетіп барды.

— Бабам, сен Шер Құда болдың, — деді.
Талайды бұрын жерге ұрдың, — деді,
Халайық «жеңбеді» деп аузына алды,
Шыдамай күйгенімнен келдім, — деді.

Ұрыстың тоғыз күндей ұдайына,
Жаһанда не жан келмеді жанайыңа.
Иә, ата, енді ұрысты маған беріп,
Тамаша етіп тұрыңыз өз жайыңа.

2230 — Шыдамсыз, сабырсыз жаман, — деді,
Ойын ойнап жүрген жоқ бабаң, — деді.
Кейін қайт әскерлерге, иә, Мұхаммед,
Бабаңа намыстансаң, балам, — деді.

Есітіп ер Мұхаммед қайтып кетті,
Сөзіне атасының қуаныш етті.
Үш жүз алпыс алты тамырдан күші қайнап,
Түгі тұтам киімнен тесіп өтті.

Халайық екі жақтан тұрды қарай,
Бөріне жоқ болар деп дүния сарай.
«Аяма барлығыңды осы жолы,
2240 Иә, Хақан, жан сақтарың екіталай».

Қарасып тұрды көпір дүния толып,
Кімінің есі кетіп, көңілі солып.
Күркіреп, күңдірентіп батыр Хақан,
Кетті-ау айбаттанып таудай болып.

Салмақпен батты Хақан орта белден,
Құтылмас келді ашу кемеңгерден.
«Иә, Ханнан, иә, Маннан» деп хазірет Әли,
Көтеріп алды тақсыр қара жерден.

Келмейді, сірә, ешкім қастарына,
2250 Көзінің қаһар төгіп жастарына.
Таудай болған бойыменен ер Хақанды
Көтеріп, айналдырды бастарына.

Күн көзі көлеңкеден көрінбейді,
Арыслан күшін аяп ерінбейді.
Ақырып айналдырған екпінімен,
Суылдап жердің жүзі дірілдейді.

Сонда жұрт болды қайран Әли ерге,
Қамал бұзған баһадүр кемеңгерге.
Тоғыз қабат жоғары айналдырып,
2260 Хақанды таудай қылып ұрды жерге.

Хақаннан кетті ерлік, күш баяғы,
Баяғы ерлік кетіп ер сияғы.
Қара жер қалтылдады салмағынан,
Созылды мұнарадай екі аяғы.

«Болар ма, — деп, — қайтып бұрынғы жай»,
Суылдап көріп көпір салды ойбай.
Үстінде ер Хақанның хазірет Әли,
Көрінді тау басында лашындай.

2270 Қуанды дін мұсылман «иә, Құдайлап»,
Жығылғаш батыр Хақан жерге барып.
Жүз кісі асхабтардан жетіп келіп,
Шынжырлап қол-аяғын алды байлап.

Болар ма өтім мұндай асхабтарға,
Хақандай кім шаттанбас діні қарға.
Аяқ-қолын байлаған бойыменен,
Өңгертіп алып келді Пайғамбарға.

Хақ Пайғамбарға келгеннен соң,
Қолына алып келді бергеннен соң,
«Мұны байлап шұңқырға сал» деп айтты,
2280 Кескінін таңғажайып көргеннен соң.

Әлидің қайраты асты тамам жаннан,
Бұ ерге қуат берді Құдайымнан.
Хақанды байлаған соң шаттанысып,
Сахаба айқай салды қуанғаннан.

Бұ күлкіге қаранып көрді Зарқұм,
Хақанның байланғанын білді Зарқұм.
Әмір Әли алып ұрып байлағанда,
Жаман қатты күйініш қылды Зарқұм.

Хошсыз боп патша Зарқұм жаман састы,
2290 Адасып ақылынан, құты қашты.
«Қайран сабаз баһадүр Хақаным» деп,
Жиылып елі, халқы зар жыласты.

Жылап Зарқұм: — Кетті енді әлім, — деді,
Сен едің бұ ғаламда мәлім, — деді.
Мынау Хақан қарағым, ерім, — деді,
Дүниямнан енді шықты жаным, — деді.

Барабар енді кім бар жауға тығын,
Хақан кетті, біздерге болды шығын.
Сақтап тұрған ер еді осы, — деді,
2300 Бұзылар енді менім патшалығым.

Қамал бұзған бұ Хақан шерім, — деді,
Біздерге болған енді керім, — деді.
Әли бірлән барабар болатұғын,
Аман бол, кетті Хақан ерім, — деді.

Барғанмен кім пар болар Әли ерге?!
Қамал бұзған баһадүр кемеңгерге.
Бұ сөзді айтты дағы зар-зар жылап,
Бетін қоя жығылды қара жерге.

Әли Арыслан Дүлдүлге алды мініп,
2310 Жаратқан бір Құдайға шүкір қылып.
Қуанып көңілінен қайраты асып,
Сөйлейді ләшкерлерге қарсы келіп.

Келіп сөз сөйлейді айқай салып,
Тамам барша қуатын жиып алып.
— Иә, Зарқұм, дін қабылдасаң келді кезек,
Қалады өзге халқың қайда барып.

Тілімді ал, ислам дініне кіргіл, — деді,
Шын айтамын, тұғры жолға ергіл, — деді.
Құдай жалғыз, Құран шын, Пайғамбар хақ,
2320 Бір Алланың бірлігін білгіл, — деді.

Мен бұрын жол шашқанмын талай күйге,
Ажалды дүния салды бекер-текке.
Әгарда мұны қабыл көрмесеңдер,
Кел, — деді хазірет, — маған жекпе-жекке.

Қылған жоқ енді тақсыр жаудан қауіп,
Темір сауыт, тағы тұр қалқан жауып.
Астына пілден үлкен керік мініп,
Хақан сынды бір көпір келді шауып.

Қылғандай ашуланса тауды талқан,
2330 Белінде белбеуі бар шынжыр арқан.
Қолында мың бір жүз батпан күрзісі бар,
Тоғыз қабат иінінде жапқан қалқан.

Құтылатын кісі емес жұрттың жаны,
Төгілетін кез болды адам қаны.
Талай ердің алмадай басын үзген,
Өзі еді палуанның палуаны.

— Білемін бөлек сенің затың, — деді,
Қолыңда алған палуан хатың, — деді.
Арыслан тамашалап сұрады жауап:
2340 — Баян қыл, кім болады атың? — деді.

— Атым-дүр Мәлікте хан менім, — деді,
Төгермін келген соң қаның, — деді.
Мен — Хақаннан кем емен өзім, — деді,
Сен дәли палуан болып шықтың, — деді.

Сен дәли палуан болып шықтың, — деді,
Талайларды жерлерге тықтың, — деді.
Онан бетер қылармын сені, — деді,
Саған келер ұрыстың күні, — деді.
Хақанды айламенен жыққан болсаң,
2350 Мені де айламенен алсаңшы сен, — деді.

Бұлайша тақсыр Әли тұрды тежеп,
Басына қалқан ұстап бойын безеп.
«Армансыз, Мәлікте хан, қимылда» деп,
Әуелі бұ көпірге берді кезек.

Мұны айтып тұрды тақсыр қалқан алып,
Көтеріп Мәлікте хан қалды салып.
Көзінен қан аралас жасы ағып,
Жылады Пайғамбарға шауып барып.

— Кезекті Мәліктеге бердім, — деді,
2360 Бекіп қалқан ұстап тұрдым, — деді.

Дұға қыл, иә, Пайғамбар, менім үшін,
Есім кетіп әлсіреп келдім, — деді.

Жаңадан дұға қылды хақ Пайғамбар:
— Құдадан медет тіле, палуан жар.
Жеңерсің, иншалла, бұ көпірді,
Жанына Мәліктенің барғыл, Хайдар.

Бұ жерге таң болып тұрды жиылған жан,
Алар деп үміт етіп көпір хайуан.
— Бар еді кезек деген уағдамыз,
2370 Ұрайын сен тұр, Мәлікте хан.

Сөз айтып, осылайша келді бастап,
Көпірді кетейін [деп] жерге жаныштап.
Бекітіп үзеңгіге екі аяғын,
Басына тұрды көпір қалқан ұстап.

Көтеріп зұлпықарын алды Әли,
Қасына қаһарланып барды Әли.
Ақырып айбаттанып «иә, Ханнан» деп,
Сыртынан қалқанының салды Әли.

Зұлпықар басын жарып өтті сонда,
2380 Атқан жайдың оғындай өтті сонда.
Құданың құдіретімен таңғажайып,
Кесерге көк өгізді жетті сонда.

Әлидің қылышы батты қара жерге,
Дүнияда кім шыдаған тақсыр ерге.
«Көк өгізді және кеспесін, тез ұста» деп,
Бір Алла бұйрық қылды Жәбірейілге.

Сонда хазірет Жәбірейіл жетіп барды,
Құданың құдіретіне таңға қалды.
«Мұнан былай баратын уақыт жоқ» деп,
2390 Басынан зұлпықардың ұстай алды.

Қуаты сол бір жерде көрінді артық,
Іс қылсын мұнан артық енді қайтіп.
Мәлікте хан ашумен білмей қалды,
Ер Әли зұлпықарын алды тартып.

Сонда тақсыр Арыслан суырып алды,
Алғанын өз күшіне таңға қалды.
— Табики, маған шапқан бұ қылыштың,
Не қылды ұрғанымен, — деп айтып салды.

— Келді өлім мақтансаң да бұ шағыңа,
2400 Таң болдым, көпір, сенің аруағыңа.
Көресің көресінді, Мәлікте хан,
Әуелі қимылдасаң жан-жағыңа.

Шапты ғой мықтап тақсыр ұрғандай боп,
Тұрмады ғой хал-жайын сұрағандай боп.
«Қане» деп, Мәлікте хан қозғалғанда,
Атымен екі айырыла құлады қорғандай боп.

Сахаба да көтеріп аттанды енді,
Айқайлап баршалары шаттанды енді.
— Надансың түк білмеген, көпірлер, — деп,
2410 Қуанып тақсыр Әли мақтанды енді.

— Бар болсаң маған, көпір, келгіл, — деді,
Жолым хақ, шын айтамын ергіл, — деді.
Әгар да тіл алмасаң, шірікін, иттер,
Мәлікте шаһыңа ұқсап тұрғыл, — деді.

Шыдамай бұ сөзге көпір надан,
Баруға жүре алмай болды жаман.
Әлидің айбатына есі кетіп,
Шыға алмады майданға жалғыз адам.

Әлидің шыдамады шаһарына,
2420 Елінің қайғы түсті бір-біріне.
Шыға алмады жекпе-жекке жалғыз адам,
Ирақтың қайтып кірді шаһарына.

Шаһарға жұмла қашып барды сонда,
Кілтін қорғандардың салды сонда.
Ашық қорған бекітіп қақпаларын,
Берік қылып байласып алды сонда.

Ошал күн жаман қатты күйді Зарқұм,
Шын жұмсап, бойы балқып еді Зарқұм.
Үйіне кірісімен жұрттың бөріні
2430 Шақырып, өз қасына жиды Зарқұм.

— Мен бүгін көрдім халқымның кеңін, тарын,
Құлақ сал, тыңла, халқым, мұның бөріні.
Бұ қалай қиын-қыстау болды заман,
Не айла бұған табар, жақсыларым?!

Нағылып енді дүния жақтағаймыз,
Қалайша, қайтіп, — деді, — жақтағаймыз?
Өзіңіздің ойларыңша ойла, халқым,
Не ақыл бірлө жұртты сақтағаймыз?

Қылатын бар ма айла күн батқан соң?
2440 Ұйықтап амал болмас жай жатқан соң.
Өзі табар бойынан кісі айла,
Қалайша соғысармыз таң атқан соң?!

Бұ қайғысын Зарқұмның көрді бөрі,
Бұ іске қатты жылап тұрды бөрі.
Ешбірі ұрысуға айла таппай,
Жаман қатты жыласып тұрды бөрі.

— Бұ дұшпан келіп бізге болды қатыл,
Боламыз діннен безсек оған сақыл.
Жамағаттың көтеріп басын Зарқұм,
2450 — Ұрысқа таптыңыз ба, — деді-ау, — ақыл?

Қысылдым бүгін, халқым, айтар сөзден,
Мен болдым екі жұрттан үміт үзген.
Әуелі ер Жанәбіл кетті бізден,
Сонда-ақ үміт үзгенмін ұғыл-қыздан.

Жанәбіл кетті бізден дінді қалап,
Шақырды жекпе-жекке оны балап.
Махәбіл бірлө Қыртас, Хашам, Хаман,
Ол ердің күрзісінен болды һәлак.

2460 Жанәбілден Сұхрабым қалды өліп,
Ол ердің ұрғанымен һәлак болып.
Екі жұрт қаптап кетіп ұрыс болып,
Тастады әскерімді қойдай қырып.

Біз көрдік сол сағатта Әли ерді,
Өзі — артық палуан, кемеңгер-ді.
Қисапсыз ләшкерімен зәңгілерді,
Оларға орын қылды қара жерді.

2470 Қызыл қан сахараға жүрді батып,
Екі жұрт қан ішінде шалпылдатып.
Неше жүз мың ерлерім сонда өлді,
Жіберді Мұхым пілді аспанға атып.

Ұрыс тарқап жекпе-жекке болды Салар,
Әлимен қарсы ұрыс қылды Салар.
Ұрысып екі күндей найзаласып,
Қолында ошал ердің өлді Салар.
Өздерің көзің көрді, халқым, — деді,
Жібермей-ақ бір сағатта байлап алды.

2480 Онан соң барды Хақан қастарына,
Әлидің қайғы салып бастарына.
Тоғыз күндей ұрысып алуан-алуан,
Оны һәм байлап берді әскеріне.

Сонан соң кетті менім сәнім, — деді,
Осылай тыңла, жұртым менім, — деді.
Қайран Хақан баһадүр кеткеннен соң,
Дүниямнан шықты менім жаным, — деді.

Тағы да Мәлікте хан барды оны көріп,
Әлимен қарбаласты қарсы тұрып.

Өздерің көзің көрді, халқым, — деді,
Тастады атыменен екі бөліп.

2490 Мен талайға салып ем заманақыр,
Бүгін мен есім кетіп болдым пақыр.
Дүниядан дүнияға қалмайды екен,
Өзіме өз қылғаным келе жатыр.

Талай жанды орнынан көшіріп едім,
Кең дүнианы тарлыққа түсіріп едім.
Адамды мұндай қылып табанымда,
Пері, дәуді қор қылып ұшырып едім.

Бұ дүния енді бізден өтті, — деді,
Өз қылғаным айналып жетті, — деді.
Аман бол, хош қалыңдар, қайран жұртым,
2500 Бұзылып патшалығым кетті, — деді.

Біздерге орын болды қара жерлер,
Маған серік жөнелді жаһангерлер.
Солардың баршалары дүния салды,
Әлиді ойға алмаған қайран ерлер.
Есітіп барша халық көп жыласты,
Қамын өз басының жеп жыласты.

— Қиын іс, халқым, маған болды, — деді,
Жүрегім қызыл қанға толды, — деді.
Әгар да тыңласаңдар көп ұнатып,
2510 Бір ақыл жаңа маған келді, — деді.

Мұнан басқа қылар іс аз, — деп айтты,
Қызыл қан болды дария саз, — деп айтты.
Осы түннің ішінде жұрт жиылып,
Жабылып бір терең ор қаз, — деп айтты.

Түзетіп қойсын түнде бетін жауып,
Әлиге білдірместей айла тауып.
Шақырса біреу барып бір жағынан,
Ғапыл боп келер, — деді, — қарсы шауып.

- Өлиге жан пар болмас дүнияда, — [деп],
2520 Балқыды қорғасындай жиылған көп.
— Кетпесе сонда жығылып бұ құдыққа,
Онан басқа қылатын айламыз жоқ.

Отырды үйге бөрі жиылысып,
Қарасып бір-біріне қиылысып.
Ұзындығы жүз, ені екі жүз кез,
Кәпірлер құдық қазды жиылысып.

- Жыласып тұрды кәпір һәр ауылдар,
Жері Ирақ патша бір бауырлар.
Екі жұрт бір-бірінен қорыққанынан,
2530 Неше мың қойды араға қарауылдар.

Шүкірлік қылды Хаққа хазірет Әли,
Кәпірдің таусылды деп палуандары.
Намаз бамдат имам боп оқып алып,
Дұғаға қол көтерді Пайғамбары.

Ертерек күн шықпастан тұрды кәпір,
Бір айласын ішінде қылды кәпір.
Қағып тұс-тұс жақтан барабанды,
Жеріне ұрыс қылар келді кәпір.

- Бір палуан шықты Хишам айқай салып,
2540 Ұзын семсер, күрзіні қолға алып.
— Иә, Әли, мықты болсаң, кел бері, — деп,
Жанында қазған ордың тұрды барып.

Естіді үшбу сөзді Әли батыр,
Қауіпсіз еш нәрседен болып ғапыл.
Хишамды самсамменен салайын деп,
Жүгіртіп Дүлдүлменен келе жатыр.

- Хишам да қаһарланды мұнан қашпай,
Қорқып тақсыр Әлиден тағы саспай.
Алдыңғы қазған орды Дүлдүл біліп,
2550 Жүгерге тұрды аяғын қадам баспай.

Сонда Әли Дүлдүліне ашуланды,
«Аядың ба жүруге бүгін жанды».
Көтеріп қамшысын бауырына,
Арыслан басыңқырап салып қалды.

Секіріп сонда Дүлдүл көкке ұшты,
Әлиден қамшы тиді жаман күшті.
Бөксесінен қара жерге ойылып кетіп,
Арыслан сыпырылып жерге түсті.

2560 Кәпірдің айласы асты тамам жаннан,
Әлидей жұрт айырылды серкесінен.
Ат қойды самсап тұрған Ирақ жұрты,
Бұларды көргеннен соң қуанғаннан.

Мұны көрген халайық жылады зар,
Жаны дос ақыреттік сахабалар.
Адасып ақылынан тұрған жандар
Деп айтты «Ойбай, Хайдар! Ойбай, Хайдар!»

2570 Адасты ақылынан асхабтары,
Жығылып қалғаннан соң тақсыр Әли.
Қабынан қылышын суырып ала,
Тақсырдың шапты өңкей балалары.

Зарқұм айтты: — Шүкірлік, мұны көрдік,
Осындай болар ма деп айла қылдық.
Шығармай таспен атып өлтіріп бақ,
Өгар шықса құдықтан күлкі болдық.

Шыға алмас енді, — деді, — Әли батыр,
Өлімнің өлетұғын болар ақыр.
Қуанып көңілдері қатты тасып,
Жүгіртіп қаптап кетті жүз мың кәпір.

2580 Бәрісі қаптап кетті күркіресіп,
Екпіні қарлы жаңбыр, желдей есіп.
Он сегіз Әли ұғылы салды соғыс,
«Атамыз әлдеқандай болды» десіп.

Кәпірлер бір-біріне бәрі таяу,
Хал келсе, ниеті жоқ Әлиді аяу.
Қолына һәрқайсысы тастар алып,
Жүгіріп аттарынан түсе жаяу.

Әли ұғылы мұны көріп жаман састы,
Төгісіп ашуымен қанды жасты.
Тақсырдың тамам ұғылы жаяу болып,
2590 Жаяу жүрген кәпірге араласты.

Бірі іні, бірі үмітті ағасынан,
Бәрі де асқан мұсылман бағасынан.
Әлидің осы он сегіз балалары
Қашырды кәпірді ордың жағасынан.

Ұрысы Әли ұғылының болды қатты,
Көп адам кәпірлерден өліп жатты.
Ирақ мұны көріп жүз отыз мың,
«Мынау қайтіп барады» деп қойды-ау атты.

Кәпірлер қаптап кетті дүнияны алып,
2600 Оларменен жүр Әли ұғылы ұрыс салып.
Жанәбіл шыдамастан Пайғамбарға
«Біздер һәм ұрысалық» деп айтты барып.

Бұ сөзді қабыл көрді хақ Пайғамбар,
Жанәбіл айтқаннан соң сүйікті жар.
Бәрісі «иә, Аллалап» жар шақырып,
Бірі қалмай ат қойды сахабалар.

Қарсы алдында Пайғамбар мен Әбубәкір,
Ту ұстап ер Акаша келе жатыр.
Шаһ Зарқұм падишаның бұйрығымен,
2610 Жүгіртіп келді қаптап жүз мың кәпір.

Тағы да ұрыс болды дүния толып,
Жер айырылып, шаң шықты тұман болып.
Аянбай жаман қатты салды соғыс,
Баһадүр көп батырлар қалды-ау өліп.

Қызыл шалқар көлдей қырғын болды,
Кейі өліп, кейбірінің көңілі солды.
Ат аяғы өлген жаннан басылмады,
Өліктерге шұқырлар тағы толды.

Әлидің дін мұсылман қамын жеді,
2620 Қысылғанда керектік тақсыр еді.
Жетіп келіп хақ Пайғамбар өз қасына,
— Иә, балам, хал-жайың қалай? — деді.

— Жаным бар, жатыр, — деді, — Тәңірі сақтап,
Кете ме деп қаупім бар жерге таптап.
Басқа сөз тыңлатарға аял бермей,
Кәпірдің көп әскері кетті қаптап.

Олардың кім таңданбас данасына,
Түспегін кәпірлердің табасына.
«Өзім бір кәпірлермен ұрысайын» деп,
2630 Пайғамбар айтты он сегіз баласына.

Суырып тақсыр қамқам алды қолға,
Өзі ұрыс қылуға осы жолға.
«Балалар, өз басыңа берік бол» деп,
Сипады қылышын оң мен солға.

Бұлайша ақ Пайғамбар ұрыс салды,
Салғаннан ағызды қызыл қанды.
Жүгіртіп астындағы атыменен,
Қамқамның оңы тез астына алды.

Қызыл қан, қызыл топырақ жез боп кетті,
2640 Кәпірлер — қой, Пайғамбар шер боп кетті.
Қырылған ләшкерлердің қызыл қаны
Тасыған таудан бұлақ, көл боп жетті.

Ұрысы тақсыр ердің болды ғайып,
Өлімге келген кәпір қалды байып.
Қарап Зарқұм падишаһ мұнарадан,
Бұған һәм болды қайран таңғажайып.

Екі ләшкер жан аямай ұрыс қылды,
Қырғып палуан мен батыр шерді.
Кіші ұғылы Зарқұмның батыр Қайсар,
2650 Отыз лек садақшымен келді-ау енді.

Бұрын келген жоқ еді Қайсар батыр,
Жанында жібек тудың алтын шатыр.
Артында отыз лек садақшымен,
Жүгіртіп қарсы алдында келе жатыр.

Қайсардың аруағы артық көрі-жастан,
Өзі палуан, баһадүр қуаты асқан.
Әли түскен шұқырға келе жатыр,
Алдыңғы асхабтарға еленбестен.

Өзі палуан — батырдың даналары,
2660 Бұлардың өзір дұшпан аралары.
Жүгіртіп қарсы алдында келгенінде,
Таниды тақсыр ердің балалары.

Қайсардың артық боп тұр аруағы,
Тағы бірдей шығады өзір жағы.
Белде қылыш һәм садақ бар жарағы,
Секіріп келді көкке арғымағы.

Сахаба мұны көрген жаман састы,
Ақырып бір-біріне қайраты асты.
Мұса риза Әли ұғылы бетіне қалқан салып,
2670 Барып Қайсар палуанмен қарсыласты.

Ақырып келді Мұса айқай салып,
Ұмтылды бір-біріне қаһарланып.
Садақтың оғыменен атып еді,
Жығылды батыр Қайсар жерге барып.

Өзін аман сақтады Хақ Тағала,
Аты өліп, жаяу боп тұрды және.
Атайын деп Мұсаға қарсы шапты,
Бос атын жетектегі мініп ала.

Сонда Қайсар садақпен атып кетті,
2680 Бір қаһар қатты жаман батып кетті.
Мұсаның астындағы аттан өтіп,
Оқ барып қара жерге батып кетті.

Аты өліп, Мұса батыр жаяу қалды,
Қолына бір-бірінің күрзі алды.
Бірі жаяу, бірісі атты болып,
Екісі таңғажайып ұрыс салды.

Аты өліп, жаяу қалды Мұса батыр,
Кәпірге салушы еді заманақыр.
Екісі қатты ұрысып жүргенінде,
2690 Бұларға ер Жанәбіл келе жатыр.

Кез келді інісімен жекпе-жекке,
Ұрыспай қарап тұру оларға еп пе.
Екісі Қайсар менен ұрысқанда,
Қалқандай тас ұшады аспан-көкке.

Оны батыр сабаздың барулары,
Бір-бірінен қуатты алулары.
Жанәбіл сауыты болды пара-пара,
Ұрыстан дал-дал болып қарулары.

Со күнде кәпір Қайсар өзі күшті,
2700 Қиындық көрсетіп тұр һәрбір істе.
Қылышпен Жанәбілді шапқан шақта,
Басы тақсыр сабаздың жерге түсті.

Ұрып Қайсар қылышын төкті қанын,
Бұ жаһанның қисапсыз палуанын.
Шаһид болып Жанәбіл дүния салды,
Ұжмаққа дахил қылды әзиз жанын.

Кез келді өзі күшті діні қарға,
Кәпірге көңлі жаман, пейілі тарға.
Жанәбілді өлтіріп көңілі тасып,
2710 Ұмтылды атасынан айырылған балаларға.

— Өзімді өзім бүгін ер қылайын,
Шатыр орнын сіздерге жер қылайын.
Жібермей ешбіріңді хал-халыңа,
Жанәбілмен бөріңді бір қылайын.

Бұлайша келді Қайсар көңілі тасып,
«Бөріңді кетермін, — деп, — жерге басып».
Ашуланып кәпірге Хасен ғазы,
Алдынан шықты оның қарсыласып.

О да көрді Хасендей замандасын,
2720 Қызыл қанға бояуға мұның қасын.
Жүгіртіп ер Қайсарды шапқанында,
Астында керігінің кесті басын.

Қылышын Хасен ғазы қалды салып,
Кетті қылыш қалқанын қабат жарып.
Астындағы керігі өліп, өзі есен,
Құлады атыменен жерге барып.

Жығылды мойны үзіліп арғымағы,
Аты өліп және [қалды] Қайсар тағы.
Өзінің сол құлаған бойыменен,
2730 Хасен атын қылышпен шапты тағы.

Аты өліп, жаяу қалды екі батыр,
Салар ер бір-біріне заманақыр.
Екісі қылыштарын суырып алып,
Жүгіріп ақырысып келе жатыр.

Сынап күшін алған жоқ ағаласып,
Өлі кәпір кеткен жоқ табаласып.
Ұстасып бірін-бірі қылыштарын,
Шаптырмай тұрды екеуі жағаласып.

Көз көрген қайран болды төре-қара,
2740 Ұрысып тұрғанына екеу ара.
Бұларды көрісімен жолдастары,
Жүгірді аттарынан түсе сала.

Хасенді ұстайды «иә, Құдайлап»,
Халайық таң қалысып тамашалап.
Біреу аяқ, бірі қолдан алып,
Жабылып құр белдікпен алды байлап.

Кетіп көпір барады қайраты асып,
«Хасенді байладық» деп көңлі тасып.
Ер Әлидің он жеті балалары
2750 Жүгіртіп келді атына қамшы басып.

Ағасының үстіне келді сонда,
Келіп қатты бір соғыс қылды сонда.
О жақтан барша көпір қаһарланып,
Бұларға күрзі-найза ұрды сонда.

Бұлардың қуатының асты бөрі,
Аққан қан шалқар көлдей тасытты бөрі.
Осы он жеті жігіттің зарпыменен,
Шыдамай көпірлердің қашты бөрі.

Сонда Қайсар ләшкерге ашуланды,
2760 «Неге қаштың, тоқта!» деп айқай салды.
Ақырып, тоқтамаған жолдастарын
Жауған қардай садақтың астына алды.

Бұлардың көрді бөрі салтанатын,
Шығарған жоқ ұрысқа жаманатын.
Оқтарын садақ, мылтық бірдей атып,
Өлтірді Әли ұғылының мінген атын.

Көпірдің шошымас заттарынан,
Санаған оны есепсіз хаттарынан.
Осы он жеті жүрген жігіттерге,
2770 Жаяу түсе жабылды аттарынан.

Жауыменен жаяу жүріп ұрыс салды,
Аққан қан шалқар көлдей дүния алды.
Көпірлер қырылса да көптігімен
Жібермей Әли ұғылын байлап алды.

Қараңғы болды тамам жердің жүзі,
Көрінбей кетті тағы күннің көзі.
Мұхаммед-Ханафия көпірлерге,
Ұрысып ұстатпады өзін-өзі.

2780 Дейді-ау Қайсар: — Бұл ерге тимеңіз еш,
Сақтанып өз-өзінді қамыңды жес.
Мұны қойып өзгеге жабылыңыз,
Ала алмаспыз, айналып күн болар кеш.

Мұны айтып Мұхаммедті мықтады әскер,
Бірін-бірі шөптей таптады әскер.
Жіберіп өз жайына тақсыр ерді,
Алдыңғы асхабтарға қаптады әскер.

Көрсетті батыр Қайсар салтанатын,
Ұрыстан шығармай жүр жаманатын.
Бұрынғы Рүстемдей көтеріліп,
2790 Секіртіп өрлі-берлі мінген атын.

Жанәбіл қайран сабаз кетті-ау өтіп,
Жылады оны естіген есі кетіп.
Сол ойнатқан керігін бойыменен,
Жүгіртіп Пайғамбарға келді жетіп.

Жүгірткен бойымен жетіп барды,
Келіп тақсыр Расулға ұрыс салды.
Қолында қамқамымен тақсыр Расул,
Басына ер Қайсардың салып қалды.

2800 Қылыш қалқан жағынан тиді қатты,
Аты барып жығылды омақаса.
Қайсарды қара жерден көтеріп алып,
Жіберді хақ Пайғамбар аспанға аса.

Сонда Қайсар аспанға ұшып барды,
«Енді мен өлдім ғой» деп қайғыланды.
Келгенде бері қайтып хақ Пайғамбар,
Түсірмей қара жерге қағып алды.

— Көріндің кеше ерің тулағандай,
Өзінді-өзің көтердің бұлағандай.
Әгар да ұрсам, — деді, — қара жерге,
2810 Боларсың бұ жаһаннан тумағандай.

Шариғат жолға жақсы [нәпсі] тыйған,
Талай сендей ер өтті жұртты жиған.
Тілімді алып менім сен, батыр Қайсар,
Құданың бірлігіне келтір иман.

— Сөзіңіз құп көрінді дайын маған,
Кісі едім мен пендеден тайынбаған.
Хақтығын дініңіздің көміл білдім,
Иманыңның үйрете көр жайын маған.

Мұны айтса, енді Қайсар алғаны бақ,
2820 Пайғамбар дұға қылса болғаны жақ.
Расулдың үйретуімен келтірді иман:
«Құдай жалғыз, Құран шын, досты Хақ».

Ислам дінге Қайсарды кіргізді енді,
Бір Алланың бірлігін білгізді енді.
Дұға қылып, ықыласына разы болып,
Пайғамбар бір арғымақ мінгізді енді.

Жаңадан дін тапқызды Хақ Тағала,
Және жақын Расулға болды бала.
«Кәпірлер, тіл алмасаң, мінеки» деп,
2830 Жөнелді өз жұртымен соғыс сала.

Мұхаммед-Ханафия болды жаяу,
Ұрысып кәпірлермен жүрді жаяу.
Сол ұрысқан орынның бойыменен,
Хазірет Пайғамбарға келді жаяу.

— Нағашы, Тәңірі досты, бабам, — деді,
Болар ма бүгін ат маған? — деді.
Жапа-жалғыз құтылдым жаяу қашып,
Кәпірде кетті інім мен ағам, — деді.

Пайғамбар берді бір ат баласына,
2840 Олардың кім таңданбас данасына.
Бата алып Пайғамбардан ер Мұхаммед,
Кәпірдің қайта кірді арасына.

Жөнелді арғымаққа мініп алып,
Кәпірге жүзін тұтып қаһарланып.
Қайсармен екісі тізе қосып,
Әскердің ішінде жүр ұрыс салып.

Ұрыстан шаң боп кетті дүния боқ,
Батырлар қайраты асқан қуаты көп.
Әлиді шығаруға аял бермей,
2850 Ұрысып жүр, әлі қырғын басылған жоқ.

Жүсіптей Әли жатыр қайғыланып,
«Құдайым, сақтай көр» деп бек зарланып.
Құдыққа тас атқанда бір періште
Тұрады тидіrmестен қағып алып.

Зарланып тақсыр Әли жатушы еді,
Жылауға көңілі қамлы батушы еді.
Кәпірлер тас атқанда бір періште
Атқан тасты қайтарып атушы еді.

Ұрысты екі ләшкер жұрттың бөрі,
2860 Қырылды есеп сансыз ләшкерлері.
Ошал құдық түбінде жатқан шақта
Құдайға зар жылады хазірет Әли.

Үстінде жүйрік Дүлдүл мінбеген соң,
Амалсызда не қыларын білмеген соң.
«Өңім бе, бұ жатқаным түсім бе» деп,
Жылайды жер жүзінде жүрмеген соң.

Әлидің сол шұқырда жатты-ау өзі,
Толады қанды жасқа екі көзі.
Ошал құдық түбінде жатқан шақта,
2870 Жылап тақсыр ердің айтқан сөзі.

«Иләһи, — деді, — Тәңірім Хақ Тағала,
Тілеймін құдіретіңнен мен бейшара.
Бұ шұқыр су секілді болды маған,
Әуеде болған орын падишаға.

Иләһым, иә, Иләһым, падишаһым,
Ғаламда падишаһым сен, сен панаһым.
Бұ қайғыны салдың маған бұ жасымда,
Үміт қылсам көремісің жүз мың ақым.

2880 Тілеймін сен, падишаһым, рахматыңнан,
Жамиғ сипатыңның құрметіңнен.
Жараттың Ғаршы Күрсі, Лаух-Қалам,
Ғаламға он сегіз мың тиді панаң.
Талай біздей жылады жүз мың адам,
Бәріне жәрдем бердің, Тәңірі Тағалам.

Иләһи, Зұлжалал рахматыңнан,
Жамиғ сипатыңның һәм затыңнан.
Хазірет төрт мұқарраб періштең,
Саламат құтқар, Алла, құрметіңмен.

2890 Атамыз Адам, Ыдырыс, Нұх пайғамбар,
Олардан жәрдем іздеп, жылаймын зар.
Бабамыз Ибраһым мен Ысмайыл,
Хақ үшін құтқар мені, Паруардигар.

Хазірет Ысқақ, Салых һәм Айуб нәби,
Мұхаммед пайғамбар — Хақ досты, Хабибі.
Сүлеймен, Дәуіт, Шұғайыб, Шиш пайғамбар,
Олардың құрметіне құтқар мені.

2900 Лұқпан хәкім, Даниал және Ескендір,
Бұлардың құрметіне тілеуді бер.
Қызыр менен Ілияс, тақсыр ерлер,
Құдайдан тілеңіздер, байланды шер.

Иә, Мұса, Жахия, Иса бабам, — деді,
Қиын іс болды маған жаман, — деді.

Олардың құрметіне құтқар, Алла,
Қапы боп кетті менім шамам, — деді.

Өзімнің тақсыр бабам, хақ Пайғамбар,
Кең дүния бүгін маған көрінді тар.
Әбубәкір, Омар, Осман ағаларым,
Шапағат қылсайшы», — деп жылады зар.

2910 «Мұхаммед хақ Пайғамбар, тыңла жарын,
Пайғамбардың көрсет, Алла, ақ дидарын.
Шапағат мен ғаріпке қыла көр», — деп,
Зарының көңіліндегі айтты бәрін.

«Тіріде салдым қырғын көрген жанға,
Мен бүгін есім кетіп қалдым таңға.
Болам, — деп, — әлдеқандай, — зар жылады,
Әли деп атап едің бұ жаһанға».

Бұлайша тақсыр Әли жылады көп,
«Саламат құтқар, Алла, Құдайым, — деп.
Ирақтың не болғанын көзім көрмей,
2920 Өтем бе, — деп жылады, — арманда боп».

Періште қасындағы сөз айтады,
Әлиге кешіктірмей тез айтады:
«Жылама, бұ шұқырдан шығарсыңыз,
Дұғаңыз қабыл болар» деп айтады.

Зар қылып жылап жатыр көңілі жасып,
«Кәпірлер кете ме, — деп, — жерге басып».
Әлиді шығаруға аял бермей,
Екі жұрт соғысып тұр араласып.

2930 Қырып жүрер кәпірлерді дал-дал етіп,
Жылады өңкей кәпір есі кетіп.
Мұсылман қойдай қырып сол бір жерде,
Пайғамбар ортасына келді жетіп.

Ой жерлер қыр, қыр жерлер ойдай болды,
Бұ ұрыс бір-біріне тойдай болды.
Қаны дария көпірдің судай ағып,
Ләшкерлер бөлек-бөлек қойдай болды.

Пайғамбар жетіп келіп: — Әли, — деді,
Саламат жатырмысың, дәли, — деді.
Тірімісің, шығаршы дауысыңды,
2940 Қысылды жолдасыңның бәрі, — деді.

Хал-жайың қалай, — деді, — жан қарағым?
Әли палуан, сүйікті шам-шырағым.
Есенбісің, саламат жатырмысың?
Шығаршы дауысыңды, арғымағым.

Ұрыс-майдан жерінде, алуаным,
Саламат бар ма, балам, жалғыз жаның?
Шырағым, нешік болды халің? — деді,
Сақшпықан Рүстемдей палуаным.

— Жатырмын, тақсыр бабам, сау-саламат,
2950 Есен бе жаныңдағы көп жамағат?
Аман-есен шықтың ба, бабам? — деді,
Қыла көр бейшараңа бір шапағат.

Қиын болды Ирақтың алған жері,
Көңілге ғаріптің толды шері.
— Өңім бе келгенің, түсім бе, баба?
Бола гөр осы дерттің дәругері.

Әлидің түскен жері жоқтан ғайып,
Әуелі білмей Дүлдүл кетті тайып.
Созып тақсыр Пайғамбар екі қолын,
2960 Жіберді бұ шұқырға сәлде жайып.

Пайғамбар барша жаннан болған артық,
Жаралған әуелден-ақ нұрмен балқып.
Ішінен бұ шұқырдың сәлдесімен
Саламат ер Әлиді алды тартып.

Әлидің қалған екен көңілі жасып,
Аман шықты саламат судай тасып.
Бірінің табандарына табан қойып,
Пайғамбармен көрісті құшақтасып.

2970 Әбубәкір, Омар мен келді Осман,
Бірін-бірі көрген соң зар жыласқан.
Оларменен көрісіп кезек-кезек,
Амандасып жылады Әли Арыслан.

Амандасты асхабтың бөріменен,
Сүйікті бөрі жолдас-жарыменен.
Баласы ер Мұхаммед-Ханафия
Амандасып жылады Әлименен.

Бір-бірлеп амандасты асхабтары,
Пайғамбардың сүйікті жолдастары.
Көзіне көрінбеді жалғызы да,
2980 Сұрады балаларын хазірет Әли.

Әлидің ұғылын сұрап шықты сөзі,
Және Жанәбілді көрмей екі көзі.
Еш адам Арысланға жауап бермей,
Бұзылғандай боп кетті жердің жүзі.

— Жанәбіл палуан қаны болды, — деді,
Мына Қайсар сабаздан өлді, — деді.
Қиындық бүгін біздің басымызға,
Иә, Әли, бір машақат келді, — деді.

Шыдамай тұрды бөрі көңлін тия,
2990 Ішіне барша қайғы алды жия.
«Кәпірлер байлап алды ағамды» деп,
Жауап берді Мұхаммед-Ханафия.

Айтты сонда Мұхаммед тілін жанып,
Олардың байлағанын айтты салып.
Күркіреп ауадағы күн секілді,
Бұзылып кетті Әли қайғыланып.

Жұлдыздай ауадағы қалтырасты,
Зар жыласып біріне-бірі қарасты.
Қырылғаннан қалған сахабалар,
3000 Жаңа шыққан өлеңдей қалтырасты.

Бір түс берді асхабқа жалғыз Алла,
Қиындық күн болды осы жолда.
Шама жоқ ұрысатын сахабада,
Жарадан қозғала алмай тұрды сонда.

Бұ соғыс сахабаға жаман батты,
Қиын іс және түсі болды қатты.
Отырып іші күйіп хазірет Әли,
Ол күн ұрыс салмастан жылап жатты.

Тірі қалған асхабтың жарасы көп,
3010 Кәпірдің көптігінен дүния боқ.
Бәрісі қимылдамай жатты сонда,
Атқа мініп шығатын шамасы жоқ.

Қиын іс болды осындай, адамзат,
Жарадан қозғалмай көп жамағат.
Таң атып күн шыққан соң, бас көтеріп,
Оқыды жиылысып намаз бамдат.

Өзі бас имам болды хақ Пайғамбар,
Кең дүния кәпірлерге көрінді тар.
Лажсыз, амалсыздан қайран болып,
3020 Қаруын киді қалған сахабалар.

Япырым-ай, неткен кәпір дүнияны алған,
Ажалсыз, Құдай сақтап өлмей қалған.
Осы түн баласы үшін мың түндей боп,
Жылап шықты зарланып Шәһимардан.

Пайғамбар өзі бас боп жүрді сонда,
Жүріп майдан жеріне келді сонда.
Мұсылманның тағы атқа мінгендерін,
О жақтан барша кәпір көрді сонда.

- 3030 «Қараңыз, — деді, — ұрысқа жарағанын,
Алармыз бүгінгі күн қалғандарын».
Бұларды көзі көріп патша Зарқұм,
«Аттан» деп қақты ұрыстың барабанын.

Бұлайша бұйрық қылды Зарқұм батыр:
— Бүгінгі күн салыңыз заманақыр.
Жеріне көптігінен шаңға толып,
Құмырсқадай жыбырлап келе жатыр.

- Көріп жан қалмады асхабтары,
Көңілге тоқ ішінде Пайғамбары.
Қолына зұлпықарын суырып алып,
3040 Ақырып жетіп келді хазірет Әли.

Дүлдүл мініп, секіртеп айбаттанды,
— Қырармын, пақырлатып келген жанды.
Иә, көпір, менім атым — ер Әли! — деп,
Тым-ақ жаман тебініп айқай салды.

Әли батыр — сабаздың кемеңгері,
Қаһары бүгін шықты аңы тері.
Билеуші Алла ағлам, патша Құдай,
Естіп тітіреді адам мен дию, пері.

- Әлидей дауыс шықты батырынан,
3050 Бөрі араб, дұшпан тарап жақынынан.
Ішінде жер мен көктің жан-жануар,
Олар да қатты адасты ақылынан.

Отырған елі, Зарқұм жаман састы,
«Әли тірі екен» деп қайғы басты.
«Енді нешік қылатын айла бар?» деп,
Жиылған көпірлердің құты қашты.

- Көпірлер, — деді, — маған бір айла сайладыңдар,
Ор қазып амал қылып байладыңдар.
Дәуірлеп бір күндей шіркін ер деп,
3060 Мені сен өлді ғой деп ойладыңдар.

Біліңдер, келді қайғы, бұ сөзімді,
Бұрмаспын тіпті саған нұр жүзімді.
Қылармын қатты қайғы бастарыңа,
Жібермес зұлпықарым жалғызыңды.

Осылай сөз сөйледі қаһар етіп,
Ашудан қайраттанып есі кетіп.
Масат болған пілдей ойнап тұрған шақта,
Хишам деген бір палуан келді жетіп.

3070 Әлиді артық жаратты Хақ Тағалам,
Ажалды дүния салды көп бейшара.
Қолындағы найзасын оңтайланып,
Жаншуға жетіп келді жүзіқара.

Жүзін тұтып көпірге бақты Әли,
Бір ұрыс және бұған тапты Әли.
Тигізбестен найзасын бұрынырақ,
Қолынан бұ Хишамның қақты Әли.

3080 Әли қылды һәр айла бағайын деп,
Бір қызық, көп мереке табайын деп.
Хишам және қылышын суырып алды,
Арыслан тақсыр ерді шабайын деп.

Шабайын деп ойлады Әли ерге,
Сақыпқыран жұрт асқан кемеңгерге.
Қылыш тұтқан қолымен қабат ұстап,
Хишамды айналдырып ұрды жерге.

Жерге ұрғаш кесті басын хазірет Әли,
Енді көпір қорқар деп палуандары.
Хишамның тағы өлгенін көргеннен соң,
Ойланды ат қоюға жұрттың бөрі.

3090 Кімі жүз, кімі мың, кімі топ-топ,
Ұмтылды бір кісіге осындай көп.
Бұлармен жалғыз жүріп ұрысқалы,
Қырылған көпірлердің қисабы жоқ.

Кәпірдің қылды қырғын һәр жеріне,
Бөрісі қайран болып жұрт еріне.
Бұларды көзі көріп шыдай алмай,
Бұйырды патша Зарқұм әскеріне.

— Осындай бар ма палуан қам жегендей,
Қырылды батырларым сөз дегендей.
Тағы жүз мың палуан барсадағы,
3100 Қырар, қоймас бөрісін «һай» дегендей.

Қиындық болды қайғы басыңызда,
Осындай бір іс келіп басыңызға.
Әлиді ортаға алып, атыңыз оқ,
Өздерің бір-бір жерге қашыңыз да.

Әскердің оқ атуға көңілі соқты,
Бұнан басқа қылатын айла жоқ-ты.
Зарқұмның бұйрығынша әскерлері
Әлиді ортаға ала атты оқты.

Бұ кәпір қаһарланып болды жардай,
3110 Көптігі ол да болса қара жердей.
Жиылып атты оқты ер Әлиге,
Аспаннан түсті оқтар жауған қардай.

Екпіні ер Әлидің жел секілді,
Әзір кәпір көптігі ел секілді.
Аузынан көбік ағып қаһарланып,
Масат болып тұрады піл секілді.

Білмеді дәнемені көңілі тасып,
Он жеті ұғылы үшін қайғы басып.
«Балалар әлде нешік болады?» деп,
3120 Һеш нәрсе байқамайды қайраты асып.

Тағы Зарқұм ләшкерге «бар» деп айтты,
— Жаяу қаптап байласып ал, — деп айтты.
Бөріңіз ортаға алып, палуандар,
Темір шынжыр бұғалық сал, — деп айтты.

Жөнелді сонда ләшкер алмақ болып,
Қасына палуан ердің бармақ болып.
Мұны естіп жиылып көмандаушы,
Келе жатыр шынжырды салмақ болып.

3130 Жетіп келді көпірдің палуандары,
Зарқұмның бұйрығымен мұның бөрі.
Бұларды көргеннен соң палуандары,
Ақырып көпірлерге нағыра салды.

Бұлайша тақсыр ердің қайраты асты,
Көпірлер сөзді есіткен жаман састы.
Әлидің қаһарына шыдай алмай,
Көмандты салмастан қайта қашты.

Ақырып, қаһарланып тұрды қатты,
Көрсетіп көпірлерге шын айбатты.
Ғеш адам жекпе-жекке келмеген соң,
3140 Жүгіртіп жалғыз өзі қойды атты.

Жүгіртіп Дүлдүлімен хазірет Әли,
Қысылды мұны көрген жас пен кәрі.
Көпірлер сол уақытта жетпіс бөлек,
Ашық боп һәрқайсысының аралары.

Әлидей кім шыдасын ерлеріңе,
Қамал бұзған баһадүр шерлеріңе.
Бұ тұрған жетпіс бөлек көпірлерді,
Ақырып қосты тақсыр бір-біріне.

Отыз мың һәр бөлек ерді сонда,
3150 Әлиге қарсыласып тұрды сонда.
Бөрісін қойдай айдап жалғыз өзі,
Қисапсыз көпірлерді қырды сонда.

Бір-ақ сап қылды Әли жетпіс сапты,
[Көпірден] Тәңірі берген артық бақты.
Адамның өліктері құмдай болып,
Қызыл қан сайларынан судай ақты.

Құдай артық Әлидің қылған өзін,
Кәпірге қаһар қылды айтқан сөзін.
Тақсырдың сілтегенде зұлпықары
3160 Кеседі кәпірлердің екі жүзін.

Осы артық қырғын қылып кеткендігі,
Кәпірлер қаны жерге жеткендігі.
Сақалдан салған тарлық қадірлі боп,
Барады зұлпықардың өткендігі.

Бұлайша тақсыр Әли қырды қатты,
Жүгіртіп Дүлдүлменен шапқылатты.
Тартқан пішеншінің жолындай боп,
Өліктер төбе-төбе болып жатты.

Ұзартады зұлпықарын бойын созып,
3170 Әлидің де қуаты кетті қызып.
Қызыл қан судай тасып сахарадан,
Дүлдүлі тізесінен жүрді жүзіп.

Бұлайша жүрді жалғыз қырғын салып,
«Нағылған күн» жұрт айтты қайран қалып.
Осы күн батқанша қырып-жойып,
Кеш болғаш, жатты тақсыр дамыл алып.

Таң атып, күн шығардай болды жарық,
Атына мінді Әли қаһарланып.
Барып майдан жерінде айқай салды,
3180 Есіткен жан-жануар қалды талып.

Есі кеткен халайық көп ойлады,
Қамын өз басының жеп ойлады.
«Япырым-ай, бұ не қаһар, бұ не дауыс,
Ысрапыл сорын ұрды ма» деп ойлады.

Адасты ақылынан көп жамағат,
«Құдай-а, құтқар, — деді, — сау-саламат.»
Кәпірлер, мұсылмандар, жан-жануар,
«Болды ма екен, — деп айтты, — шын қиямет?»

Ертелі үміт үзді кештерінен,
3190 Біреу түгіл, көбейген бестерінен.
Ұшқан құс, жүгірген аң дүниядағы
Адасып жылап тұрды естерінен.

Жер мен көк тітіреді мұның қасы,
Төгілді кейбірінің жеген асы.
Шақырды өз қасына патша Зарқұм,
Бар еді зәңгілердің падишасы.

— Тұрмаңыз, — деп, — жаным, қарап текке,
Біз мұндай душар болдық үлкен кепке.
Сіз секілді әскерде жан жоқ еді,
3200 Ұрысқа барсаң керек жекпе-жекке.

Бірде палуан, бірде залым қайраты тез,
Айтқан тыңлап хикаят есітіңіз сіз.
Көлденеңі көпірдің тау секілді,
Ұзындығы бойының екі жүз кез.

Зарқұмнан алды рұқсат зәңгі батыр,
«Дұшпанға саламын, — деп, — заманақыр».
Бұ иттің екі көзі оттай жанып,
Жүгіртіп ер Әлиге келе жатыр.

— Бүгін жекпе-жекке келдім саған,
3210 Боласың мен келген соң енді жаман.
Сонан соң қатты қырғын көрсетейін,
Атың кім, өз мәніңді айтшы маған?

«Атың кім?» деп бұлайша айтып салды,
Құдай мұндай жаратты түрлі жанды.
— Ағызған сендей иттен қызыл қанды,
Дүнияны алған ермін, — деп айбаттанды.

Атын айтты Арыслан тілін жанып,
Жамандар қалушы еді сонда танып.
Әлидің атын естіп осы зәңгі,
3220 Қаһарланып көрінді айбаттанып.

Таң қалды бір-бірінің заттарына,
Өзір көңілі келмейді шаттарына.
Екісі ашуланып қаһарланып,
Қамшы баса ұмтылды аттарына.

Жақсы сөз бір-біріне айтпады өзі,
Ұрыстың ұдайына келді өзі.
Йөжуж-Мажужды қамаған Ескендірдей,
Көрінбей кетті шаңнан жердің жүзі.

Халайық бірін-бірі кетті білмей,
3230 Шаң болып жердің жүзі, күн көрінбей.
Әли менен бұ зәңгі екі ердің
Болып кетті ұрысы жүз мың ердей.

Бұған да қалды қайран жұрттың бөрі,
Екі әскер екі жақта жас пен кәрі.
Осы батыр зәңгіменен дамыл алмай,
Жеті күндей ұрысты хазірет Әли.

Әлиге Зәңгі айтты: — Бұ не күнің? — [деді],
Ұрыстың алдық па екен кегін? — деді.
Тұман кеткіш келейін сізге, батыр,
3240 Болар ма екен рұқсат бүгін, — деді.

Өзір бұл қосылған жоқ ынтымаққа,
Қатты ұрыс қылып жүр сол уақытта.
— Ондай болса, иә, зәңгі, барыңыз, — деп,
Екісі қайтып кетті екі жаққа.

Таң атып, күн шыққан соң болды жарық,
Бұ жақтан хазірет Әли тұрды барып.
О жақтан көпір зәңгі қаһарланып,
Бұ жақтан хазірет Әли тұрды барып.

Бір залым кез келтірді Хақ Тағала,
3250 Діні жоқ, Хақтан безген жүзіқара.
Екісі қаһарланып соғысқаннан,
Болып қалды сауыттары пара-пара.

Кез келді зәңгі палуан жазуменен,
Аянбай ұрыс қылды күшінің барыменен.
Осы келген палуан, патша көпір,
Тағы екі күн найзаласты Әлименен.

Аянбай бір-бірімен ұрыс салды,
Халайық көзі көрген қайран қалды.
Ошал күн хазірет тақсыр Хайдар
3260 Суырды қынабынан зұлпықарды.

Шабайын деп ойлады Әли Хайдар,
— Иә, Зәңгі, келтір иман, палуан жар.
— Иә, Әли, қалқан ұстап бері кел, — деп,
Хабар салды алыстан хақ Пайғамбар.

Әли бетін бұрды енді қарайын деп,
Анық біліп айтқанын алайын деп.
Бұ зәңгі күші жанып қаһарланып,
Келеді екен күрзімен ұрайын деп.

Жаратты түрлі қылып адамзатты,
3270 Ер Әли бәрінің де дәмін татты.
Қалқан, есен-саламат қалды Әли,
Көтеріп күрзісімен ұрды қатты.

Аман-есен, саламат қалды Әли,
Көтеріп зұлпықарын алды Әли.
Зәңгінің де басында қалқаны бар,
«Иә, Алла» деп сыртынан салды Әли.

Салғанда зұлпықары кетті өтіп,
Жығылып қалды зәңгі жерге жетіп.
Жығылған салмағынан жер қозғалып,
3280 Талай қорған бұзылды дір-дір етіп.

Бағыры бар жүз сексен кез жау секілді,
Кесті ғой тақсыр Әли бау секілді.
Қара жерді қозғалтып осы зәңгі,
Құлады бір ұшып түскен тау секілді.

Мынау өліп, Зарқұмға және батты,
Қиындық күн бар ма мұнан қатты.
Бұ зәңгінің бар еді бір інісі,
Өзі палуан, бұ шіркін Қайсар атты.

3290 Ағасының өлгенін көрді Қайсар,
Өзіне келген кезекті білді Қайсар.
Қасына Арысланның қаһарланып,
Жүгіртіп ұрысуға келді Қайсар.

Сол келген бойыменен найза салды,
Ағасы үшін аямай ғаріп жанды.
Ер Әли зұлпықармен ұрғанында,
Тіл тартпай осы зәңгі өліп қалды.

Бек жаман қаһарланды хазірет Әли,
Кәпірдің шыға алмады палуандары.
Қосылып қорыққанынан бір-біріне,
3300 Адасты ақылынан жұрттың бөрі.

— Қимылда, болса күшің енді, Зарқұм,
Ұрыс қылар уақытыңыз келді, Зарқұм.
Ал сонда қаһарланып есі кетіп,
Ашуынан шыдамай тұрды Зарқұм.

— Кием, — деді, — қаруымды үйге барып,
Шығайын бұ майданға қырғын салып.
Бар екен қару салған бір сандығы,
Отыз палуан көтеріп келді алып.

Мұны көрген халайық жаман састы,
3310 Адасып ақылынан құты қашты.
Ашуланып жұмырықпен жалғыз ұрып,
Кілтсіз өзі Зарқұм аузын ашты.

Отырған патша Зарқұм, жұртын жиың,
Мұсылмандар, Құдайға енді сиын.
Басына отыз батпан төжін киіп,
Үстіне жеті мың батпан киді киім.

Үстіне киді киім қаһарменен,
Ашуланып күшінің барыменен.
Бар еді төрт батпан бір қылышы,
3320 Суарған айдаһардың заһарыменен.

Бар екен мұндай палуан адамзаттан,
Еш нәрсе тастамастан салтанаттан.
Мұнысын белбеуіне қыстырып алды,
Ауырлығы күрзісінің мың үш жүз батпан.

Бұ Зарқұм бұ дүнияны алған екен,
Дұшпанға қатты қырғын салған екен.
Бір керік алып келді Қап тауынан,
Тегі оның Ғад қауымнан қалған екен.

Ғадтың керігі деп еді аттың тегі,
3330 Таусылмас айта берсек оның кебі.
Ұзындығы екі жүз кез болғанда,
Жүз елу кез тағы бар биіктігі.

Көрген жан тамашаға келер еді,
Ақылынан адам сасып тұрар еді.
Бұ атты суарғанда шылбырына
Отыз палуан жабысып жүрер еді.

Бұ отыз — бөрі мықты палуан, палуан,
Аттан бөлек тағы да алуан-алуан.
Мұнан үлкен ғаламда мал жоқ сынды,
3340 Өзі еді малдарда бір зор хайуан.

Үстеріне отыз кісі бұғалық салушы еді,
Кімі алдын, кімі артын алушы еді.
Әгарда ашуланып тулағанда,
Кімінің қолы үзіліп қалушы еді.

Осындай бір керікке мінді бастап,
«Бұларды қайтайын, — деп, — жерге жаныштап».
Қарында бес жүз батпан найзасы бар,
Басына тоғыз қабат қалқан ұстап.

Осы атқа қаһарланып мінді Зарқұм,
3350 Қаһарменен бет қойып жүрді Зарқұм.
Үстінде қаруларын жарқылдатып,
Ұрыс майдан жеріне келді Зарқұм.

Тамаша қылды мұны сахабалар,
Тәуекелді Құдаға қылып олар.
«Мінеки, шаһ Зарқұм келеді» деп,
Барып хазірет Расулға берді хабар.

Әуелі тұрды Расул көзін салып,
Аты бірлән өзіне қайран қалып.
Пайғамбар: — Қаруымды ап кел, — деді,
3360 Зарқұммен ұрысайын өзім барып.

Қаруын алып келді сахабалар,
Кәпірменен күніге болғаш соғыс салар.
Бар еді бір Құдайдан келген киім,
Үстіне киіп алды хақ Пайғамбар.

Пайғамбар қалған емес жаудан қашып,
Мұны көріп сахаба кетті сасып.
Хақ Пайғамбар майданға келе жатыр,
Түр екен тақсыр Әли қарсыласып.

Бұ Зарқұм Пайғамбарға белгілі еді,
3370 Екісі екі жұрттың қамын жеді.
— Берейін енді бұған өзім жауап,
Иә, Әли, ләшкерлерге барғыл, — деді.

Пайғамбар ойламайды қашайын деп,
Көңілін кәпірлердің басайын деп.
Қараңғылық, ақаттық ұйқыларын,
Көздерін, Алла берсе, ашайын деп.

Мұны естіп қайтты Әли палуан жар,
Енді кәпір өлерлер пейілі тар.
Әлгі қарсы келген падишаның
3380 Қасына жетіп келді хақ Пайғамбар.

Сонда патша Зарқұм келді дейді,
Келіп Расул қасына тұрды дейді.
Деп айтты: — Иә, Мұхаммед, Әли ерің
Қисапсыз ләшкерімді қырды, — деді.

Ашуланып сонан соң келдім саған,
Қуатым, қатты қаһар келді саған.
Өшін бүгін алайын бөрісінің,
Қалар ма бұ тұрған жан менен аман?!

Хазірет Расул айтты:
— Білдің бе мені, Зарқұм, жеңеріңді,
3390 Сасқаныңнан білмейсің не деріңді.
Әгар болсаң өнерпаз жұрттың ері,
Барабар көрсетейін өнерімді.
Бұ Зарқұм ашуланды осы жолға,

Ұзын найза көтеріп алды қолға.
Расулдың қайраттанып бұ сөзіне,
Жүгіртіп найзасымен алды сонда.
Осылайша найзамен салды тежеп,

Қуаттанып қолына күшін безеп.
Салған найза Расулға тіпті батпай,
3400 Тақсырға шабысатұғын келді кезек.
Бұрын шанышқан Зарқұмда қалды найза,

Бұлай деп хақ Пайғамбар алды найза.
Кезек тақсыр Расулға келгеннен соң,
Жүгіртіп шаһ Зарқұмға салды найза.

Тамашаға қаратты көрі-жасты,
Ақылынан адасып қайғы басты.
Шаң қылып жер мен көктің араларын,
Жүгіртіп тақсыр Расул найзаласты.

Олардың өзі палуан, жаһани сал,
3410 Оларға керек емес дүнияда мал.

Екісі найзаласқан ұрысынан
Темір киім сауыттар болды дал-дал.

Халайық қайран қалды заттарынан,
Өлең қылдық жазылған хаттарынан.
Хазірет Пайғамбар мен патша Зарқұм,
Екісі түсе қалды аттарынан.

Түсе қалып қылышын алды сонда,
Алып қарсы Расулға барды сонда.
Шабайын деп келгенде хақ Пайғамбар
3420 Жалаңаш қолмен қағып қалды сонда.

Пайғамбарым қылышты қақты бастап,
Көпірді жүн қылуға жерге жаныштап.
Созып шапшаң бекітіп екі қолын,
Зарқұмның белбеуінен алды ұстап.

Көрген жан түрды бұған таңырқатып,
Өлімнің барша көпір дәмін татып.
Көтеріп алып шапшаң қара жерден,
Жіберді хақ Пайғамбар аспанға атып.

Мұндайды көріп пе еді Зарқұм батыр,
3430 Бұ жаста көрді түсін заманақыр.
Лақтырған Расулдың бойыменен,
Озып атқан оқтай бара жатыр.

Жіберіп еді тақсыр күші жайып,
Мұны алсам кетемін деп жолдан тайып.
Ұшып кеткен бойыменен патша Зарқұм,
Көрінбей көк бетінде болды ғайып.

Зарқұмның елі — Ирақ, түбі — араб,
Ұрысқа бәрін Құдай қойды қалап.
Көрінбей кеткен соң көк жүзінде,
3440 Екі жұрт екі жақтан тұрды қарап.

Шаһи Зарқұм падиша жұртына жай,
Адамы көп, бағынған елдері сай.
Қарасып көк бетінде көрмеген соң,
Түгел көпір шуылдап салды ойбай.

Сонда тұрып көпірлер көп жыласты,
Тауысып айлаларын жеп жыласты.
Болардай шаһи Зарқұм палуан қайда,
«Кетті, ойбай, қайтеміз» деп жыласты.

3450 Тамам жан көкті қарап тұрғанында,
Құтылмас ерегісіп тұрып жайда.
Жемейді ер болса ердің хақын,
Аспаннан бір бозторғай болды пайда.

Бозторғайдай көрінген бойыменен,
Біле ме ерегіспей ердің затын.
Екі жұрт екі жақтан тұрды бағып,
Төмендеп шаһи Зарқұм келді жақын.

3460 Түсірмей қара жерге хақ Пайғамбар,
«Қалар, — деп, — патша Зарқұм енді нағып»,
Құданың нән көңілінде барлығына,
Жіберген асықтарша алды қағып.

— Көпірлікпен қасарып кетті, — деді,
Кең дүния түспей тұрып тарлығына.
Мен қайран боп тұрамын сізге, Зарқұм,
Тәңірінің келтір иман барлығына.

Екеуміз ақыреттік дос болайық,
Артық палуан көрінесің көзге, Зарқұм.
Рас, — деді, — көзім иланды ақтығыңа,
Иман келтір, ұнарсыз бізге, Зарқұм.

3470 — Жіберіп қайтып қағып алғанына,
Сенің расул Пайғамбар нақтығыңа.
Құдай салды достықты, тақсыр, сізге,
Дін түзік Құданың жақтығына.

Қалмады шөк-күмөнім үшбу халде,
Енді қате болар деп үміт үзбе.
Бұ Зарқұмға осындай берді ғой бақ,
Иманның үйретіңіз жайын бізге.

Пайғамбар үйретумен келтірді иман,
Екі дүния абзалы болды ғой жақ.
Иман айтып бұ Зарқұм жылады көп:
3480 «Құдай жалғыз, Құран шын, достысы Хақ».

Иман айтып бұ Зарқұм жылады көп,
Бұрынғы ұрысқанға қайғы жеп.
— Қателіктен машақат салдым сізге,
Рақым қып үшбулерді кешіңіз, — деп.

— Қатесіз пенделер де қалмас, — деді,
Қалымнан жайын* ақыл алмас, — деді.
Әуелден жазған бұлай Хақ Тағала,
Жазудан ғайри нәрсе болмас, — деді.

Бұлайша айтып Пайғамбар төкті жасты,
3490 Зарқұм аяғына қойды басты.
Екісі ақыреттік досты болып,
Уағда айтып сол жерде құшақтасты.

Екі жұрт екі жақтан көрді бөрі,
Он сегіз мың абзалы ерді бөрі.
Атынан барша көпір жаяу түсіп,
«Төуекел, не хал» деп тұрды бөрі.

Сонда Расул шақырды асхабтарды,
Мұны көрген көпірлер анық аң-таң қалды.
Пайғамбар мен Зарқұмды құрмет етіп,
3500 Бас болып төрт шаһариар жаяу барды.

Бөрі жаяу Расулға қадам басты,
Әуелі бекер, білмей жамандасты.

* Түпнұсқада осылай жазылған.

Құрметтеп Зарқұмды төрт шаһариар,
Жаяу келген бойыменен амандасты.

Тұрып жаяу амандасты падишалар,
Нұры күндей балқыды хақ Пайғамбар.
Амандасып атақты сахабалар,
Хақан менен Мәлікте ханды әкелділер.

3510 Көрінді патша Зарқұм көздеріне,
Көн[ген ол] Пайғамбардың сөздеріне.
Бұларды көргеннен соң екі батыр,
«Иман үйрет» деп айтты өздеріне.

Бөрісі жақсы болды нәпсі тыйған,
Құдай үшін соғысқа жанын қиған.
Хазірет Пайғамбардың үйретуімен,
Екі батыр сол жерде келтірді иман.

3520 Сонда Зарқұм қайғымен аһ ұрды енді,
Жаңылып өлген үшін ақылдарынан.
«Әдеппен жаяулап келіңіз» деп,
Өзінің әскерлерін шақырды енді.

Халайық көрді бөрі баяуласып,
Біріне-бірі жақын жаяуласып.
Шақырған патша Зарқұм бұйрығымен,
Келді әскер басшы жаяуласып.

Әскерге сөз сөйледі келгеннен соң,
Келіп жаяу әдеппен тұрғаннан соң.
«Құданың бірлігіне келтір иман», — [деді]
Зарқұм Хақан, Қайсарды көргеннен соң.

3530 Иман айтты халайық жұрттың бөрі,
Расулдың айтқан сөзі болды дәрі.
Қырық екі лек қалған екен сол уақытта,
Падиша Зарқұм шаһи ләшкерлері.

Отыз лек, һәр легі білсең санап,
Баршасы Пайғамбарды тұрды жанап.
Қой секілді маңырап келтірді иман,
Мұсылман болды халық Құдай қалап.

Пайғамбар иман айтты баһарына,
«Енді Құданың кірмеңіз, — деп, — қаһарына».
Һәр түрлі салтанатпен патша Зарқұм,
3540 Жөнелді алып Ирақтың шаһарына.

Сонда тұрған халайық жылады көп,
Бөрісі ақыреттің қайғысын жеп.
Жасауыл Ираққа қайта шапты,
«Хақ Пайғамбар келеді, көріңіз» деп.

Дін тапты, безбек болды малдарынан,
Мал түгіл, есі кетті жандарынан.
Шаһарда ұрғашы-еркек, жұрттың бәрі,
Расулдың жылап шықты алдарынан.

Көрген соң аттан түсті хақ Пайғамбар,
3550 Жүзін көрген халайық жылады зар.
Кәлима шаһадатты жары қылып,
Иман айтты сол жерде тұрған жандар.

Келуге ғашық болды қастарына,
Көзінің бетін жуды жастарына.
Хақан, Зарқұм, Қайсар мен Мәлікте хан,
Пайғамбарды таққа салып көтерді бастарына.

Құрмет етті халайық Пайғамбарды,
Һәрбірісі көруге болды зары.
Көтерген бойларымен бастарына,
3560 Сарайына Зарқұмның алып келді.

Мың түрлі алтын сарай аузын ашты,
Расулдың көңілі қалқып, нұры тасты.
Алдынан жасауылдар қарсы шығып,
«Хош, сафа келдіңіз» деп жауһар пашты.

Алтын-күміс, жауһарлар толып қалды,
Бұ дәулет құс басына қонып қалды.
Дүр уа маржан, гауһар, інжу тастар
Көктен жауған жаңбырдай болып қалды.

3570 Кез келді бір дәулет құс бақытына,
Дінінің қуаныш қылды сахытына.
Пайғамбарды көтерген бойларымен,
Зарқұмның отырғызды тахытына.

Тұрысты Пайғамбарды ортаға алып,
Жібек кілем, масаты орын салып.
Алтын-күміс, гауһарлы күрсілерге
Төрт шаһариар тағы да мінді барып.

Жетпегенге күрсі келтірісті,
Ішіне бір сарайдың толтырысты.
Отыз мың ер сайын бір сарайға,
3580 Пайғамбар асхабтармен отырысты.

Ақылдың жаңа тапты даналарын,
Көңілінен келтірді таналарын.
Есен, сау-саламат Пайғамбарға
Әлидің алып келді балаларын.

Көрінді басқа олардың һәрбір заты,
Осылайша кітаптан жазған хаты.
Һәрқайсы сахабаның алтын күрсі,
Бөріне де тигерді алтын саты.

3590 Мұсылмандар оларға берді сабақ,
Бөрісі дінге кіргеш Құдай қалап.
Һәр түрлі палау басып, ас пісіріп,
Алдына тағам қойды табақ-табақ.

Зарқұм бас боп көрсетті қызметті,
Баяғы ұрысқаны ойдан кетті.
Дұшпан дос болғанға сахабалар,
«Құданың бір үлкен нығметі» деп шүкір етті.

Расулды құрмет етті ортаға алып,
Мүбәрак сөздеріне құлақ салып.
Қиямет қалдарынан баян қылса,
3600 Жылады елі, халқы көп зарланып.

Оларға берді Тәңірі мұндай ойды,
Мұны естіген көпірдің іші күйді.
Һәр түрлі сарайлардың аузын ашып,
Бек үлкен патша Зарқұм қылды тойды.

Той болғаш, алтын күрсі мінді барып,
Расулды құрметтейді ортаға алып.
Пайғамбар һәр мәнінен жол көрсетіп,
Жаздырып берді оларға Құран Шәріп.

Пайғамбарға мінгізді алтын тақты,
3610 Расулмен бірге қылып ынтымақты.
Кәміл мұсылман дінге көзі жеткеш,
Бұрынғы пұтханасын отқа жақты.

Әуелі ғапыл ұрысты мұны білмей,
Расулдың иман айтып соңына ермей.
Ирақтың екі жұрты, халқы бәрі,
Ол күн ұдайына тұрысты ұйқы көрмей.

Пайғамбар алтын таққа мініп отыр,
Уағыз айтып, насихат беріп отыр.
«Болар ма Хақтан кіргенім барда көрінді» деп,
3620 Зарқұм да қуанышта болып отыр.

Болар ма кейін қызық үнемі мұндай,
Олардың нағып тұрсын көңілі тынбай.
Пайғамбардың мүбәрак сөзіменен
Есі кетті, ұйқы жоқ жеті күндей.

Зекет деп төкті тілеп малды бәрі,
Оны санап сахаба алды бәрі.
Бұрынғы пұтханасын жаққаннан соң,
Мәжид пенен медресе салды жары.

Дін ойлап, ас жүрмеді тамағынан,
3630 Бөрінің ұйқы қашты қабағынан.
Мүбәрак Пайғамбардың қастарынан,
Бір минут босанбады сабағынан.

Бұлар көрді дәулетті асхабтарды,
Бірталай дінге енгізді дәулет ерді.
Пайғамбарды көтерісіп бастарына,
Һәрқайсысы апарып қонақ қылды.

Шүкір, қайсы байытты асыл тасқа,
Жетпегеннен болды алтын көрі-жасқа.
Сегіз жүз түйеге артып патша Зарқұм,
3640 Пайғамбарға әкелді, өзгеден берді басқа.

Бұ Зарқұм алған, жүрген жерді,
Жүз түйеден алтындар тағы берді.
Зекет деп санап берді халдарынша,
Өздерінің әл-ауқаты барларынша.
Хақан, Қайсар, Мәлікте хан Пайғамбарға
Олар да берді басқа халдарынша.

Дәулетке толысып қалды асхабтары,
Ирақтың құрмет еткіш жас пен көрі.
Құрметтесіп шаршамай жалғызы да,
3650 Зарқұм күтіп тұрды балалары.

Олар ерген кісі емес бұ дүнияға,
Көңілі сабаз ғой шын дүнияға.
Қырық күндей шарифаттан мағына үйретіп,
Пайғамбар қайтпақ болды Мәдинеге.

Үйретті жақсы жолды қырық күн жатып,
Бұ күнде жақсылықтың дәмін татып.
Ел-жұрты Зарқұмның баршалары,
Хазірет Пайғамбарды шықты ұзатып.

Тамам жұрт еріп шықты Пайғамбарға,
3660 Қиыспай баршалары айырылуға.

«Қиямет күндерінде жолығармыз» деп,
Зиярат қылды асхабтарға.

Олардың не болмаған арасында,
Ирақтың енді жұрты қаласында.
Хақ Пайғамбар онан соң барып тұрды,
Баяғы өзі өткен дария жағасында.

Сол жерде хақ Пайғамбар амандасты,
Мұны көрген халайық төкті жасты.
Пайғамбардан естігеш осы сөзді,
3670 Шаһ Зарқұм аяққа қойды басты.

— Бақыл бол, Пайғамбар, бізден, — деді,
Ғайып боп кетемісіз көзден, — деді.
Нағып шыдап тұрайын, тақсыр, — деді,
Бірге барып тұрайын сізбен, — деді.

— Ғашықпын мен де сіздей ерге, Зарқұм,
Құдай үшін жан қиған сізге, Зарқұм.
Тұрыңыз тақтыңызда патша болып,
Қиямет күн болармын бірге, Зарқұм.

— Қаламын нағып сізден, хақ Пайғамбар,
3680 Сізден қалсам, кең дүния көрінер тар.
Алтын, гауһар сөзіңнен бер насихат,
Ескеретін қылыңыз, — деп жылады зар.

— Ғапыл болып алданып қалма, — деді,
Өлімді көңіліңнен алма, — деді.
Әуелі дұшпан едің,
бүгін қиыспаймыз айырылуға,
Опасы жоқ бұ дүния, аңла, — деді.

Әуелі дүния мысалы су секілді,
Кетуі ұшқан құстан тез секілді.
Бүгін кетсек таңдауға дүния жоқ,
3690 Мысалы бұ дүнияның бу секілді.

Салыңыз осыларға көзді, Зарқұм,
Мысал қып есіңізге ап бізді, Зарқұм.
Ақырет қамын ойлап, дүнияға алдаңбаңыз,
Құдаға тапсырамын сізді, Зарқұм.

Мұны айтып көздерінен төкті жасты,
Қиыспай айырылуға зар жыласты.
«Шариғат жолын айтып тұрыңыз» деп,
Зарқұмға хақ Пайғамбар амандасты.

— Бұ дүния салтанат құр бойың тежеп,
3700 Ақыретті көп ойла бойды безеп.
Хақан менен Мәлікте хан, батыр Қайсар,
Олар да амандасты кезек-кезек.

Амандасып тұрысты Пайғамбары,
Елі Ирақ олардың жас пен кәрі.
Кезек-кезек Расулмен амандасты,
Қойдай шулап жылады жұрттың бәрі.

Жылауды көрді халық қатты бәрі,
Айырылу өкінішке батты бәрі.
Қиыспай Пайғамбарды баршалары,
3710 Бауырлап қара жерді жатты бәрі.

Тарқасты біраз[дан соң] той секілді,
Жас ақты екі көзден бой секілді.
Жөнелуге қиыспай бір-бірінен,
Айырылды шулай-шулай қой секілді.

Жылады қозыларша қалған адам,
«Мына күн болды ғой, — деп, — бізге жаман».
Хақ Пайғамбар қасында асхабтармен,
Саламат өтті әуелгі дариядан.

Бұларға толды дәулет асқар белдей,
3720 Көңілі бітіп шалқыды шалқар көлдей.
Сегіз айдай жол жүріп екі арада,
Келеді Мәдинеге көшкен елдей.

Үміт үзген ерлер ғой жандарынан,
Пайда алмады бұ дүнианың малдарынан.
Мәдине шаһарында ұрғашы-еркек,
Жылап шықты Расулдың алдарынан.

Келген халық көзінен төкті жасты,
Ізіне Пайғамбардың қойды басты.
Бір жыл жарым көрмеген халайықтар,
3730 Қуанғаннан бір-біріне зар жыласты.

Есен ерлер жолықты күйлеріне,
Құрмет етті асхабтың билеріне.
Хақ Пайғамбар саламат әуел кірді,
Батырлар барады өзінің үйлеріне.

Кімінің өлген екен ағалары,
Кімінің өлген екен балалары,
Опат болған екен бабалары,
Расулға жылап келді мұның бәрі.

Пайғамбар шаһидтердің айтты халін,
— Ұжмаққа алды, — деп, — мұның бәрін.
Біз де бір күн көшетін керуенбіз,
3742 Өлімге қылма қайғы, — деді — ау, — жаным!

زارقوم

Зарқұм

- Бисмилла деп қозғайын,
Шешендер білер сөз жайын.
Дүние, тірлік бейопа,
Адамзат қалмас тозбайын.
Көбейді қылған күнәһым,
Кешіргеі Тәңірі, Құдайым.
Халім қандай болады,
Ақырет — қайғы-уайым.
Қараңғы күннің тары бар,
10 Қайлеттіктің зары бар.
Мұқамбетке біз үмбет,
Досым деген шаһариар.
Құдайдың айттым достыны,
Білдім дүние бостыны.
Бізден соңғы үмбеттер
Өмірін Хақтың ұнасқан,
Қиналып бәрі жыласқан,
Дін үшін ғиззат қылысқан.
Пайғамбары Құданың,
20 Қолдай гөр барша қостыны.
Сіздерден жәрдем сұрадым,
Сіздерде көп керемет,
Бізге болғай дәремет.
Әзиз жан, тән де аманат,
Айырылар жер қабағат.
Кәміл пірлер, сақтай гөр,
Қиямет күннен саламат.
Құдайдан қорқар жан жақын,
Жан барында мал жақын.

- 30 Сұрауы қандай болады,
Есепсіз алдық пенде ақын.
Артыма сөзім қалсын деп,
Аңлаған құлақ салсын деп,
Шапағат қылар ерлерден
Бастады дастан енді ақын.
Өзбек, қазақ тіліміз,
Оқыған ерлер, біліңіз.
Біреудің зейіні пәсірақ,
Біреудің зейіні хасырақ.
- 40 Өзім айтсам ұқтырып,
Үйретер едім машықтап.
Өмірім тұрыс бере алмас,
Қара жер кетер астына ап.
Тәжікелесе басқалап,
Нақты сөзін шырғалап.
Өзіне күнә ойласқан,
Оқыса һәркім сартшылап.
- Заман-заман болғанда,
Мұсылман абад болғанда,
- 50 Дін қылышын шабысып,
Дүние талан болғанда
Қырық жасында Пайғамбар,
Күшейіп әбден толғанда
Зарқұмменен ұрыспақ,
Жол жүру өмір дін үшін,
Пайғамбары Құданың
Өзінің қылған жұмысын.
Кәпір Зарқұм патшасы,
Жасалып тұрған құрышын.
- 60 Соларды да қоймады,
Дүниесі құрысын.
Пайғамбары Құданың
Етейін баян бір ісін,
Аяғында айтылар,
Қызық майдан ұрысын.
Маңдайынан сипаңыз
Жетім менен жесірді.

- Оған зұлмат көрсетсең,
Ол дүние кесір-ді.
- 70 Аш-арыққа жәрдем қыл,
Ақырет болсын есінде.
Соңғы үмбет білсін деп,
Естіп ибадат қылсын деп.
Пайғамбарды басында,
Жаратқан жар Құдайым,
Жетім қылып өсірді.
Солардың да басынан
Мүсәпірлік кешірді.
Ер жеткен соң, көпірдің
- 80 Жанған отын өшірді.
Пұтханасын әрдайым,
Бүліндіріп көшірді.
Алмай құры қайтпады,
Әр жұртқа қылса қосынды.
Сақыпқыран мард ерлер,
Сайманданып қосылды.
Тәуекелге берік байла,
Майлықожа, сөзіңді.
Өлім келсе бір күні,
- 90 Оратып шығар жүзіңді.
Айтып өткен сөз қалсын,
Өмірің тірі кезінде.
Қазылардың мақшарда
Болғаймыз да көзінде.
Табысым үлкен һәр қызмет,
Ғазат қылған кезінде.
Ерлер тәсбі етеді,
Қатерлі жерге кетеді.
Ажалдан айлаң қалдырмас,
- 100 Болжалды өмір өтеді.
Ғазылардың баршасы
Ғаламнан өтті ертеде.

Пайғамбарым бір күні
Оқиды памдат Меккеде.
Насихат айтты бірталай

- Үлкен менен кішіге.
Сахабалар тақ тұрды,
Хақтың бұйрық ісіне.
Пайда болды бір сәуле,
110 Мешіттің келіп ішіне.
Сахабалар көрісті
Мешітке жарық енгенін.
Пайғамбарым аңдады
Жәбірейілдің келгенін.
Құлағына тиеді,
Пайғамбар алып бір жеңін.
Өзгелер пайым қылысты,
Орнынан тұрысты.
Қол қусырып баршасы,
120 Жәбірейілді білісті.
Жәбірейіл айтты құпия:
— Алланың досты Мұқамбет,
Құдайың айтты бір істі.
Салауат етіп періште:
— Сәлем деді Құдайың,
Құдайыңның сәлемін,
Саған баян қылайын.
Қылсын ләшкер саранжам,
Ол досымның сарасы.
130 Күнбатыста бір шаһар,
Ирақ деген қаласы.
Күтініп ләшкер жол тартсын,
Үш айлық жол арасы.
Кәпір Зарқұм патшасы,
Көңілінде жоқ санасы.
Барсын сонда аттанып,
Қылсын діннің таласы.
Сіздер бармай, ол келсе,
Бұл жұртыңды аласы.
140 Ілгері қылғын айланы,
Өзіңе болар пайдасы.
Еш ықылымнан табылмас,
Оның жарақ, сайманы.
Құдайың мені жіберді,

- Бұ сырды сізге айтқалы.
Үш айда жүрсе жетесіз,
Зарқұмды һәлак етесіз.
Әмірі бұл Алланың,
Аттанып сонда кетесіз.
- 150 Пайғамбар айтты: — Жәбірейіл,
Бармаққа онда біз мәйіл.
Сахабалар ауқаты,
Қандайлықпен өтеді?
Қымбатшылық жыл биыл,
Жер бармаққа жазық-ты,
Елімнің әлі нәзік-ті.
Алып жолға бармаққа,
Табады қайдан азықты?
Дерегі жоқ зерлердің,
- 160 Деркері жоқ жерлердің,
Дүниесі жоқ қолында,
Ұрысқа керек ерлердің.
Ғазатқа малын жаратса,
Қалғаны мұнда жылайды,
Қайдан ауқат сұрайды?
Жәбірейіл айтты: — Қам жеме!
Асыраушы Құдай-ды.
Қымбаттықты кеткізер,
Қошлықпенен өткізер.
- 170 Аттанған азық алмасын,
Ризығын Алла жеткізер.
Бұл сөзді айтып Жәбірейіл,
Пайғамбары Құдаға,
Қайтып кетті самаға.
- Уахидан парық болған соң,
Құданың досы Пайғамбар,
Сөйледі асхаб жамаға:
— Жамағаттар, тыңдағын,
Бір мәслихат айталы.
- 180 Тірлігімде дін ашып,
Қазы болып өтелі.
Өзі берген бұл жанын,

- Қызметтен аяп нетелі?
Өзгесі әзір боп еді,
Ол жерде Әли жоқ еді.
Он сегіз ұлы Әлидің
Ер жетіп еді сол уақта,
Ұрысқа жарар боп еді.
Шақырып алып Пайғамбар,
190 Бұл сырды айтты Әлиге.
Әр жерге адам жіберіп,
Әшкере қылды бөріне.
— Аттан сайлап мінсін, — деп,
Сауыт сайлап кінсін, — деп.
Ирақ деген бір шаһар,
Патшасы Зарқұм білсін, — деп.
Үш айлық жол жүреді,
Жүрмектің қамын қылсын, — деп.
Пайғамбары Құданың
200 Жайылды жұртқа жарлығы.

- Алты күнде даяр боп,
Жүз мың ләшкер барлығы.
Үхүт таудың түбінде,
Етекпен қоршап тұрады.
Жиылды барша ләшкері,
Әмзе сақыпқыранның
Шаһид болған жерінде.
Жүз мың ләшкер болған соң,
Есебіне толған соң,
210 Пайғамбарым Мұқамбет
Меккеден шығып аттанды,
Ғазатқа көңлі шаттанды.
Әбубәкір оң жақта,
Хазірет Омар сол жақта,
Хазірет Оспан алдында,
Хазірет Әли артында.
Он сегіз ұлы Әлидің
Ер жеткен еді сол уақта.
Батыр Әли қалдырмай,
220 Ертіп шықты ұлдарын.

- Әрқайсысы бір шерідей,
Қараса көріп сындарын.
Ортаға алып келеді
Пайғамбары Құданың
Көтеріп ұстап туларын.
Мұны көріп отырған
Барша ләшкер түсінді.
Тауда таста жазылған,
Бір демде топ боп жиылды.
- 230 Түйелерге шатырын
Артып алып сүйінді.
Отыз үш мың сахаба
Әуелі өтті тобымен,
Күнбатыс жақта Зарқұмға
Баратұғын жолымен.
Жүз мың ләшкер Шерінің
Жасанып жүрді соңынан.
Әзірге Салман бастары,
Шақырлап таудың тастары,
- 240 Тәуекел етіп барады
Дін исламның ләшкері.
Дүмбірлеп дала күңіреніп,
Жолдарда судан күрмеліп
Бара жатыр Зарқұмға
Жасанған ләшкер түрленіп.
Неше күн қонып көшеді,
«Жетеміз қашан?» деседі.
Несібе Құдай жеткізіп,
Ауқатты жолда кешеді.
- 250 Жол мазасын кеткізді,
Жол жүріп екі ай өткізді.

Бір күндерде Құдайым,
Қайнап аққан құйындай,
Бір дарияға жеткізді.
Сол дарияның бойында
Қонып демін алысты.
Кісі өтер дария емес,
Суына назар салысты.

- Енді судан өте алмай,
260 Матал болып қалысты.
Орнатып тікті шатырын,
Неше күн жатты арада,
Өтпектің таппай ақылын.
Пайғамбарым айтады:
— Мына дария-су үшін,
Қам жемендер бұл үшін,
Сахабалар, шаһариар,
Екі әлемде ол біздің
Қамқорымыз Құдай бар.
270 Сау-саламат өтерміз,
Жатыңдар Хаққа болып зар.

- Кәпір патша Зарқұмның
Қарауылы бар еді,
Бұл ләшкерді көреді.
Жолға тартқан белгімен,
Барып хабар Зарқұмға
Қарауылы береді.
— Арыз етем, иә, тақсыр,
Есітіңіз сөзімді.
280 Дүрбіменен түр едім,
Жаһанға салып көзімді.
Мәдинеден Мұқамбет,
Ләшкері бейхад қабағат,
Араб деген жамағат,
Ол дарияға келіп тұр,
Судан матал болып тұр.
Дүркін-дүркін ләшкері
Дамылсыз шұбап төніп тұр.
Қамыстай қалың көрінді
290 Байрағы менен тулары.
Өткізбей мұхтал қылып тұр
Дарияның сулары.
Шаңы шаңға жамалып,
Өте алмай жатыр қамалып.
Зарқұм сонда қуанды,
Бір ермек бізге келді, — деп.

- Іздейтұғын дұшпанды,
Келтіріп Латым берді, — деп.
Сөйтіп айтқан гөбіне,
300 Пәрмен қылып хат жазды
Кемешінің бегіне.
Жіберген кісі келеді,
Зарқұмның хатын береді.
Кемешілер жиылып,
Төрт мың кеме әзір қып,
Дарияға алып жөнеді.
- Пайғамбарым ертемен
Назар салып көреді,
Дарияның бетінде,
310 Бір-біріне тіркелген,
Бұлттай тамам немені.
Төрт мың кеме бірлесіп,
Судың беті күрлесіп,
Бәрі көпір қараса,
Сөз сұрауға тілдесіп.
Жақын келіп тұрады,
Кемені кейін бұрады.
Өзгесінен біреуі
Оқшау болды ілгері,
320 Пайғамбары Құданың
Қайсы екенін білгелі,
Сөз айтады ол келіп:
— Е, мұсылман, сен тұрған,
Мұқамбет патша қайсы? — деп,
Кел, — деп жауап сұрады.
Пайғамбарым айтады:
— Біз — сұраған кісіңіз,
Бар болса айтқын ісіңіз.
Сонда көпір сөйледі:
330 — Зарқұмнан келген кісіміз,
Мына төрт мың кемені
Зарқұм патша жіберді,
Сіздер үшін келгелі.
«Жанынан безген арабтар

- Тез өтсін судан дегені,
Шапшаң өтсін ләшкері,
Қанша болса көп, — деді.
Бархам қылып қырармын,
Қорқынышым еш жоқ», — деді.
- 340 Пайғамбарым айтады:
— Біз де іздеген кісіміз,
Ұрысты сүйер ішіміз.
Қорықсақ келмей жатар ек,
Сыналар ақыр күшіміз.
Кәпірлер берді кемені,
Бұлар ұстап алысты.
Кемені беріп тапсырып,
Кәпірлер қайтып жөнелді.
- Өмір қылды Пайғамбар:
- 350 — Ләшкердің бәрі келсін, — деп,
Құдіреттің әрқандай,
Тағдыры болса көрсін, — деп,
Тәуекел қылып, кеменің
Ішіне бәрі кірсін, — деп.
Жүз мың ләшкер жиылып,
Бір Құдайға сиынып,
Төрт мың кеме ішіне
Бірден кірді сыйылып,
Сонша сіреу көп қолы
- 360 Тегіс өтті бір жолы.
Судан өтіп киінді,
Бөленіп бәрі темірге.
Жақын деп жүр көңілге,
Бас-аяғы жиналып,
Түзеді дәста со күнде.
Көшкенде дәста түзетіп,
Қонғанда түнде күзетіп,
Шалғынға қонса жайқалған,
Тозаң қып шаңын шығарған.
- 370 Тынбай жүріп жолына,
Қарауыл қойып алдына,

Һәм оңына, солына,
«Әзір бол» деп бәріне.
Даланы басып сарыны,
Бір айдан соң жүз мың қол
Зарқұмның жетті шәріне.

Ләшкерімен қарады
Пайғамбардың сарабы.
Бұлттай қалың көрінді
380 Ирақ шаһар қаласы.
Ол ені мен бұл ені,
Қырық тас жол деп арасы,
Ол ұшы менен бұл ұшы,
Жете алмайтындай көз ұшы.
Қараған кісі болжамас,
Айнадай жалтыр шемен тас.
Көрікті қала етілген,
Мұнара биік жетілген,
Саранжам, сайман етілген.
390 Қандегі терең алынған,
Бетіне көпір салынған.
Қос араба жүргендей,
Еш қатерсіз қалыңнан.
Көмілген тамам дарбаза,
Саранжам, мылтық андаза.

Мұны көріп Пайғамбар,
Ләшкеріне бұйырды:
— Осы жерге қоныңдар.
Бүгін енді ұйықтамай,
400 Өзіңе әзір болыңдар.
Бір Құдаға такия қып,
Ісінді Тәңірім оңдасын.
Түнде тиіп көпірлер,
Мұсылман набыт болмасын.
Жүз мың ләшкер масала,
Шырақ жақты түнімен.
Ұйқы көрмей қарауыл,
Таң атырды зейінімен.

Сонша ләшкер сергек боп,
410 Бәрі ықылас шынымен.

Апақ-сапақ таң атты,
Өзі имам боп Мұқамбет
Оқыды намаз памдатты.
Күн шашырап шыққанда,
Дабылдың даусын аңдапты.
Дүңкілдеген дабылдың
Құйылып келді дабысы.
Шаһардың іші шақырлап,
420 Ғұлғұла болды бар ісі.
Ләшкердің екен сарыны,
Байқап тұрса мәнісі.
Пайғамбарым Мұқамбет
Жарақтарын тіледі.
Жарақтарын күтуші
Салман деген ұл еді.
Ақырап, самсам, зұлхажжа,
Біреуі қамқам бұл еді.
Бұл жарақты саймандап,
Пайғамбарым киеді.
430 Және сауыт-жарағын
Төрт жарлар да киеді.
Он сегіз ұлы Әлидің
Бастан-аяқ киімі,
Темірден еді бөрінің.
Осылай еді мәнісі,
Киінді жарақ бөрісі.

Сол уақытта көпірлер
Келеді гулеп дабысы.
Дүңкілдеп дабыл қағылып,
440 Темірлер күнге шағылып.
Қаладан шықты далаға
Зарқұмнан ләшкер ағылып.
Көпірлер шұбап келеді,
Көшелерге сыйыспай.
Бұлар да сабын түзетті,

- Шығалық деп ұрысқа-ай.
Туын балант көтерді
Пайғамбары Құданың.
Ту түбінде тұрыспай,
450 Жауға көзін жіберді.
Шамаласып келеді,
Зарқұмшаның бағулы
Жүз мың пілі бар еді.
Зінжір байлап мойнына,
Алып шықты әр пілін.
Даң ерінің дауысы,
Әлемді алар салдырлап,
Қоңырауының дабысы.
Көшеден шықты майданға
460 Пілдерінің бөрісі.
Жүз мың еді зәңгісі,
Зәңгінің еді әлдісі.
Ешкім тұрыс бермес-ті,
Олардың тисе дабысы.
Ақылынан сасқан-ды,
Айбатын көрсе һәр кісі.
Пендеге душар болмасын
Олардың майдан жеңісі.
Сипаты зәңгі қаралар,
470 Басы үлкен көз алар.
Олар да келіп сап тартты
Дін исламға барабар.
Сексен мың еді әдісі,
Әдінің үлкен задысы.
Зәңгіден де биігірек
Бой тұлғасы, қадысы.
Біреуі пәлақ бойы бар,
Жаман пиғыл ойы бар.
Бағзысына қараса,
480 Жүз сексен кезден бойы бар.
Аузы үңгірдей ашылған,
Түтіндей демі шашылған.
Бөрінің алмас жарағы,
Жарқырар күнге сабағы.

- Зәңгіден соң сексен мың
Әді келді бұ дағы.
Онан соңғы бір ләшкер,
Есебі жоқ бұ ләшкер,
Қызыл-жасыл жалбырап,
490 Сансыз байрақ қосылды.
- Шаң, түтіні тұмандай,
Шапшаңдығы самалдай.
Зарқұмның үлкен ұлы еді,
Жанәбіл деген бұл еді.
Алысқанда тізесі
Мүдірмеген кісіден,
Арыстандар мерт болған,
Оның ерлік ісінен.
«Маған теңлі ер жоқ» деп,
500 Мағзұр болған күшімен.
Аты шыққан ерлікке
Сан мың ләшкер ішінен.
Жанәбіл келіп сап тартты
Жиырма жеті лек кісімен.
Артынан шықты бір ләшкер,
Асқал болып жүрісі.
Үміт үзді жанынан
Мұсылманның бөрісі.
Он лек кісі Махәбіл,
510 Жанәбілдің қасына
Бұ да сабын түзетті
Жанәбілдің інісі.
Мұнан соң шықты бір ләшкер,
Қыртас деген ер еді.
Он алты лек ләшкері,
Соны билер бек еді,
Зарқұмның бұ да ұлы еді.
Онан соң шықты бір ләшкер,
Зарқұмның бұ да баласы.
520 Атын Хашам дер еді,
Жүз мың ләшкер қарасы.
Онан соң шықты бір ләшкер

- Жиырма мың лек шамасы.
Төртеуінен кішісі,
Зарқұмның ұлы ер Қайсар
Жиырма мың лек кісімен,
Ғажайыппенен ол Қайсар,
Жетінші бұ да сап тартты
Дін исламға барабар.
- 530 Және екі Зарқұмның
Немересі бар еді.
Хаман, Сұлтан аттары,
Жаңа талап бала еді.
Әрқайсының ләшкері
Он бір лектен бар еді.
Жиырма екі лекпенен
Майданға о да келеді.
Бұл ләшкердің соңынан
Жеті бөлек қол шықты.
- 540 Әр бөлігі үш мыңнан,
О да шері мол шықты.
Жеті атақты палуан
Жеті бөлек боп шықты.
Және Зарқұм патшаның
Сыпайылы сәркардан,
Жүз отыз еді сапасы.
Ғәрқайсысында он мыңнан,
Бөрінің темір лыпасы.
Асқан еді жаһанда
- 550 Салтанатпенен нұсқасы.
Және маншы молдадан
Мырзалары жүз еді.
Бұл майданға шықпаққа
Олар да даяр тұр еді.
Зарқұмның шықты жанында
Жүз уәзірі бар еді.
Өзі болса жүргуші,
Мәслихат болса қылғушы,
Білмеген ақыл білгуші
- 560 Жүз уәзірі бар еді.
Бұлардың да адамы

- Өрқайсысы мың еді.
Тамашаны көрмекке
Олардың көңілі тіледі.
Мұнан басқа және көп,
Пенденің ақылы жетпейді,
Есебін Алла біледі.
Зарқұм шығып келеді
Ертіп жүз мың сапасын,
570 Жарқыратып лыпасын.
Бағзылары піл мініп,
Мойнына қару зіл қылып,
Бағзылары керік мініп,
Майданға өзін берік қылып,
Бағзылары пиада,
Екі етегін белге түріп,
Бағзылары мінгесіп,
Түйелерін желдіріп.
Ол көпірдің ләшкері
580 Жетпіс сап болды ығысып.
Жол тимеген көпірлер
Балант жерге шығысып,
Мергендері сап-сап боп,
Майыспай жатты бұғысып.
Артынан және келеді,
Ол кездерде болмаған,
Асығыстап жүгіріп,
Қаламыз деп ажалдан.
Зарқұмның өзі келгенде
590 Басып қалды шаң-тұман,
Қараңғы болды жер-жаһан.
Қарсы қойды бір-бірін
Көпір менен мұсылман.
Даңдама келді даңменен,
Үміт үзді жан неден?
Аттанып барған мұсылман
Бірінен-бірі адасып,
Жығылар болды шаңменен.
Мұны көріп қысылды,
600 Өлімге мойын ұсынды.

Құдіретімен Құданың
Жаңбыр жауып әуеден,
Шаң-топырақ басылды.
Бұлт ашылып күн шықты,
Көтеріліп тұман, түн.
Мұсылман, көпір білінді,
Бір-бірін парық қылынды.

- Пайғамбарым төрт жарды
Төрт тарапқа бұйырды.
- 610 Өзі тудың түбінде,
Әбубәкір оң жақта,
Хазірет Омар сол жақта,
Оспанды қойып араға,
Әлиді «жүр, — деп, — ілгері»,
Алдына салды сол уақта.
Тулары қарсы тігілді,
Жекеге қылып шағылды.
Он сегіз ұлы Әлидің
Пайғамбардың қасында,
- 620 Тудың тұрды түбінде.
Сол уақыттар болғанда,
Мұсылмандар қараса,
Көзін тігіп қараса,
Ол Зарқұмның ләшкері
Есебі жоқ, саны жоқ,
Бәрі бірден жұмылса,
Жерге тиер қаны жоқ.
Қашарға тесік жері жоқ,
Жақын жерде елі жоқ,
- 630 Ортаға алып дұшпан тұр,
Ұрысарға шөні жоқ.
Көріп қайран қалды да
Ақыл-есін ұмытты,
Ұрыстан көңілін суытты.
Сыбырласып сөйлесті
Екеу-екеу, бірме-бір:
— Мұның өзі қалай сыр?
Алдымызда бұл ләшкер,

- Арқамызда дария тұр.
640 Мүсәпір болды халіміз,
Құдай-а, өзің дағым қыл.
Өрбіріміз жетпейміз
Бір легіне телімге.
Бұл өлімнен құтылмас,
Мүшкіл болды көңілге.
Үш ай жүріп, басымыз
Жеткен екен өлімге.
Арқамызда дария бар,
Амандық жер қайда бар.
- 650 Бұл бөледен, Құдай-а,
Құтылмақ қандай амал бар?
Енді бізді майдалар,
Елден нешік пайда бар?
Айналайын, Құдай-а,
Бір өзіңсің қайырылар.
Барша ләшкер бұл жерде
Тірліктен үзді күдерді.
Бір-бірімен көрісіп,
Арыздасып тұрады.
- 660 Сол уақытта Құдайым
Мұсылманды есіркеп,
Пайғамбардың алдына
Жәбірейілді жіберді.
— Иә, Мұқамбет Мұстафа,
Сәлем айтты Құдайың.
Құдекеңнің сәлемін
Саған баян қылайын.
Ұрыспаққа көңілі жоқ,
Ләшкерді басты уайым.
- 670 Білмеген кәпір бұл сырын,
Бәрі айтсын зікірін.
Зікір тәсбі тоқтатар
Көңілдің қорқыныш пікірін.
Бұл сөзді айтып Жәбірейіл
Пайғамбары Құдаға,
Қайтып кетті самаға.

- Уахидан парық болған соң,
Пайғамбарым Мұқамбет
Сөйледі асхаб жамаға:
680 — Мұсылмандар, қорықпаңдар,
Машқұл бол хамд санаға.
Ол Зарқұмның діні жоқ,
Өлсе рахат күні жоқ.
Жаны шықпас тозақтан,
Құтылмайды азаптан.
Әгар өлсе мұсылман,
Жәннат орны жайылар.
Нәсіп болғай ке,
Хауыз кәусар қайнары.
690 Олар мақтұл, біз қатыл,
Оның анда әлдері.
Ағап атын шапқылап,
Оңы менен соңынан,
Шауып жүріп дауыстап,
Жүз мың ләшкер қолында,
Мінәжат қылды ол күні.
Тәсбі айтып көбіне,
Дұға қылды Пайғамбар
Тудың келіп түбіне.
700 — Жан жаратқан, иә, Алла,
Он сегіз мың әлемнің
Ырзығын берген сен, Құда,
Өзіздерге бер медет.
Хадден асты бұл ғауға,
Бұл көпір де, Құдай-ай,
Бір жаратқан мақұлықтың.
Мұсылманды көпірден
Саламат әйла, Хақ, бүгін,
Қорқыныштарын сап қылғын.
710 Тілек берер сұраса-ай,
Шыныменен жыласа-ай.
Пайғамбары Құданың
Қабыл болды дұғасы-ай.
Қорқыныш кетіп мұсылман
Көңілі болды араса-ай.

- Сол уақыттар болғанда,
Мұсылманның ләшкерін
Көрдідағы ол Зарқұм:
— Үмбетін мұның қара, — деп,
- 720 Көңілінде қылды тобасын.
Бір баламның тойындай
Ләшкерінің қарасы-ай.
Үміт қылып келіпті,
Үш айлық жол арасы-ай.
Бұл бейшара арабтар,
Келеді қайтіп шамасы-ай.
Арық аты кілдіреп,
Тамам кедей көлдіреп,
Бұ да әліне қарамай,
- 730 Тұрғандарын қарашы-ай.
Тамам кедей, бұқалаш,
Арпасына болып мас,
Ажал айдап келді ме,
Жетімшесін қылып бас.
Бұл ләшкерден біріңіз,
Майданға барып кіріңіз,
Айдаған ажал арабтың
Алмадай мойнын үзіңіз.
Алдарынан қамармыз,
- 740 Атпас таңға салармыз,
Арық атты олжалап,
Ермекпенен алармыз.
Бұл сөзді Зарқұм айтқан соң,
Бір батыры қайырылып,
Тобынан шықты айырылып,
Қызыл ат мініп, безеніп,
Қызыл тон киіп, түзеліп,
Қызыл найза қолында,
Шаншайын деп кезеніп.
- 750 Майданға келіп ойнады,
Саптарынан ұзалып.
Талапкер деп шақырды,
Шоқтай болып қызарып.
— Сілтесем алмас қылышым,

- Майданға келіп тұрысым.
Иә, Мұқамбет, тез жібер
Адамыңның бірісін.
Бұл сөзді аңдап Пайғамбар
Әлиге қарап сөйледі:
760 — Тез біреуді жібергін,
Ол көпірді өлтірсін,
Мейманасын толтырсын.
Батырлықтың қызметін,
Орнына келтірсін.
Ұрыспаққа біздің араб,
Атағы шыққан қатты зарап.
Ер Әмзенің жолдасы,
Аты — Омар Мәди Көрап.
Әмзеге жолдас ер еді,
770 Бұл көпірді көреді.
Пайғамбары Құдадан
Келіп бата тіледі.
Көпті көрген өзі қарт,
Көп көпірге салған дерт.
Пайғамбары Құдадан
Бата тілеп шықты мард.
Ер қайнатар зердесін,
Тәуекел ашар пердесін.
Бір шабысқан уақта,
780 Көпірдің үзді кәлласін.
Өлтірді Омар мұны ұрып,
Ұшырды күлін суырып.
Саясатпенен бір көпір
Және келді піл мініп.
Мұны да Омар қылышпен
Екі бөлді бір ұрып.
Пілін босқа жөнеді,
Ол жерде тұрмай кідіріп.
- Сонда Зарқұм сөйледі:
790 — Біреуің бар бұл ерге,
Қосына аман жібермей.
Бізге намыс болды ғой,

- Не үшін келдің бұл жерге?
Лақтырып жіберсін,
Ол майданға келмесін,
Көңлімізді бөлмесін.
Қандай зат болса бөріне,
Құр батыр қылмай өңгесін.
Зарқұм былай айтқан соң,
- 800 Палуандығын оздырған
Үлкен ұлы Жанәбіл,
Намыспенен майданға
Керік ойнатып шықты бұл.
Күрзі, сайман араса,
«Майданыма келсін, — деп,
Өркім ажал сұраса».
Көтеріп күрзі келгенде,
Сасқанынан ол Омар,
Қалқанын қылды жүз таса.
- 810 Көтеріп қайрат дәстімен,
Шоқпарын ұрды қастымен.
Қалқанынан от шықты,
Көзі парлап жасымен.
Шіренгеннен атының
Белі үзілді астымен.
Мінді Омар бір атты,
Құдайдан тілеп қуатты.
Және ұрып Жанәбіл,
Бұл атты да құлатты.
- 820 Бұл тартыспен Омардың
Жеті атын құлатты.
Мінді аттың сегізін
Жанәбілдің жолына.
Қайым қылып келді өзін
Және ұрды Жанәбіл,
Жақын келіп қасына.
Тау менен тас жаңғырықты
Бұл күрзінің даусына.
Басын аман сақтады
- 830 Шарайна қалқан полаты.
Жегеннен зақым Омардың

- Және өлді ол аты.
Зарып етпей дінінен,
Саламат тұрды ділімен.
Жанәбілге ұмтылды
Өткен уақытта теңінен.
Ұрғызбай-ақ Жанәбіл,
Еңкейіп алды белінен.
Қаһарланып Жанәбіл,
840 Кіріп еді күшіне.
Керік үстінде қолының
Көтеріп алды ұшына,
Лақтырып жіберді
Мұсылманның ішіне.
Саламат қалды ол Омар,
Соқтығып қалың кісіге.
Бұл секілді жаһанда
Бар екен деп палуан,
Тамаша қылды бұл істі
850 Кәпірлер менен мұсылман.
Құдай сақтап Омарды,
Өлмей қалды жан аман,
Пайғамбардың алдына
Жүгіріп барды сол заман.
Омар айтты: — Мұқамбет,
Айналайын, бер рахмат.
Майданда тұрған мына мард,
Палуан екен қабағат.
Сізден болды кәрамат,
860 Өлмей қалдым саламат.
Кетірді әбден жайымды,
Көрмедім ондай қайымды.
Енді барғын деменіз,
Қайратты палуан, ер екен.
Жүрегім әбден шайылды,
Сол палуан күшті екен.

Сол уақытта Жанәбіл
Мұсылманға сөйледі,
Өктем-өктем айтып сөз:

- 870 — Иә, Мұқамбет, тұрма һәр кез,
Палуаныңды жібер тез.
Болмаса мен қайтамын,
Палуаның жоқ, біліңіз.
Мен Жанәбіл піл батыр,
Халық қатарлы білмеңіз.
Кәпірдің һәр сөз шұддаты,
Асып кетті міннәті.
Мына сөзді есітіп,
Мәлікаждар палуанның
- 880 Келіп кетті қайраты.
Арабтарға патшалық,
Үкіметке ілінген,
Пайғамбары Құданың
Назарына білінген.
Пайғамбардан бата алып,
Мәлікаждар келді бұл.
Бұрын ұрды Жанәбіл,
Бұл күрзінің зарпынан,
Беймар болды екі қол.
- 890 Мәлікаждар палуанды
Ауырламай меңгерді,
Алдына алып өңгерді.
Жоғарырақ көтеріп,
Лақтырып жерге ұрды,
Жер дүңкілдеп тербелді.
Және жерден көтеріп,
Атасының алдына
Лақтырып жіберді.
Мұны көріп мұсылман,
- 900 Жаннан үзді күдерді.
Қуанышпен Зарқұм тұр,
Ағашына табынып.
Майданда тұр Жанәбіл,
Нар бурадай шабынып.
«Мұсылман, келе бергін» деп,
Ұрыспақты сағынып.
Қуанар кәпір жабылып,

Аждаһадай толғанып,
Ұрмаққа күрзі оңданып.

- 910 Мұсылманнан сол кезде
Талап ер шықты майданға,
Бір күрзіні қолға алып.
Талаптан бұрын Жанәбіл,
Қарсы шауып келді бұл.
Жалтаруға қоймады,
Кідіруге болмады.
Талап сынды батырды
Салып қалып күрзімен,
Аударып алып атымен,
920 Оны да сөйтіп байлады.

- Енді қорқып көп ерлер,
Жанынан қайғы ойлады.
Біраз жайда хабар бар,
Сады деген бегінен.
Ақ жолына баласын
Басын кесіп берген жан,
Жаһаннан асқан сақи жан,
Пайғамбары Құдадан
Келіп бата тіледі
930 Садуақас палуан.
Қолында алмас қылышы,
Атақты ердің бірісі,
Жер-жерде мәшһүр ұрысы.
Жанәбілден тоқталмай,
Жетіп барды қасына.
Көтеріп тұрған күрзісін,
Жанәбіл ұрды басына.
Тау-тастары жаңғырықты
Бұл күрзінің даусына.
940 Мең-зең болып тұрғанда,
Қолының алып ұшына
Лақтырып жіберді,
Ол Зарқұмның бұдағы
Барып түсті қасына.

- Жанәбіл және сөйледі:
— Арабтар, тыңда сөзімді,
Көріндім қалай көзіңе?
Мұқамбет, жібер біреуді,
Келмесе кезек өзіңе.
- 950 Палуаның жоқ болса,
Өзің келгін өзіме.
Бұл сөзді бәрі есітіп,
Мұсылмандар ығысты,
Бойы ұзындар бұғысты.
Үш мәртебе айтқанда,
Пайғамбары Құдаға
Бермеді ешкім дыбысты.
Ерлердің бәрі егілген,
Еңсесі екі бүгілген.
- 960 Ол майданға бармаққа
Бәрі жаннан түңілген.
Үш мәртебе айтқан соң,
Әли келді ділімен.
Келіп бата сұрады,
Түсіп тұрып Дүлдүлден.
Пайғамбарым онан соң
Көтерді қолын дұғаға:
— Барғын, балам, тапсырдым
Жаратқан Жаппар Құдаға.
- 970 Сүйініп дұға алғанға,
Майданға өзі барғанға,
Дүлдүл атын секіртіп,
Әли барды майданға.
Жанәбіл сонда Әлидің
Сияғына қараса,
Мінген аты пырағы,
Келеді бәрі жараса.
Өзге көрген адамнан
Бәрінен де араса.
- 980 Бір нұр жігіт, қызыл өң,
Маңдайлары жазық, кең,
Кең көкірек, кеуделі,
Көлденең мен бойы тең.

- Сақыпқыран бойына,
Шерідей пейіл тойына,
Әлиді көріп Жанәбіл,
Уайым түсті ойына.
Бірі емес көпірдің,
Тамаша қылды бәрісі.
- 990 Болмаса бұл Әлісі,
Әгар Әли бұл болса,
Лайық екен дабысы.
Осылай ойлап көпірлер,
Бәрі де қауіп қылады.
Жанәбілдің көңліне
Ғажайып қайғы болады.
- Қасына жақын келгенше,
Сыр берместен тұрады.
— Талапкерім, кімсің? — деп,
- 1000 Әлидің атын сұрады.
Сонда Әли сөйледі:
— Келіп тұрмын өзіңе
Үш айлық жер жолменен.
Атым менім Әли-дүр,
Арабтардың ері мен.
Сақыпқыран жаһанда,
Бір Құданың Шері мен.
Дін исламның жарымын,
Жар бергуші Әлимін.
- 1010 Жанәбіл сонда кідірді,
Ішінен ойлап пікірді.
Көтеріп алып күрзісін,
Әлиді сонда бір ұрды.
Тау-тастары жаңғырып,
Қара жер қылды қимылды.
Оттары шығып көзінен,
Бихұш болып өзінен,
Дәрмені кетіп Әлидің,
Ләшкерге қарап бұрылды.
- 1020 Пайғамбарға айтты бір сырды:
— Иә, Мұқамбет, Жанәбіл

Күрзісін ұрды өзіме
Тау-тастары жаңғырып,
Көшкендей болды көзіме.
Қабағат екен ерлігі,
Палуанға ұқсайды белгілі.
Сенсеңіз сөзіме,
Күшінің келдім кезіне.
Иә, Мұқамбет Мұстафа,
1030 Дұға қыл маған тезіне.
— Апу қыл! — деп Мұқамбет,
Бір дұға қылды Әлиге,
Сахып тұрған уәлиге.
— Барғын, Әли, бір Алла
Басыңның болсын панасы.
Бұл сырыңды білмесін
Адамзаттың баласы.

Пайғамбар дұға қылған соң,
Қаһарланып Әлидің
1040 Сахат тауып денесі,
Майданға қайтып келді енді.
Жанәбілге сөйледі:
— Е, Жанәбіл, кел енді,
Хабардар бізден бол енді.
Әуелі ұрдың, мен тұрдым,
Маған кезек бер енді.
Нәубетін беріп Жанәбіл,
Әлидің келді қасына.
Әли ұрды күрзісін
1050 Жанәбілдің басына.
Жер-жаһан кетті жаңғырып
Ол күрзінің даусына.
Бұл күрзіден жеді зіл,
Әлидің ұрған зарпына.
Тағат қылып тұра алмай,
Әлиге мойын бұра алмай,
Біраз уақ болған соң,
Қайтып келді лебіне.
«Барабар маған екен, — деп,

- 1060 Ұрысы мұның бөтен деп.
Ұрысқандар Әлимен,
Дәл басына қатер», — деп.

- Қайыл қалды Жанәбіл,
Есі кетіп күшінен,
Өзінен-өзі болды зіл.
Онан кейін екеуі
Күрзілесіп ұрысты,
Неше айла қылысты,
Күні болсын, түн демей
- 1070 Сабаласып тұрысты.
Күрзімен де болмады,
Суырысты қылышты
Шарайна мен қалқанды
Тілім-тілім қылысты.
Қылышпен де болмады,
Ат үстінен жұлысты,
Аударысып тұрысты.
Ат аяғы шалынып,
Тізерлеп қалып жүрісті.
- 1080 Жанәбіл сонда сөйледі:
— Аттан түсе қалалық,
Қоян-қолтық болалық.
Екеуі түсті атынан,
Бұл сөзді қабыл алысып.
Бел ұстасып күресті,
Панжаларын салысып.
Жанәбілдің панжасы
Көрініп жүрді қарайып,
Әлидің салған панжасы
- 1090 Көрінбей қалды ол ғайып.
Неше жерде сілтейді,
Аяқтары тарбайып.

Кәпірлер пұтқа табынар,
Мұсылман Аққа қол жайып.
Екі ләшкер қарасты,
Ортада екі ер таласты.

- Бірін-бірі сілтесіп,
Опыр-топыр шаң асты.
Бірін-бірі жықпады еш,
1100 Болып кетті күн де кеш.
Екі ләшкер панарды,
Екі жақтап жағысты,
Күндізгідей болды жер.
Екі палуан бірдей боп,
Тақасып жүр кемеңгер.
Ортада бұлар алысты,
Тілеуін көпке тілетті,
Тірестірді білекті.
Апақ-сапақ таң атты,
1110 Бұл күреспен түн өтті,
Күресті ерлер үдетті.
Үзіліспей күресіп,
Үш күн, үш түн бұл өтті.
- Төңіректеп ләшкер тұр,
Төртінші күнге жетеді.
Жанәбілдің қарны ашып,
Ауқатқа мейілі кетеді.
Жанәбіл айтты Әлиге:
— Бір сөзім бар, иә, Әли,
1120 Қабыл көрсең нетеді.
Айтпай сені таныдым,
Ашып, азып, арыдым.
Аласың ба арманда,
Ашты менім қарыным.
Мұхлат бергіш деуші еді
Алыстағы сарының.
Ықылымдағы палуансыз,
Күшіңіз екен жалғаусыз.
Тамақ ішіп мен келіп,
1130 Күресейін армансыз.
Мұның сөзін есітіп,
Тасыды Әли орнынан.
Жанәбілдің сөзінен
Жауап берді тезінен.

Айтқанын қабыл болғызып,
Көңілін онда толғызып,
Рұқсат беріп қайтарды
Жанәбілдей батырды,
«Қарныңды кел, — деп, — тойғызып».

1140 Асқа тойып келмекке,
Жанәбіл барды қосына,
Көрісті жары, досына.
Қырық қап нан жеді отырып,
Жүз сексен көзе хауыздан
Ішті суды толтырып.
Даярлады аспаздар,
Қырық қойды өлтіріп.
Бәрін жеді Жанәбіл,
Күшін рәса келтіріп.

1150 Асқа тойып Жанәбіл,
Майданға және келеді.
Бағанағы жерінде
Әлиді және көреді.
Сөйледі сонда Жанәбіл:
— Өз қосыма бардым да,
Тойып келдім мен, — деді.
Қарыныңды тойғызып,
Наһар қылып, иә, Әли,
Келмедің бе сен, — деді.
1160 Әли айтты: — Бұл жерде,
Біздің рәсім ұрыста,
Тағам татар кем, — деді.
Ұрыс, соғыс уақытында
Тамағымыз тоқ, — деді,
Ас ішпек бізге жоқ, — деді,
Ақ дінге Құдай жақ, — деді.

Бұл сөзден соң екеуі
Және қылды күресті,
Күрес қылып жүрісті.
1170 Әрмен-бермен жүрісіп,
Сілкілесіп тұрысты,

- Сүдігер болды жер үсті.
Айқайласып күштесіп,
Күшпенен жүріп сүрісті.
Сол кездерде Әлидің
Оты шықты жүректен.
Үш жүз алпыс тамырдан
Тартып алды күштерін
Және қырық төрт сүйектен.
- 1180 Жанәбілді атты аспанға,
Түктері шығып білектен.
Жанәбілдің үстінде
Жеті жүз батпан жарағы,
Артықша ауыр жаңағы.
Лақтырған барабар
Бұлттан өтті жоғары.
Қарағанға аңғарып,
Көрінбей кетті шамалы.
Біраздан соң келе атыр
- 1190 Тарбаңдап екі аяғы.
Мұны көріп барлық жұрт,
Біріне-бірі қарасты,
Ақылынан адасты.
Кәпір діні жалғандар,
Екі тарау болғандар.
Баяғы кеткен Жанәбіл,
Түсуінен хабар ал.
Назар салып Әлиге,
«Ұста» деді Пайғамбар.
- 1200 Бағанағы ісімен,
Ашуланған күшімен,
Ұстап алды көтеріп
Жанәбілді ер Әли,
Бір қолының ұшымен.
Мұны көріп сахаба,
Байлады бөрі жабыла.
Мұсылманның ләшкері
Ортаға бөрі алады.
Жанәбілдей батырдың
- 1210 Мойнына зінжір салады.

- Машақатпен ап барды
Пайғамбардың алдына.
Пайғамбар айтты сол жерде:
— Иман айтқын, Жанәбіл,
Аққа уәсіл боласың.
Жаратқанды бір білсең,
Насапқа жақсы келерсің.
Кәлиманы айтпасаң,
Имансыз болып өлерсің.
- 1220 Жаһанды Құдай жаратқан,
Бекер сурет ағашың.
Менім алсаң тілімді,
Жақсылыққа жетесің.
Жыласаң рақым қылушы,
Тілесен тілек беруші,
Екі әлемде қамқорың,
Қамыңды Алла жегуші.
Жоқты бар қып жетірет,
Барды жоқ қып бітірет,
- 1230 Тірілерді өлтірет,
Тірілтіп және келтірет.
Жан жаратқан мақлұқтың
Ризығын және жеткізер.
Аты мың бір, өзі бір,
Қайда барса өзір-дүр,
Сүйген құлға нұр төгер.
Ол пейіште хор жайлар,
Шырын-шекер, нұр жайлар.
Кісі иман келтірсе,
- 1240 Онда барып тұрғайлар.
Ол тозақта от жанар,
Бүйен, шаян көп болар.
Асылықпен өткендер
Сонда барып тоқталар.
Маған үмбет болсаңыз,
Бұл Манат сізге жоқ болар.
Менмендік пайда қылмайды,
Таныңыз Тәңірі, Құдайды.
Пайғамбардың бұл сөзі

- 1250 Жанәбілге сонда ұнайды.
Нұр төгіліп көңіліне,
Таныды сонда Құдайды.
Жанәбіл тұрып сөйледі:
— Ақ екен сіздің дініңіз,
Енді кетті зейініміз.
Ғаплатпенен бірталай
Өткен екен күніміз.
Пайғамбарым айтты иман,
Рақым қылды сонымен.
- 1260 Жан-ділімен Жанәбіл
Сонда болды мұсылман,
Зәлімдігі тыйылып,
Қол қусырып иіліп,
Мұсылман болды сүйініп,
Көңліне иман үйіліп,
Құданың нұры құйылып.
- Кәпірлер қайғы қылады,
Реңкі қашып сынады.
Зарқұмның жүзі қуарды,
- 1270 Аң-таң болып тұрады.
Ал сонда енді Жанәбіл
Бір қызмет қылмаққа,
Пайғамбары Құдадан
Түрегеп рұқсат сұрады.
— Мүшкіл еді уайым,
Жеткеріп берді Құдайым.
Бейәдеп болдым, Пайғамбар,
Сізге бір қызмет қылайын.
Арттағы қалған көпірге
- 1280 Қайғы, уайым салайын,
Нешесін аттан алайын.
Маған жауап беріңіз,
Көпірге қарсы барайын.
— Барғын, — деді Пайғамбар,
Болсын, — деп, — Құда панаһың.
Жарақтарын жидырып,
Керігін алып міндіріп,

- Ұрысқа керек-жарағын
Жанәбілге кидіріп.
- 1290 Саранжамын сайлатып,
Көпірге қайғы ойлатып.
Майданға шықты Жанәбіл,
Мінген керігін ойнатып.
Мұны көріп ол Зарқұм,
Көңілін басты уайым.
Жанәбілге сөйледі:
— Не болған саған, жан ұлым?
Мұқамбетке кеттің, — деп,
Біз көрінбей көзіңе,
- 1300 Әлі де болса иланба,
Алдаған оның сөзіне.
Қылыш тартып келдің бе,
Латтан қорықпай жүзіме.
Бір қиялмен, шырағым,
Келгенсің-ді әшейін.
Әлде болса мұнда кел,
Күнәһыңды кешейін.
Қазынам аузын ашайын,
Басыңа тілла шашайын.
- 1310 Жанәбіл сонда сөйлейді:
— Тәубе қыл, Зарқұм, тіліңе,
Көзім жетті менім де.
Ұрыспай-ақ, өзің кір
Мұқамбеттің дініне.
Сенің дінің жарамас
Қияметтің күніне.
Жанәбіл соны айтқан соң,
Зарқұм үзді күдерін.
- Ағаңменен ұрыс! — деп,
- 1320 Жанәбілдің інісі,
Махәбілді жіберді.
Екі ләшкер қарасып,
Аға-іні екеуі
Ұрыспаққа жақындап,

- Екі ер келді жанасып,
Батырлық қылды таласып.
Бір-біріне болды кез,
Махәбілден бұрын Жанәбіл
Көтеріп күрзі алды тез.
- 1330 Екі палуан егеспен
Келіп қалды жүзбе-жүз.
Пұшайман болды Махәбіл
Шыққанына қарсыға.
Көтеріп тұрған күрзісін
Жанәбіл ұрды басына.
Тау-тастары жаңғырықты
Бұл күрзінің даусына.
Атыменен Махәбіл
Аяқ серіппей құлады
- 1340 Ол күрзінің зарпына.
Махәбілдей батырдың
Сүйегін ұндай ұсатып,
Майда-майда қылады.
Мұны көріп ол Зарқұм
Екі қолын шапаттап,
Жағасын жыртып жылады.
Махәбілдің өлгенін
Тамам ләшкер байқады.
Бармағын тістеп бәрісі,
- 1350 Бастарын бір-бір шайқады.
- Ишарат қылды ол Зарқұм,
Жанәбілдің інісі
Қыртасқа «бар» деп айтады.
Жөнеді Қыртас тоқталмай,
Құйындай аты жүгіріп,
Аяғы шаңды суырып.
Қыртас шығып келеді,
Қорықпастан кідіріп.
Мұны да жықты Жанәбіл,
- 1360 Күрзіменен бір ұрып.
Майда-майда боп қалды,

Бір ұрғаннан жығылып.
Екі ұлын бірдей қабаттап,
Жанәбіл барад апаттап.

- Мұны көріп ол Зарқұм,
Өртеніп іші барады,
Көзінің жасы тарады.
— Сен де барып ұрыс, — деп,
Ұлына Хашам қарады.
- 1370 — Барғын, балам, тұрмағын,
Өзің де қапыл болмағын.
Өзімнің ағам екен деп,
Аянып күрзі ұрмағын.
Бұл сөзді Зарқұм айтқан соң,
Майданға Хашам оңданды,
Барайын деп толғанды.
Жеті батпан сауыты,
Дулыға асып қамданды.
Жанәбілдің алдына
- 1380 Ақырып Хашам бұл барды.
Екеуі жайлап тұрғанда,
Хашам барып сөйлейді:
— Е, Жанәбіл, неттің сен?
Бізді тастап кеттің сен.
Бізден кетіп тіледің
Мұсылманның тілеуін.
Ойламадың атамның
Қарғысы менен сілеуін.
Әгар сенің денеңде
- 1390 Екі жүз жаның болса да,
Қоймаймын бірде-біреуін.
Жаман туған жатым, — деп,
Берілген жауға қатын, — деп,
Есітпеймін датың, — деп.
Ағам деп қарап тұрмастан,
Жанәбілді ол Хашам
Семсерімен бір ұрды,
«Енді берді Латым», — деп,
Ұрып енді асығыс.

- 1400 Жалтарып кетті Жанәбіл,
Басына семсер тигізбей.
Күрзіменен сілтеді,
Теңінен асып жүргізбей.
Қаһарменен күрзисін
Көтерген екен белгілі.
Ұрысқан Хашам көпірдің
Болмады қабыл тілегі.
Хашам аттан жығылды
Ұсатылып сүйегі.
- 1410 Салауат айтып Жанәбіл,
Мүбәриз деп тіледі.
- Қошуақ болды мұсылман,
Жанәбілге бармаққа
Түңілді көпір жанынан.
Зарқұмнан рұқсат тіледі
Мехрап деген палуан.
Рұқсат беріп ол Зарқұм,
Мехрапқа айтады:
— Жанәбілді өлтіргін,
- 1420 Қанжарменен бастарын
Кесіп мұнда келтіргін.
Бізден кеткен арамның
Басына апат жеткергін.
Рұқсат алып Мехрап,
Масаттанып келеді,
Жанәбілді көреді.
Мехрап түзеп жүрісін,
Сілтейін деп қылышын.
Оның дағы Жанәбіл
- 1430 Келтірмеді құрысын.
Басына ұрды күрзисін,
Мұндай қылып айласын.
Алмадай басы үзіліп,
Шығарды оның майдасын.
Мехрап атты палуанның
Тозаққа жаны жөнөді.

- Хаман деген палуан
Атақты ердің бірі еді,
Жанәбілмен ұрыспаққа
1440 Зарқұмнан бата тіледі.
Жауатұғын бұлттай
Ақырып Хаман келеді.
Кәпір менен мұсылман
Тамашаға тұр қарап.
Бұрын ұрды Жанәбіл,
Күрзісін және бұлғалап.
Хаман ердің денесін
Тастады сонда мылжалап.
- Жанәбіл тасты күшіне,
1450 Зарқұм күйді ісіне.
Жанәбіл керігін ойнатып,
— Палуандар, тез кел, — деп,
Майданның барды ішіне.
Кәпірдің болмас сұрағы,
Жарылып қалды жүрегі.
Зарқұм сонда айтыпты:
— Бұрынғыдай адамның,
Бармасын, — деді, — біреуі.
Кәні, Мехрап, Қиртас,
1460 Хашам, Хаман, Махәбіл,
Бәрін набыт қылды бұл.
Бірін-бірін бармаңдар,
Көбің болып жабылғын.
Жекеме-жеке барсаңдар,
Қырып тастар Жанәбіл.
Жалғыз барсаң қылар мат,
Көңілі бізден болған жат.
Бәрің бірден қойғын ат,
Жанәбілді бергей Лат.
1470 Бұрынғыларды не қылды,
Бір-бір барған жеңілді.
Бұл сөзді Зарқұм айтқан соң,
Отыз лек кісі тобымен
Ат қойып бірден төгілді.

- Кәпірден ләшкер ағылды,
Жанәбілге жабылды,
Ортаға алып қамады.
Көп түлкіге жалғыз шер
Аянбай қылыш шабады.
- 1480 Аш арыстандай үңіліп,
Қыза-қыза қызығып,
Қылыштар қанға көміліп,
Келгендері қырылып,
Денелері бөлініп,
Күрзіменен Жанәбіл
Нешесін майда етеді.
Көп кәпірдің жандары
Жаһаннамға кетеді.
Алды келіп қырылса,
- 1490 Артынан және жетеді.
- Пайғамбар Құда ләшкердің
Бөріне жарлық етеді:
— Мына тамам кәпірдің
Жабылғанын көрдіңдер.
Жанәбілге сендер де
Барып жәрдем етіңдер.
Пайғамбар мұны айтқан соң,
Мұсылмандар ат қойды,
Зарқұмға қарай төгілді.
- 1500 Жанәбілден кәпірлер
Сол кезде бір серілді.
Бір лек кәпір ат қойды
Зарқұм жақтан сол күнде.
Қыза-қыза қызығып,
Отыз үш мың сахаба
Баршасы кірді майданға.
- Айтарлық ұрыс болғандай,
Зарқұм да кірді майданға.
Ұрысқа кіріп бар кәпір,
- 1510 Көбісі жара жеп жатыр,
Кез болған көп ажалға.

- Мұны көріп Пайғамбар,
Өзі де кірді майданға.
Мұсылман, көпір ұрысты,
Ұрысқа кірмей тұрғандар,
Балант жерге шығысты.
Көпір менен мұсылман
Бірін-бірі сүрісті.
Төрт жар да кірді майданға,
1520 Он сегіз Әли ұлдары,
Алланың әзиз құлдары,
Баршасы бірден ат қойды.
Жаңғырықты тау-тасты
Алла деген ұраны.
Кез келгенін бір шауып,
Қиратып кетіп барады.
Шаң-топырақ тұман боп,
Аспанға шығып тарады.
Сайдан атқан бұлақтың
1530 Қызыл қан болды сулары.

- Екі патша кірген соң,
Ұрыспай адам қалмады.
Қабағат қатты қырғын боп,
Майданның ішін шаңдады.
Жан сатар ерлер намысқа,
Жаманда зөре қалмады.
Жердің жүзі қимылдап,
Адам болып аңдады.
Ілгері ерлер емініп,
1540 Қорқақтар кейін шегініп,
Екі ләшкер ұрысты
Үсті-үстіне төгіліп.
Полат қалқан, сауыттар
Шығырдан кетті сөгіліп.
Не алмастар қирады,
Қан ішіне көміліп.
Біреуге біреу телміріп,
Біреуді біреу жерге ұрып,
Қашып шығып майданнан,

- 1550 Есірік болып кеңгіріп.
Қылыш сілтеп ұсынып,
Бағзыларын түсіріп,
Нешелер қорқып қысынып.
Талай кісі атының
Жантайып барад жанында.
Аттары болып жосадай
Шашыраған қанына.
Алысқан көп тармасып,
Бір-бірімен жармасып,
- 1560 Кез келген жерін ұстап жүр,
Қарсы келсе қармасып.
Темірге темір шақылдап,
Күрзіге күрзі тақылдап,
Найзаға найза қағылып,
Қылышқа қылыш шапылдап.
Аяныспай шабысып,
Қызыл қан жосып ағысып,
Баһадүрлер алысып,
Бет алдымен алысып,
- 1570 Құшақтасқан уақта
Қанжарменен жарысып.
Осындай ұрыс болып жүр,
Сауытқа найза шақырлап,
Сынығы жерде қатырлап,
Қызды да әбден бұл ұрыс,
Қамшыдай қылыш шапырлап.
Жығылып қалған адам көп,
Миы айналып тапырлап.
Зеңбіректер күрсілдеп,
- 1580 Дамылсыз тура атылып.
Ата алмаған жамандар
Оққа жатыр батылып.
Мылтықтан әскер қырылып,
Қаша алмай жүр бұрылып.
Екі ләшкер ұрысты,
Қыла берді жұмылып.
Екі ту қарсы тігіліп,
Жайылып түсіп атынан,

- Не ерлер қалды бүгіліп.
1590 Талай ер жаяу ұрысар,
Пиада қылып жүгіріп.
Нешелер аттан қисайып,
Нешелер аттан жантайып.
Бұл соғысты көргендер
Қайран қалар аңқайып.
Ерлер тасып, еркейіп,
Баһадүрлер көркейіп.
Дегбірсіз қашты далаға,
Жанынан қорқып еңкейіп.
1600 Салысып тұр тайсалмай,
Арасат болды бұл ұрыс,
Қиямет болған қайымдай.

- Пайғамбар жүр ұрыспен,
Кәпірлер қашар ығыспен.
Ұрыста сілтер Пайғамбар
Қамқам деген қылышпен.
Нешені шауып басынан,
Нешені шауып белінен,
Сілтегенде қылышы
1610 Тартар еді демімен,
Қырар еді жексен қып,
Кәпірлердің елінен.
Ұрысар еді ерінбей,
Пайғамбарым ұрыстан
Жүрер еді жиренбей.
Атқанында аспанға
Кетер еді көрінбей.
Келер еді аспаннан,
Көрініп көктің жүзінен.
1620 Келген кезде қылышпен
Бөлер еді тезінен.
Көрсетіп қара күндерін,
Салып төмен жүздерін,
Екі кәпір қолына
Бірдей түскенде,
Соғыстырып кәлласын,
Шығарар еді миларын.

- Бәкір Сыдық бір жақтан,
Хазірет Омар бір жақтан,
1630 Қырар еді апаттап
Хазіреті ол Оспан.
Хазіреті ер Әли
Зұлпықарын суырып,
Қылар еді бұл жексен.
Хасен менен Хұсайын
Қиратар еді бөлектеп,
Он сегіз Әли ұлдары
Бірінен-бірі айырылып.
Қарсы келген кәпірлер
1640 Кетер еді қаймығып.
Әнапия-Мұқамбет
Жүрді ұрыста шердей боп,
Қарсыласып ұрысқан
Қалар еді жердей боп,
Әлименен қайраты
Қалар еді бірдей боп.
Он сегіз Әли ұлдары,
Алланың өзіз құлдары,
Бұлар жүрген жағынан
1650 Судай болып төгілді
Кәпірлердің қандары.
Жыртылды тулар парылдап,
Қан ақты селдей сарылдап.

- Адам ата бері қарай,
Мұндай болып еш жерде
Ұрыс болған жоқ екен.
Жазық дала, құла дүз
Өлікке толған жоқ екен.
Өлген өлік ол күнгі
1660 Есебі жоқ көп екен.
Бұрынғы Дастан, Рүстем,
Бұлар да талай ұрысқан.
Еш қырғында олар да
Қалмаған екен жұмыстан.
Нариман, Сам, Ескендір,

Үсіт, Құсрау, Шам, Жахан,
Көп падиша, қаһан жан,
Сұхраб, Һарун Рашид,
Пірідүн, Зухак, Жамшид,
1670 Ескендіриар, Сақ Қайсар,
Бұрынғы өткен осылар.
Бірде-бірі олардың
Осындай ұрысқан жоқ екен.

Бұл секілді жаһанда
Болмаған екен ұрысы,
Ол өткен ердің бірісі.
Бөлектеп кәпір іштерін,
Көрсетіп қайрат күштерін.
Құлақ салып тыңдаңыз,
1680 Құдаға Шері атанған,
Пайғамбардан бата алған,
Хұсусан ол ла ғалам,
Әлидің қылған істерін.
Атымен кірген ер Әли
Ләшкеріне кәпірдің.
Жалғыз келіп білмей жүр
Не болғанын артының.
Қырылды кәпір топырлай
Қиямет күні болғандай.
1690 Шерінің ұрған кәпірі,
Мысалы бидай бауындай.
Төбе-төбе үйіліп,
Өліктер болды қырмандай.
Екі жүзді қылышы
Кесер еді ұрғанда-ай
Жүз отыз мың тамырды.
Бәрі сауыт киінген,
Тоқсан екі мың әдіні
Ұрысқа айдап сүйреген.
1700 Он екі мың піл махмұйт,
Жетпіс екі мың зәңгіні,
Ұрысқа айдап жүрілген.

- Осындай ұрыс ішінде,
Бір Әлиді ортаға
Алмақшы бәрі күшімен.
Күн тітіреп, мұнартты
Олардың айбат түрінен.
Әлиді ортаға алады,
Жанасып зарпын салады,
- 1710 Бір Әлидің үстіне
Бәрі топыр болады.
Шаң-топырақ бұрқырап,
Тұмандай болып қалады.
Ұрыс хадден асады,
Алдын қырып тастаса,
Арты ұмтылып басады.
Осындай ұрыс болғанда,
Алпыс екі тамыры
Хазіреті Шерінің
- 1720 Күші қыштап барады.
Дүлдүлден түсе қалады,
Әли болды пиада.
Дүлдүлге айтты насихат:
— Өзір боп тұр өзіңе,
Сен тістелеп, тепкілеп,
Кәпір келсе кезіңе.
Бір піл үлкен аяғы,
Сонша пілден Әлидің,
Көрініп үлкен көзіне.
- 1730 Әли қылды қайратын
Осы үлкен пілдің өзіне.
Бір Құдайға сиынды,
Жалбарып Әли со күнде.
«Иә, Ханнан да, иә, Маннан,
Жолыңа кештім мен жаннан.
Тәуекел қылдым өзіңе,
Медет бермек берсе нән».
Мұны айтып ер Әли,
Кәпірлерге сөйледі:
- 1740 — Менім атым — Әли Шер,
Шерім деген бір Құдай.

- Ұрысқанмен неше ер,
Көтерер едім, піл түгіл,
Тұтқасы болса қара жер.
Мият қылған піліңнің,
Кәпірлер, енді халін көр.
Бұл дәулеттің бәрі де
Мұқамбеттің дәулеті.
Бұл жанжалдың бәрі де
1750 Кәпірдің қаза мехнаты.
Осыны айтып болды да,
Ұстай алды аяғын.
Көтеріп қолға алғанда,
Халық қарады сияғын,
Бастайды Әли баяғын.
Атқан оқтай зырлайды,
Көтеріп алып басына
Лақтырып жіберді,
Көп пілдің түсті қасына.
1760 Құдіретімен Құданың
Пілге сонда тіл бітті,
Пілдерге қарап айтады:
— Әуре болма, көп пілдер,
Жаман болар істерің.
Меніменен барабар
Емес еді күштерің.
Лақтырып жіберді,
Міне, келіп түскенім.
Адамзат сондай шері екен,
1770 Ұстап ап атып жіберді,
Жаһаннан асқан ер екен.
Лақтырды қаңбақтай,
Дүниеде зор екен.
Бөлеге қалар басыңыз,
Жақын бармай қашыңыз.
Бұл сөзіме наныңыз,
Бойыңды аулақ салыңыз.
Бұл тілімді алмасаң,
Апатта қалар жаныңыз.
1780 Мұны естіп ойға қап,

- Пілдердің көңілі қайрандап.
Өздерін қылып араса,
Ұрысқа келген саймандап.
Мұны естіген пілдердің,
Бөрінің кетіп зөресі,
Қаша берді тайрандап.
Бет алып қашқан уақта,
Соқтығысты соқырдай.
Қарсы алдына келгенін
1790 Қиратып кетті отындай.
Бөрі қашып барады,
Бұрыла алмай артына-ай.
Көп көпір жерге тығылды,
Пілдердің қашқан зарпынан.
Желігіп қашқан көп пілдер
Алысқа барып тоқтады.
Астында қалған өліктер
Төбе-төбе боп қалды.
Қаһарланып Әли Хайдар
1800 Мінді тағы Дүлдүлге,
Зәңгіге қарай жол тартты,
Бір ұрыс болар бұл қатты.
Жалғыз өзі айқайлап,
Ортаға ұрды зырқырап.
Зұлпықар кескен зәңгіден
Қан төгілді бұрқырап.
Зәңгілер қашты далаға,
Алды-алдымен тырқырап.
Жүз қайтармай оғынан,
1810 Қауіп етпей жанған шоғынан.
Тоқсан екі мың әді
Бір Әлиге жабылып,
Ұрыс қылды төгіле.

Мұны көріп сол уақта,
Сөйледі Зарқұм көбіне,
Көп баһадүр, бегіне:
— Құлақ салып, халайық,
Тыңда менім кебіме.

- Өр түрлі ұрыс қылсақ та,
1820 Келмеді бұл іс ебіне.
Ерлігін Әли асырды,
Шынымен бізді састырды,
Жалғыз Әли қуалап,
Киіктей айдап қашырды.
Қисапсыз халық қырылып,
Майданды өлік жасырды.
Ат басын тартып тоқтаңдар,
Қылалық тағы тәсілді.
Быж-тыж болып қаша алмай,
1830 Топтаныңдар шашылмай.
Ортаға алғын Әлиді,
Қаңғырып жалғыз жүргенде,
Адамына қосылмай.
Жүз мың лек көпір ат қойды,
Сөздері болып осылай.
«Қырылғаны қырылсын,
Әбүйір алсын тірісі.
Бүгін болсын арасат,
Ысрапыл сорысы».
1840 Мұны Зарқұм айтқан соң,
Ләшкердің бөрі ағылды,
Шымалдай қаптап жабылды.
- Жалғыздық түсіп Әлиге,
Жар-жолдасына шағынды.
Батыр Әли тарығып,
Бір Құдайға жалынып
Көзі толды жасына.
Басқа жан жоқ қасында,
Өршіндеп, өрлеп қарғып жүр,
1850 Дүлдүл аты астында,
Қажымай қарсы шауып жүр.
«Иә, Алла, — деп, — медет бер»,
Өзі жеке жүрсе де,
Көп ләшкердің қамын жер.
Осылай деп жүреді,
Құдадан тілеу тіледі.

- Қып тұрған бәрін бір Алла
Құдіретімен біледі.
Пендеге бұл іс қиын-ды,
1860 Жаһанға көпір жиылды.
Тірілері жарадар,
Қырмандай өлік үйілді.
Пайғамбар халі не болды,
Қай тарапта жүрілді,
Барша әскер мұсылман,
Отыз үш мың сахаба.
— Құдай-а, өзің қоспасаң,
Дидарын көрмек қиын-ды.
Күннің көзі тұтылды
1870 Көпірлердің оғынан.
Жүрсе екен Хасен, Хұсайын,
Бір-бірінен айырылмай,
Бабасының соңынан.
Ат шылауын айырмай,
Он сегізі тобымен
Бәкір, Мұса, Әнапия,
Көзімнің ақ-қарасы.
Бірде-бірін көрмеймін,
Қалың ләшкер арасы.
1880 Дидарын балдар көрмесем,
Қияметтегі жарасы.
Берік байладым белімді,
Көп жарақат тәнімде.
Оққа тұтып көксімді,
Мойныма алып ұлықты,
Балаларым-ай, не болды?
Дін мұсылман ләшкерді,
Құдай-а, сақта елімді.
Бұл ұрыс болды аламат,
1890 Қарқыны болды қабағат.
Ислам елін, Құдай-а,
Аман етіп көпірден,
Өзің сақта саламат.
Дін үшін жүрген бұлар да,
Бұған рахат сұрай ма?

- Уайым балдар болып тұр,
Қабағат мұндай ұрыста,
Өзі үшін Өли жылай ма?
Тіліне тәсбі келтіріп,
1900 Мінәжат қылды Құдайға.
— Иә, Пәруардигар, сен дана,
Мен Шеріңе бол пана.
Мұсылманға медет бер,
Пәруардигар Алла Тағала.
Кәпір алып жер жүзін,
Мұсылман жоқ боп қалып тұр.
Мендей Шердің басына
Мұнша жанжал салып тұр.
Өзгелердің, япырым-ау,
1910 Халдері нешік болып тұр?
Пайғамбар Құда төрт жармен,
Мұсылман, барша сахаба,
Айырылысқан ерлерге,
Саламат, Құдай, жолықтыр.
Қырғанменен көбісін,
Ада болмас бұл кәпір.
Ат өлікке сүрінді,
Жол тауып жүру қиын-ды.
Мендей болса әрқайсы,
1920 Біріне мыңы ұрынды.
Бір-бірінен айырылып,
Мұндай қалың күреңде,
Ете алмай жәрдем қайырылып.
Жаңа талап, жас жүрек,
Қалды ма түге қаймығып?
Хасен, Хұсайын, Өнапия,
Жас өмір сізге шырын-ды.
Уайым етіп шашылып,
Бархам болып қырылды.
1930 Айналайын, Құдай-ай,
Көрер күнім бар ма екен
Он сегіз перзент ұлымды.
Кезімде сасқан осындай,
Кешір, — деп, — Алла, тілімді.

- Сау-саламат соларға
Жолықтыр, — деп, — тірімде.
Бір Құдайға жалынып,
Мінәжат қылып тұрысын.
Осыны айтып болған соң,
1940 Бір ақырып шығарды
Майданнан Әли дауысын.
Самсам менен зұлхажжа,
Берік байлады қылышын.
Қамшы беріп Дүлдүлге,
Өзін ұрды көпірге,
«Бір Алла, — деп, — дін үшін».
- Барған заман ер Әли
Қиратып кетті көпірдің
Біріне қоспай бірісін,
1950 Найзамен түйреп шаншып жүр
Сүйектері ірісін.
Қарсы алдына келген соң,
Қоймайды аман бірісін.
Қашқандарын қуалап,
Не ерлердің бастары
Алмадай қалды домалап.
Барған сайын асырад
Хазірет Әли ұрысын.
Көпірлерді бөлектеп,
1960 Алдына салып жүрісін.
Қаһан Зарқұм көрген соң
Бір Әлидің мұнысын,
Тамаша қылды ұрысын.
Не палуан көпірлер
Әлиге келіп өліп тұр.
Оңы-солын барабар
Қылышпен екі бөліп тұр.
Шерінің қылған бұл ісін
Зарқұм патша көріп тұр.
1970 Көп түлкіні жалғыз шер
Айналақтап шауып тұр.
Аман қалған бірі жоқ,

- Келгелі қырғын тауып тұр,
Қызыл қан жерді жауып тұр.
Нені шапса қылышы,
Жерді барып қауып тұр.
Сонша ләшкер Әлидің
Ерлік, қайрат-күшімен
Айдауына көніп тұр.
- 1980 Тамаша қылды ұрысын,
Апаттап бәрін жүрісін.
- Зарқұм және сөйледі,
Әлидің көріп бұл ісін:
— Бір ықылымның тәжідар,
Падишасы мен едім.
Қарсы келген шаһарды
Қара жерге теңедім.
Адам нәсілін жаһанда
Өзіме тең демедім.
- 1990 Бұл секілді жігітті
Осынша жасқа келгенше,
Өмірімнің ішінде,
Естіп көрген жоқ едім.
Сенгені бұл екен
Арабтардың жұртының.
Әли деген бар еді,
Атағы бұрын сыртының.
Бұл ер менде болғанда,
Жау болса өгар жеті ықылым,
- 2000 Баршасыменен ұрыссам,
Құртар едім тұқымын.
Мұның өгар ұрысын
Рүстем көрсе тахсин дер,
Аспандияр, басқалар.
Басқа да жерде бар ма екен,
Ойпірім-ай, мұндай күшті ер?
Латым, саған сиындым,
Осы Әлиді қолға бер.
- Бұл ерді кәйтіп тұтармыз,
2010 Зарпынан қайғы жұтармыз.

- Кәмандаға пәнде қып,
Тұзақтап ғамкін етеміз.
Өйтпесе кәйтіп алады,
Іске асырмас шараны.
Мұны берсе Латымыз,
Өзгесі қайда барады?
Бұл Әли екен, таныңыз,
Кәмандазды салыңыз,
Ортаға шапшаң алыңыз,
2020 Қояйын сөздің ұзағын.
Зарқұм мұны айтқан соң,
Кәмандаз салды тұзағын.
Асқан қайрат басқа еңбек,
Көріп жүр жалғыз азабын.
Кәмандаз тұзақ салған соң,
Торға Әли шырмалды.
Қимылдауға шама жоқ,
Халі хараб боп қалды.
Тіреп тұрып табанын,
2030 Олай-бұлай ырғалды.
Әй-шөйіне қарамай,
Жабыла тартып кәпірлер,
Сүйреп кетіп барады.
Күшін жиып ер Әли,
Ақырып айқай салады.
Қалтыратты тау-тасты
«Алла!» деген ұраны.
Ақырған Шердің даусымен
Кәманд быт-шыт болады.
2040 Бұл айладан тағы да
Әли Шер аман қалады.
Бастады сонда бір істі,
Бұрынғыдан ер Әли
Он есе қатты ұрысты.
Бет алдына келгендер
Арқасын беріп ығысты.
Қорқып қашқан кәпірді
Мұсылман да қуысты.
Дем алмақ болып сол кезде,

- 2050 Ат басын тартып тұрысты.
Өрқайсысы өзінің
Мөнзиліне барады.
Кәпір менен мұсылман
Ашпақшы болды араны.
- Ұрыстан бұрын белгі қып,
Пайғамбар Құда айтқан ед:
— Бір жуан шынар бар еді,
Үлкен еді белгілі.
Өр уақта шыққан майданнан
- 2060 Шынарға келсін, — деп еді.
Алды-арты бірдей әскердің,
Уағдасымен сол күні
Ұрыстан шықты көп ерлер,
Жапырып жауын кемеңгер.
Денесінен талайы
Қызыл қанды ағызып,
Қылыштан қанды тамызып.
- Пайғамбар шығып майданнан,
Шынардың барды қасына.
- 2070 Сау-саламат келе атыр
Жығасын шаншып басына,
Ілестіріп соңына
Әбубәкір, Омарды.
Қошуақ боп келе атыр,
Құп тарқатып құмарды.
Шынардың тұрып түбінде
Пайғамбар Құда бұйырып,
Дабылдың даусын шығарды.
Хазірет Оспан келеді
- 2080 Қуанып көріп бұларды.
Онан соң келді ер Әли
Қан болып бастан-аяғы,
Сауыттың шығып шарасы,
Ұрыстың бітіп мәресі.
Денесінде бар екен
Жүз жеті жерден жарасы.

- Төрт жарменен көрісті
Екі әлемнің сарасы.
Хасен, Хұсайын келіпті
2090 Ер Әлидің баласы.
Олар да келіп көрісті,
Ғанимет біліп тірлікті.
Бір-бірімен көрісіп,
Маңдайынан өбісті.
Әнапия келді бұл,
Тұрғанда бұлар жәй алып.
Күніменен ұрысқан,
Еш кідірмей аянып,
Кәпірлерден есепсіз
2100 Палуандарын жексен қып,
Киімі қанға боялып.
Онан соң келді Жанәбіл,
Күрзісін қылып ол мәйіл.
Ерлігіне бұл ердің
Баршасы болды көп қайыл.
- Жиылып ләшкер болған соң,
Есебіне толған соң,
Хазіреті Оспанға
Әмір етті Пайғамбар:
2110 — Қалам, дәуіт алыңыз,
Есебіне салыңыз.
Кәпірлердің қолында
Қанша ер болыпты,
Анығына қаныңыз.
Оспан жазды хаттарын,
Аударып қарап дәптерін
Соғыста болған ерлердің
Піте* берді аттарын.
Есебіне қараса,
2120 Қиямет ұрыс болып тұр.
Мұсылманның халқынан
Он екі мың өліп тұр.

* Түпнұсқада тізу, жазу деген мағынада қолданылған.

- Өліктерін жиып ап,
Мұсылмандар көмді бұл,
Намазын оқып бөрінің,
Жайластырды түнімен.
Мүсәпірлік күнімен,
Жылады бөрі зейінімен,
Жер күңіреніп үнімен.
- 2130 Мұсылмандар халқымен,
Мәтім тұтты жалпымен,
Мұсылман әдет-салтымен.
Бұрынғы болған ұрыста,
Бұл сықылды шығынды
Еш уақытта көрмеген.
- Енді бір сөз тыңдаңыз
Бұл жақта көпір Зарқұмнан.
Сансыз ерін қырдырып,
Жермен-жексен қылдырып,
- 2140 Әскерімен бір жүріп,
Қаға-қаға дабылын,
Кірді шаһар Ираққа.
Қайғыға толып жүрегі,
Отырды барып ол таққа.
Зарқұм сонда айтады:
— Ләшкерімен маған жат
Дін исламның бөрі де
Ұрыс қылды қабағат.
Бізден қанша қырылды,
- 2150 Алыңдар хаттап санаққа.
Қалды ма батыр, палуан,
Иә, болмаса қалмап па?
Жіберді хатқа жүз молда,
Санағы сансыз болып тұр.
Белгілі ердің өзінен
Жиырма жеті лек өліп тұр.
Белгісізде есеп жоқ,
Жердің беті толып тұр.
Мұны естіп ол Зарқұм
- 2160 Бұзылды көңлі ойран боп.

- Алдына адам кіргізбей,
Уөзірін жүргізбей,
Екі бүйірін таянып,
Зар-зар жылап еңіреді,
Қылуат жайда білгізбей.
Барша көпір жыласып,
Өлгендерін санасып,
Шарап ішіп отырды,
«Етпейік, — деп, — уайым»,
2170 Бөрі осыны ұнасып.
- Мұсылман жағы жыласып,
Ұйықтамай жүр шуласып.
Бағзылары айтып жүр
Рада іске пұшайман.
Емес дейді жинасып,
«Бақ, төуекел, ертеге,
Көреміз, — деп, — сынасып».
Мұсылмандар сөйлесіп,
«Ұрысамыз» деп ойласып.
2180 — Иншалла, ертелеп
Шығамыз да ғазатқа.
Қайсымыз болсақ та,
Кіерміз, — деп, — жәннатқа.
Өлген көпір кірер, — деп,
Жаны тозақ, мехнатқа.
Айналайын, Жаратқан,
Кімге болар тәжі, тақ,
Кімге болар дәулет, бақ,
Аруақ кімге болар жақ.
2190 Біздерге өзің медет бер,
Жарылқаушы Жаппар Хақ.
Баһадүрдің баршасы
Осылай деп отырды,
Ұйықтамай таңды атырды.
- Тағдырдың ойлап азалын,
Біләл айтты азанын.
Пайғамбар Құда имам боп,

- Оқыды памдат намазын.
Күн шашырап шыққанда,
2200 Есітті дабыл ауазын.
Тікті һәмма құлағын,
Дабылдың даусын есітіп.
Пайғамбар киді жарағын,
Қылыштарын асынып,
Шықпақтың етіп талабын.
Барша әскер киініп,
Көбісі түйіп қабағын,
Майданға келіп сап тартты.
«Мүбәрак қылсын қадамын,
2210 Мәдине, Мекке арабын,»
Осылай деп Пайғамбар,
Мінәжат қылды сол күнде.
Дұға қылып көтерді,
Тудың тұрып түбінде.
Жүзі толған айдай боп,
Ақ Мұқамбет Мұстафа
Нұрланып тұр түрі де,
Сәулесі шығып аспанға,
Кәпірлерге біліне.
- 2220 Зарқұмның келеді әскері,
Көшелерге сыйыспай.
Бұлар да сабын түзеді,
Жақындап келіп ұрысқа-ай.
Екі ләшкер жанасты,
Бір-біріне жылыстай.
Әуелі сапта найзалы,
Екінші сапта оқ пен жай.
Үшінші сапта күрзілі,
Төртінші сапта қан төгер
2230 Қылышты мен қанжарлы.
Бесінші сапта әділер,
Алтыншы сапта піл, зәңгі.
Екі ләшкер шекісті,
Екі ту жақын келісті.

- Шамалы келіп жуыққа,
Бірін-бірі тұтты оққа.
Атып тұрды ерінбей.
Күннің көзі тұтылды,
Оқ бұршақтан көрінбей.
- 2240 Зиян етер бұл демей,
Атысып тұрды жиренбей,
Ерлер сабыр қылмайын,
Ойына алмай уайым.
Мәлікаждар ұғылы
Ат қойды бұрын Ыбраһым,
«Медет бер, — деп, — Құдайым»
Қарсыласып екі ту,
Ат қойып қалды тұрмайын.
- 2250 Екі ләшкер таласты,
Майданға келіп шаң асты.
Көтере алмас қылышпен
Ұстасып тұрып сабасты,
Екі ләшкер тоғысты.
Күрілдесіп жаңғырығып
Екі таудың соғысы.
Көзді ашып-жұмғанша,
Жоқ болды ердің көбісі.
Су орнына шелектеп,
Қызыл қан болды төгісі.
- 2260 Себептерменен жоқ болды
Жез айылдардың дауысы.
Гүілдейді тоғайдың
Өртенгендей қамысы.
Қорқақтың қамы жанысы,
Ер өлімі — намысы.
Екі қалың ләшкердің
Салып кетті бөрісі.
Қылыш-найза ешбірі
Қалмады қанға боялмай.
- 2270 Өшігісіп салысты,
Ешбірі жанын аянбай.
Қызығысып кеткеннен,
Сүйекке ашу жеткеннен,

- Сәскеден кешке салысты,
Сайлардан қандар ағысты.
Өліктердің қарасы
Қыр-қыр болып қалысты,
Әр жерге өлік толысты,
Айрықша қырғын болысты.
- 2280 Адамның аққан қанына
Сулардай болды жер үсті.
Не бедеулер желіп жүр,
Шаба алмастан жазылып,
Шаба-шаба сабылып,
Көбіктеніп басылып.
Сайлардан қандар ағылып,
Біреуге жеке табылып,
Біреуге мыңы жабылып,
Сүрініп барып тұрып жүр,
- 2290 Өлікке аттар қағылып.
Кез келген ерлер ажалға
Тыныштықты жатыр сағынып.
Өлшеулі өмір біткен соң,
«Ұйықтамасын» нағылып.
Күн бата ұрыс тоқтады,
Қоймады дабыл қағылып.
Бір-бірінен ажырап,
Екі ләшкер айырылды.
Есеңгірер әрқайсы,
- 2300 Өз жайына қайырылды.
Жаралысы ыңыранып,
Қанға тоқтау болад деп,
Оранған әбден шырмалып,
Балтамен түбін кескенде,
Құлайтын талдай ырғалып.
Іске аспай қалды тау-тау боп,
Қылыш-найза қиралып.
Адамзатқа осындай
Қиыншылық болысты.
- 2310 Бір-бірінен ұзамай,
Өшігіскен екі жау
Екі суға қонысты.

- Масала жағып майдан жер,
Күндізгідей болысты.
Өлген өлік көрініп,
Майданда жатыр бөлініп.
Ұйықтамай таңды атырды,
Қалған ерлер желігіп.
Бір-біріне тап беріп,
2320 Жерді қатты тебініп,
Байлаудағы айғырдай
Сияқты қалған зерігіп,
Тісін қайрап долданып,
Ернін ерлер емініп.
- Осындай сөздер боп жатты,
Сүбхі садық таң да атты.
Біләл айтты азанын,
Оқыды намаз памдатты.
Күн шыққан соң мұсылман,
2330 Майданға шықты аттанып.
Медет сұрап өзіне,
Бір Алланы жадқа алып,
Сайманданып баптанып,
Ұрыс жаққа шақтанып,
Туларын жайып бекісіп,
Саясатпен шекісіп.
Екі дария тасқандай,
Шеңберден шығып асқандай,
Келеді бәрі жұлқынып,
2340 Ілгері қарап ұмтылып.
Қоян-қолтық боп қалды,
Тоқталмады іркіліп.
- Машқұл болды ұрысқа,
Көзіне көзі түскен соң,
Болмады сабыр қылысқа.
Еш адамның ойы жоқ,
Майданнан кейін тұрысқа.
Екі ләшкер ат қойды,
Қолдарын салып қылышқа.

- 2350 Дүлдүліне қамшы ұрып,
Пайғамбардан бата алып,
Әли де кірді ұрысқа.
Дүлдүлге қамшы батырды,
Санына қамшы тиген соң,
Жасындай Дүлдүл атылды.
Топтанып тұрған көпірдің
Барып түсті ішіне,
Кірді Әли күшіне,
Әні-міні дегенше,
- 2360 Талайын аттан түсірді.
Сабағынан қиылып,
Денеден кәлла ұшылды.
Долдықпенен шыдамай,
Ер Әли сонда ақырды:
— Тоқта, батыр, тоқта, — деп,
Қашқандарын шақырды.
Қуып өзі жетеді,
Жиырма тас жерлерге
Бұл айқайы кетеді.
- 2370 Шерінің даусы көпірдің
Құлағынан өтеді,
Нешесінің сол жерде
Өті жарылып кетеді.
Және айқай салғанда,
Зарқұмның екі құлағы
Самал соққан теректің
Жапырағындай тітіреді.
Екі ақырып ондан соң,
Әли барып майданға,
- 2380 «Талапкер» деп сұрады.
- Салар деген бір көпір,
Денелері мұнарадай,
Найзалары шынардай,
«Сен барғын, — деп, — майданға»
Әлиге қарсы шығарды.
Көрініп көзге қорғандай,
Ұрыспаққа толғанды-ай.

- Айбатына қараса,
Тау мен тас ларза болғандай.
2390 Әлимен келіп салысты,
Шаншысқан найза қолдағы
Бір-біріне жетісті.
Бірінші харба етілді,
Екінші және кетілді.
Үш сапар шаншысып,
Қағылып қалай ұтылды.
Салысты найза барабар,
Айласы артық ол карар.
Неше сапар шанышты,
2400 Найзаны кетті қылмай көр.
Әли алды қаһармен
Зұлпықарды суырып,
Салар да қылыш суырып,
Қарсы келді тігіліп.
Шабысты келіп барабар,
Қылышпен де болмады,
Сындырып алған найзасын.
Бір-бірінің шығарды
Жарағының майдасын.
2410 Әлек болды екеуі,
Асыра алмай айласын.
Бірін-бірі жықпады еш,
Болып кетті күн де кеш.
- Анда Салар сөйледі:
— Кеш болды енді күніміз,
Күн өтіп, жетті түніміз,
Ертеден бері алмадық
Бірімізді біріміз.
Енді ертең ұрысалық,
2420 Қайтпақтың қамын қылыңыз.
Ажырасты екі айырылып,
Осыны айтып екеуі,
Жаталық деп жәй қылып,
Бұл мұсылман, ол кәпір
Ләшкеріне қайырылып.

- Барды Салар қосына,
Көрісті жары, досына,
Әлидің айтты ерлігін
Зарқұмның барып қасына.
- 2430 — Бүгін менімен ұрысқан,
Барабар келіп тұрысқан,
Кешке шейін майдан қылысқан,
Кім еді ондай палуан,
Жоқ екен оның теңдесі.
Жалғыз өзі қаймықпай,
Жаһанға тұрыс бересі.
Найзамды ұрсам көр қылмас,
Темір екен денесі,
Ердің екен зердесі,
- 2440 Ешкімнің келмес шамасы.
Оған ұрған әр найзам
Тисе әгар тастарға,
Шығушы еді парасы.
Мұны естіп Салардан,
Отырған барша уәзірлер:
— Әли деген сол, — деді,
Атақтысы ол, — деді.
Қапыл қалма, әй, Салар,
Ертең әзір бол, — деді.
- 2450 Мұны естіп ер Салар,
Масаттанып сөйледі:
— Әгар Әли бұл болса,
Аламын ертең мен, — деді.
- Қараңғы түн өткен соң,
Күн нәубеті жеткен соң,
Пайғамбар Құда имам боп,
Намаз памдат оқиды.
Ұрыспақ ердің мұрады,
Жасау байлап тұрады.
- 2460 Әли түсіп Дүлдүлден,
Асығысып жан-ділмен,
Пайғамбары Құдадан
Қол жайып бата сұрады.

- Пайғамбарым Әлиге:
«Бар» деп жауап қылады.
Дүлдүлін мініп ойнатып,
Майданға қарсы шығады.
Салар да шығып сөйледі:
— Енді сенің, е, араб,
2470 Екі жүз жаның болса да,
Қоймаспын бірін өзіңде,
Лап көрмегін сөзімді.
Мұны айтып ол Салар,
Қарсыласты Әлиге,
Қылышпенен шабысты,
Жібермес үшін намысты,
Қалқанменен қағысты.
Дулыға менен қалқандар
Бүктеліп қанша қалысты.
2480 Аяныспай ұрысты,
Қылыштасып жүрісті,
Бір-бірінің қылышын
Ұстасып тұрып жұлысты.
Жағадаң сауыт сытылып,
Сыртынан қылыш тұтылып,
Ат аяғы шалысты,
Ажырамай құтылып.
Ұрысқан жерлер шаңданды,
Аударысып екеуі,
2490 Мінген аты сандалды.
Екі ләшкер екі ердің
Ұрысына таң қалды.
Мықтап ұстап Әли Шер
Қылышын жұлып алады,
«Алла» деп ұстап белінен
Көтеріп алды жоғары.
Бұлғалап атып жіберді,
Жерге барып құлады.
Салмағымен ол Салар
2500 Топыраққа көмілді.
Денесі үлкен төбедей,
Кім көрді мұндай көрімді?

«Жайлады, — деп, — мұны да»,
Кәпірлер үзді күдерді.
Қаһарланып ер Әли,
Басын кесіп Салардың,
Зарқұмға атып жіберді.
Бұл қайратты көрсетті,
Алланың Шері пендесі.
2510 Көп кәпірді өлтірді,
Салардың тиіп кәлласы.
Мұны көрген кәпірдің
Қорқып, кетті зәресі.

Бұл Салардың бар екен
Мәлак деген інісі.
Ішін жаман өртеді
Әлидің қылған бұл ісі.
Әбунапра дегені
Күтуші еді жарағын.
2520 Ишаратын байқады,
Майданға шығар талабын.
Оның сиясатының
Айтып болмас тарабын.
Сайлатып әбден киінді
Сауыт-сайман жарағын.
Қабағы кетті түйіліп,
«Бер, Латым» деп сиынып,
Жауап алып Зарқұмнан,
Әлиге келді тігіліп.

2530 Мәлак сонда айтады:
— Палуан араб, неттің сен?
Жүдә алысып кеттің сен.
Басыңды кесіп алайын,
Ағамды жексен еттің сен.
Мәлактың сөзін есітіп,
Ыза боп Әли қаһармен
Бір ақырды оңданып.
Әли ақырған кезінде,
Мәлакшаның жүрегі
2540 Жарыла жазды толғанып.

Қорыққаннан қылышын
Сілтеді бұрын ол барып,
Қатты Әли қозғалып,
Ұстады барып белінен.
Барлық күшін қолға алып,
Жұлып алып атынан,
Алдына басты өңгеріп.
Ишарат қылды ләшкерге,
Алып кет деп тез келіп.
2550 Мұсылманның ішінен
Сексен адам барды да,
Мойнына зінжір салды да,
Ұстап байлап ап барды
Пайғамбардың алдына.
Әли өлмей қалған соң,
Бітеді кәпір мәресі,
Еш қалмайды бөрінің
Мұны көріп зәресі.

Және шықты майданға
2560 Қайраты тасып Әлидің.
Қақан көріп бұл ісін,
Пенде қылған інісін,
Белінен алып мойнына
Байлады Қақан қылышын.
«Өзім барып Әлидің,
Көрейін, — деп, — ұрысын».
Әбу Ысқақ дегені
Көтерер еді жарағын,
Күніге тартып азабын.
2570 Сиясатын Қақанның
Айтып болмас тарабын.
Қақан келді оттай боп,
Керіктің мініп үстіне.
Болат еді қалқаны,
Байлады оны кептіне.
Он екі мың батпан салмағы
Қалқанын киді басына.
Екі жүз кез найзасы

- 2580 Ұшына болат салынған,
Дулығасын көтерді
Дүрри, жақұт қағылған.
Алтын-күміс жарағы
Жалтырап күнге шағылған.
Жиырма бір кез қылышы,
Жеті кез еді бір алмас,
Белгілі еді мұнысы.
«Уақытын тауып шапсам» деп,
Алды соны қолына,
Асты ердің мойнына.
- 2590 Сонша қымбат жарақты
Киді жалғыз төніне.
Жаһаннан асты сәулеті,
Келді ләшкер ішіне.
Қорғандай болып қауметі,
Көзіне халық көріне.
Мінген керігін ойнатып,
Майданның келді жеріне.

- Айбат етіп сол уақта,
Сөйледі Қақан Әлиге:
- 2600 — Мөлакхан, Қақан, ол Салар,
Көні, екі ініміз?
Өлтіремін мен сені,
Жүректе қалды шеріміз.
Жаныңа қайғы салайын,
Басыңды кесіп алайын,
Сүйегінді ұндайын.
Берірек, Әли, кел, — деді.
Болаттан тамам жарағы,
Тажалға ұқсас сияғы.
- 2610 Қақанды көріп мұсылман,
Шошиды бастан-аяғы,
Айбатына қалды қайран,
Пікірде болды мұсылман.
Саясатпен осындай
Сөз сөйледі ол Қақан:
— Әуелгі кезде көріп ем,

- Майданда сен тұр едің.
Мен сені онда ойламай,
Тамаша қылып жүр едім.
- 2620 Өлтіріп мына екі ерді,
Басыңа бөле тіледің.
Күшімді енді сынарсың,
Сенің өзің кім едің?
Осынша істі қыласың,
Шақтамайсың әліңді.
Салардай қылып төгейін,
Бүгін сенің қаныңды.
Атағың кімсің, намыңды?
Сонда Әли сөйледі:
- 2630 — Менім атым Әлимін,
Дарақты, тауды көшірген,
Сендей неше кәпірді
Жер астына түсірген.
Дүниедегі менменнің
Өлтіріп намын өшірген.
Неше кәпір патшаны
Құлатып тақтан түсірген.
Қанша да болса дұшпаным,
Ешбірі жоқ есірген.
- 2640 Бір Алланың Шерімін,
Тәрбият қылып өсірген.
Мұндай неше жанжалдың
Нешесін бастан кешірген.
Астын-үстін қылғанмын,
Таулардың атып тастарын.
Аждаһа мен дәулердің
Кескенмін талай бастарын.
Зарқұмдай неше патшаның
Қылғанмын жексен ләшкерін.
- 2650 Жер жүзінде қаланы
Дал-дал қылған күштерім.
Дүниеде саны жоқ
Әрбір қылған істерім.
Қарсыласып ұрыссаң,
Қолыма сен де түскенің.

- Мұны айтып Әли тұрғанда,
Мекерлік Қақан бастады.
Қолында үш мың көмандты
Әлиге қарап тастады.
- 2660 Керігін қайырып, көмандты
Кейін тарта бастады.
Көмандына Қақанның
Әли Хайдар сол жерде
Шырмалып түсіп қалады.
Алтын егәр үстіне
Бір ұшын орай салады.
Мінген керігін ойнатып,
Тартып Қақан барады,
Тебініп керігін жүреді.
- 2670 Шырмалғанын білген соң,
Үзеңгіге аяғын
Бекітіп Әли тіреді.
Көмандқа Әли түскенін
Барша ләшкер біледі,
Пайғамбар Құда көреді.
«Ессіз менім Әлиім» деп,
Көңіліне қайғы кіреді.
Бөкір, Омар, Оспандар,
Хасен, Хұсайын шаһзада,
- 2680 Жамиғы тұрған сахаба,
«Сақтай көр, — деп, — Әлиді»,
Құдайдан шындап тіледі.
«Тимегей, — деп, — зарары»,
Он сегіз ұлы Әлидің
Көздерінің жанары.
Ол Мұқамбет-Әнапия
Суырып қылышын алады.
«Рахбарым, атам» деп,
Майданға шауып барады.
- 2690 Әлидің халін көрген соң,
Қалмады сабыр-қарары.
Зарқұмның ұлы ер Қайсар,
Ат қойды бұ да сол махал.
Әнапияны бағыттап,

- Майданға келді барабар.
Қарсы шауып беттесті
Әнапия, ол Қайсар.
Жағаласып тіктесті,
Ерегесіп шектесті,
2700 Бірін-бірі алмаса,
Ерегеспен бітпес-ті.
- Бұлардың төте жанжалы
Бітпейтұғын көрінді.
Әли, Қақан екеуі
Тартып тұр көмандты.
Қамшы ұрып, керігін тебініп,
Зор беріп Қақан тартады.
Қозғалта алмады Әлиді,
Келтіріп күштің бөріні.
2710 Халыққа тұр көрініп
Жетпеген күштің қарымы.
Екі жақта қарап тұр
Кәпір менен мұсылман.
Неше тартты ол Қақан,
Тозаң болды жер, жаһан.
Ашулары Әлидің
Сонда қатты кеп кетті.
Ақырып тұрып Дүлдүлге
Екі аяғын берік етті.
2720 Қаһарланған ашумен,
Барлық қайрат-күшімен
Денелерін тербетті.
Үш жүз мың батпан арқанды
Тарта-тарта екі ер,
Пара-пара боп кетті.
- Сол уақытта Әлидің
Долдығына шыдамай,
Көзі толды жасына.
Зұлшықарын суырып,
2730 Қақанға Әли ұмтылды
Шабайын деп басына.

- Сәдуақас сол жерде
Жақын келді қасына.
Құлағына ақырын,
Сыбырлады құпия:
— Майданға кірді ұлыңыз
Ол Мұқамбет-Әнапия.
Қайтарыңыз майданнан,
Болды мұндай оқиға.
- 2740 Мұны естіп Әлидің
Қалмады сабыр-қарары.
Қақанды қойып ер Әли
Әнапияға жөнелді.
Жеткенінше асығып,
Тақаты қалмай келеді.
Жетіп барып ұғылына
Осы сөзді айтады:
— Майданнан қайт, қарағым,
Көзімнің нұры, жанарым.
- 2750 Бұл атаңның сырынан
Көңіліңнің жоқ па хабары?
Қақандай талай дұшпанның
Көр қылмаған зарары.
Неше мұндай көмандты
Бұл атаң сенің үзген-ді.
Қақан менен Қайсардай
Көп баһадүр наханның,
Қарғаларға жем қылып,
Кәллаларын үзген-дүр.
- 2760 Неше көпір патшаның
Шаһарларын талқан қып,
Қалаларын бұзған-дүр.
Бұл атаңның, е, балам,
Аңдамап па ең шерлігін?
Мен Қақанмен ұрысайын,
Кейін барып, ей, қозым,
Тамашаны көр бүгін.
Мен майданға барайын,
Ләшкерге қайтып сен бұрыл.

- 2770 Бұл сөзден соң Әнапия
Ләшкерге барды қайырылып.
Ол Қақанның қасына
Әли барды қайырылып.
Әлиді Қақан көреді,
Қайта жүрді бұрылып,
Қарсы келді ұрынып.
Әли сонда сөйледі,
Көңіліне шаттық кіріліп:
— Лағнеті, е, Қақан,
- 2780 Қанша әлің бар, айт маған.
Бүгін енді өзір бол,
Қылайын сені жер-жексен.
Мұны айтып Әли ақырды,
Тітіреді көпір, мұсылман.
Қақан да сонда сөйледі:
— Менім атым Қақанмын,
Қаһарман, Рүстем қатармын.
Атым мәшһүр, шыққанмын,
Күрескенді жыққанмын.
- 2790 Салтанатты патшаның
Шән-саукатын бұзғанмын.
Не ерлердің көлласын
Семсерменен үзгенмін.
Ерлікпенен Зарқұмға
Еріп жүріп жасымнан,
Бұл жанжалды мендағы
Көп кешірдім басымнан.
Шындап ұрыс қылсам, сен
Құтылмассың қашқанмен.
- 2800 Қолыма түскен қанша ер,
Амандықты қаласаң,
Зарқұмға барып сәлем бер.
Менім әрне салтанат
Шатырымды барып көр.
Мұны қабыл қылмасаң,
Қылайын сені жексен-жер.
Сонда Әли сөйледі:
— Көп айтасың сөзіңді,

- Дәріп қылып өзіңді.
2810 Ұрыс керек, сөз бекер,
Майданда жүрген кезіңде.
Өзіңе мәлім өз әлің,
Шошымас менім еш жаным.
Бұрынғыңда мен жоқпын,
Өзір күшті қыл мәлім.
Мұны естіп Әлиден,
Қаһарын Қақан келтіріп,
Қолындағы найзасын
Әлиге салды итеріп,
2820 Күрзіменен бір ұрды
Найзасын Әли Қақанның.
Қағып ұрып сындырды,
Найзасы жоқ боп кідірді.
Кәрденіне Қақанның,
Найзасын Әли бір ұрды.
Қылмады оған бұл залал,
Бұл найзаны қылмай кәр.
Суырып алып қылышын,
Салыса берді барабар.
2830 Екеуі де сол жерде
Қағысты, төнге жеткізбей,
Бір-бірінің қылышын.
Екі ләшкер қарасып,
Тамаша қылды ұрысын.

- Онан кейін екеуі
Майдандасып жүрісті,
Неше харба қылысты.
Ұлы сәске уақыттан
Кешке дейін ұрысты.
2840 Кешке Әли қаһар қып,
Бір сілтеді қылышты.
Жара түсті Қақанға,
Өтпесе де денеге,
Қақанның басы кеңгіріп,
Бейдәрмен болды көңілі.
Керігімен көшкен бұлттай,

- Қақан қашты көбіне.
Әли қуып артынан,
Жақындап барып шамалы,
2850 Зұлпықармен бір ұрып,
Қақанның керігін жығады.
Және бір керік мінеді,
Және қарсы келеді.
Зұлпықармен ұрғанда,
Ол керігі тағы өледі.
Жаңалап керік мінеді,
Дембе-дем бөрі өледі.
Қалқан мен өтпей сауыттан,
Аттарын семсер бөледі.
2860 Көпірлер пұтқа табынып,
Мұсылман Аққа жалынып
Ұрса-ұрса палуандар,
Өздері қалды сабылып.
Мұсылман айтып Алласын,
Екі ер майдан ішінде
Қылып жүр жанның айласын.
Әлиге Қақан сілтеді,
Жеткізем деп алмасын.
Алмасты ол ұстады,
2870 Қалқан қылмай далдасын.
Бір алмасқа тартысты,
Көбейтіп жанжал-ғауғасын.
Ортада тұр бір алмас,
Екі ер де күшінде.
Жұлып алса қайбірі,
Ұрмақшы тездеп ішіне.
Неше мәрте жұлқысты
Бір алмастың ісіне.
Айтарлықтай бұл жолы
2880 Әли қайрат келтірді.
Бұл таласта ол Қақан
Он екі піл, он керік
Сындырып белін өлтірді.
Бұл тартыста ол алмас
Әлидің келді қолына.

Жұлып алып ер Әли,
Кәпірдің атты тобына.
Ол алмас кесіп сол жерде,
Жетпіс кәпір өледі.

- 2890 Күн батарға барған соң,
Ажырады екеуі.
Қақан қалды сол жерде,
Әли қайтып жөнелді.
Жай-жайына қайтысты,
Қарар алып жатысты.
Таң атқан соң аттанып,
Майданға сапты тартысты.
Кәпір менен мұсылман
Бір-біріне қарады.
- 2900 Толған айдай Мұқамбет
Ту түбінде тұрады.
Әли түсіп Дүлдүлден,
Пайғамбары Құдадан
Қол жайып бата сұрады.
Пайғамбардан бата алып,
Дүлдүліне қамшы ұрып,
Майданға шауып барады.
Жер мен көкті тітіретіп,
Ақырып айқай салады.
- 2910 Қақан шықты ол жақтан,
Әли шыққан кезінде.
Сөйледі Қақан со күнде:
— Енді сенің, әй, араб,
Мыңдаған жаның болса да,
Қоймаспын бірін өзіңде.
Жауатұғын бұлттай,
Қаға-қаға дабылын,
Әли келді жуықтай.
— Е, баһадүр, кел енді,
- 2920 Ырза бүгін бол енді.
Қарсы келіп сен маған,
Күшімді менім көр енді.
Сонда Әли сөйледі:

- Не оттап тұрсың сен, Қақан,
Көрсет күшті сен, надан.
Қолымда өлген майданда
Сендей неше палуан.
Бекерге сен де өлерсің,
Онан да болғын мұсылман.
- 2930 Өгар қабыл қылмасаң,
Түбіңе жетер бұл майдан.
Майданда сөз не керек,
Ерлігің болса, қыл, Қақан.
Сонда Қақан күрзісін
Көтеріп алды қолына,
Егардың алып қасынан.
Ұрғызбастан күрзінің
Ұстады Әли басынан.
Екеуі жақын жанасты,
- 2940 Бір күрзіге таласты.
Кәпір менен мұсылман
Тамашаға қарасты.
Қақаннан күрзі бөлінді,
Әлидің кетті қолында,
Келтірді Құдай оңына.
Лақтырып жіберді
Кәпірлердің тобына.
Быж-тыж боп қаша жөнеді
Қалың әскер бұрынғы,
- 2950 «Қалмайық, — деп, — астында» .
Өрекет бұрын қылынды,
Әні-міні дегенше,
Күрзі де барып ұрынды.
Салмағымен күрзінің
Қырық алты көпір қырылды.
Үріккен қойдай көпірлер,
Сүрлігісіп жүрілді.
Суырып алып қылышын,
Қақанды келіп бір ұрды.
- 2960 Дулығасы Қақанның
Үлкен еді қорғандай.
Көр қылмады басына,

- Бұл қылышты ұрғанда-ай.
О да шапты қылышты,
Бұ да шауып тұрғанда-ай.
Онан кейін екеуі
Салысып кетті барабар.
Үсті тозаң, шаң болды,
Қараңғылық мұнарлар.
2970 Қайсысы қалып болғанын,
Болмады ешкім хабардар.
Ақырған сайын ер Әли,
Тітіреп қалар көпірлер.
Алысып жүрген бұлардың
Естіледі дабысы.
Күрзімен ұрған бір-бірін,
Шақылдайды дауысы.
Қаһарлары келісіп,
Қайраты әбден толысып,
2980 Ысқырысқан демдері
Аждаһадай жұлысып.
Бірін-бірі жықпады еш,
Болып кетті күн де кеш.
Бірін-бірі жібермей,
Тағы да болды көңілі өш.
Екі жақтан жарық боп,
Масала әбден жағылды.
Екі дәудің қылышы
Шапылдасып шабылды.
2990 Саясатқа ләшкерлер
Қағып тұрар дабылды.
- Таңдар атып, күн шықты,
Алысып екі ер бұл шықты.
Қыза-қыза екеуі,
Ерегесіп өшікті.
Бірін-бірі ала алмай,
Жеті күн-түн ұрысып,
Біріер дамыл алмады.
Айырылысып кетпекке,
3000 Біріне-бірі болмайды.

- Әли мінді күшіне,
Қақанның көзі қарайды.
Денеден кетіп дәрмені,
Әлиден жауап сұрайды:
— Жеті күндей ұрыстық,
Тағам татпай тұрыстық.
Ешбір дамыл ала алмай,
Ұрыспенен жүрістік.
Маған енді жауап бер,
3010 Қосыма қарап жөнейін.
Кешірімді деуші еді,
Ерлігіңе сенейін,
Ауқат қылып келейін.
Сен менім көн сөзіме,
Мен де саған көнейін.
Осыдан, әгар, Әли Хайдар,
Өтірік айтсам өлейін.
Сонда Әли сөйледі:
— Лап ұрғаннан жоқ еді,
3020 Ешбір, сірә, кеміңіз.
Ол уақыттай болмады
Бұл уақытта деміңіз.
Ұрысқан ер уәдесін,
Сырттағы сөзге сенбей,
Көріп-біліп сеніңіз.
Ұйықтамасаң ас ішпей,
Жеңіл тартар денеңіз.
Саған берер жауап жоқ,
Ұрысқа, батыр, келіңіз.
- 3030 Тағы Қақан сөйледі:
— Е, арабтың палуаны,
Бөрі сынды ұрыста,
Жарағым жоқ қалғаны.
Өзің жауап бермесең,
Жаңалап қайта алғалы,
Бар жарағым сынғаны.
Қосқа барып оларды,
Қылдырып алар күн, көні?

- Киімдерді тастасақ,
3040 Жаяу күрес бастасақ.
Болмаса бір сөз айтайын,
Бұған бар ма көңіліңіз,
Мұны қабыл қылғалы.
Әли айтты: — Ендеше,
Қабыл көрдім сөзіңді,
Түс керіктен, көресің,
Жеңілте бер өзіңді.
Арманменен өлмегін,
Майдан қылар кезіңде.
3050 Бұл сөзді Қақан есіткен,
Қарғып түсті керіктен.
Мұны көріп «Алла» деп,
Әли де түсті Дүлдүлден.
Әли алды батаны
Пайғамбары Құдадан.
Қақан да сонда қол жайып,
Зарқұмнан рұқсат сұраған.
Екі палуан ұстасты
Қоян-қолтық болысып,
3060 Әли мен Қақан екеуі
Күрес қылды шынымен,
Аяныспай ділімен,
Жер сүдігер болады,
Сүйрелескен зілімен.
Түн болғанша күресті,
Қыла берді түнімен.
Әлиді Қақан сілтесе,
Қара жер болған сүдігер.
Қақанды Әли сілтесе,
3070 Қимылдар еді қара жер.
Түн өтіп, тағы күн шықты,
Күресу менен екі ер.
Кәпір менен мұсылман
Екі ерге тәсілім дер.

Ұстасып бұлар тұрғанда,
Ұлы сәске болғанда,

- Әнапия — ұлы Әлидің
Белгілі араб еліне
Қарап тұрып қайраты,
3080 Сыймай кетті төніне.
Жетіп келді майданға,
Сыбанып екі білегін.
Жыға алмай жүрген атасын
Әнапия көрді де,
Сұсты етіп реңін,
Көрініс беріп халқынан,
«Алла ғаләм Бір уа Бар».
Қасына келіп Әлидің,
Бұл сөздерді қылды заһир.
3090 — Жыға алмадың Қақанды,
Қартайдың, иә, атажан,
Бұрынғыдай күшің жоқ,
Есітерге намың бар.
Бұл Қақанның қолында
Осынша болдың кіріптар.
Жеті күндей ұрыстың,
Тамақ татпай тұрыстың.
Жеті күн, түн ұрыстың,
Барабар болып тұрыстың.
3100 Қайратыңның барлығын,
Ит Қақанға түгестің.
Айналайын, атамыз,
Шыдай алмай ісіңе,
Жүгіріп келді ботаңыз.
Сізден тілек тіледім,
Маған жауап беріңіз.
Менім қайрат-күшімді
Тамаша етіп көріңіз.
Медет берсе Құдайым,
3110 Бұл Қақанды ертерек
Көтеріп жерге ұрайын.
Берші маған, атажан,
Сүйегін ұндай қылайын.
Бермесеңіз рұқсат,
Ұрғын жерге Қақанды,

- Жайыма барып тұрайын.
Бұл сөзді естіп баладан,
Әли қылып намыс, ар.
— Әй, бейәдеп, әрі бар.
- 3120 Ашуы келіп сөзіне,
Қалқанынан түктері
Тесіп өтті сыртына,
Адам қарап болмастай
Сол кездегі порымына.
Көтеріп алды Қақанды,
Қаңбақтай қылып қолына,
Келтірді Құдай оңына.
Әли Шердің басында
Айналып Қақан жүрілді.
- 3130 Тұрмастай етіп қаһармен
Лақтырып жерге ұрды.
Салмағымен ол Қақан
Жерге барып көмілді.
Ишаратпен Әли Хайдар
Пайғамбарға қарады.
Үш жүз әскер қолына
Бес көмандты алады.
Даярланып Қақанға
Жүгіріп жетіп барады.
- 3140 Машақатпен Қақанды
Жабылып байлап алады.
Кәпірлерді күңіrentіп,
Көңілдерін кірлентіп,
Пайғамбары Құданың
Алдына алып барады.
Таудай қылып сүйретіп,
Қабырғасын күйретіп,
Шақ келмейтін еш адам
Мұның қайрат-күшіне.
- 3150 Кәзір енді қараңдар,
Басына түскен ісіне.
Мұны көріп ол Зарқұм,
Басын тартты ішіне.
— Ой, Қақаным, балам-ай,

- Денемнен шықты жаным-ай.
Сенігім де сол еді,
Барабар келген Әлиге-ай.
Ессіз ерлер үзілді,
Салтанат бізден бұзылды.
- 3160 Бір-ақ ұрып сол күнде,
Екі көзі жұмылды.
- Әли жарақ киінді,
Мұсылмандар сүйінді.
Және шығып майданға,
Ойнатып тұрды Дүлдүлді.
Әли Хайдар сөйледі:
— Бұл ұрысты қой, — деді,
Мұсылман бәрің бол, — деді.
Зарқұмға қарап айтады:
- 3170 — Не себепті ләшкерің
Мұнша кеш боп кідірді.
Тез шықпаса палуаның,
Уақыты соғыс өтеді,
Бұл ұрыспақ нәубеті,
Өзіңе кезек жетеді.
Бұл сөзді Зарқұм есітіп,
Мәлакханды бұйырды.
Атақты ол һәм ер еді,
Тездеп айтып ерледі.
- 3180 Саясат сұсты мұның да
Қақаннан да зор еді.
Сиынып әді ат мініп,
Әлиге жетіп келеді.
Әли сонда сөйледі:
— Өлсең күнің қараң-ды,
Маған сен де келдің бе?
Бейхұдайы талапты.
Мақсатың қайсы, бейшара,
Хал-дәрменің қалмапты.
- 3190 Жақсы еді, болсаң мұсылман,
Көңіліңде қалмас ой-арман.
Мұсылман болып өлгендер,

- Бейіште болар шадыман.
Сөйледі сонда Мөлақхан:
— Мен бұл сөзден қам жемес,
Қақаннан күшім кем емес.
Алдап оны жыққансың,
Алданар ондай мен емес.
Сенбеймін кебіңе,
3200 Сенің ондай лебіңе.
Күрзіменен ұрайын,
Қайратыңды көрейін.
Латым берсе абырой,
Қара жерге теңейін.
Маған беріп, е, араб,
Нәубетті, тұршы сиынып.
Кәлланды қағып алайын,
Күрзіменен бір ұрып.
Мұны айтып Мөлақхан,
3210 Жетіп келді Әлидің
Жақынырақ қасына,
Салып кетті басына.
Тау мен тастар жаңғырықты
Бұл күрзінің даусына.
Әлидің басы қаңғырықты,
Көзінен жас пен от шықты,
Ол күрзінің зарпы ұрды.
От пенен су парылдап,
Көзі толды жасына.
3220 Көшкендей болып тау мен тас,
Айналып кетті басы да.
Атын бұрып ер Әли,
Қайтып келді мең-зең боп
Пайғамбардың қасына.
Келіп Әли сөйледі:
— Пайғамбар, дұға қылыңыз,
Зарып болды көзім, біліңіз.
Пайғамбар әзиз қолымен
Түкірік жақты көзіне,
3230 Сахат болды тезіне.
«Майданға барғын, балам» деп,

- Рұқсат берді өзіне.
Дұғасымен Мұқамбет
Көзі тапты құп сахат.
Мөлакханға барды Әли,
Ашуы келіп қабағат.
— Келгін енді, баһадүр,
Бізге нәубет беріп тұр.
Әуелі ұрдың, мен тұрдым,
3240 Ұрайын мен де сені бір.
Кәпір айтты: — Тұрайын,
Кезегіңді берейін,
Зарпыңды сенің көрейін.
Осыны айтып Мөлакхан,
Ұстады қалқан басына.
Сонда Әли ұмтылды,
Зұлпықарын суырып
Шапшаңдап барып бір ұрды.
Қаһармен Шері салыпты,
3250 Екі бөліп зұлпықар,
Жерді барып қауыпты.
«Зұлпықарды ұста» деп,
Жіберді Алла мәлікті.
Жетпесе өгар Жәбірейіл,
Кесер екен зұлпықар
Жердегі өгіз балықты.
Мөлакхан тұрып сөйледі:
— Күшің сенің осы ма,
Бар ма қайтып ұрарың?
3260 Лап етіп ең бағана,
Кәні, зарар қылғаның?
Бит шаққандай болмады,
Осы ма Әли дәрменің.
Әли сонда сөйледі:
— Қылышым менім құп өткір,
Өткенін денең білмей тұр.
Сенбесең, өзіңді
Қимылдатып көрші бір.
Мұны естіп Әлиден,
3270 Қимылдады ол кәпір.

- Қарап тұрған жерінде
Аты мен өзі айырылып,
Денесі екі бөлінді.
Жарқырап жайрап қалғаны
Халыққа айқын көрінді.
Әр тілекті осындай
Бергейдағы бір Құдай.
Шадыман болып дәл сонда,
Мұсылмандар сүйінді,
3280 Кәпірлер жаман күйінді.
Мәлақтың халін көрген соң,
Майданнан адам тыйылды.
- Әли және майданға
Ойнатып барды Дүлдүлді.
«Талапкер» деп шақырды,
Бұл шақырған дауысы
Қорқытты тамам көшірді.
«Майданға шапшаң келсін!» деп,
Қаһарланып ақырды.
3290 Әли айтты көпірге:
— Келгеніңді ұрайын,
Мәлакхандай қылайын.
Мұсылман әгар болмасаң,
Бәріңді де қырайын.
Зарқұм сонда Әлидің
Бере алмай жауап сөзіне,
Тұра алмай қарап жүзіне,
Бір-бірімен кеңесіп,
Ақыл салды көбіне.
3300 Шамақ қылып тұрысты,
Атының басын бұрысты,
Тегіс қайтып майданнан,
Шаһарына кірісті.
Дарбазасын бекітіп,
Ақиқаттап тиыш қылысты.
Көмілді тамам дарбаза,
Саранжам, мылтық андаза.
Есті, басты адамдар,

- Бәрі тамам жиылды,
3310 Әңгіме болды дандама.
Уәзірлерін шақырып,
Сонда Зарқұм сөйледі:
— Ақылдасқын бөріңіз,
Бөріміздің қамымыз.
Ұрысынан Әлидің
Шошып қалды жанымыз.
Күніміз өзір қарап-ты,
Заһар қылды шарапты.
Басқа еңбек қылдырдық,
3320 Сағынып алған арабты.
Енді қылсақ болады
Қай секілді талапты,
Ұрысар палуан қалмапты.
Енді кеңес, ақыл не,
Көпшілікке мақұл не.
Сөзіңді айтып, уәзірлер,
Қасыма бері жақын кел.
Кеңес қалай, кеп қалай?
Енді бұған еп қалай?
3330 Бөріңдағы айтыңдар,
Ішке бекер сақтамай.
Қамалып дәйім жатпаймыз,
Ұрысып пайда таппаймыз.
Несіп қылып басқарып,
Бұл жұртты аман сақтаймыз.
- Сонда отырып баршасы,
Уәзірлер мен сапалар,
Ішіне қайғы толтырды.
Мойындарын пәс қылып,
3340 Пікір ойлап отырды.
Бір уәзірі бар еді,
Ақылы артық дана еді.
Өзгелерден ол уәзір
Жоғары басын көтерді,
Зарқұмға қарап сөйледі:
— Шаһым менім, арызым бұл,

- Ойласумен болдық сел.
Бір сенген еріміз,
Әуелі кетті Жанәбіл.
- 3350 Жанәбілді қоймады,
Өзгені аман қоймас бұл.
Лақтырып көкке атып,
Қайтарды соны жұлдыздан.
Жанәбіл кеткен уақытта,
Күдер үздік ұл-қыздан.
Хұсусан бәрібір Әли
Баршаны бархам қылғызған.
Қыртас, Хашам, Махәбіл,
Жанәбіл ісін тынғызған.
- 3360 Хаман менен Сұхрапты,
Мұны да бархам қылғызған.
Біріңе қоспай біріңді,
Екі арасат ұрысты,
Сансыз ерлер қырылды.
Осы болған ұрыстан
Ат өлікке сүрінді.
Әсіресе Әлиің
Ада қылды түбінде.
- 3370 Көп адамнан дерек жоқ,
Күн асқан сайын қиын боп,
Көп палуан ерлердің,
Ажалы жетті бөрінің.
Әділер мен зәңгіні
Қаламдады қылышы.
Онан аман қалмады
Ұрысқан ердің бірісі.
Онан кейін пілді атып,
Зәңгілерді қырысты.
Кәні, Салар, Мәлакхан?
- 3380 Қиямет екен ұрысы,
Онан соңғы Қақанды,
Талай ер өліп, бұ қалды.
Ол ерлер бізге қайда енді.
Жалғыз Әли бұ қылып,
Аттырмай тұр таңыңды,

- Дал-дал қылып ордаңды,
Қасты бізді қырмақ-ты,
Қан саптырып тұрмақ-ты.
Сол ерлерді білмеді,
3390 Ер деп көзге ілмеді.
Не арыстан ұстандар
Арманмен өліп жөнелді.
Кім ұрысса талап қып,
Қанша да болса өледі.
Таң атқан соң майданға,
Әли тағы келеді.
Бұл Әлиге, жақсылар,
Ақылды бүгін таппасақ,
Басымыз қалар бөлеге.
3400 Сіздер мақұл көрсеңіз,
Ойыма бір сөз келеді.
Басқаны мұнан білмеймін,
Адам емес бұл деймін.
Бірнеше қандек қазғызып,
Басыңның қамын қыл деймін.
Кәзірден бастап әскерге
Бұйырсаңыз мен деймін.
Майдан жерге зәңгіні,
Кемандаз бен тарандаз
3410 Ор жағалай жатқызсақ,
Түннен шығып орасақ.
Майданда таңды атқызсақ,
Жасақ байлап сап тартсақ.
Ұрысқа дәста түзесек,
Мәгәрлік майдан іздесек.
«Тез майданға келсін» деп,
Бір адамды жіберсек.
Қандектен әрмен ол барса,
Арабтардың қасына,
3420 Айқайласа ақырып,
Әлидің салып даусына:
— Қайсың бүгін шықсаң да,
Өлімге етем ашына.
Не қылып тұрсың тез шықпай,

- Әли, тірі барсың ба?
Естіген соң бұл сөзді,
Әли шығар ол жақтан.
Және мініп қаһарына,
Келе жатқан Әлидің
3430 Қорыққансып доғынан,
Қандек ішін аралап,
Қашса көрген жолымен.
Қатуланып ондан соң,
Әли қуар соңынан.
Қандекке келіп жығылар
Хабарының жоғынан.
Аңдып жатқан көмандаз
Оққа тұтар тобымен.
Біз де атты қоярмыз,
3440 Қоймаспыз және онымен.
Латымыз бізге жар болса,
Өлтірерміз сонымен.
Көңіліме осы келгені,
Көрмеймін мақұл өңгені.
Бұл сөзіне әскердің,
«Мақұл» деді бөрісі,
Үлкен-кіші, көрісі.
Ер өлімі намысы,
Қорқақтың қамы жанысы.
3450 Көзіне қарсы шыға алмай,
Осылай болды мәнісі.
- Бұл сөзді мақұл көрісті.
Түн ішінде зәңгіні
Майданға айдап жүрісті.
Алла берсін ақырын,
Кәпірлер қылды бір істі,
Қазды екі жүз құдықты.
Тереңдігін құдықтың
Екі жүз кезден қылысты.
3460 Қандекті терең берік қылды,
Жағасына арық қылды.
Шөп-шалам салып бетіне,

Тосын кісі білместей,
Айласын кәпір асырды.
Кәмандаз бен тарандаз,
Шұқырға бәрін жасырды.
«Жатыңдар, — деп, — өзір боп,
Білмесін, — деп, — бұл сырды»,
Осылай деп айтыпты.
3470 Саранжам қылып болған соң,
Шаһарына қайтыпты.

Құдіреттің өзелде,
Өркімге болса тағдыры.
Сол тағдыры біткенше,
Пенденің қалмас қабдылы.
Берген дәмнің баршасы,
Жаратқан Жаппар Құдайдың,
Өзіне аян барша ісі.
Есерлігің қайтармас
3480 Алланың берген дәулетін.
Ақыл, айла қандырмас,
Ажал менен меһнатын.
Айдап жүрер әр жерге,
Бұйырса ішер шәрбатын.
Көруге тағдыр болған жер,
Көргенше қашан базардай.
Несібең ада болған жер,
Құтылғанша мазардай.
Мұның бәрін бір Алла
3490 Пешенеңе жазардай.
Бітіп қояр өзелде
Құдіреттің қаламы-ай.
Ұнауынан Құданың,
Еш артық-кем болар ма-ай.
Өзелде тағдыр болған соң,
Пайғамбар қалды болжамай.
Әй, жамғат, мұны көр,
Алладан тағдыр болмаса,
Қазылар ма еді-ай қара жер?
3500 Жаратқан Жаппар Құданың

Құдіретіне тахсин дер.
Бірі де бөтен болмады,
Алланың сүйер пендесі,
Біреуі досы, бірі шер.

- Таңға жақын уақытта,
Қандекті қарап қайтқан соң,
Біләл азан айтқан соң,
Пайғамбарым имам боп,
Оқиды намаз памдатты.
- 3510 Түн өтіп, таң атқан соң,
Уақтылы күн шықты,
Жалбырап тамам ту шықты.
Ұрысқа дәста түзетіп,
Кәпірлерден есепсіз
Сарынменен шу шықты.
Зарқұмнан ләшкер ағылды,
Сап тартып қақты дабылды.
Мұны көріп мұсылман,
Келді майдан жеріне.
- 3520 Пайғамбар Құда нұрланып,
Тұрды тудың түбінде.
Зарқұм да тұр үміт қып,
Басшылық етіп көбіне.
«Жасырын қылған ісіміз,
Келгей де, — деп, — ебіне».
Мұсылмандар келіп тұр,
Зікір айтып төсбімен.
Қарсы келіп Зарқұм тұр
Мың бір қиял пікірмен.
- 3530 Бір палуаны бар еді,
Атын Хашам дер еді.
Соған айтты неше сөз:
— Сен майданға барғын тез.
Абайлап өткін қандектен.
Сен майданға барған соң,
Әли де келер ол жақтан.
Біраз ұрыс қылған боп,

- Бұрылып кейін қаша гөр.
Ұстап алып қалмасын,
3540 Атыңа қамшы баса гөр.
Сен өтерсің өзіңнің
Бұрын көрген жолыңмен.
Атына о да қамшы ұрып,
Әли қуар соңыңнан.
Қандекке келіп жығылар
Хабарының жоғынан.
Біз де атты қоярмыз,
Қоймаспыз және оныңмен.
Сонда Хашамға ұнады:
3550 «Латымыз жар болса,
Өлтірерміз сонымен».
Көңіліне бұл сөз түйініп,
Шауып кетті сүйініп.
Сәулетпен барды майданға,
Жарақтарын киініп.
Бір ақырды ол Хашам,
Майданға барып сол заман:
— Тез келгін, — деп, — мұсылман,
Майдан ығын қылғалы,
3560 Келдім, бүгін қызыл қан.
Көңілімдегі талабым,
Келсе әгар алдыма
Әли деген палуан.
Естіледі Әлиге
Хашамның айтқан хабары.
Әлидің тағат қыларға
Қалмады сабыр-қарары.
Самсам деген қылышын
Суырып алып белінен,
3570 Кәпірге қарап жөнелді,
Қаһарланған демімен.
Адам қарап болмайды,
Ызғарлы айбат беттері.
Мұны көріп Хашамның
Жүрегі тоқтау етпеді.
Бұрылып кейін жөнелді,

- Қандегіне жеткелі.
Қашты Хашам зырқырап,
Сақтанып тұрған бұрыннан,
3580 Қандек ішін аралап,
Өтті аман жолымен.
Ұстамақ болып тығыздап,
Әли құды соңынан.
Екі көзі Хашамда,
Қандектен хабар жоғынан.
Тоқталып Дүлдүл кідірді,
Ілгері баспай мүдірді.
Ашуы келіп Дүлдүлге
Қамшымен Әли бір ұрды.
3590 Ілгері Дүлдүл жүрмеді,
Әли мұны білмеді.
Және қамшы көтеріп,
Дүлдүлге қарап сөйледі:
— Тоқтамаушы еді еш жерге
Мұнан бұрын тұяғың.
Бұрынғыдай болмады,
Бұзылды сенің сияғың.
Лайық па деп өзіңе,
Осы жеген таяғың?
3600 Жете алмай қуып қашқанды,
Қырқылды ма аяғың?
Осыны айтып ер Әли,
Қаһарланып Дүлдүлді
Қамшымен және бір ұрды.
Санына қамшы тиген соң,
Көзі жанды от болып,
Кідіруге шегініп,
Енді шара жоқ болып,
Шашырап Дүлдүл қарғыды,
3610 Төрт аяғы топ болып.
Екі жүз қандек үстінен,
Бір секіріп өткенде,
Екі аяғы алдыңғы
Жағасына жеткенде,
Шөңгеріліп зынданға
Құлап кетті жоқ болып.

- Кәмандаз бен тарандаз
Тұс-тұсынан жүгірді,
Зынданға барып үңілді.
- 3620 Қатар-қатар көпірлер
Ат қойысып ағылды.
Зынданда байлап алмақ боп,
Һәмма ләшкер жабылды,
Бәрі ойлап бұл ойды.
Мұны көріп Әлидің,
Тағат қылып тұра алмай,
Он сегіз ұлы ат қойды,
Кетіріп тағат-сабырды,
«Атамызға көпірлер,
- 3630 Қылмағай, — деп, — жәбірді».
Бұл әдісті көрген соң,
Паришан болды Пайғамбар.
«Теңсіз шері Әли» деп,
Көңіліне келді көп малал.
«Жау ішінде Әлиді
Сақта, — деп, — өзің, Бір уа Бар,
Көпірге қылма кіріптар».
Жүректері езілді,
Сахабалар, ол үш жар,
- 3640 Бір Аллаға қылып зар.
Он сегіз ұлы Әлидің
Түгел жетті қандекке,
Тамам барша әзиздер
Ұрыс қылды тобымен,
Жүз қайтармай оғынан.
Жиырма екі мың кәмандаз
Ұрысты оңы-солымен.
Бұзып-жарып бара атыр,
Сеңді ашқандай қолымен.
- 3650 Әли түскен қандектен
Көпірлерді қуады,
Бұлттай қылып сырады.
Көпірлер жүр сыртқары,
Қандектің қашып лабынан.
Он сегіз ұлы Әлидің
Қалған жоқ күшін аянып.

- Шах түбіне қарамақ,
Қандектен келіп жәй алып,
Қылыш қанға боялып.
- 3660 Әлидің палуан баласы,
Баһадүрдің марасы.
Атасынан кем емес,
Ұрысын мұның қарашы.
Кәпірге қырғын салады,
Қамысқа қойған алаудай,
Жапырып кетіп барады.
Қандекке барды шамалы,
Өзінен басқа сол кезде,
Қандекте ешкім қалмады.
- 3670 Ол Мұқамбет-Әнапия
Әли түскен қандекке
Еңкейіп келіп қарады,
Екі бүйірін таянып:
— Шах түбінде қалғаның,
Алланың көріп салғанын,
Атажан, жауап беріңіз,
Сөйлеуге келсе мажалың.
Құдықтың аузы аламат,
Қырғын боп тұр қабағат.
- 3680 Жаным сізден садақа,
Мен ұлыңмын Мұқамбет.
Тезірек жауап беріңіз,
Бармысыз, ата, саламат.
Осылай сұрақ болғанда,
Жиырма екі мың көпірден
Жүгіріп еді барлығы.
Не дегенін Әлидің
Білдіртпеді жаңғырығы.
- 3690 Балалардың басына
Түсті күннің тарлығы.
Болды заманақырлар,
Сілтеген қылыш шапырлар.
Әли түскен қандекті
Тағы алып қалды көпірлер.

- Атына мінді «Алла» деп,
Әнапия кемеңгер,
Өзіне тартқан Әлидің,
Жаңа өспірім бала шер.
Алдынан қарсы шығады,
3700 Кез келгенін ұрады.
Қандекке адам жеткізбей,
Қан саптырып тұрады.
Жиырма екі мың еді жау,
Беттетпеді бұларды.
Қандекке көпір жеткізбей,
Қайтарып тұрды бұларды.
Қандекті жүрді айналып,
Бөрі шердей сайланып.
Он сегізі бас қосып,
3710 Қарсы тұрды майдан қып.
Қойға қасқыр шапқандай,
Қамысқа алау жаққандай,
Аянбай қылды ұрысты.
Бұрынғыдан он есе
Балалар қырғын етісті.
Ол Мұқамбет-Әнапия
Орасан қырғын етеді,
Көпірлерді бөлектеп,
Әр жаққа қуып кетеді.
3720 Зынданға келген көпірді
Тұмандай қылып көтерді.
Он сегіз ұлы Әлидің,
Күші басым бөрінің,
Аждаһадай ұрысты,
Құдықты алып тұрысты.
- Ләшкерге Зарқұм ақырды:
— Көрдің бе, — деп, — бұл істі?
Тартынбастан бөрің де,
Ат қойғын, — деді, — Әлиге.
3730 Енді осыдан болмаса,
Күлкі болдық, жақсылар,
Айдай әлем бөріне.

- Мұны естіп ол кәпір,
Мұны естіп кәпірлер,
Ат қойды бәрі ағылып.
Он сегіз ұлдың үстіне
Қонды бәрі жабылып.
Тағы бұлар ұрысты,
Тұра алмады аңырып.
- 3740 Құдықтың аузын бермеді,
Аянбай қылыш сермеді.
Алдын бұлар қайырса,
Артынан және кернеді.
Қалың ләшкер қамасты,
Көтере алмаспен, қылышпен,
Қамшыдай сілтеп сабасты.
Әли түскен қандекке
Қиямет болып таласты.
Қызыл қан судай төгілді,
- 3750 Ат тұяғы көмілді.
Әні-міні дегенше,
Талай ер көрді өлімді.
Бет-бетімен ұрысып,
Он сегіз ұлы Әлидің
Бір-бірінен бөлінді.
Айтарлықтай құрыштап,
Күшейді соғыс со күнде.
Қалың ләшкер қорлады,
Екі жақ таласы зорлады.
- 3760 Қандекті балдар қорғады,
Қорғаса да болмады.
Шауқым салып кәпірлер,
Бұлттай болып орнады.
- Жанәбіл айтты: — Иә, Пайғамбар,
Бұл сөзді қылғын ықтимал.
Ат қойсақ біз де болмай ма,
Кәпірлер бірлө барабар?
Сабыр қылып тұруда,
Бізде қандай себеп бар?!
- 3770 Пайғамбар Құдаға ұнады,

- «Барғын» деп жауап қылады.
Бөрі бірден ат қойды,
Барша асхаб, жамағат,
Болды қырғын қабағат.
Асып кетті жүз есе,
Ұрыстардан бұрынғы.
Мұсылмандар сол күнде
Әрбірі мыңға ұрынды.
Жел айдаған бұлттай,
3780 Қандектен көпір түрілді.
Судай ағып қызыл қан,
Шұқырларға құйылды.
Шымалдай қалың көпірлер
Қандектен зорға құтылды.
Қандекті жеңіп алғанға,
Мұсылмандар сүйініп,
Бөрі келді жиылып.
Үріккен қойдай еліріп,
Қашқан көпір тоқтады,
3790 Әскерін жиып топтады.
Кейін бұрып ат басын,
Майданға қарай оқтады.

- Тағы бір қиял ойланып,
Мұсылмандар сол кезде,
Қандектен қалды жәй алып.
Атынан түсіп Пайғамбар,
Дауыстады қандекке,
Екі қолын таянып:
— Иә, Әли Шер, Арыслан,
3800 Шах түбінде қалғаның,
Бармысың аман-саламат?
Һәммадан артық, қабыланым,
Басымда көп жанжалым.
Хабар білмей өзіңнен,
Тарылып тұр заманым.
Мен — Мұқамбет Мұстафа,
Басыңа келіп тұрғаным.
Құдыққа Шерім түсіріп,

- Кегіп тұр беттен ажарым.
3810 Сөйлеуге болса мажалың,
Сөзіме жауап бер, жаным.
Хал қалай, сақыпқыраным,
Құданың Шері, палуаным.
Мұны айтып тұрғанда,
Кәпірлер тағы ат қойды.
Бұлттай болып күркіреп,
Мұсылманға жабылды.
Есебі жоқ дүркіреп,
Сөйлесуге болмады,
3820 Ұрыстың қамын ойлады.
Әлиден жауап ала алмай,
Көңілі қарар таба алмай,
Пайғамбарым Мұқамбет
Мінді сонда атына,
Найзамен жерді бір тіреп.
Есіттірмеді дауысын,
Не баһадүр айқайлап,
Нар бурадай күркіреп.
Екі жақтың таласы,
3830 Бөрінікі бір тілек.
Кәпір ердің сыңайын
Пайғамбар Құда байқады,
Балаларға айтады:
— Балаларым, барыңыз,
Жанәбілмен бас қосып,
Осы жерде тұрыңыз,
Келгені болса қырыңыз.
Жоламасын кәпірлер
Атаңыздың қасына.
3840 Оρνатайын мен барып
Ақырзаман күндерін
Кәпірлердің басына.
Мұсыбат күнді салайын,
Кегімді сөйтіп алайын.

Мұны айтып Пайғамбар,
Қамқамын алды суырып.

- Қамшы ұрып атына,
Кез келгенін бір шауып,
Апшысын қойды қуырып.
- 3850 Сахабалар жөнелді
Пайғамбардың соңынан.
Бұлар да еріп келеді,
Ат қойып бәрі тобымен,
Ұрысты Зарқұм қолымен.
Жердің жүзі қимылдап,
Адам көп кетті со күнде.
Не алмастар тұтықты,
Қан ішіне көміле.
Не сауыттар сытылды,
- 3860 Шығыршықтай сөгіле.
Тобымен барып дүркіреп,
Кәпірдің ұрды көбіне.
Қырып-жойып апаттап,
Тудың келді түбіне.
Қашқаны болса қуысты,
Қарсы келген ерлерге
Жан аянбай тұрысты.
Он тоғыз шері бас қосып,
Айналып жүріп қандекті,
- 3870 Көп кәпірмен ұрысты,
Жүз қайтармай жүрісті.
Кәллаларын қаламдап,
Сілтесіп жатыр қылышты.
Қырылып қалды адамдар,
Сан мың аттар бос қашып,
Далаға қашып лағар.
Ашып көзді жұмғанша,
Көп ердің басы домалар.
Белден соққан жыландай,
- 3880 Не ерлер екі бұралар.
Қорқақтар өзі жығылар,
Қалыңға қашып тығылар.
Алтын ерлі тұлпарлар
Ойнап бос-бос шығылар.
Мұсылманның әрқайсы

- Біреуі мыңға ұрынар.
Ұрыса-ұрыса ақыры,
Есірік болып қаңғыды.
Екі жақтың батыры
- 3890 Төбе-төбе өліктен
Жол таба алмай бекілді.
Пайғамбар Құда Зарқұмның
Туларына сол кезде
Жақын келген секілді.
Ажалы жеткен талай ер
Атымен екі бөлінді.
Пиада қалған көп ерлер,
Бұлар да қарап тұра алмай,
Бір-біріне жүгірді.
- 3900 Еркін басып шаба алмай,
Ат өлікке сүрінді.
Ысрапыл сорын тартқандай,
Есепсіз ләшкер қырылды.
Бермелік деп намысты,
Һәмма адам жұмылды.
- Он екі лек кісімен
Қайсарды Зарқұм бұйырды.
Бұлар келіп тобымен
Жанәбілге ұрынды.
- 3910 Шектесіп Қайсар түрілді,
Сонда Қайсар сөйледі:
— Көбінің жоқ мазасы,
Жанәбілден басқасы,
Бәрі Әлидің баласы,
Баһадүрдің марасы.
Жанастырмай бұл жақты,
Алыстан кәпір атты оқты.
Бұл тұрғанның бәрі шер,
Әлидің ұлы қанішер.
- 3920 Жақын барсаң апаттар,
Алыстан оққа тұтып көр.
Бұл сөзбенен кәпірлер,
Келмеді жақын жуыққа.

- Нысана адым жерге кеп,
Патырлатып алды оққа.
Қар, жаңбырдай оқ жауды
Сауыт, жарақ, жабдыққа.
Жақын келмей көпірлер,
Өртеп тұрды шоғымен.
- 3930 Нысанаға тұтылды
Сахабалар тобымен.
От болып жанды аспан-жер
Көпірлердің оғынан.
- Мұса ырза түтігіп,
Жан көрінбей көзіне,
Ілгері жүрді жақындап,
Қалқанын тұтып жүзіне.
Бір оқ атып жіберді
Көпірлердің өзіне.
- 3940 Шаһзаданың бұл оғы
Қайсардың тиді қолынан.
Шарайна қалқан, сауытын
Көктеп өтті жонынан.
Дарымапты сүйекке,
Ажалының жоғынан.
Тасқа барып қадалды,
Мұса ырза Қайсарды
Нысанаға тағы алды.
Ол оғын Қайсар тигізбей,
- 3950 Жалт беріп әдіс етеді.
Мұны көріп ол Қайсар,
Қаһары келіп кетеді.
Кегін бұ да алмаққа
Өзін қайым етеді.
Мұсаға бұ да оқ атты,
Оғы бітіп Қайсардың,
Мұсаның атын құлатты.
Аты өліп Мұсаның,
Өзі аман қалады,
- 3960 Пиада болып тұрады.
Ер Мұқамбет-Әнапия

- Қасына жетіп барады.
Қаһарланып Қайсарға,
Қазаппенен қарады.
Атып еді бір оқты,
Жалт беріп Қайсар қалады.
Әнапия Қайсарды
Нысанаға алады.
Бұл оғы келіп атының
- 3970 Миынан етті жаралы.
Шыр айналып қарғылап,
Көп ұзамай құлады,
Пиада бұ да болады.
Тұрмады қарап мұнымен,
Қарсы барды екеуі
Ұстаспақ үшін қолымен.
Сол уақытта кәпірлер
Ат қойды бөрі тобымен.
- 3980 Бұларды көріп сол уақта,
Хасен, Хұсайын ат қойды.
Жапырып кетіп барады,
Қырғандай қасқыр көп қойды.
- Жанәбіл кетті апаттап,
Өзгеше болып ұрысы.
Араласып кетті ми-ми боп,
Жай тұрмады бірісі.
Қызыл қанға боялған
Бөрінің алмас қылышы.
Майдан жердің һәммасы
- 3990 Өлікке тегіс толыпты.
Қамысқа қойған алаудай,
Өршіндеп өрлеп гүледі.
Бет-бетімен ұрысып,
Ешкім қарап жүрмеді.
Жанәбілге кездесіп,
Сонда Қайсар сөйледі:
— Жанәбіл, қайда барасың?
Сені Латым бергені.
Әли қалды қандекте,

- 4000 Біздің аруақ жеңгені.
Менім атым ер Қайсар,
Танисың ба сен мені?
Семсерменен алайын
Денеңдегі кәлланы.
Жанәбіл, кәзір сені алсам,
Қоймаспын кейін өңгені.
Өліп кетті қолымда
Не ерлердің сарасы.
Қашып қайда барады
- 4010 Әлидің бес-он баласы?
Осылай деп ер Қайсар,
Өктем-өктем айтып сөз:
— Тұзы тұтып атамның,
Сені Латым берді тез.
Сабаласып қалысты,
Бір-біріне болып кез.
Қарсыласып алысты,
Жан аянбай салысты,
Күрзілерін қағысты.
- 4020 Тау мен тасты көшірді
Шақылдаған дабысы.
Майданның іші шаңменен,
Талатоп болып қалысты.
Аяныспай ұрысты,
Жығыса алмай тұрысты.
Өрі-бері кимелеп,
Бірін-бірі сүрісті.
Қаһарланып ол Қайсар,
Қайратына мінеді.
- 4030 Пәйін тауып туралап,
Алмасын қылыш сермеді.
Жанәбілдей батырдың
Денесін екі бөледі.
Керігінен құлап Жанәбіл,
Шалқалап жанын береді.
Өлген заман жәннатқа
Рухы барып енеді.

- Жанәбілді өлтіріп,
Мастанды Қайсар шалықтап.
4040 Ілгері және жөнеді,
Мінген керігін қамшылап,
Қанжардан қаны тамшылап,
Хасенге жетті жылысып,
Рубару боп қалады.
Қылышын Хасен суырып,
Қайсарға қарап оқталды.
Бірін-бірі екеуі
Шабыспаққа шақталды.
Сынаспаққа екеуі
4050 Баһадүрлер ұнады.
Бірін-бірі сескенбей,
Жүзбе-жүз болып тұрады.
Сонда Қайсар Хасенге:
«Атың кім?» деп сұрады.
Сонда Хасен айтады:
— Менім атым — Хасен ер,
Әлидің үлкен ұлы-дүр.
Өз атам аты — Әли Шер,
Ләшкеріңе ұрынған,
4060 Сақыпқыран кемеңгер.
Үлкен ұлы боламын,
Атым шыққан бұрыннан.
Бейтаупықтың көбісі
Қолымда менім қырылған.
Атымды сұрап нетесің,
Келгенін қылғын қолыңнан.
Сонда Қайсар тездікпен
Қылышын алып оқталды.
Хабардар болып сырынан,
4070 Хасен қақты тигізбей,
Қалқанын тұтып қолымен.
Хасен де шапты қылышын
Нәубетпенен соңынан.
Ауып түсіп жантайып,
Тигізбеді шалқайып.
Кесіп түсті қылышы

- Мінген керігін мойнынан.
Төңкеріліп төбедей,
Атымен Қайсар құлаған.
- 4080 Басы-көзі топырақ,
Өзі аман тұрады.
Мінген атын Хасеннің
Бір кәпір ұрып жығады,
Қайсардың барып қасына,
Хасен һәм барып құлады.
Бір-бірінің екеуі
Жағасынан ұстасып,
Орнынан тұрады.
Жәрдемші көп боп Қайсарға
- 4090 Ортада Хасен қалады,
Кәпірлер кәманд салады.
Көптеп жығып ақыры,
Пенде қылып алады.
Он жеті ұлы Әлидің
Бұдан болды хабары.
Болғанын пенде көрген соң,
Еш сабыры қалмады.
Жан аянбай ұрысып,
Ер Хасеннің жолына
- 4100 Өз жандарын қиысып,
Келгенін қарсы өлтіріп,
Қашқаны болса қуысып.
Айбатынан бұлардың
Кәпірдің бәрі сескенді.
Қойдай қырып бөлектеп,
Салып жүр бәрі жексенді.
- Жер қалмады боялмай,
Бір дем ұрысын қоя алмай,
Он жетісі салысты,
- 4110 Аңырып ешбір дем алмай.
Қаша ұрыс бастады,
Сонша ләшкер Әлидің
Он жеті ұлын жеңе алмай.
Және Зарқұм бұйырды

- Бір күрең лек әдісін.
Жақын келмей алыстан,
Істеді бұлар әдісін.
Мылтыққа тегіс алғызды,
Қар-жаңбырдай жауғызды.
- 4120 Балалардың бөрінің
Кәпірлер атып аттарын,
Баршасын жаяу қалғызды.
Шерінің өңкей ұлдары,
Алланың әзиз құлдары.
Тағы бірі ұрыстың
Арасат болды бұл күнде.
Зор беріп ұрыс қылып жүр,
Әр күреңде бір ұлы.
Бұл ұрысқа қарасаң,
- 4130 Ойыншық екен бұрынғы.
Сан мың қолға араласып,
Бұлар жаяу жүрілді.
Алдын қырып азайтса,
Артынан және жабылған.
Өрбірінің үстіне
Лек-лек болып ағылған.
Күніменен ұрысты,
Рүстем көрсе тахсин дер,
«Апырын!» деп бұл істі.
- 4140 Ат таба алмай мінуге,
Жаяулап бөрі жүрісті.
Бір-бірінен ажырап,
Ақыры шаршап тұрысты.
Бірін-бірі кәпірлер,
Жабылып жүріп қамалап,
Ақыры пенде қылысты.
Пенденікі баһана,
Қылып тұр Алла бұл істі.
Атасы қалып қандекте,
- 4150 Балалары көрді бұл істі.
Ақыры жақсы болғай да,
Ауыр халге кездесті.

- Айтарлықтай болды бұл
Бір Мұқамбет-Әнапия,
Жалғыз өзі қалды бұл.
Ұстаймыз деп кәпірлер,
Бұған да күшін салып тұр.
Шыр айналып ортада
Айналақтап шауып тұр.
- 4160 Сілтеген сайын қылышы
Жерді барып қауып тұр.
Кәпірлер қоршап кернеді,
Өршіндеп ұрыс өрледі.
Ер Мұқамбет-Әнапия
Қолына алып қос қылыш
Оңды-солды сермеді.
Есепсіз қалың кәпірдің
Бөріне өзі кез келді.
Есепсіз қалың кәпірге
- 4170 Секіріп жетіп барады.
Топтанып тұрған қалыңға
Жамсатып кетіп барады.
Сескеніп ешбір тайынбай,
Қамағанмен кәпірлер,
Күші жетіп ала алмай.
Жалғыз өзі болса да,
Шамалы келген кәпірді
Қырып-жойып тастады.
Бет келгенін апаттап,
- 4180 Әлидің ойынын бастады.
Өзінің бойын берік салып,
Жалтақтап ешбір қашпады.
Жағасынан қандектің
Бөтен жерге баспады.
Іріктеліп кәпірден
Атақты палуан жиылып,
Әнапия балаға
Неше кәманд тастады.
Түсіріп торға шырмады,
- 4190 Шырмалып бала тұрмады.
Шүберектей айырып,

- Кәмандіне болмады.
Қанша кәманд салса да,
Талқандайды күйретіп,
Ала алмады сүйретіп.
Қылыш пен қанша найзасын
Сындырып тұрды қиратып.
Әнапия шаһзада
Құдіретімен Құданың
4200 Көп көпірге жолықты.
Неше жерден денесі
Жарақат сонда болыпты.
Елең қылмай жарасын,
Нағыра тартып ұрысты.
Бет келгенін қиратып,
Қашқанын қуып сүрісті.
Әнапия қарғып жүр,
Жанын Хаққа тапсырып.
Жердің жүзін қызыл қан
4210 Көрсетпей кетті жасырып.
Сонда Қайсар сөйледі:
— Бұған иланбаңдар еш,
Болып қалды күн де кеш.
Жер жүзінің адамы
Қамағанмен жабылып,
Бұл Шер патша бой бермес,
Күшіне ешкім тіркелмес.
Бұны Қайсар айтқан соң,
Көтерілді тұмандай.
4220 Өлген жанда қисап жоқ,
Тірілері шымалдай,
Жел көтерген бұлттай,
Қайтты бөрі жылыстай.
Мұндай өмірі болмаған
Күнбатыс пен шығыста-ай.
Кәпірлер қайтып кеткен соң,
Уақыты тыныштық жеткен соң,
Ер Мұқамбет-Әнапия
Отырды жалғыз дем алып.
4230 Бастан-аяқ киімі

Қызыл қанға боялып,
Есеңгіреп, қансырап,
Қапалығы тығыздап,
Көзінің жасы тамшылап,
Отырды жерді таянып.

- Қоя тұрып бұл ерді,
Және бір сөзді, жақсылар,
Мен айтайын баян қып.
Зарқұм менен Мұқамбет
- 4240 Күніменен ұрысып,
Жан аянбай ұрысып,
Жан аянбай тұрысып,
Арасат майдан құрысып,
Араласқан ми-ми боп,
Оңды-солды жүріліп,
Есепсіз адам қырылып,
Кеш болған соң ажырап,
Қайтқан еді бұрылып.
«Тоқтандар» деген әскерге
- 4250 Дабылдары ұрылып.
Екі әскер ажырап,
Екі жаққа бөлініп.
Сахабалар қарады,
Он жеті ұлын Әлидің,
Пенде қылып баршасын
Ұстап алып барады.
Қосынымен ер Қайсар
Қарсы келіп қалады.
Кәпірлердің қолында
- 4260 Перзенттерін сол кезде
Пайғамбар көзі шалады,
Оқиға мұндай бопты деп,
Қалмады сабыр-қарары.
Қиын бопты жұмыс деп,
Жарлық етті бөріне:
— Жан аянбай ұрыс, — деп,
Өлтірмей тірі ұста, — деп,
Қолыңа түскен кәпірді.

- Сахабалар ат қойып,
4270 Тұс-тұсынан ақырды.
Мұсылмандар жұмылды,
Әрқайсысы мыңға ұрынды.
Азға топ, ерге гәп емес,
Қарсы келген көпірдің
Көпшілігі қырылды.
Жетерміз деп балдарға,
Ілгері қарай үңілді.
Асып кетті бұл соғыс
Бұрынғыдан бүгінгі.
- 4280 Шаң-топырақ тозаңмен
Күннің көзі тұтылды.
Көпшілік қамап жол бермей,
Балалардың баршасын
Алып қашып құтылды.
Алды қашып кеткенмен,
Арт жағы қашпай іркілді.
Тау менен тас күңіреніп,
Жердің жүзі сілкінді.
Қылышқа қылыш шапылдап,
- 4290 Күрзі мен күрзі қағылды.
Біреуге мыңы жабылды,
Біреуге жеке табылды.
Судай ағып қызыл қан
Топыраққа қарылды.
Әр сахаба үстіне
Жүздеген жара дарыды.
Бидайдың өлік бауындай,
Топ-топ болып қалынды.
Шабыстан ат барлықты,
- 4300 Айқайдан дауыс қарлықты.
Жаралы тартты зарлықты,
Замана қылды тарлықты.
Үйіне бос-бос барады,
Сан мың бедеу жабдықты.
«Қарама, — деп, — олжаға»,
Патшалар айтқан жарлықты.
Атысып тас алысар,

- Екі ләшкер таянып,
Шалғылайды не ерлер,
4310 Шала-жансар боялып.
Шаршаған шығар елінен,
Ісі жоқ күннің кешімен.
Бұл ұрыстан бас тартқан
Бір мұсылман болмады.
Ажыратып алсақ деп,
Балаларды ойлады.
Қашып кетті жеткізбей,
Бұл ойлары болмады.
Сүре қуып артынан,
4320 Салып жүр бәрі ойранды.
Найза тиер түйреліп,
Қырылып қалды көпірлер,
Отындай болып күйреліп.
Аяқтарын баса алмай,
Көп адам қалған сүйреліп.
Жүруіне дәрмен жоқ,
Құтыла алмай тырбанып,
Белден соққан жыландай,
Қаша алмайды ырғалып.
4330 Қызыл қанға былғанып,
Жарадар болған киіктей
Шалғылап жатыр ыңыранып.

- Сау кісілер соғысты,
Қып-қызыл қан болысты.
Екі дария айналып,
Шарықтап тасып лайланып,
Күшейіп әбден толыпты.
Кез келген жанды қарық қылып,
Қайтпайтындай болыпты.
4340 Көп ерлерін сап қылып,
Әді деген ат мініп,
Пайғамбары Құдаға
Палуан Қайсар жолықты.
Екеуі де тайсалмай,
Қарама-қарсы болыпты.

- Бірін-бірі алмақ боп,
Аш арыстандай үңілді.
Қайсардың атын Пайғамбар
Қылышпенен бір ұрды.
- 4350 Аты екі бөлініп,
Жерге Қайсар жығылды.
Орнынан тұра бергенде,
Аяғын баса бергенде,
Белінен ұстап көтеріп,
Пайғамбарым Мұқамбет
Аспанға атты сол күнде.
Назарын салған кісінің
Көрінбеді көзіне.
Әуеден Қайсар келгенше,
- 4360 Қара жерде ләшкерін,
Домалатты қамқаммен
Талайының бастарын.
Пайғамбардың бет алды
Апатталып қалады.
Зырқырап қаша жөнелген,
Қалғаны тірі шамалы.
Ұрыстан көпір серілді,
Шартарапқа бөлінді.
Азайып қалған тірісі,
- 4370 Көбісі көрген өлімді.
Бір демнен соң аспаннан,
Қарайып Қайсар көрінді.
Қайтып келе жатқанын
Көрді тегіс жарандар.
Арқан бойы келгенде,
Ұстады түсіп Пайғамбар.
Көтеріп тұрып жоғары,
Былайша сауал сұрады:
— Бір ұрсам қазір өлесің,
- 4380 Бір Алланың өзінің
Аманатын бересің.
Мұсылман болсаң тілімді ап,
Жәннатқа барып енесің.
Тезірек, батыр, қыл жауап,

- Ықтияр сенде, не дерсің?
Сонда Қайсар сөйледі:
— Тіліңді, тақсыр, алайын,
Сізге ықтияр салайын.
Түсіріп жерге, дұға қыл,
4390 Мұсылман енді болайын.
Сеніп сонда Пайғамбар
Қайсардың айтқан сөзіне,
Ақырын ғана көтеріп,
Жердің қойды жүзіне.
Кәлиманы айтқызып,
Мұсылман қылды тезіне.
Бір атты әкеп міндірді
Ылайықтап өзіне.
Түрлі сайман-жарақтан,
4400 Қарасып жатыр жағысып.
Тауып берді жоқтарын,
Барлығы назар салысып.
Жауаптасып сөйлесіп,
Жар, жора болып қалысып.
Бара жатыр Қайсарға
Тамам ләшкер қуанып,
Ортасына алысып.

- Майданға келіп қараса,
Өзгесінің бәрі жоқ.
4410 Өліп жатыр Жанәбіл,
Жәннатқа болып уәсіл.
Ер Мұқамбет-Әнапия
Боялып қанға қып-қызыл
Пайғамбардың алдынан
Жүгіріп жаяу шықты бұл.
Пайғамбарды құшақтап,
Өксіп-өксіп жылады.
Есіткен ерлер сөзіне,
Бәрі де жылап тұрады.
4420 Бастан өткен күндерін
Бір-бірлеп баян қылады.
— Жаһанға Шері атанған,

- Айырылдым, баба, атамнан.
Атамды көрер күн бар ма,
Құтылып зындан қатардан.
Ажырап тұрмын мен жалғыз,
Туысқан, тамам бауырдан,
Хасен, Хұсайын ағамнан.
Барлығы діннің таласы,
4430 Қиямет қайым болып тұр
Мұсылман-кәпір арасы.
Пенде болды баршасы,
Бір Құда болсын панасы,
Болғай-да қабыл тәубасы.
Есірік болып кеңгіріп,
Ажырап қалдым атамнан.
Кейіндеп тұр талиғым
Әуелі алған бағамнан.
Есепсіз ағып қызыл қан
4440 Денемдегі жарамнан.
Мұндай қорлық көрмеп ем
Туғалы бері анамнан.
Жүзіңді көрдім, жан баба,
Тәнімде қалып жан аман.
Жалғыздық түсіп басыма,
Осы жөнде қапамын.
Айырылдым, баба, бәрінен,
Он жеті бауыр жігерден.
Атамыз Әли есен боп,
4450 Шығар ма екен бұл жерден?
Бәрінен тегіс айырылсам,
Қайтіп, баба, жүрермін?
Жолықпасақ тезірек
Құсаменен өлермін.
Арманым қатты, дертім зор,
Дидарын қашан көрермін?
Пайғамбар айтты қамығып,
Қабағы төмен салынып:
— Жыламағын, әй, ботам,
4460 Қандекте аман бар атаң.
Саламат бәрін көрерсің,

- Көңіліңде қалмас еш қапаң.
Зарқұм да көзір сасады,
Қара уайым басады.
Біз де алдық пенде қып,
Зарқұмның палуан баласын.
Өлтіруге біреуін
О да Әлиді қарасын.
Шегініп бізден тайсалды,
4470 Беріп қашты Қайсарды.
Қапа болма, ей, қозым,
Мінгін атқа енді өзің.
Иншалла, атаңның
Көресің, балам, ақ жүзін.
Бұл сөзді айтып Пайғамбар,
Бір топшақ міндіріп,
Көңілін жақсы тындырып,
Бас қосып бөрі кідірмей,
Зынданға келді бір жүріп.
- 4480 Ендігі сөзді айтайын
Зындандағы Әлиден.
Сақыпқыран уәлиден
Мәлім қып баян айлайын,
Ол зынданның ішінде
Нешік кешкен халінен.
Шерінің түскен зынданы
Терең еді қабағат,
Алладан болды кәрамат.
Көзін ашып қараса,
4490 Дүлдүлінің үстінде
Өзін көрді саламат.
Атқылады таспенен,
Кәпірлер қалың қабағат,
Біреуі барып тимейді,
Бұл не деген кәрамат.
Киелі қандай кісі еді,
Туралап атса үстінен,
Астына барып түседі.
Ауызы кең болғанмен,

- 4500 Зынданның еді түбі тар.
Періштелер қағып тұр
Кәпірдің атқан тастарын,
Әли Шерге болып жар.
Зынданның аузы аз мезгіл,
Аз демалыс болды сәл.
Көзін ашып жұмғандай,
Ұйқыдан жаңа тұрғандай,
Бұл сырдан болды хабардар.
Мінәжат қылды ер Әли,
- 4510 Бір Құдаға қылып зар.
— Білесің, Тәңірім, сырымды,
Қандектен атым сүрінді.
Мұсылмандар не күйде,
Қалдым құдық түбінде.
Айналайын, бір Құдай,
Жолдасым өзің бүгінде.
Жаңылдым қате сөзімнен,
Ашудың келген кезімен.
«Аһ» дегенше жоқ болып,
- 4520 Кеттім жердің жүзінен.
Жаратушы жан Алла,
Болғай да медет өзіңнен.
Мен өзіңе сиындым,
Иә, Рахым, иә, Рахман,
Иә, Самағ, иә, Сұбхан.
Иә, Қадір, иә, Мәулам,
Иә, Ханнан, иә, Маннан.
Халімнен хабар алушы,
Жарылқаушы Құдасың,
- 4530 Жалбарыным мен саған.
Иә, Кәрім, иә, Жаппар,
Иә, Қаһар, иә, Саттар.
Мүшкіл түсті басыма,
Жарылқаушы сен, қамқор.
Иә, Зұлжалал, иә, Кәрім,
Өзіңе мәлім бұл халім.
Әуел-ақыр Пайғамбар,
Өзің едің рахбар,

- Болғайсыз бізден хабардар.
4540 Иә, Мұқамбет Мұстафа,
Зынданда Шерің қалып тұр,
Халім забун болып тұр.
Қапалық келіп тығыздап,
Ішіме қайғы толып тұр.
Жүдә болған ерлерге
Саламат, Құдай, жолықтыр.
Басыма салдың көп істі,
Айласымен кәпірдің
Арам боп тұр жер үсті.
4550 Кез болған маған төтен іс,
Ақыл-есті бөлісті.
Түскеннен Әли зынданға
Жолдасы еді періште.
«Дұғаң қабыл, иә, Әли,
Уайым қылма бұл істі».

- Шерінің көңілін шат қылып,
Жауап берді мәліктер.
Бұл сөзді айтып тұрғанда,
Қасына ертіп көп ләшкер,
4560 Қандекке келді Пайғамбар.
Ақап атын қаңтарып,
Жаяу түсіп барады,
Құдықтан төмен қарады.
Алыс екен бейқисап,
Жақын емес шамалы.
Қарауытып көзіне,
Көрінбестен тұрады.
— Бармысың, — деп, — ер Әли?
Пайғамбар Құда сұрады.
4570 — Жаһанда сақыпқыраным,
Өзіңнен болды күмәнім.
Мен, Мұқамбет Мұстафа,
Басыңа келіп тұрғаным.
Естігенше бір жауап,
Болмай тұр менім шыдамым.
Халіңнен хабар алғалы,

- Жаңа іздеп кеп тұрмын,
Ажырап бастан тұманым.
Шах түбінде, иә, Шерім,
4580 Қандай болды заманың.
Қандекке жетпес көзіміз,
Құлағыңа бара ма
Осы айтқан сөзіміз.
Кәпірді қуып шаһарға,
Босанып келген кезіміз.
Пайғамбардың сөзіне
Жауап берді ер Әли:
— Ләббай, тақсыр, аманмын,
Бұрынғы құрбы, заманым.
4590 Құдықтың тұрып түбінде
Азын-аулақ дем алдым.
Аман-есен отырмын,
«Зынданнан аман шығар» деп,
Бір Аллаға өтіндім.
Түсім бе, менім өңім бе,
Көрініп тұрсыз көзіме.
Зынданның түбін сәуле етті
Айдай жарық жүзіңіз.
Құлағыма келіп тұр
4600 Маған айтқан сөзіңіз.
Алланың бар хақ Хабибі,
Болыңыз дертім табибі.
Тартып ала көріңіз,
Рақым қылып өзіме.
Ғамкін болды Пайғамбар
Әлидің айтқан сөзіне.
Зынданның түбі қарайып,
Көрінбеді көзіне.
Аллаға қылды мінәжат:
4610 — Иә, Ахад, иә, Самад,
Өзіңе қылдым мінәжат.
Бұл зынданнан Шеріңді
Шығарғайсың саламат.
Осылай деп Пайғамбар,
Көзінің жасы төгілді,

- Шынымен састы со күнде,
— Арқаным жоқ қолымда,
Құдықтың тұрмын лабінде.
Енді нешік қылайын
- 4620 Бұл арада Әлиге?
Өзің жәрдем қылмасаң
Бұл Шеріңнің халіне.
Мұны айтып болғанша,
Көзінің жасын тыйғанша,
Үн де келді Алладан.
Осы сөзді айтыпты
Жәбірейіл сол замат:
— Иә, достым Мұқамбет,
Құп білемін халінді.
- 4630 Өзім жермін қамыңды,
Қауіп етпей ұзат қолыңды,
Аларсың тартып Әлиңді.
Естіген соң бұл сөзді,
Ақ Пайғамбар сүйінді.
Еңкейіп қолын ұзатып,
Қармады қандек түбіне.
Құдіретімен Құданың,
Пайғамбар қолы ілініп,
Тартып алды Әлиді,
- 4640 Періштелер жәрдем қып.
Батайын деп тұрғанда,
Күннің көзі қызарып,
Дүлдүлімен Шеріні
Қандектен алды шығарып.
Пайғамбар Құда көрісті,
Жап-жасыл болып құлпырып,
Жер жүзі кетті нұрланып.
- Хазірет Омар, молда Оспан,
Әбубәкір Сыдықпен
- 4650 Тұла бойы қызыл қан,
Бұлар да келіп көрісті,
Беттерінен өбісті,
Бәрі келіп көрісті.

- Отыз үш мың сахаба
Қол алып сәлем берісті,
Нәубетімен келісті
Зарқұмның ұлы Қайсар да.
«Аһ» дегенде аптығып,
Жол таба алмай қақтығып,
4660 Әнапия көрісті
Атасымен барабар.
Көрінбеді көзіне
Онан басқа балалар.
«Қайда?» деп Әли жоқтады,
Түспеген соң жүзіне,
Жүректе қайғы тоқтады.
Ол Мұқамбет пайғамбар,
Екі әлемнің аптабы,
Әлидің айтқан сөзіне
4670 Беруге жауап таппады.
Атасының сөзіне
Әнапия жылады.
Шер Арыслан тығыздап,
— Не болды? — деп сұрады.
Жылап тұрып баласы,
Бастан өткен оқиғаны
Бір-бірлеп баян қылады.
Жанәбілдің өлгенін,
Балалар пенде болғанын,
4680 Есепсіз жеп жарақат,
Жалғыз өзі қалғанын.
Күллі көпір жабылып,
Басына мүшкіл салғанын.
Сөйтіп ада қылмады,
Көңіліндегі арманын.
Мұны естіп Әлидің
Шыңылдап кетті құлағы,
Сарғайып жүзі сынады.
Реңі неше құбылып,
4690 Қалмады сабыр-қарары.
«Ой, ботам» деп Әли Шер,
Көзінен жас парлады,

- Сақалына тарады.
Безгек болған кісідей
Дірілдеп кетіп барады,
Реңін болжап болмайды.
Сол күндегі кезінде
Жаңылды айтар сөзінен,
От тұтанды жүректен.
- 4700 Түктері шықты сыртына,
Құрыштанып білектен.
Жан көрінбей көзіне,
Дүние кетті қарайып.
Қызарып неше сазарып,
Ақыл-есін ада қып,
Долдықпенен шыдамай,
Жағаларын пара қып.
Найылаж Шері тоқтады,
Ләшкермен бірге аттанды.
- 4710 Екі бүйірін таянып,
Түніменен жатады,
Аллаға қылып наласын,
Ойлап жылар баласын.
Асығып «таңды атса» деп,
Көрмекке майдан арасын.
- Көзімен таңды атырды,
Біләл азан шақырды.
Памдат намаз өтеп ап,
Пайғамбар Құда аттанды.
- 4720 Ұрысқа дәсте түзетіп,
Реттеліп саптанды.
Өзірет Әли майданға
Шығайын деп шаттанды.
«Шығыңдар» деген Зарқұмның
Даңғыра дабылы қағылды.
Қолына ұстап ту-байрақ,
Қалың ләшкер ағылды.
Жетпіс екі сап болып,
Көбейіп көпір қағынды.
- 4730 Әли шықты тілекпен,

- Көтеріп найза білекпен,
Алдымен шықты сүрекпен.
Кәпірлердің ызасы
Өткен екен сүйектен.
Дүлдүл атын ойнатып,
Қарғытып ойпаң биіктен,
Майданға келіп ақырды,
Оты шығып жүректен.
Әли сонда сөйлейді:
- 4740 — Нағылеті кәпірлер,
Мұнша қалың күреңсің.
Қалмассың аман бірің сен,
Тамашаны көрерсің.
Көп ләшкерің қырылсын,
Қылыштан қанды тамызбай,
Ат баурынан ағызбай,
Қайтсаң бүгін майданнан,
Әли атым құрысын.
Балаларды көргенше,
- 4750 Тарылып тұр тынысым.
Зарқұм, сенен дәл бүгін,
Алам енді өшімді.
Осылай деп ақырды,
Әли Шердің дауысы
Жер мен көкті көшірді.
Олай-бұлай ойқтастап,
Дүлдүл атын секіртіп,
Әли нағып шыдасын,
Перзенттерін бекітіп.
- 4760 Зарқұмға Әли сөйледі:
— Біреуі өлсе баламның,
Қырылар күллі адамың.
От қойып бәрін өртеймін
Дәш елің мен қалаңның.
Ойының ба, шының ба,
Зарқұм, сені алмаймын,
Балалардың бірінің
Шөметейінің қылына.
Мұсылман болсаң қояр ем,

- 4770 Кәпірлігің көндірмес,
Азғырып шайтан сорыңа.
Жолдан азған кәпірсің,
Қандектен мені шықпас деп,
Бәнитке салған екенсің.
Қолыңа сенің барыпты
Көзімнің өңкей жанары.
Сабыр-тағат менде жоқ,
Балдардың болмай хабары.
Тепсініп жерді қазып тұр
- 4780 Дүлдүлінің тұяғы.
Кәпірді төмен қаратты
Әлидің айбат сияғы.

- Майданға ешкім шықпаған,
Бірінің болмай талабы.
Дағдарыпты шамалы,
Айтарлық таппай жауабы.
Естімеген кісідей,
Керең болып құлағы.
Сонша ләшкер ішінен
- 4790 Қонашшам деген бір әді
Зарқұмнан жауап сұрады,
Талабын қабыл қылады.
Рұқсат алып Зарқұмнан,
Атыла қамшы ұрады.
Қонашшам келіп Әлиге
Қарсыласып тұрады,
Әли келді бұдағы.
Әлиден бұрын Қонашшам
Асырмақ болып айласын,
- 4800 Туралап салды найзасын.
Найзасын Әли тигізбей,
Тартып алды қолынан,
Қорықпады доғынан.
Мықтап ұстап белінен,
Қаһарланған демімен,
Көкке атып жіберді,
Ғайып қып жердің жүзінен.

- Біраздан соң Қонашшам
Көтінен қайтты қараңдап.
4810 Келе жатыр құлдилап,
Аяқ-қолы далаңдап.
Шамалы жақын келгенде,
Қылышын Әли сермеді,
Денесін екі бөлгелі.
Таудай болып ажырап,
Жерге түсті жарылып.
Дөңестеу еді түскен жер,
Сай боп қалды қазылып.
Басылмады бұған да,
4820 Әли Шердің арыны.
Жұлып алып көлласын,
Танауларын тілгілеп,
Аузынан екі айырды.
Және мінді Дүлдүлді,
Кәпірге салды құлқұлды.
Пайғамбары Құдадан
Тіледі бата сол күнде.
Ат бауырына қан аққан,
Қыламын деп қырғынды.
4830 Мұны көрген кәпірлер,
Жанынан бөрі түңілді.
Сонда Зарқұм патшаның
Тапқан оғы бұл еді.
Төрт жағынан ұрыс деп,
Төрт палуан жіберді.
Төрт палуан келгенде,
Ойынын Әли бастады.
Көзді ашып-жұмғанша
Бастарын кесіп тастады.
4840 Мағлұм болды һәммаға
Қайратының асқаны.
Сонан кейін палуан
Бестеп-ондап келісті.
Қанша болса соншасы
Қырғын тауып өлісті.
Ұрысқаны жайланды,

- Іс керіске айланды.
Енді Зарқұм «Бұл ерге
Қайтемін?» деп ойланды.
- 4850 Зарқұм және сөйледі:
— Бөрің бірден ат қойып,
Қылыңдар, — деді, — майданды.
Тегіс кеп көпір қамады,
Тартынып қалған болмады.
Жуықтап тұрып шамалы,
Жақындап келіп қасына,
Оқ жаудырды басына.
Әлидің қолы тигені
Өлімге болды ашына.
- 4860 Жүз-жүз болып, мың-мыңдап,
Қырылар еді қырғын боп.
Қуып жүр Әли бөлектеп,
Алдында көпір дедектеп.
Кіруіне көр тапшай,
«Бұл араб қайдан кеп ед!» деп.
Қырып жүр Әли апаттап,
Түсіріп кетіп бара атыр,
Кез келгенін қаламдап.
Алдына салып қуып жүр,
- 4870 Оңды-солды тықсыртып.
Қиратып кетті отындай,
Төсек қып жерге қапсырып.
Кездесті көпір жылауға-ай,
Көбісін Әли өртеді,
Қалыңға қойған алаудай.
Бет қаратпай екісін,
Үшінші сапқа ілінді.
Төтеп беріп тұра алмай,
Бұлар да қашып бөлінді.
- 4880 Бұдан аман өткен соң,
Төртінші сапқа ұрынды.
Әлидің тиіп қылышы,
Һәммасы тегіс қырылды.
Басқамен қылып қалғаны
Шартарапқа бұрылды.

- Есірік болған құландай
Қаңғырып көбі жүрілді.
Қуа-қуа Әли Шер
Көмандазға жеткерді.
- 4890 Көмандазды зәңгі мен
Пілден ары өткерді.
Жетпіс екі сап кәпірлер
Қашпаққа бәрі бет берді.
Осы жолғы Әлидің
Айрықша болды жұмысы.
Сілтегенде кесіп жүр
Екі жүзден қылышы.
Ол сапарға қабағат,
Қиямет болды ұрысы.
- 4900 Жетпіс екі сап еді
Кәпірлердің қарасы.
Бәрі кетті бірігіп,
Әлиден қалмай зәресі.
Қашты қойдай дүркіреп,
Лашындай сыпырып,
Сауғалап қашқан қорқақтар
Кете алмады құтылып.
Қарамайды артына,
Ілгері қарап ұмтылып.
- 4910 Қолына түскен кәпірлер
Шүберектей жыртылып.
Ат өлікке сүрінді
Бұған да Әли ырза емес,
Есінде серті бұрынғы.
Үстін-үстін ақырып,
Салып жүр Шері көп айқай.
Аққан қаны адамның
Ат баурына жете алмай,
Сертінен Әли кете алмай,
- 4920 Орындар шартын бүгінгі.
Тізесінен қан кешіп,
Дүлдүлмен шауып жүрілді.
Сертіне Шерім жетсін деп,
Көңілінен арман кетсін деп,

- Жаратқан Алла құдіретпен
Нөсер қып жаңбыр төктірді.
Көбіктеніп аққан қан
Ат бауырына жеткерді.
Айтқан сөзі болған соң,
4930 Сай-салаға құйылып,
Қызыл қан әбден толған соң,
Күн қиямға барған соң,
Тоқтады Әли демін ап,
Арқа, басы жадырап.
Кәпірлер қашып зырлады,
Бөледен басы ажырап.
- Ұясына кірді күн,
Көз байланып болды түн.
Арманы тарқап ер Әли,
4940 Аман-есен жолықты
Пайғамбары Құдамен.
Денелері қызыл қан,
Сіз-біз десіп отырды,
Баршасы болып шадыман.
Шаттықпен түні өтеді,
Ертеңгі таңға жетеді.
Памдат оқып болған соң,
Пайғамбардан бата алып,
Майданға Әли кетеді.
4950 Зұлпықарын жайнатып,
Дүлдүл атын ойнатып,
Қаһарланып келеді.
Кәпірге қайғы ойлатып,
Майданға келіп ақырды.
Қалтыратты дауысы
Алыс пенен жақынды.
Қаһары келді қатты деп,
Ысрапыл сорыны тартты деп
Қайғырды Зарқұм жабығып,
4960 Қабағы төмен салынып.
Зәңгінің бөрі шулады,
Патшасына жалынып,

- Өтініп тұр арыз қып:
— Еш кісінің сенімен
Емес ед күші барабар.
Өзің шықсаң Әлиге,
Абырой алсаң ықтимал.
Мұны естіп барымен,
Емхатланды ол зәңгі.
- 4970 — Неме деп адам перзенті,
Әли қандай, мен қандай,
Көрмеймін оны шыбындай.
Мен майданға барған соң,
Тұрар ма екен қорықпай.
Бар күшімді салайын,
Қызметке жарайын.
Жүзімді төмен қылып тұр,
Мен де несін аяйын.
Бір тарпысам жоқ қылам
- 4980 Мұндай ердің талайын.
Сөзің, Зарқұм, өлмесін,
Әлиге өзім барайын.
- Ол зәңгінің қарасаң,
Кілемнен жазық құлағы.
Төңкерілген қазандай
Лағынеттің қабағы.
Панжалары әдетсіз,
Шынардай қол мен аяғы.
Басы үлкен қорадай,
- 4990 Танаулары науадай.
Қолын созса жоғары,
Жетейін деп хауаға-ай.
Мыңдаған аршын келгендей
Жауырынының жалпағы.
Арқасына байланған
Алты жүз батпан қалқаны.
Әлиге келді ол зәңгі,
Ұрыспаққа оқталды.
Жақындасып екеуі,
- 5000 Рубару боп қалады.

- Көрімнен көрім сияғы,
Тілге келіп және һәм,
Өлиден жауап сұрады.
«Менім атым — Әли», — деп,
Шері һәм жауап қылады:
— Көрдім талай ұрыста,
Сен секілді надандар
Ұрынар өзі қылышқа.
Мұсылман бол, ақымақ,
5010 Меніменен ұрыспа!
Мен сияқты палуанға
Сендей зәңгі жұмыс па?
Қоқаңдаған доңыздай
Сен сеніп денеңе,
Мақтанғаның дұрыс па?
Қолыңнан келсе аяма,
Барлығыңды қарышта.
Бұл сөзді зәңгі есітіп,
Тырысқансиды намысқа.
5020 Сол уақытта ол көпір
Қаһарланып Әлиге,
Бір сілтеді қылышты.
Кәлласын кесіп кетер деп,
Ойлады осы жұмысты.
Зәңгінің Әли қылышын
Қалқанмен қағып жіберді.
Зұлпықарын көтеріп,
Қайратына кіреді.
Әли айтты зәңгіге:
5030 — Маған нәубет бер енді.
— Кезегіңді алғын, — деп,
Қалқанын тұтты басына.
Зұлпықармен зәңгіні
Қатуланып бір салды.
Денесі екі бөлінді,
Халыққа аян көрінді.
Өкіріп жатыр шалғылап,
Кім көрді мұндай көрімді.

- Зарқұм көріп бұл ісін,
5040 Екі бөлек қылысын,
Зарқұм және жіберді
«Әлименен ұрыс» деп,
Зәңгінің Баһар інісін.
Баһар шықты майданға,
Өлімге байлап бір басын.
Сасқанынан ақырды,
Әлиге «кел» деп шақырды,
Аламын деп ызасын.
Ағасынан айырылып,
5050 Тағаты нағып шыдасын.
Әй-шәйіне қарамай
Шауып келіп Әлиге
Салғансиды найзасын.
Қалқанмен қағып жіберді,
Асырып Әли айласын.
Қаһарланып ер Әли,
Ұрды оның басына.
Кәлласы кетті домалап,
Өлімге болды ашына.
- 5060 Сол уақытта кәпірдің
Шошиды қатты жүрегі.
Майданға қарар беті жоқ,
Бәрі тегіс жүдеді.
Пиғылын танып халқының,
Сонда Зарқұм сөйлейді,
Сөйлеген сөзі бұл еді:
— Лағыл, жақұт төгейін,
Баламнан артық көрейін,
Өтірік айтсам өлейін,
5070 Талапкер бар ма осыған,
Әлименен ұрысар,
Қызымды соған берейін.
Уәзір қылып және һәм
Асырайын мерейін.
Мұны естіп Зарқұмнан,
Қарабас деген палуан

- Ашық еді қызына,
Жетіп келді қасына.
— Айтқан сөзің, әй, шаһым,
5080 Өтірік пе, рас па?
Қызыңыздан басқа сөз
Еш кірмейді құлаққа,
Мұның жөні бір басқа.
Мақұл десең, падишам,
Әлиге өзім барайын.
Ісініп, асып тұрғанда
Ақырзаман салайын.
Әлиді бүгін өлтіріп,
Қызыңызды алайын.
5090 Арманым жоқ менім де,
Сүйікті болса жұбайым.
Орнына келтірем,
Мұны уайым қылмағын.
Жақсы ләпес есітіп,
Менім де кетті шыдамым.
Күшімді бекер сарып қып,
Құр әуреке қылмағын.
Бөрінен де жоғары
Уағдада тұрғаның.
5100 Апырақтап, аптығып,
Жан көрінбей көзіне,
Осы еді айтқан сөзі де.
Қол қусырып тұрады,
Зарқұмнан бата сұрады.
Сонда Зарқұм қуанып,
Үсті-үстіне жеті қат
Кидірді сауыт төніне,
Ілдіріп қылыш беліне.
— Жауап беріп сол күнде,
5110 Барғын, — деп, — балам, Әлиге,
Бұрын қылғын әрекет,
Келгеннен жақын шеніңе.
Пысықтап әбден жіберді,
Түспегін деп қолына.
Шауып келіп Әлидің

- Көлденең тұрды жолына.
Әли сонда сөйлейді:
— Тез мұсылман болмасаң,
Төгемін, — деді, — қаныңды,
5120 Шығарармын жаныңды.
Е, бейхұда, ақымақ,
Шақтамайсың халіңді.
Айтқаныма көнбесең
Жей бергін енді қамыңды.
Мұны естіп ол көпір
Жетіп келді қасына.
Үш жүз батпан күрзісін
Әлидің ұрды басына.
Бұл күрзінің шұддаты
5130 Денелерін зіл қылды.
Есін жиып алған соң,
Әли де мұны бір ұрды.
Аяғы кетіп аспанға,
Бұ да һәм аттан жығылды,
Денеден жаны үзілді,
Қыла алмады қимылды.
Әли және майданда
Ойнатып тұрды Дүлдүлді.
- Кәпірлер көріп бұл істі,
5140 Уайым басып тұрысты.
Енді барып Әлимен
Қылмас деп ешкім ұрысты.
Көрмесін деп Зарқұмды,
Бойы ұзындар бұғысты.
Бірін-бірі паналап,
Суға аққан қойдай ығысты.
Күші басым һәммадан,
Болса да кіші көрнегі.
Талапкер болып ұрысқан,
5150 Күмәні жоқ өлмегі.
Баршасының ойына
Бұл қиял еді келгені.
Сонда Зарқұм ойланды

- Майданға өзі кіргелі.
— Өлиге өзім барайын,
Өшімді сөйтіп алайын.
Оңашалап тұрғанда
Күшін мен де сынайын.
Ретіне кеп қалса,
5160 Көтеріп жерге ұрайын,
Майда-майда қылайын.
Әгар әлім жетпесе,
Өлейін де тынайын.
Жарамды ерді тауыстым,
Мен несіне қалайын.
Өліміз болды шақ,
Не ғанимет көрермін,
Жалғыз өзім қалып тақ.
Әлимен барып ұрысайын,
5170 Басымнан көзір кетпей бақ.
Беймағлұм боп қалды
Кімге болар алтын тақ.
Осыны айтып падиша,
Жарағын алды келтіріп.
Қорыққаны ма, састы ма,
Қай жағынан болса да,
Ала алмай демін еңтігіп.
Басына киді пана қып,
Дулыға болат бір зерін.
5180 Лағыл, жақұт өткерме,
Беліне буды кемерін.
Ықылымнан асқан ұсталар
Төккен екен өнерін.
Сонда Зарқұм шақтады,
Өлиге қарсы келерін.
Аспап, сайман атының,
Салды жабдық егарын.
Бір қылышы бар еді
Суғарылған заһармен.
5190 Атын шахар дер еді,
Байлады соны қаһармен.
Он мың батпан күрзісі,

- Ауырлығы бар еді,
Өткермелі ілгектен,
Мұны да іле салады.
Сипатына Зарқұмның
Көргендер қайран қалады.
Атын Зарқұм ойнатып,
Алтын асыл жарағын
5200 Майданға барды жайнатып.
Зарқұмның өзі екенін
Көрген жан айтпай білісті.
Жарағына, атына
Тамаша әркім қылысты.
Жел тимеген бойы пәс,
Балант жерге шығысты.
Таңға келіп майданға,
Ойнатып тұрды қылышты.
- 5210 Пайғамбар Құда қараса,
Зарқұм кірді майданға.
— Жарағымды келтір, — деп,
Өмір қылды Салманға.
— Өзім ұрыс қылайын
Кәпір діні жалғанға.
Патшасы келді кәпірдің,
Майданға мен де шығайын,
Өзім ұрыс қылайын.
Медет берсе Құдайым
Оны дінге салайын.
- 5220 Жеті қабат аспаннан
Өтті дидар нұрлары.
Перделерін көтеріп,
Бәрі қылды тамаша
Сегіз пейіш хорлары.
Ақап атын бір ұрып,
Майданға жүрді бұрылып.
Жеткенінше асығып,
Қамқамын алды суырып.
Пайғамбар Құда келе атыр,
- 5230 Іркілген жоқ кідіріп.

- Басына шаншып жығайын
Зарқұм өзі шыққан соң,
Бұ кісі нағып шыдасын.
Өлемді алды нұрлары,
Айдай болып дидары.
Пайғамбарды көрген соң,
Әли кейін тұрады.
— Нәубетті бізге бергін, — деп,
Расулы Мұқамбет
- 5240 Әлиден жауап сұрады:
— Құданың Шері Хайдары,
Ұрыстың талай сен, — деді,
Кезекті маған бер, — деді.
Құдіретін Құданың
Тамаша қылып көр, — деді.
Пайғамбар Құда айтқан соң,
Ұрыстан шықты Әли Хайдар.
Атының басын тартады,
Бұрылып кейін қайтады.
- 5250 Зарқұм сонда сөйлейді,
Пайғамбары Құдаға
Айтқан сөзі бұл еді:
— Бір Әлиден бұзылды
Салтанат пен бақ, төжім.
Ойран болып шаһарым,
Өлікке толды тау-тасым.
Неге оны қайтардың,
Бар еді онда қысасым.
Бүгін өзім келіп ем,
- 5260 Салайын деп алапат.
Қандай қып сабыр етемін,
Әли менім басыма
Қайғы орнатты қабағат.
Қайтарып қосқа Әлиді,
Неге өзің келдің, Мұқамбет?
Осылай Зарқұм дегенде,
Жауап берді Пайғамбар:
— Еш кісінің Әлимен
Тіркелмес күші барабар.

- 5270 Пайғамбар атым болмаса,
 Әлиден күшім кемірек.
 Екі патша күрессек,
 Шәнімізге жөнірек.
 Асып-тасып сөйлейсің,
 Ақылың шығар кемірек.
 Барыңды, Зарқұм, қарышта,
 Майданға кеңес не керек.
 Мұны айтып Пайғамбар,
 Қайым болды жолына.
- 5280 Сілтейін деп найзасын
 Зарқұм алды қолына.
 Мұны көріп Пайғамбар,
 «Бір найзаны жеткіз» деп,
 Ишарат қылды соңына.
 Әли әкеліп найзасын,
 Беріп қайтты тобына.
 Екі патша жүзбе-жүз
 Найзаларын салысты.
 Біріне-бірі тигізбей,
- 5290 Неше мәрте қағысты.
 Екі ләшкер тыңдап тұр
 Шақылдаған дабысты.
 Кезек-кезек нәубетпен
 Күрзіменен ұрысты.
 Бір-біріне екеуі
 Әр қилы өнер көрсетіп,
 Суырысты қылышты.
 Қалқанменен қағысты,
 Және өткерді бұл істі.
- 5300 Сол уақытта екі ат
 Соқтығысып тұрысты.
 Кез келген жерден ұстап ап,
 Ат үстінен жұлысты.
 Келген уақытта теңіне,
 Пайғамбар Құда Зарқұмның
 Қол ұзатты беліне.
 Зарқұмды аттың үстінен

- Жұлып алды со күнде.
Үзеңгіге Пайғамбар
5310 Екі аяғын тіреді.
«Тозақты көріп қайтқын» деп,
Аспанға атып жіберді.
Екі ләшкер қарап тұр
Екі жақта топ болып.
Барабар кетті аспанға,
Көрінбей Зарқұм жоқ болып.
Тұра алмай кәпір жайланып,
Жанының қамын ойланып.
Бір уақытта қараса,
5320 Бұлттай бері келе атыр.
Қарап Зарқұм иланып,
«Патшамыз майда болды» деп,
Кәпірлер тұрды қайғы алып.
Көшкен таудай сияғы,
Қараңдап екі аяғы.
Арқан бойы келгенде,
Пайғамбар қолын созады.
Түсірмей жерге көтеріп,
Ақырын ғана қояды.
5330 Бұл істерді ол Зарқұм
Көргендей болды түсінде,
Тахсин қылды ісіне,
Кәпір менен мұсылман
Қайыл болды күшіне.

- Насихат айтты, Зарқұмның
Нұр төккелі ішіне:
— Бұл сөзімді шын тұтқын,
Дос болып мені пір тұтқын.
Жаратқанды бір білгін,
5340 Кітап сөзін шын білгін.
Кәлимаға келтір тіліңді,
Жолыңды таста бұрынғы,
Қабыл алғын дінімді,
Табарсың пайда түбінде.
Дос болалық екеуміз,


- Зарқұм, болғын мұсылман.
Кім ағашқа табынса,
Иманынан ұтылған.
Жалғыз Құдай, өзі тақ,
5350 Бұл сөзіме енді бақ.
Жүйелі сөзге келісіп,
Қылалық, батыр, ынтымақ.
Сонда Зарқұм сөйледі:
— Дініңіз екен сіздің хақ.
Мені көкке атпас ең,
Атсаң да қайтып алмас ең,
Дініңіз күшті болмаса,
Мұнша күшті болмас ең.
Үмбетпен жан-діліммен,
5360 Бұрынғы қайттым күнімнен.
Сеніңіз, Пайғамбар,
Мұсылман болдым зейініммен.
Мұсылман болды тезіне,
Ішіне иман нұр толып.
Шариғатқа езілді,
Мұсылманның белгісі
Сезілді дереу жүзінде.
Мұсылман болды сүйініп,
Қол қусырып иіліп.
5370 Зарқұм шаһтың ләшкері,
Бәрі келді жиылып,
Болды бәрі мұсылман,
Көңіліне иман құйылып.
— Пайғамбар хақ, Құдай бір,
Раушан болды көңіліміз,
Бұл сөзіме сеніңіз.
Мен қызмет етейін,
Шаһарымды көріңіз.
Әдеп тартып, иә, тақсыр,
5380 Тағлым бізге беріңіз.
Көріңіздер үйімді,
Жолыңызға төсейін
Атлас, шәйі бұйымды.
Ортамыздан мешіт сап,

- Оқытқын Құран, ғылымды
Мен сияқты ақымаққа.
Мұны естіп Пайғамбар,
Ертіп жүрді ләшкерін,
Мейман болып бармаққа,
5390 Дін жолына салмаққа,
Қаратып тегіс алмаққа.
Зарқұм адам шаптырып,
Тазалатты көшені,
Қайдағы қымбат паластан,
Төседі қаттап нешені.
Дарбазадан ордаға
Жеткенінше төседі.
Алтын үйге кіргізді,
Ізет, құрмет қылғызды.
5400 Өңкей жақсы қосылып,
Мәжіліс келді бабына.
Пайғамбарды ол Зарқұм
Міндірді алтын тағына.
- Ішке пікір сақтамай,
Айтысты әбден шындарын.
Алып келді Әлидің
Он жеті әзиз ұлдарын.
Ата-бала көрісіп,
Сұрасты жақсы халдерін.
5410 Отырғызды реттеп,
Төрт жар менен Әлидің
Он сегіз шаһзат балдарын.
Айырылған ерлер көрісті
Бірін-бірі дидарын,
Қуаныш қылды күндерін.
Қақан, Қайсар, Мәлак та
Зарқұмның жақын адамы.
Бұлар да барып көрісті,
Оңынан тұрып самалы.
5420 Зарқұмның қауымы бөрі кеп,
Ұрғашылы, еркекті,
Мұсылман болды тамамы,

- Айқайлап бәрі Аллалап.
Діннің жолы ашылды,
Шариғат жары шашылды.
Мөртебесін биік қып
Пайғамбары Құданың,
Бұрынғыдан асырды.
Бір ай әдеп көрсетті
- 5430 Үлкен менен кішіге.
Тәртіп болды жұмысы
Шаһарының ішіне.
Пұттан қоймай сындырды,
Медресе, мешіт қылдырды.
Зарқұм ашып қазынасын,
Алтын-күміс ажынасын,
Аяқты жөндік малынан,
Қазынадағы бөрінен
Пайғамбарға нам қылды,
- 5440 Ықыраж, зекет алдырды.
Есепсіз малдар үйілді,
Қырмандай алтын жиылды.
Не айтса да Пайғамбар,
Ықылас қылды сөзіне.
- Бір айдан соң Зарқұмның
Тағын берді өзіне.
Енді ләшкер сүйінді,
«Қайтамыз, — деп, — тезіне».
- 5450 Қолқа қылып саранжам,
Буынып бәрі түйінді.
Ілгері өткен шаһидке
Дәпін қылды киімді.
Оқиды намаз Пайғамбар,
Өзгесі тегіс ұйыды.
Тәртіпті өзге қысқартып,
Оңайлатты қиынды.
Қандай сөз айтса Расул,
Бәрі тегіс «құп» деді.
Аяқты малды айдатып,
- 5460 Қазынадан алған тілладан


- Сегіз жүз түйе жүктетіп,
Дайындады әскерін.
Бір ай күтіп күзетіп,
Шығарғалы ұзатып,
Зарқұм қолын қусырып,
Неше уәзір сөз айтып:
— Екі дүние рахбарым,
Қай уақытта бар екен
Енді сізді көрерім.
- 5470 Сіз тұрыңыз тағымда,
Мен қызмет етейін,
Болғанша ада өмірім.
Сіз қайтпақшы болған соң,
Паришан болды көңілім.
Насихат айтты Мұқамбет:
— Біз Пайғамбар, сіз үмбет,
Айнымаса пиғылың,
Әрқашан етем шапағат.
Таза болсын тамағың,
- 5480 Құранның оқы сабағын.
Бәрін бірдей көргейсің,
Мұсылман қауымы адамын.
Бәрін саған тапсырып,
Тастап кетіп барамын.
Бес уақыты намазда
Дұға қылып тұрамын,
Халіңнен хабар алармын,
Құдіретімен Құданың.
Асығып жұмыс қылмағын,
- 5490 Сабырлық қылып тұр, жаным.
Ырза болмай қазаға,
Тәубе қылмай балаңа,
Өзіңді отқа ұрмағын.
Көрген соң артық өзгеден,
Дос болдық біз сізбенен.
Қиямет күні боларсыз
Қоңсы, жолдас бізбенен.
Құда бір, Расул бар хақ-дүр,
Үмбет болдық, әй, Зарқұм,

- 5500 Бұғандағы шүкір қыл.
Пайғамбардың бұл сөзін
Һәммасы тегіс есітті.
Дұға қылды бөріне
Қол көтеріп мешітте.
- Шат болып тегіс адамдар
Далаға шықты барабар.
Пайғамбары Құданың
Соңынан еріп шаһариар
«Қайыр, қош!» деді халыққа.
- 5510 Күндік жерге шығарып,
Арабтарды ырза қып,
Зарқұм қайтты Ираққа.
Пайғамбар Құда жөнелді
Мәдине бетарапқа.
Аз жүріп жетті еліне,
Туып-өскен жеріне.
Ырғап-жырғап енеді
Мәдиненің шөріне.
Апарған малды таратты
- 5520 Қаріп-қасер, жетім мен
Шайқы-бұрқы, заһидке.
Тылауат Құран түсіпті
Соғыста өлген шаһидке.
Арабтарды бай қылды
Ирақтан келген олжа мал.
Жарлылары бай болып,
Қошуақ болып шаттанар.
Шаһидтерге жанашыр
- 5529 Көз жасы қылып қамығар.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА ЗАРҚҰМ

Дастан алғаш рет 1877 жылы Қазан қаласында басылым көрді. Кейін шығарма 1879, 1883, 1888 жылдары қайта жарияланып отырды. Алайда кітап басылымы одан кейін үзіліп қалды. Оған себеп, дастан ел ішіне тарап, ислам діні жаппай уағыздалатын болса, өзге дін ұстаушылар арасында жік туа ма деген патша цензурасының сақтық әрекеттері еді. Патшалық цензура тарапынан ұлықсат берілгеннен кейін 1902-1916 жылдары жарыққа қайта шыққан он басылымның жетеуінің ғана таралымы 48000 данаға жеткен. Жалпы, «Қисса Зарқұм» дастаны 1877-1916 жылдар аралығында 14 рет жарияланым көріп, дінге сусындаған халықтың рухани азығына айналды.

Кейбір библиографиялық көрсеткіштер мен ғылыми мақалаларда «Зарқұм» дастанын өңдеп бастырған Ж.Шайхысламұлы деген мағлұмат кездеседі. Кітапты баспаға дайындау барысында дастанның осы күнге дейін сақталып келген басылымдары мұқият тексерілді. Еш жерде Ж. Шайхысламұлының аты кездеспеді. Ал Ж. Шайхысламұлы жинап, жөндеп, кітап етіп шығарған мәтіндердің бәрінде міндетті түрде өз атын қосып отыратындығы зерттеушілерге белгілі.

Қазақтың Қазан төңкерісіне дейін жарияланған кейбір кітаптары сияқты бұл дастанды да кім, қашан жырлағаны, қай жерде кімдер жазып алғандығы туралы, баспаға кім дайындағаны, т.б. с.с. паспорттық мәліметтер сақталмаған. Тек басылымдардың мұқабасынан олардың жарық көруіне қол ұшын беруші Ш.Хұсайыновтың мұрагерлері екендігі және Б.Л.Домбровский баспаханасында терілгендігі туралы дерек алуға болады.

Діни дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әр түрлі. Бірақ олардың барлығының идеясы бірдей, ол — исламдық руханият құндылықтарын үгіттеу, мұсылманшылықты өмір сүрудің негізі деп түсіндіру идеясы.

Осы негізгі идеяны жүзеге асыру үшін діни дастандарда дүниенің исламға тән жаратылысқа байланысты түсініктері, яғни ежелгі діни кітаптар мен Құран мифологиясы, шығыс пен батыс халықтарына ортақ көне ертегілік, эпикалық мотивтер мен шығыс халықтарының ұлттық фольклорындағы образдар кеңінен қолданылады. Бұл шығармалар ойдан шығарылған көркем қиял арқылы байиды. Кейіпкерлердің образдары мақсатты түрде халық танымына сәйкес тұлғаланады.

Діни дастандар мазмұнына және тақырыбына сәйкес бір-неше топқа жіктеледі. Солардың бірі — исламды тарату мен орнықтыру жолында дінсіздермен күресті суреттейтін туындылар.

Мұсылмандар да өзге халықтар тәрізді өз дінін ғана нағыз ақиқат деп санады. Мұсылман еместерді «кәпір» деп қарап, мұсылманшылыққа тарту, дінді қабылдату — әділетті де, қасиетті іс саналды. Өзінің бар мүмкіндігін, күш-қайратын ислам дінінің игілігіне жұмсау, оның кең таралып, салтанат құруына сарп ету — әрбір мұсылманның басты борышы болып есептелді. Құранда осы сенім жолында өзін кім құрбан етсе, оны мәңгілік пейіш қызығы күтетіндігі туралы айтылған. Исламның орнығуы мен нығаюы үшін қиян-кескі соғыстар жүргізілгені тарихтан белгілі.

Арабтардың ұзаққа созылған жорықтары, ислам дінін тарату мен орнықтырудағы күрестері көптеген батырларды тарих сахнасына шығарды, кейін олар ондаған қисса, дастандардың кейіпкерлеріне айналды. «Қисса Зарқұм» сондай жорықтарды сипаттайтын, ислам батырларын дәріптейтін шығармалардың жарқын классикалық үлгісі, себебі, онда осы топқа жататын діни дастандардың негізгі жанрлық ерекшеліктері айқын көрініс тапқан.

Атап өтерлік жағдай, мұсылмандар «қасиетті соғыс» жүргізгенде белгілі бір қағидаларды ұстанды. 1. Соғыс басталмастан бұрын исламға кіру туралы ұсыныс жасалады. Егер дінсіздер қарсыласпаса, бірден қауымға (уммаға) қабылданып,

мұсылмандармен тең дәрежеде құқық иеленеді. 2. Кәпір [кәуір] деп көпқұдайшылдарды, яғни түрлі пұтқа — тасқа, суға, ағашқа, тауға, отқа, т.с.с. басқа да жаратылыстарға, я қолдан жасалған мүсіндерге табынушыларды түсінген. 3. Мұхаммед пайғамбар, кейін оның жолын жалғастырушылар Қасиетті Құранда айтылғандай, ислам дінінің негізгі жауы — христиандар мен иудейлер емес, көпқұдайшылдар екендігін әрқашан назарда ұстады. Иудейлер [жүһүдтер] мен христиандар қасиетті кітап [«Тәурат», «Зәбұр», «Інжіл»] иелері [ахл әл-кітап] деп саналды. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, Алла Тағаладан Құран Кәрім түскеннен кейін өзге кітаптар өз күшін, қасиеттерін жоғалтып, қолданыстан қалдырылған. Сонда да иудей мен христиандарға исламға кірмей-ақ, белгілі мөлшерде салық төлегеннен соң, өз діндерінің ғұрыптарын [ұстанымдарын] орындауға ұлықсат беріліп отырды. 4. Сондай-ақ мұсылмандар басқа дін өкілдеріне төзімділік және шыдамдылықпен қарады. Бұл туралы ислам тарихын зерттеуші А.Мец орынды пікір айтқан¹. Осы қағидаларға сәйкес дастандарда мұсылмандар ешқашан бірінші болып соғыс бастамайды, тек қана екінші жақтан [жаудан] жеріне, мүлкіне, отбасына, өздеріне тікелей қауіп төнген жағдайда ғана қаруланып, соғысқа бел байлайды.

«Қисса Зарқұмның» мазмұнын не бары бес-алты сөйлеммен айтып беруге болады.

Бір күні Мұхаммед пайғамбарға Алла Тағаланың тапсыруымен Жәбірейіл періште келіп, Ирак мемлекеті және оның ержүрек халқы туралы айта отырып, олардың дінсіз кәпірлер екендігінен хабар береді. Егер оларға тойтарыс беріп, өз дініне кіргізбесе, онда Ирактың аса қуатты патшасы Зарқұмның өзі Мәдинеге келіп, зор қауіп тудыруы мүмкін екендігін баяндайды.

Зарқұм — Қоханның тікелей ұрпағы, батылдығы жағынан Рүстемнің өзімен теңеседі, оны жеңу қиынға соғады. Қанқұйлы соғыс үш айға созылып, мұсылмандар жеңілістің талай ащы дәмін татқанымен, аяғында Жаратушы жәрдемінің арқасында дінсіздерді тізе бүктіреді. Мұхаммед пайғамбар өзінің сенімді төрт серігі «әділетті халифалар» мен 33 мың сахабасын ертіп жорыққа шығады. Зарқұм шаһ еліне жетіп, әскерін тас-талқан

¹ Мец А. Мусульманский Ренессанс. — Москва, 1973. — С.39.

етіп, жеңіске жетеді. Мұхаммед пен Зарқұм достасып, көпірлер ислам дінін қабылдайды.

«Қисса Зарқұмның» сюжеті мұсылмандар мен пұтқа табынушы батырлар арасындағы көптеген жекпе-жектерді суреттеу арқылы өрбиді. Шығармада сұрапыл әскери соқтығыстың эпизодтары, көріністері мен жағдаяттары есте қаларлықтай көркем де, әсерлі баяндалады. Бір қызығы — жау батырлары мұсылман батырларынан кем түспейді, соған қарамастан Мұхаммед пайғамбардың үмбеті дастан соңында жеңіске жетіп отырады. Оның себебі, оларға Алла Тағала жәрдемші.

Шығармада батырлардың кезектескен жекпе-жектерінде, екі жақ әскерінің ұзаққа созылған шайқастарында көптеген палуандар, ер жүрек батырлар бой көрсетеді. Мұсылмандардың қолбасшысы Мұхаммедтің (с.ә.с.) қасына төрт серігі, яғни өзінен кейін араб мемлекетін басқарған алғашқы төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли және немерелері мен үмбеттері жиналған. Пұтқа табынушылардың басшысы — шаһ Зарқұм, оның да қасында бірнеше ұлдары, немерелері, қалың әскері бар.

Дастан кейіпкерлерінің қатарына Алла Тағала мен Жәбірейіл періштені қосса да болады. Өрине, Алла Тағала оқиғаларға тікелей қатыспайды, бірақ оның жәрдемі, көмегі әрқашан анық сезіледі. Мұхаммед пайғамбар ауыр жағдайға түсіп қысылғанда, Жаратушыға жалбарынады, медет сұрайды. Сонда Алла Тағала Мұхаммед (с.ә.с.)-ға түсінде аян береді, я Жәбірейіл періштені жібереді. Мысалы, Зарқұмның қалың әскерін көріп мұсылмандардың көңіліне қорқыныш енеді. Сонда Мұхаммед пайғамбарға Жәбірейіл періште келіп, Алла Тағаланың сәлемін жеткізеді:

— *Иә, Мұқамбет Мұстафа,
Сәлем айтты Құдайың.
Құдекеңнің сәлемін
Саған баян қылайын.
Ұрыспаққа көңілі жоқ,
Ләшкерді басты уайым.
Білмеген кәпір бұл сырын,
Бәрі айтсын зікірін.
Зікір тәсбі тоқтатар
Көңілдің қорқыныш пікірін [664-673]*

Демек «Қисса Зарқұмда» да Жәбірейіл періштенің негізгі функциясы — діни аңыздарда айтылғандай дөнекерлік: Алла Тағаланың сөздерін, бұйрықтарын Мұхаммед пайғамбарға жеткізу. Мұндай жағдай діни дастандардың көпшілігіне тән.

Дастанда шынайы өмірде кездесетін оқиғалар мен адам санасынан тыс фантастикалық-ертегілік жағдайлар, құбылыстар бір-бірімен орайласып, үндесіп жатады. Бұл — жалпы дастан поэтикасына тән ерекшеліктердің бірі.

Сонымен бірге шығармада тарихи шындықтар да көрініс тапқан. Мысалы, Зарқұм патша бірнеше мәрте Мұхаммед пайғамбарды «кедей» деп дәулетсіздігін бетіне басады. Бұл жаудың кеміткені емес, ол — тарихи шындық. Мұхаммед пайғамбардың кедей болғаны көптеген тарихи құжаттардан, хадистерден белгілі.

Шығарманың кей тұстарында Әли халифаның тұлғасы қоюланып, әсіреленіп, Мұхаммед пайғамбар бейнесінен де биіктей ерекшеленіп тұрады. Ол эпикалық батырларға ұқсас суреттеледі, мысалы:

*Екпіні ер Әлидің жел секілді,
Өзір кәпір көптігі ел секілді.
Аузынан көбік ағып қаһарланып,
Масат болып тұрады піл секілді.*

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, «Қисса Зарқұм» дастаны мен басқа да осы мазмұндас діни туындылардың сюжеттері Әлиді Құдайдың тікелей өкілі ретінде қабылдаған шииттер ортасында пайда болғанға ұқсайды.

«Зарқұм» дастанының көркемдігі тәуір, тілі жатық, көлемі — 3742 жол, қара өлең үлгісінде жырланған. Шығарма тілінің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, біраз араб және парсы сөздері кездеседі. Олар қазақ тіліне тәржімеленіп, арнайы сөздікке топтастырылды. Ал түпнұсқада кездескен көне түркі сөздері мен көне формалар сол күйінде берілді, мысалы: бірлән, білән, батыр-дүр, атқаш, ұрғаш, т.б. Орыс сөздері де ұшырасады: барабан, минут, миллион, т.б.

Осыдан 125 жыл бұрын алғаш рет жарияланған мәтінді баспаға даярлағанда қайсыбір тіркестердің мәтіннен түсіп қалғаны, ұйқассыз шумақтардың да кездесетіні анықталды. Со-

нымен бірге кейбір сөздер дұрыс жазылмаған. Атап айтқанда, түпнұсқада: *адамхат* деп жазылған, дұрысы: *адамзат*; *дайрат*, дұрысы: *қайрат*; *бұзық*, дұрысы: *қызық*; *қиямет күндерінде жолға жоқ деп*, дұрысы: *қиямет күндерінде жолығармыз*; *мұндайды көрісіп едім Зарқұм батыр*, дұрысы: *мұндайды көріп пе еді Зарқұм батыр*, т.б.

Сонымен бірге, мәтінді жазып алған, я көшірген адам бір сөздің орнына қателесіп, мағынасына сәйкес келмейтін сөздерді пайдаланған. Олар контекстке орай өзгертілді, мысалы, көпір — асхаб, жамандық — жақсылық деп берілді. Бірнеше жерде кездескен *орыс* деген сөз *кәпір* деп берілді, себебі жетінші ғасырда арабтар мекендеген Араб жарты аралында орыстардың болмағандығы дау туғызбайтыны сөзсіз.

Томға ұсынылып отырған «Қисса Зарқұм» дастанының мәтіні 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан кітаптан еш түзетусіз дайындалды. Ол кітап ОҒК-ның сирек кітаптар қорында (Ш. 1503.) сақтаулы.

Мәтін алғаш рет жарияланып отыр.

Б.Әзібаева.

ЗАРҚҰМ

Дастанның бұл нұсқасын жырлаған — Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Ол — Қаратау атырабының белгілі ақыны, көптеген ақындармен айтысқа түскен, эпикалық шығармаларды жатқа айтып, жырлап таратушы. Оны Жамбылдың өзі ұстаз тұтқан: «Майлықожа, Құлыншақ, Пірім еді бас ұрған».

Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорларында ақынның көптеген мұрасы сақтаулы. Оларды жинап, тапсырғандар: Марғұлан Ә., Диваев Ә., Қоңыратбаев Ә., Амантаев Қ., Оспанов Ш., Нұрмағамбетова О., Шәменов К., Досалин С., Байсов Х., Мольбаев Н., т.б.

Майлықожа жырлаған дастандарының ең көлемдісі — осы «Зарқұм». Дастанның жырлану тарихы өте қызық. Ол туралы Майлықожа мұрасын жинаушы К.Шәменов былай әңгімелейді:

Майлы жасы қырыққа келгенде бір сопыны мазақтайды. Сопы ызаланып «Тіліңді ара шаққыр» деп қарғайды. Шынында Майлы киіз үйге кіре бергенде, қауынқаққа қонып жатқан аралар тілін шағып алады. Майлы жалақ екен. Майлы бұрынғыдан да жаман әлгі сопыны мазақтай береді. Сопы «аяғың сынсын» деп қарғайды. Майлы бір үйге қонаққа бара жатқанда, сабанда көміліп жатқан қарғалардың ұшқанынан аты үркіп, аттан құлап аяғы сынады. Осының артынша, ауырып жатқанда бір күні түс көреді. Түсінде Пайғамбардың әскері Зарқұм патшамен ұрысуға бара жатқан екен. Оның бір адамы келіп, Майлыға жолығады. Майлы «кімсіз?» деп сұрайды. Ол: «Мен — әзірет Әлидің баласы имам Хасанмын. Бізбен бірге жүріп, соғысты көріп, өлең ет», — дейді. Майлы түсінде соғысты көріп, азанда «Зарқұм» дастанын бастайды»².

Майлықожа жырлаған нұсқаны дастанның Қазанда 1877 жылдан бастап дүркін-дүркін баспа бетін көрген нұсқасымен салыстырғанда, екі мәтіннің сюжеті, композициясы және кейіпкерлер жүйесінде ешқандай айырмашылық жоқ екендігі анықталды.

Яғни, екі шығарманың да фабуласының қаңқасы болып табылатын, бүкіл мазмұнына арқау болатын, сюжетті құрайтын негізгі, ең маңызды мотив, бөлшек, элементтер екі нұсқада да бірдей.

Алайда екі шығарманың оқиғасы бір, мазмұны өте жақын болғанына қарамастан, бұлардың екеуі де өз алдына жеке, мүлде оқшау стиль мен дәстүр аясында туған шығарма. Демек, екі нұсқа да жырлау үлгісі мен өзіндік тілдік жүйесімен өзгешеленеді, яғни әр нұсқаның жырлаушысы белгілі сюжетті өзі тәрбиеленген жыршылық дәстүр аясында өзінше жырлап, өзінше туындатып дамытқан.

Айтылғанды дәлелдеу үшін бір-екі мысал келтірілдік. Мысалы, Қазан нұсқасындағы 821-824 жолдар:

— *Белгілі менім ұйықтап жатпағаным,
Қуаныш ойлап нәпсіге батпағаным.
Дінімнің асылдығын байқа сонан,
Тағамнан татқанмен бірдей татпағаным.*—

² ОҒК: III. 337, 44-б.

Майлықожа нұсқасында былайша берілген:

*Әли айтты:—Бұл жерде,
Біздің рәсім ұрыста,
Тағам татар кем,—деді.
Ұрыс, соғыс уақытында,
Тамағымыз тоқ,—деді.
Ас ішпек бізге жоқ,—деді,
Ақ дінге Құдай жақ,—деді [1160-1166 жолдар].*

Қазан нұсқасындағы «Әуелі хазірет Адам атадан бері қарай, Мұндай, асла, қырғын болғаны жоқ» деген [1236-1237] жолдар Майлыда былай берілген: «Адам ата бері қарай, Мұндай болып еш жерде, Ұрыс болған жоқ екен» [1654-1656 жолдар].

Көріп отырғанымыздай, екі нұсқаның сөз қолданысы мен тіл көркемдігі мүлде бөлек.

Бұдан тыс Майлықожа нұсқасының кейбір ерекшеліктері төмендегідей:

— дастанда дін жолындағы көпқұдайшылдармен соғысты баяндаумен қатар, жыршы мейірімділікті насихаттайды, мысалы:

*Маңдайынан сипаңыз
Жетім менен жесірді...
Аш-арыққа жәрдем қыл,
Ақырет болсын есінде.*

— көптеген эпизод, деталь, көріністер таратылып баяндалады. Мысалы, мұсылмандар әскері дариядан өте алмай тұрғанда Мұхаммед пайғамбардың сахабаларын жұбатып айтқан сөзі Қазан мәтінінде бір сөзбен берілсе— «Өтерміз, иншалла, таң атқан соң», Майлыда сегіз жолға ұзарған:

*—Мына дария-су үшін,
Қам жемендер бұл үшін,
Сахабалар, шаһариар.
Екі әлемде ол біздің,
Қамқорымыз Құдай бар.
Сау-саламат өтерміз,
Жатыңдар Хаққа болып зар.*

— *Майлықожа* ұзаққа созылған соғысты суреттегенде жекпе-жекке шыққан батырлардың санын азайтқан;

— дастанның аяқ жағында көпірлер ислам дінін қабылдап, Мұхаммед пайғамбар мен Зарқұм патша қияметтік дос болуы, той жасап, екі жақтың әскері дем алғаны, сонан соң екі жақ қоштасып, Мұхаммед пайғамбар әскерімен Мәдинеге оралып, елімен кездесетін эпизодтарды *Майлықожа Қазан нұсқасына* қарағанда қысқартып жырлаған;

— нұсқада кездесетін араб, парсы, ортағасырлық түркі, өзбек және Оңтүстік Қазақстанға тән диалект сөздер біршама; ал жыршы пайдаланған зеңбірек, мылтық дегендерді анахронизм ретінде қабылдаған жөн, себебі жетінші ғасырларда арабтарда ондай қару түрлері болмағаны анық;

— Қазан нұсқалары өлең үлгісінде, *Майлықожа* нұсқасы жыр үлгісінде жырланған;

— *Майлықожа* өз атын дастанға қосып жырлаған, т.б.

Майлықожа Сұлтанқожаұлының өзбек шайырларымен жақсы араласқаны, тығыз шығармашылық байланыста болғаны белгілі. Кейбір деректер бойынша, өзбек ақындары *Майлықожадан* «Қыз Жібекті» үйреніп, өз репертуарларына енгізген. *Майлықожа* өзбек тілін жақсы білген. Сондықтан болар, ақын дастанның басында «өзбек, қазақ тіліміз» дейді.

ӘӨИ-дің қолжазба қорында [Ш. 882.] *Майлы* жырлаған нұсқаның көшірмесі сақтаулы. Қолжазбаны 1972 жылы араб әрпімен жазып, институтқа тапсырған — Шымкент облысының тұрғыны Мүтәлі Әмірбекұлы.

Томға ұсынылып отырған *Майлықожа* жырлаған «Зарқұм» дастанының мәтіні ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы тұрған (Ш. 706.) нұсқа бойынша дайындалды. Жинаушысы — Амантайұлы Қысыраубек.

Мәтін бірінші рет жарияланып отыр.

Б.Әзібаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.)^{**} — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық

^{*} Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

^{**} С.ә.с. — салла Ллаһу әләйһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

(жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиллаһи, Сүбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Аббас — Мекке маңында өмір сүрген хашимилер руына жататын әрі Мұхаммед пайғамбардың ағасы болып келетін белгілі тұлғаның есімі. 750-1258 жылдар арасында араб халифатына билік жүргізген әулет Аббастың атымен аталған.

Ад, Әд, Ғад — Йемен жерінің оңтүстігін мекендеген көне қауымдардың бірі. Алланы танудан бас тартып, тастан жасалған пұтқа табынған халыққа Алла Тағала Һұд пайғамбарды жібереді. Ол бір Алланың жолын уағыздайды. Бірақ ад қауымы оған қарсы шығады. Пайғамбардың насихатын тыңдамаған ад қауымына жіберген Құдай дауылы оларды жер бетінен құртып жібереді.

Адам ата — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Айуб — Құран Кәрімде аты аталған ежелгі пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Иов. Айуб (ә.с.)* Хаурандағы бай, адамгершілігі мол адам болған. Алла сынайын деп оған шайтанды жібереді. Шайтан жіберген аурудан Айубтың денесіне

* (Ә.с.) — әләйһиссаләм /а/ — оны Алла жарылқасын! Мұхаммед (с.ә.с.)-дан басқа пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын, жазылатын тілек сөз.

іріңді жара қаптап кетеді, ол әйелі екеуі адамдардан оқшау тұруға мәжбүр болады. Шайтан жіберген неше түрлі жаңа қырсықтарға қарамай, Айуб Алланың рақымына сенімін жоғалтпайды. Оның көмек сұрап жалбарынғанынан кейін Жәбірейіл оған «аяғыңмен жерді теп» деп бұйрық береді, ол тепкен жерден бұлақ суы атқылайды да, Айубтың жарасын жазып, шөлін қандырады.

Фольклор мен әдебиетте Айуб сабырлылық пен төзімділік, шыдамдылықтың символы ретінде қастерленеді.

Әбубәкір — Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әбілмәжін (арабша Абул Мүһжин) — «Салсал», «Зарқұм» секілді діни дастандарда аты жиі ұшырайтын мұсылман батыры. Көптеген ғазуат соғыстарын баяндайтын аңыздарда Мұхаммед пайғамбар мен Әли әулетінің маңында жүріп, көпірлерге қарсы ерлікпен шайқасады. Шамасы, меккелік Құрайыш тайпаларының бірінен шыққан, Пайғамбар сахабаларының бірі болуы мүмкін.

Әзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жаналғыш періштенің есімі. Адамды жаратаралдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шәһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақаттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Ескендір Зұлқарнайын [б.д.д. 356-323] — Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен Батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ, оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері [Низами, Фердауси, Абай, т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған,

Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жәмшид — Ежелгі Иранның есімі аңызға айналған патшасы. Аңыз бойынша, 700 жыл билік еткен Жәмшид шарап ішкен ыдысынан немесе сиқырлы шам арқылы бүкіл дүние тіршілігін көріп отыратын болған.

Жүніс — пайғамбар, сондай-ақ сахиб әл-хут және зуннун деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар кінә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген кінәсін мойындап жалбарынады да, аман қалады. Жағада қалып, әбден жүдеген Жүністі шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда Жүністің есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде Құранда берілген ерекше түсініктеме де куә бола алады. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі сияқты болып жүрме!» деген екен.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары

жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Иса — Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Йәжүж-Мәжүж — Құран бойынша, Яфес ұрпағынан тараған бұзақы, қорқынышты ел. Діни аңыздарда олардың Қап тауының ар жағын мекендейтіндігі айтылады. Алла Тағаланың көмегімен Зұлқарнайын Йәжүж-Мәжүжден сақтану үшін екі дүниенің арасына қабырға орнатады. Түні бойы олар сол қабырғаның түбін қазады, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп олар жер бетіне шыға алмайды. Хадис кітаптарында ақырзаман алдында бұл қабырға күлге айналып, Йәжүж бен Мәжүж үшін жол ашылып, олардың жер бетіне шығатындығы айтылады.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр]—ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Лат — бүкіл ежелгі Арабияда (Набатей, Пальмира, Хира, Йемен), әсіресе Уадж жазығындағы Таиф маңына ақ тастан пұт мүсін орнатылып, Хижазда ерекше дәріптелген, исламға дейінгі әйел құдайдың есімі. Кезінде пұт тасқа және оның қасындағы киелі ғибадатханаға тәуап етушілер ағылып келіп жатқан.

Лұқпан — ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Лұқпанға 31-сүре арналған. Мұнда Лұқпан «бір Құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Лұқпанның арабша аты — Лұқман әл-Хаким, яғни хәкім Лұқпан. Лұқпан — ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген Шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Лұқпан хәкім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

Манат — ежелгі арабиядағы әйел құдайы (лақап аты Тагыйа — «әмірші, билеуші»). Оған Набатейде, Сирия мен Хижазда айрықша құрметпен қараған. Ол тағдыр мен ажалдың құдайы болса керек. Оған тәуап ететін үлкен қара тасты ғибадатхана Мекке мен Ясриб арасындағы жолда орналасқан. Ясрибтегі аус және хазрадж тайпалары Манатты ерекше құрмет тұтып, Меккедегі Қағбаға тәуап етуге барар жолда мұның да ғибадатханасына қажылық жасаған.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша — Моисей.

Аңыз бойынша, Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға: «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық», — деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ

жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Мұхаммед-Ханафия — кейбір жазба мәліметтер мен аңыз әңгімелерде Әли ибн Әбу Тәлибтің бірнеше әйелінен он сегіз ұлы болғаны айтылады. Солардың ішінде ислам тарихында айқын із қалдырғандары — Хасен, Хұсайын және Мұхаммед-Ханафия болған. Алғашқы екеуінің Әлидің бәйбішесі Фатимадан туғаны анық болса, Мұхаммед-Ханафияның дүниеге келуі туралы түрлі аңыздар бар. Солардың біразы оның Рұм патшасының қызы Ханафиядан туғанын баяндайды. Мәселен, қазақ арасында кең тараған «Мұхаммед-Ханафия» дастанында оның Алланың, Мұхаммед пайғамбардың және Жәбірейіл періштенің көмегімен, әрі Рұм патшасы қызының тілегі бойынша ерекше жағдайда дүниеге келгені сипатталған. Ханшайымның өтініші бойынша, баланың есімі «Мұхаммед-Ханафия» деп аталған. Ол да Әлидің басқа балалары секілді көптеген «ғазуат» соғыстарына қатысып, исламның өркендеуіне өз үлесін қосқан Пайғамбар ұрпақтарының бірі.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күшпекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Оспан — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Ризуан — діни аңыздар бойынша, бейіштің есігін күзетуші періште.

Рүстем — Ежелгі Иран аңыздарының әйгілі батыры, «Шаһнама» эпосының бас қаһарманы. Ол шығыс халықтарында қаһармандық үлгісі ретінде дәріптеледі.

Салых («тақуа») — Алланың самуд халқына жіберген әулиесі. Құранда көрсетілгендей, ол халықты тек бір Аллаға сиынуға, өзін соның өкілі деп тануға шақырған. Самудтықтардың азғантай тобы ғана айтқанына сеніп, болжам жасайтын тоғыз адам басқарған билеушілерге ерген көпшілік оны жай ғана сиқыршы деп танып, түнде өлтірмек болып келіседі. Алла оларға ешқандай қастандық жасауға болмайтын белгі ретінде інген жібереді. Ол емін-еркін жайылып, самудтықтар оны уақытылы суарып тұруға тиісті болды. Бірақ бұл шартқа көнбей, олардың ішіндегі ең қатыгезі сіңірін кесіп, ақырында жаншып өлтіреді. Салых олардың үш күннен кейін найзағай ұрып, жазаға ұшырайтынын жария етеді, Тәңірі қаһарынан барлығы да жан тапсырады. Салых пен оның соңына ергендер аман қалған.

Сәдуақас — арабтың сағид және (уа) хас сөздерінің бірігуінен шыққан кісі есімі: Сағид /а/ — көмекші, жәрдемші; хас /а/ — арнаулы, жеке, арнайы, айрықша; яғни сәдуақас деген сөздің ұғымы — арнайы, айрықша, шын жүрегімен берілген көмекші, жәрдемші. Кейін бұл сөз адам атына айналып кеткен.

Сәдуақастың есімі әсіресе «Салсал», «Зарқұм» дастандарында Әбілмәжінмен қатар аталады. Жырда оны хазірет Әлидің жорықтас, майдандас әрі адал серіктерінің бірі ретінде сипаттайды.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Хасан, Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халифа болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халифа Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хұсайын — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Һарон Рашид [763-809] — Аббас әулетінен шыққан бесінші халифа. Һарон Рашид тұсында арабтардың ұзақ уақытқа созылған Византияға қарсы күресі одан әрі жалғастырылды, сонымен бірге халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — Һарон Рашид есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кетті. Шығыс халықтары ертегілері мен аңыздарында ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі.

Шаһариарлар — [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубөкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Шиш — діни кітаптарда Адам атадан кейін бірінші аталатын пайғамбардың есімі. Мұсылман халықтарының шежіресінде де Шиштің аты ауызға бірінші алынады. Алғашқы пайғамбарлардың бірі ретінде Шиштің есімін Таурат пен Інжілден де кезіктіруге болады.

Фирдауси өзінің атақты «Шаһнаме» дастанында Иран патшаларының әулетін де осы Шиштен таратады.

Шұғайыб — алдымен асхаб әл-айка («тоғай адамдары»), кейін аһл Мадйан («Мадйан тұрғындары») деп аталған өз тайпаластарына Алла жіберген пайғамбар. Құранда баяндалғандай, ол халықты тек Аллаға ғана сиынуға, өлшеу мен таразыға тарту кезінде дәлдікті сақтауға, сауда жасау кезінде адамдарды алдамауға, жер бетінде сапар шеге жүріп, имансыздықты таратпауға үндейді; Шұғайыб адамдарды бұрынғы Нұх, Хұд, Салих, Лут пайғамбарларға сенбегендердің содан кейінгі тағдырларын еске алуға шақырады. Шұғайыбқа Мадйан тұрғындарының шағын бөлігі ғана иланады, көпшілік халық оны нақұрыс, көзбояушы және өтірікші деп есептеді. Шұғайыбтың шыққан тегінің нашарлығын бетіне басып, оған тас атып, қуып шығамыз деп қорқытады. Оған еріп, Аллаға сенгендердің ежелгі дініне қайта оралуын талап етеді. Ал Аллаға сенгендер болса, бұл талапты орындаудан бас тартып, Алладан өздерін имансыздардан арашалауды сұрайды. Ілешала қатаң жаза жетеді — «зар еңіреу», «астаң-кестең дүние». Шұғайыбқа сенбегендердің бәрі қаза табады, «олар таңертең өз баспаналарының ішінде өліп жатады».

Ібраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ібраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ібраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ібраһымды патшаларына алып барады, ол оны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ібраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ібраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды. Ол бала болашақ Ысқақ пайғамбар еді.

Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Сонда оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді.

Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ыдырыс — Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың бірі. Ол туралы «Мәриям» сүресінде (56-аят) және «Әнбие» сүресінде (85-аят) екі мәрте сөз болған. XIV ғасырда дүниеге келген Бурханаддин Рағбузидің «Қиссаул әнбиесінде» Ыдырыс пайғамбар жайында қызықты хикаялар берілген. Сондай-ақ, пайғамбарлар өмірі туралы көптеген діни кітаптарда ол туралы мәліметтер айтылады.

Ысқақ — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исаак. Құранда Ыбраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарханынан дәм татқан періштелер хабарлайды. Ол бала болашақ Ысқақ пайғамбар еді.

Ысмайыл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, сонда оған алыстан құдықты, көгалды жер сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның өмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ысрапыл — діни аңыздар бойынша, қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай (соры) арқылы жеткізеді. Ысрапылдың негізгі қызметі — Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлау.

Ілияс — көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының біріненшыққандейтіншікірдебар. Исламда Ілияспайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр [Қыдыр] әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғайды. Кейде Ілиястың жанында «шілтендері», яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Олар ғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді.

СӨЗДІК*

Абад, абат /а/ — мәңгілік, жойылмайтын; қалың ел қоныстанған жер; шалғынды, көкорай

Ағлам /а/ — білгір, бөрінен жақсы білетін

Ағуа /а/ — азғыру

Ажына /т/ — қазына

Ақаттық /а/ — қиындық; сенім; идеология

Ақырап, самсам, зұлхажжа, қамқам — Мұхаммед пайғамбардың қылыштарының аттары

Анда /т/ — сонда

Андаза /а/ — оқтаулы

Апу қыл /а/ — ғапу қыл, кешірім ет

Апырын /п/ — жақсы, керемет

Апырын деу /п/ — мақтау, қошаметтеу

Арасат /а/ — қиямет күні адамдар жиналатын алаң

Арыслан — арыстан, хазірет Әлидің эпитеті

Асан /п/ — жеңіл, оңай

Асқал — асқақ, асып-тасу

Асылық /а/ — күнәһарлық

Аузу бисмилла /а/ — Алланың атымен сақтанамын

Ахад /а/ — жалғыз, Алла тағаланың 99 есімінің бірі.

Ахирет, ақырет /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алланың өзгеден жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәләрына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезініп, ауыр болса, қабір азабын тартады; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

* Мәтінде басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Аял бермей /а/ — дамыл бермей

Әжуни /п/ — өткір

Әзел /а/ — мәңгілік; мәңгі бақилық; жойылмаушылық; ілгеріде; әуелде

Әзелде /а/ — өмірлік, мәңгілік, ертеде

Әзіз /а/ — қымбатты, аяулы, ардақты

Әйла /т/ — жаса, істе

Бағзы /а/ — кейбірі, кейбіреу

Бағыры /т/ — бауыр, ауыспалы мағынасы «жүрек». Көне және орта ғасырлық түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді

Бамдат, намдат /п/ — таң намазы

Барабар /п/ — тепе-тең, бірдей

Барһам /п/ — аласапыран, аралас; қиын, күрделі; ретсіз

Батпан, батман /т/ — ежелгі шығыс елдерінде қабылданған салмақ өлшемі. Әр елде өлшем әр түрлі. Көне Бұхарада бір батпан 8 пұтқа тең, ал кейбір жерде 4 пұтқа тең. Ферғанада — екі пұт деп саналған. Қазақ өлшемінде — ауыр салмақ, үлкен, көп деген мағынада қолданылады.

Баһадүр /т/ — батыр

Баһана /п/ — сылтау, себеп

Баһар /п/ — ғибрат

Баһыл болу, бақыл болу /п/ — бекем болу, қоштасу, соңғы сөз

Бәлант, балант /п/ — жоғары

Бәнт, бәнит /п/ — арқан, тұзақ

Бе /п/ — қа, ке, ға, ге (барыс септігінің жалғаулары)

Бейәдеп — әдепсіз

Беймар /п/ — ауру, сырқат

Бейпәруай — қорқынышсыз, қорықпай

Бейтаунық — шарапатсыз, дінсіз

Бейхад /п/ — шексіз

Бейхұда, бейхұдай — құдайсыз

Бетарап — тарапқа

Бихұш /п/ — көңілсіз, жағымсыз

Бұқалаш — халық, бұқара

Бір уа Бар /а/ — Алла Тағала

Гәп /п/ — сөз

Гөзел /т/ — дала аңы; киік, қарақұйрық, жайран секілді жүйрік тұз тағысы

Гәриан /п/ — қайғыру, жылау

Ғазат /а/ — жорық; мұсылмандардың ислам дінін орнықтыру үшін жүргізген қасиетті соғысы

Ғазы /а/ — сарбаз; күрескер; ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс — ғазуатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ

Ғайри /а/ — басқа, өзге

Ғаләм /а/ — білу

Ғамкін /п/ — көңілсіз, жабырқау

Ғани /а/ — бай, мұңсыз

Ғаплат /а/ — немқұрайдылық, ынтасыздық, алаңсыздық; қапы қалушылық, опық жеушілік

Ғаршы-Күрсі /а/ — [ғаршы /а/ — тақ; ғарыш; аспан; күрсі /а/ — орындық; орын; тақ] — мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: жеті қат көк

Ғасы /а/ — күнәһар

Ғауға /а/ — айқай, шу

Ғибадат /а/ — мойынсұну, табыну

Ғиззат /а/ — қадір, сый, құрмет

Ғинаят /а/ — мейірімді, жарылқаушы; мейірімділік, жақсылық; қамқор

Ғинаят әйласа /а/ — қамқор етсе

Ғұлғұла /п/ — у-шу, опыр-топыр

Дағым /а/ — тірек, сүйеніш

Дақат /а/ — минут

Даң — атақты, даңқты

Даңдама — шу; әңгіме, ырду-дырду сөз

Дарақ /п/ — ағаш

Дахил қылды /а/ — енді, кірді

Дәйім /а/ — мәңгі; ұзақ; әрқашан

Дәли /п/ — қыран

Дәрғаһ /п/ — салтанатты сарай; Құдай үйінің дарбазасы; табалдырығы

Дәремет /п/ — шапағат, қайырым

Дәст, дәста /п/ — қол

Дәуіт /а/ — сия сауыты

Дәш, дәшт /п/ — шөл, дала

Дәфін, дәпін, дапын /а/ — жерлеу, арулап қою

Деркер /п/ — қажет, керек

Доқ — дікілдеу, қоқаңдау

Долдық — ашу

Дост /п/ — дос

Дұрри /а/ — маржан, інжу

Ділда, ділла, тілла /п/ — алтын ақша; алтын, зер
мағынасында қолданылады

Діні қар — діні жаман

Егар — ер, ер тоқым

Жама /а/ — жамағат, қауым

Жамиз /а/ — бөрі, түгел

Жаппар, Жағыпар /а/ — құдіретті; Алла Тағаланың 99
есімінің бірі

Жаһаннам /а/ — діни ұғым бойынша, о дүниедегі күнә-
һарлардың жаны ұшып баратын жеті тамұқтың бірі, тозақ.
Аллаға күмән келтіріп, сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық
етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады

Жұмла, жұмлә /а/ — барша, көп

Жүдә /п/ — өзге, бөлек, тіпті

Жыға — хандар мен қолбасылар айырым белгісі ретінде
дулығаның төбесіне қауырсын қадап, оны жыға атаған; патша-
лар мен қолбасылардың соғыста киетін бас киімі

Забун /а/ — әлсіз, халі кетіп

Зағиф, зайып /а/ — әлсіз, ауру, нашар, аз

Зарап /а/ — зор

Зарип, зарып /а/ — соққы, сабау

Заһар /а/ — у, зәр

Заһид /а/ — діндар; сопы

Заһир /а/ — анық; ашық; нақты

Зәңгі /а/ — зор, үлкен, қара түсті адам

Зер — алтын, асыл тас

Зиярат /а/ — көрісу; құлшылық

Зиярат ету /а/ — көрісу; құлшылық етуге бару

Зұлжалал /а/ — мәртебелі; Алланың 99 есімінің бірі

Зұлмат /а/ — қараңғылық; түнек; қиыншылық; жамандық;
кесапат

Зұлпықар (зұлфықар) — Мұхаммед пайғамбардың қылы-
шының атауы. Исламға дейінгі Арабиядағы атақты қылыш-

тардың бірі. Бадр түбіндегі шайқастан кейін қолға түскен олжаны бөліс кезінде Мұхаммед оны өзі алған. Пайғамбар өлген соң қылыш Әлидің қолына тиді. Қылыштың сиқырлы күші туралы аңыз-әңгімелер көп. Ол қажет жерде ұзарып, қысқара алатын болған деген аңыздар бар

Зұлхажа — қылыштың аты

Зікір /а/ — ес, жад; Алланы еске алу

Зінжір /п/ — шынжыр

Иғламнама /а., п/ — хабарлама

Ижазат /а/ — рұқсат, келісім

Изһар ету /а/ — көрсету, талап ету, ұсыну

Иқрар /а/ — мойынсұну, еру

Иләһ /а/ — Құдай, Алла, Ие

Илһам /а/ — діни сенімге ие болу; шабыттану; жігер беру, рухтандыру

Имам /а/ — діни жетекші, мұсылман қауымының басшысы; мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы

Иман /а/ — сенім, діни сенім; мұсылмандардың бес парыздың біріншісі — Алла Тағаланың жалғыз, біреу екеніне сену

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла қаласа, Алла тілесе (ин — егер, шаа — қалау)

Исенбе /т/ — сенбе

Карар /п/ — батыл, ер

Кәлима шаһадат /а/ — куәлік сөз. Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке сенім, иман білдіретін шарт

Кәлла /п/ — бас

Кәманд /а/ — шынжыр, арқан

Кәмандаушы, кәмандаз /п/ — арқан тастаушы

Кәміл /а/ — толық; кемел; шын, рас

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға, т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кәрден /п/ — мойын

Кәри /п/ — іскер, белсенді

Кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кемер — асыл таспен әшекейленген, оюланған жалпақ белбеу

Кепт /а/ — иық

Керкүдән /т/ — жүйрік жылқы

Керік — бойы тапал ат

Көзе /п/ — балшықтан жасалған ыдыс, құмыра

Көксі /т/ — кеуде, көкірек

Көксіне /т/ — кеудесіне

Күрзі — шоқпар

Күрсі /а/ — орындық; тақ

Қабағат /а/ — өте, тым, тіпті, аса, орасан

Қады /а/ — көлем

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алланың 99 есімінің бірі

Қазап, ғадаб /а/ — ашу, ыза, қаһар

Қайлеттік /а/ — ақыр, соң (істің), нәтиже, қорытынды

Қайыл болды /а/ — сөйлеу, айту; мойындау, баға беру; қайран қалу

Қамқам — қылыштың аты

Қандек — арық, ор

Қар /п. т/ — жамандық, аярлық

Қарар /а/ — шешім; келісім; ұсыныс; сабыр; тағат

Қари /а/ — Құранды жатқа білетін адам

Қатыл /а/ — өлтіруші

Қаумет /а/ — күш, жігер, қуат, көтерілу

Қаһан /т/ — хан

Қиям /а/ — көтерілу

Қиямет күні /а/ — ақырет күні, ақыр заман, өмірдің соңы

Қиямет қайым /а/ — өлгендердің тірілуі, ақыр заман

Қияпат /а/ — кескін, келбет, пішін

Қошуақ /п/ — көңілді

Құл /а/ — айт, сөйле

Қылует /а/ — жалғыздық, құпия орын, оңаша тұру

Қысас /а/ — өш, саза, қас

Ла ғалам /а/ — ол білмейді

Лап, лаб /п/ — мақтаншақтық,, өзін мақтау; бос сөз; жағалау, кернеу шет

Ларза /п/ — тербеліс, зілзала

Лат — арабтардың ислам дініне дейінгі сиынған әйел құдайының аты

Лаухул Қалам, Лаухул Махфуз — [лаух /а/ — тақта; махфуз /а/ — сақталған, жадында ұсталған] — сақтаулы тақта. Діни ұғым бойынша, әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасы Лаухул Махфуз, Лаухул Қалам деп аталады.

Ләнгар /п/ — бақан, сырық, қада; якорь, маятник, ауыр зат, зіл, салмақ

Ләпес — лебіз

Ләшкер /т/ — әскер

Лек /т/ — жүз мың (әскер саны)

Мағзұр /а/ — көп, асып-тасқан

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, мәлім

Мажал /а/ — мүмкіндік

Мақтұл /а/ — өлтірілген, біреудің қолынан қаза тапқан

Мақшар /а/ — ақырзаман күнінде болатын сот

Малал /а/ — қорқыныш, мазасыздық, дегбірсіздік

Манат — арабтардың Ислам дініне дейінгі сиынған әйел құдайының аты

Маннан /а/ — қайырымды, жомарт; Алланың 99 есімінің бірі

Маншы /п/ — хатшы

Мар, мара — көрнекті, мақтаулы, таңдаулы

Мард, мардан /п/ — батыр, ержүрек; батыл

Масала — шырақ, от

Масат болу — масаттану, шаттану

Мат болу — жеңілу, күлкіге қалу

Матал болу — маталу

Махал /а/ — жер, орын

Махкам /а/ — берік, мықты, бекем

Махмұйт /а/ — әлсіз, енжар

Машқұл /а/ — іспен шұғылдану

Мәгәр /тат/ — тек; бірақ; дегенмен; алайда; сірә

Мәйіл /а/ — дайын болу

Мәлік /а/ — билеуші, әмірші, патша, хан; періште

Мәнзил /а/ — үй

Мәжид /а/ — мешіт

Мәтім /а/ — дүние салған адамды жоқтау

Мәула /а/ — қожа, әкім, әмір, ұлық, қамқоршы, қолдаушы, сүйеуші

Мейманасын толтырсын — көңілі өссін, масаттансын

Мехнат тартып /а/ — бейнет көріп

Миясар /п/ — көңіліне жақын, лайықты, бейім

Мият /п/ — көңілге медеу, тірек, сүйеніш

Мүддаға /а/ — тілек, ой; мақсат, арман; мүдде

Мұқарраб /а/ — жақын. Аллаға жақын төрт періште: Жәбірейіл, Өзірейіл, Мекайыл, Ысрапыл

Мұқым /а/ — тіптен, мүлдем; бүкіл, түгел

Мұнтас — пілдердің күтушісі

Мұсыбат /а/ — апат, ауыртпалық

Мұхлат /п/ — уақыт; үзіліс

Мұхтал /а/ — қу, айлакер; кедергі

Мұбада /п/ — егер, алда-жалда

Мұбәрак /а/ — берекелі, құтты, сәтті

Мұбәриз /а/ — батыр, күрескер

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міннәт /а/ — күш, төзімділік

Набыт болу /п/ — жойылу, өлу

Нағыра /а/ — музыкалық аспап

Найылаж /п/ — лажсыз

Налаш қылу /п/ — налу, ренжу

Нам /п/ — ат, есім

Насап /а/ — әділдік, қайырымдылық, мейірімділік

Насар — христиан; көмекші

Нахан /п/ — зор, үлкен

Ошал /т/ — осы

Пайым /а/ — байым, түсінік, ұғым

Памдат, бамдат /п/ — таңғы намаз

Панаһ /п/ — пана, қамқоршы, сүйеніш

Панжа /п/ — бес саусақ; қарудың бір түрі

Паришан /п/ — қобалжу

Паруай /п/ — қызығу, тілеу

Пәй, пәйт /п/ — аяқ, табан; негіз, тірек

Пәлак /п/ — биік

Пәрман, пәрмен /п/ — бұйрық, әмір

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Ауыспалы мағынасы: біреудің жолына құрбан болу, садаға болу, жанын үзу

- Пәруардизгар* /п/ — жаратушы, жасаған, Құдай
Пәтуа /а/ — бітім, келісім, уәде; тұрақ, тиянақ, береке
Пенде болу /п/ — кіріптар болу, бағыну
Пиада /п/ — жаяу
Пұт параст /п/ — пұтқа табынушы
Пұшайман болды /п/ — қапа болды, өкінді
Рағна /а/ — сүйкімді, шырайлы, әдемі, сұлу
Рада /а/ — жағымсыз
Расиа /а/ — қозғалмайтын, тырп етпейтін
Расул /а/ — елші, яғни жіберілген, негізінен Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбарға байланысты айтылады
Рахбар /п/ — жол бастаушы
Рахман /а/ — мейірімді, рахымды Алланың 99 есімінің бірі
Рахмат /а/ — мейірім, рақым, рақымшылық
Рахым /а/ — мейірімді, қайырымды Алланың 99 есімінің бірі
Рәса /п/ — өте, тым
Риза /а/ — разы; сүйіспеншілікті білдіру; Мұса пайғамбардың теңеуі
Рубару /п/ — жүзбе-жүз
Сақи, сахи /а/ — жомарт, мырза, қолы ашық, қайырымды
Сама /а/ — аспан
Самад /а/ — мәңгі
Самсам — қылыштың аты
Сапа /п/ — әскер
Сапи, сапы /а/ — қалаулы, сайлаулы, шын, адал дос
Саранжам /п/ — аяқ, соңы, ақыры; қару-жарақ
Саранжам қылу /п/ — тәртіп орнату
Саргардарын /п/ — бас айналдыратын, шыр айналдыру
Сафа /а/ — жақсы; таза; нағыз
Сахаба, асхаб /а/ — Пайғамбардың артына ерген серіктері
Сахар /а/ — сиқыршы
Сахат /п/ — жазылу, айығу
Сахып /а/ — дос, жолдас
Сахыр, сахар — таң, таңертең
Сахыт, сахат /а/ — қиыншылық; дұрыстық, шынайылық
Саясат /а/ — айла, тәсіл; майдан; алаң
Сәргәрдан /п/ — сергелдең
Сәркарда /п/ — ие, қожа, қолбасшы
Сәруар /п/ — басшы, көсем

Сибаз /а/ — саусақ

Соры, сұры /а/ — сырнай, керней; мәтінде: Ысрапылдың ақырзаман орнада тартатын сырнайы

Сұбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті

Сұбхи садық /а/ — таң

Сүдігер — жыртылған жер

Сүрек — мерзім

Сүрлігу — шаршау, болдыру

Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы. Төрт «Әділетті халифаның» бірі — Әбубәкірдің теңеуі

Сіреу — қатып қалған, сірескен

Табиб /а/ — дәрігер, емші

Такия /а/ — сүйену

Талатоп /п/ — лас, кір

Тализ /а/ — тағдыр, жазмыш, бақ, бақыт, несібе

Тамам /а/ — біту, аяқталу

Тарандаз — мерген

Тарбият /а/ — тәрбие

Тауфиқ /а/ — келісім, мойынсұну; ынсап, қанағат; жәрдем, көмек, табыс; бақыт

Тахсил /а/ — табу, алу

Тахсин /а/ — жақсы

Тахыт /а/ — тақ

Таһлил /а/ — мадақтау, дәріптеу, «Алладан басқа Құдай жоқ» (Лә иләһә илла Алла) сөзін айту

Тәжідар — тәж иесі

Тәкбір /а/ — ұлғайту, асқақтату; «Аллаһу акбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Тәсбі, тәсбих /а/ — мадақтау, дәріптеу; 33 моншақ тас-тан тұратын тізбек. Тәсбі тарту — моншақ тастарды тере отырып, 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ә.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың төсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тегмә /т/ — аталған, аталынған, делінген

Топшақ — ат

Тұғры /т/ — тура

Түпірік — түкірік

Тылауат /а/ — оқу

Уа /а/ — және

Уағда /а/ — уәде

Уасил, уәсіл /а/ — жақын; ойына, мақсатына, дегеніне жету

Уахи /а/ — Мұхаммед пайғамбарға жіберілген бұйрық-жарлықтар

Уәжіп /а/ — міндет, борыш

Уәли /п/ — әмір, аймақ басшысы

Уәли /а/ — қамқоршы, сүйеуші; жақын, туысқан, дос; өулие

Ұстан — тіреу

Үмбет, ұммет /а/ — ел, қауым, жамағат; жол; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, ислам дінін ұстанушылар

Үшбу /т/ — осы

Фазыл /а/ — артықшылық; өмір; Алланың бұйрығы

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1 сүресі

Хабиб /а/ — сүйікті, Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбардың эпитеті

Хад /а/ — өлшем, шек

Хадден асты /а/ — шектен асты

Хазірет, әзірет /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі өулиелердің есіміне қосылып айтылатын діни атақ

Хайдар /п/ — арыстан; хазіреті Әлидің эпитеті

Хақ, Ақ /а/ — ақиқат, шынайы, күмәнсіз шындық; Құдай, Жаратушы, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Халас /а/ — толық, бүтін, бос

Хале, қалы /п/ — қымбат, бағалы

Хале тон — құрметті шапан, тон

Хамду сәна, хамд сана — Аллаға мадақ айту

Ханнан /а/ — мейірімді; Алла Тағаланың тоқсан тоғыз атының бірі

Хараб /а/ — қирау, жоқ болу, апатқа ұшырау

Хараж /а/ — орта ғасырларда ислам пайда болғаннан кейінгі мұсылман елдеріндегі жер салығы

Харба /а/ — соғыс

Хас /а/ — айрықша, ерекше

Хауыз /а/ — су қоймасы, су алабы; бассейн

Хикмет /а/ — керемет; ғажайып; дана сөз

Хұсусан /а/ — әсіресе

Чок /түрік/ — өте, тым, аса

Һәлак /п/ — әлек, өлім, өлтіру

Һәмма /п/ — барлық

Шадыман /п/ — қуанышты

Шайқы-бұрқы — ел, халықты күлкіге қарық қылып жүретін кезбе, диуана.

Шамақ /а/ — төкөшпар

Шар мағми /п/ — төрт көмекші

Шарайна — сауыт

Шарғи /а/ — заңды, шариғатқа сай

Шариғат /а/ — заң; исламның негізгі заңдар жинағы

Шауқым — ойын-сауық, қызық-думан

Шах /п/ — қатты жер, топырақ

Шаһар, шәр /а/ — қала

Шаһариар — [*шаһар* /п/ — төрт, *жар* /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі болған.

Шаһид /а/ — дін жолында қаза болған адам

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шән-саукат /а/ — салтанат

Шемен, чаман /п/ — шым, қыртыс

Шер — арыстан

Шүддат /а/ — өктем, қысым; күш; қатыгездік

Шығыр, шығыршық — екі басы дөңгеленіп келіп, бір жерден түйіскен, ортасы ашық, кішірек келген жұмыр темір

Шымал — майда құмырсқа

Ықылым /а/ — жер; бөлім, бөлік; таныс емес, бөгде ел

Ықыраж /а/ — салық

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бағдат—(кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага»—Құдай, «дад»—берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан)—1921 жылдан бері қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат—орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Өл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Ирак—Батыс Азиядағы араб мемлекеті. Жетінші ғасырдың 30-жылдарында Иракты арабтар жаулап, 661 ж. үмийа әулеті билеген араб халифатының бір аймағына айналды.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йөжүж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қарахан мемлекеті—Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауараннахрдың едәуір бөлігін қамтыған ертедегі мемлекет. Қарахан әулетінің атына байланысты осылай аталған. Негізі түрік тайпаларынан құралды. Шамамен X ғасырдың ортасында Қарахан мемлекетінде ислам діні тарады. Түркі

тілінде шығармалар жазылды. Солардың ішінде— Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік», М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік», Қожа Ахмет Иасауидың «Диуани хикмет», С.Бақырғанидың шығармалары, т.б.

Мәдине — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Ніл—Африкадағы ірі өзен.

Тұран, тұрандықтар—Түркістан мен түркі халықтарының байырғы атауы.

Үхүд—Мәдине қаласының солтүстік жағында бес шақырым жерде орналасқан тау. Оның баурайында 625 жылы мұсылмандардың Мұхаммед пайғамбар уағыздаған бір құдайлық дінді қабылдамаған меккеліктермен шайқасы болды.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Амантайұлы Қысыраубек — ауыз әдебиеті үлгілерін, көбінесе Майлықожа Сұлтанқожаұлы мұрасын жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысынан, мамандығы мұғалім болған. Қ. Амантайұлы жинаған материалдар ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы.

Сұлтанқожаұлы Майлықожа — қазақтың белгілі ақыны. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай елді мекенінде туып өскен. Ақбұлақ өзені, қазіргі Бадам станциясы маңында дүние салған. Мұсылманша хат таныған Майлықожа өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Оның арнау өлеңдері, термелері, дастандары («Папор патша», «Патша мен үш ұры», «Аңқау мен қу», «Нақыл», т.б.), айтыстары (Құлыншақпен, Ұлбикемен, т.б.) бар. 1883 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясының мұғалімі Я.Я.Лютш құрастырып Тәшкенде бастырып шығарған «Қырғыз хрестоматиясында» Майлықожаның бес өлеңі жарияланды. Ақынның бір топ шығармалары «Үш ғасыр жырлайды» кітабында (1922) жарияланған, «Нақыл» атты шығармалар жинағы 1972 жылы жарық көрсе, толық шығармалар жинағы 1997 жылы Шымкентте баспа бетін көрді.

Ақынның өмір сүрген жылдары туралы мәліметтерде бір ізділік жоқ. Майлықожаның шығармашылығын зерттеген Ә.Оспанұлы оны 1835-1898 жылдарда өмір сүрген десе, Майлықожаның мұрасын жинаған К.Шәменов 1837-1908 жылдар деп көрсетеді. Кәрібай Шәменовтың айтуынша, әкесі Сұлтанқожаның лақап аты Шотан болған, сол себепті кейбір кітаптарда Майлықожа Шотанұлы деп берілген.

Шәменов Кәрібай (1915-1970) — фольклорлық мұраларымызды жинаған. Көкшетау облысы, Еңбекшілер ауданын-

да туып өскен. Көп жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет істеген. Ол Майлықожаның шығармаларын жинаған, оның өмірбаянына қатысты құнды деректер қалдырған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түркі

/тат/ — татар

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Зарқұм. ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы: Ш. 1503.
2. Зарқұм. ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы: Ш. 706. Жинаушысы — *Амантайұлы Қысыраубек*.
3. Зарқұм. ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы: Ш. 337. Жырлаушысы *Майлықожа Сұлтанқожаұлы*. Жинаушысы *К. Шәменов*.
4. Қисса Зарқұм. — Қазан, 1877.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай*. — Мәдине, Сауд Арабиясы, 1991.
2. *Азибаева Б.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.
3. *Бартольд В. В.* Ислам. 2-том. — Москва, 1918.
4. *Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж.* Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). — Алматы: Санат, 1999.
5. *Қасқабасов С.* Жаназық. Таңдамалы. — Астана: Аударма, 2002.
6. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — Москва, 1963.
7. *Мең А.* Мусульманский Ренессанс. — Москва, 1973.
8. *Мұхаммед Хейкал.* Хайатул Мұхаммад. — Қайыр, 1947. (қазақ тіліндегі аудармасы).

9. Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. — Анкара, 1997 (қазақ тіліндегі аудармасы).
10. Ислам. Словарь атеиста. Под общей ред. *Пиотровского М. Б. и Прозорова С. М.* — Москва, 1988.
11. Ислам. Энциклопедия. — Алматы: ҚЭ, 1995.
12. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы, 1979.
13. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 4-том. — Алматы, 1985. — Москва, 1983.
14. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.
15. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
16. Қазақ тілінің сөздігі. Құрастырушылар: *Ө. Болғанбаев, Б. Қалиев, т.б.* — Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
17. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаммамбаева, Қ. Күдерина.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
18. Персидско-русский словарь. — Под. ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II-том. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый читателям двенадцатый том данной серии включает в себя два варианта дастана «Зарқұм.» Произведения религиозной тематики, бывшие очень популярными и востребованными в досоветский период истории Казахстана дошли до наших дней в рукописной форме и в печатных изданиях XIX и начала XX века, причем увидевших свет произведений было больше чем неизданных, то есть хранящихся в рукописях. Рукописи эти написаны, а книги напечатаны арабским шрифтом.

«Қисса Зарқұм» впервые будучи издан в 1877 году, в период до 1916 года издавался всего 14 раз, при этом уточненный тираж семи изданий его составил 48000 экземпляров. Другой вариант дастана был записан в 90-х годах XIX в. от известного эпического певца, акына Майлыкожы Султанкожаулы.

Религиозные дастаны по своему содержанию разнородны, но все они объединены исламской тематикой и идеей. В большинстве из них для увековечения и идеализации образов мусульманских богатырей использовались архаические сказочно-эпические мотивы и сюжеты, общие для народов Востока и Запада, поэтика национального фольклора. Эти произведения обогащались художественным вымыслом, образы персонажей интерпретировались в духе народных представлений, целенаправленно и на всех уровнях привлекалась поэтика дастана. Именно такие произведения были наиболее популярны в народе.

Дастан «Зарқұмң представляет собой образец произведений, повествующих о войнах последователей пророка Мухаммеда с неверными. Вот его краткое содержание: к пророку Мухаммеду является от имени Аллаха архангел Жебреил и сообщает о государстве Ирак, который населяют храбрые, но неверные идолопоклонники. Мухаммед должен покорить их и обратить в свою веру, иначе могущественный падишах Ирака Заркум сам прибудет в Медину и учинит здесь страшный разор. Заркум — потомок Кохана, равный по доблести самому Рустаму, одолеть его будет трудно. Война будет длиться три месяца, мусульманам не раз придется узнать горечь поражения, но в конце концов, с помощью Всевышнего язычники покорятся. Пророк Мухаммед, 33 тысячи его сподвижников, в том числе и четыре его верных друга — четыре первых «праведных халифаң выступили в поход, дошли до страны Заркум-шаха и начали многодневную сечу с его войском и одержали верх. Заркум и Мухаммед подружились. Неверные приняли ислам.

Мусульмане во все времена, впрочем как и представители других конфессий, только свою религию почитали истинной, а потому войну с целью обращения всех немусульман в ислам считали справедливой, священной. При этом:

1. Под гяурами [неверные] понимались идолопоклонники.
2. Иудеи и христиане считались «людьми писания» [ахль аль-китаб], то есть обладателями богооткровенных книг.
3. Иудеям и христианам давалось право отправлять свои религиозные культы при условии уплаты подати; другими словами мусульмане были очень веротерпимы, о чем А.Мец пишет следующее: «Христианская церковь и синагога всегда оставались как бы чужеземными государствами внутри империи ислама, которые добиваясь договоров и сохранения своих прав, не давали растворить себя... Необходимость как-то ладить между собой создала прежде всего некую, неизвестную в средневековой Европе веротерпимость.»¹
4. Мусульмане первыми не начинали войну; военные действия предпринимались ими только в случаях прямой или косвенной угрозы со стороны противника.

Надо отметить, почти во всех, предлагаемых вниманию читателей, дастанах пророк Мухаммед и его сподвижники неукоснительно придерживаются этих принципов.

Особенность произведений этого тома — тесное переплетение реальных, земных событий и фактов со сказочно-фантастическими, непостижимыми человеческим разумом ситуациями и обстоятельствами, систематическим вмешательством божественных сил. Надо заметить, двуплановость фона происходящих событий характерна для поэтики дастанного жанра в целом.

Обращает на себя внимание и тот факт, что в дастане образ халифа Али выписан более красочно и полнокровно, чем образ пророка Мухаммеда. Подобная картина характерна и для некоторых других дастанов, что указывает на то, что сюжет их возник в среде шиитов, где почитание Али порой доходило, по мнению некоторых исследователей, до обожествления его.

В том включены, как было отмечено, два варианта данного произведения: 1) текст опубликованный в 1910 г. 2) вариант Майлыкожы. Сюжеты обоих произведений схожи.

Но при этом это два, совершенно отличные и независимые друг от друга, произведения, возникшие в разных поэтических традициях, сложенные разными стихотворными формами [олен и жыр]. Вследствие чего каждое из них имеет свою оригинальную словесно-языковую структуру и свой арсенал художественных средств.

Казанское издание, выдержавшее, четырнадцать изданий, не имеет паспортных данных, т.е. не указано кем был сложен и от кого записан текст, кто собиратель и редактор его. Известно лишь то, что издателями книги являются наследники Шамсутдина Хусаинова, а отпечатана она в типографии Б.Л.Домбровского.

Что касается второго варианта дастана «Зарқұмң, то он записан от Майлыкожы Султанкожаулы [1837-1908]. Майлыкожа — известный акын, участник многих айтысов, также от него записано несколько дастанов.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные о исторических и религиозных деятелях, име-

на которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастаны, вошедшие в данный том, более ста лет находились под запретом и не были доступны для ознакомления и изучения. Они подготовлены с первоисточников и на кириллице публикуется впервые.

Объем тома — 20,5 п.л.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparing and publishing volumes of the 100 volume series «Babalar Sozi» implemented within the State Program «Madeni mura» («Cultural heritage»).

The proposed 12th volume of this series includes two versions of the dastan «Zarkum». The works of religious theme that were very popular and in demand during pre-Soviet period of the history of Kazakhstan have reached present times in form of manuscripts and printed editions of XIX and beginning of XX centuries, and there were more published editions than unpublished that are kept as manuscripts. The manuscripts were written and books were published in Arabic script.

«Kissa Zarkum» was published for the first time in 1877, during the period before 1916 it was published 14 times, and the revised circulation of the seven editions included 48000 copies. The other version of dastan was recorded during 90th of XIX century from the well known epic performer, akyn Mailykozhi Sultankozhauly.

The content of the religious dastans are diverse but they are united by the Islam topic and idea. In most of them the archaic tale-epic motives and plots common for the European and Western nations, poetry of national folklore were used for idealizing and memorizing the types of Moslem bogatyrs. These works were enriched by artistic fantasy, types of personages were interpreted in spirit of people's ideas, poetry of dastans was purposefully used and at all levels. Such works were the most popular in people.

Dastan «Zarkum» is a sample of the works that narrate about wars between the followers of the prophet Mukhammed and faithless people. Here its brief content: archangel Zhebreil came to the prophet Mukhammed on behalf of the Allah and told about

the state Iraq where brave but unfaithful people live. Mukhammed should conquer them and turn them into his faith, otherwise the mighty padishah of Iraq Zarkum would come to Medina and destroy it. Zarkum- the descendant of Kokhan, as brave as Rustam and it will be very difficult to win him. The war will continue three months, the Moslem people will lose and finally with the help of God the non-believers will surrender. The prophet Muhammed and 33 thousands of his companions including his four friends — first four «pious Khalifs» went to the trip, reached the country of Zarkum — Shah and began the war with his army and won them. Zarkum and Mukhammed became friends. The non-believers were turned into Islam.

Moslem people have considered only their religion to be the only true religion during many years and therefore believed that the war for converting all non-Moslem people to Islam was fair. They thought that» 1. The gjaurs (non-believers) were idolaters. 2. Israelites and Christian were considered to be «people of the Holy Writ» (ahl al-kitab), i.e. they possessed books about God. 3. Israelites and Christians had a right to have their religious cults in case of paying the contrubution; in other words Moslem people were very tolerant to the faiths and A. Mets wrote: «Christian church and synagogue always were foreign countries inside the Islam power, who made agreements on preservation of their rights and conservation... The need of keeping peace between themselves have created first of all the unknown tolerance to faith in the medieval Europe ». 4. Moslem people never started war first; they started wars only in cases of direct or indirect threat from their enemies.

It should be noted in all dastans recommended for the readers, the prophet Mukhammed and his companions strictly follow these principles.

The special feature of «Zarkum» — is the close combination of the real, earth facts and events with tale-fantastic situations, systematic participation of God. The two aspect background of the events is typical for the poetry of dastan genre in general.

The type of Khalif Ali in dastan is described more colorful and completely than the type of the prophet Mukhammed. Such situation is typical also for several other dastans, that shows that the plot occurred in the environment of Shiits who worshiped Ali very much as a God.

The volume includes two versions of this work: 1) text published in 1910. 2) version of Mailykozhi. The plots of both works are very similar.

At the same time these are two very different and independent works, that occurred in different poetic traditions, composed in different verse forms (olen and zhyr). Therefore each of them has its original word-language structure and its own arsenal of artistic means.

Kazan edition that was published 14 times doesn't have passport data, i.e. there is no mentioning of the author and the person from whom the text was recorded, the collector and editor. It is only known that the publishers of the book are the descendents of Shamsutdin Khusainov and it was printed at the B.L. Dombrovsky publishing house.

As for the second version of the dastan «Zarkum», it was recorded from Mailykozhi Sultankozhauly (1837-1908). Mailykozha — the well known akyn, the participant of many aityses, he also narrated several dastans for recording.

The multi-volume code «Babalar Sozi» is a scientific edition. Published texts are given in an original form adequate to its primary source, i.e. any interference into the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their variants; a brief historical, folk-lore and textual critical analysis of texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in texts; a vocabulary of ancient Turkic, Arabic and Persian words, terms and notions of the religious character as well as geographical names; data on narrators, collectors and publishers; a list of literature used; a resume in Russian and English.

The dastans included into this volume were prohibited more than 100 years and were not available for study. They are prepared based on the first sources and published in Cyrillic for the first time.

The number of the volume is 20,5 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Қисса Зарқұм	9
Зарқұм	128

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	275
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	284
Сөздік	299
Жер-су атаулары	311
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	313
Шартты қысқартулар	314
Пайдаланылған әдебиеттер	315
Резюме	317
Summary	321

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

12 том

РЕЛИГИОЗНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Н. Садықова*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**

ИБ № 1929

Теруге 2.05.05 жіберілді. Басуға 26.05.05 қол қойылды. Пішіні 60х90¹/₁₆.

Қаріп түрі **«Мектептік»**. **Офсеттік қағаз**. **Офсеттік басылыс**.

Шартты баспа табағы 20,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №263.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

15574 9966 019 17 4



0 789068 213175 4